

84.5к,23

4,64

Сәуле Досжанова

УШІНШІ ЕСІКТІҢ
ҚҰПИЯСЫ

39547



Сәуле Досжанова

ҮШІНШІ ЕСІКТІҢ ҚҰПИЯСЫ



Сәуле Досжанова

АЛМАТЫ
2006

Кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

Д 64 Досжанова С.

Үшінші есіктің құпиясы. Гүмымнамалық баян – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2006. – 260 бет.

ISBN 9965-654-19-0

Журналист Сөуле Досжанова осынау гүмымнамалық баяны оміріміздің ек жұлынды тақырыбы – үрпақ тәрбиесі мен тұмысынан табиғаты болек дарынды адамның зайыбы болудың тауқыметі туралы. Жар козіндегі онер адамының бейне-болмысы сомдалған. Бейнеттен бойын тартпай, маңайына шуақ шаша жүріп, болсын деген ілгергі тілеумен данқ биігіне шықкан адамның арпалысы мен құресі нақты омірден алынған. Кітаптың тіл бояуы құнарлы, оқырманды ой мен орқилы сезім іірімінде ұстасымен ерекшеленеді.

Жүрек шамы қайтсе жарқырап жанады, иықтағы тіршілік қабынызға зілдей етіп не салып арқалап жүрміс деген пөлсапа-га жиі жүргінеді.

39547

Д 4702250201
00(05)-06

ББК 84 Каз 7-4

012

ISBN 9965-654-19-0

© Досжанова С., 2006
© «Қазақпарат» баспасы, 2006

ПРОЛОГ

Француздың ұлы жазушысы Бальзак айтты деген сөз бар: әр адамның тағдыры кілтін тауып жаза білсе бір-бір роман деп. Тағдыр – әр адамның мандайына жазылған жазмыштың жазуы. Оны жүріп өту әрі күрделі, әрі сан салалы магналы, әркімнің өмір арбасы әрқалай дөңгелейді. Біреудің тіршілік арбасы әрдайым қырға тырмысса, келесі кісінікі – ойға құлдилап, қанша жоғары тартса да, тырысса да жолы болмай діңкелетіп өтеді. Жалпы жүргіттың тағдыр жолы осындаи болғанда, өнер адамының, өсіресе, “жазушылық өнерді мандайыма жазған көсібім мен нәсібім” деп, сол өнердің құбыласына бас қойған кіслердің тағдыры басқаларға қарағанда жүз есе күрделі. Әрі қызықты деп ойлаймын.

Жазушының тағдыры – тереңнен шымырладап, астынан үйріліп үйтқып аққан дария ағысына ұқсайды. Сол дарияның бетіндегі, толқын үстіндегі жүзіп бара жатқан бірер жаңқауықты, яки бірер іірім қойнауды көзге елестетіп алып айттым... біттім... көрдім... кешіп өттім деуге өсте болмайды. Ол бір жатқан терең тұнғызық. Көбіне мына біздер бетінде толқып ығысқан ағысын қызықтап қана өмір сүреміз. “Пәленше деген қаламгер осындай еді” деп үстірт баға береміз.

Іірімнің бетінен қалқымыз. Тереніне сұнгімейміз.

Мен білетін жазушы Дүкен, қалың қазақтың қарагай бітімді қабырғалы қаламгері Дүкенбай Досжанов саналы өмірінде 14-тей роман, жиырманың үстінде хикаят, жүздей әңгіме жазған. 2002-2003 жылдары “Білім баспасынан 14 томдық таңдамалы көркем прозасы жарық көрген, мұның сыртында әлі баспа жүзін көрмеген уш поэма, жас кезінде жазған көптеген өлеңдері, қыруар эссе, естелік, әдеби сын мақала жазған. 15 дәптердей қалың-қалың күнделіктегі қаттаулы жатқан аса еңбеккөр қаламгер. Жазушының шығар-

машылығы туралы жазылған мақалалардың есебінен жаңылып қалдым. Жұздің үстінде болар.

Шет елде, орыс тілінде, қазақ тілінде жарық көрген кітабының жалпы саны 70-тін үстінен шығады. Қазақстандағы әлем тілдеріне ең көп аударылған қаламгер саналады. Күнделігінің бір тұсына “Республикалық кітап палатасының есебі бойынша 2004 жылға дейін жарық көрген кітаптарымның жалпы тиражы 3 миллион 100 мыңның үстінен шығыпты” деп жазып қойыпты.

Мен мұның бәрін жұбайымды мақтап, аспандату үшін емес, тікелей дәйек пен дерекке сүйеніп келтіріп отырмын.

Жоғарыда жазушы тағдыры – жер дүниені толтырып аққан телегей дария суы секілді, оның көрген қызығы, өкініші, опынысы, мұн мен шері, айтқан сөзі, жүріс-тұрысы, жұмыс істеу тәсілі, бір сәзбен айтқанда тағдыр жазмышы әлгі тұпсіз дарияның сан құбылған иірімі секілді десек: мына менің жазып отырган естелік-эсsem соның бір қырығана.

Ол – жар көзіндегі жазушы.

Дүкенің әлгі күнделігінің бір тұсында: “Менің өмірім қадалып іждағатпен жазған кісіге 7 том кітап болар еді”, - деп жазыпты.

Ұлы Отан соғысының қан майданы жүріп жатқанда туған, 60-шы жылдардың бас кезінде қазақтың маңдайлалды оку орны – Қазақтың мемлекеттік үлттық университетіне түскен, Әуезов сөзімен айтқанда қазақ әдебиетіне “жыл келгендей жаңағылар алыш келген”, “шалағай Шекспирлер мен толыспаған Толстойлар” деген топқа іліккен, кезінде Мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің құғынын да көрген, кемелді социализм дәуірін, қайта құру кезеңін де өткерген, Тәуелсіздігіміздің қек туы желбіреген 90-шы жылдар басында жүргегі жарыла қуанған, содан кейінгі рынок реформаларының біразын бастан кешірген Досжановтың өмір жолы жаза білген адамға 7 том болса – болатын шыгар, одан асып кетпесе деп ойладым.

Қыртысы қалың 15 күнделіктін (2004 жылға дейінгі) өн бойына кез жүгіртіп отырып-ақ, қаламгердің әлті сөзінің құрғақ айтыла салмаған жаны бар сөз екеніне көзім жетті.

Менің оқырман қауымға ұсынғалы отырган кітабым – жар көзіндегі жазушы, яғни көбіне отбасындағы өзімнің көрген-білген жазушының мінез қырлары.

Әлемдік сөз өнерінің алтын сандығы болып саналатын “Мың бір тұндеңі” бір оқиға осы еңбекті бастарда есіме түсекткені...

“Бір есік бар – оны ашсан, жұпары аңқыған, бұлбұлы сайраған жұмақ еліне баrasың, келесі есікті ашсан – жаңынды түршіктірер құбыжық пен жын-сайтанның мекеніне енесің, ал мына үшінші есікті ашуға болмайды”, – деп әлгі есік күзеткен әулие шал кезбे Сандыбадтың қолына саудыраган кілтті ұстатып, өзі кетіп қалушы еді ғой. Мен де сол Сандыбад секілді болдым, үш есіктің алдында тұрмын.

Бірінші есік – жазушының шығармалар еліне апарады екен, ол жағын әдебиет сыншылары талдап, таразылай жатар.

Екінші есік – жазушының таза өміrbаяны, тіршілік сорабы, Дүкеннің «Үш тағдыр» атты кітабында берілген “Жазмыштың жазуы” деген өміrbаяндық очеркten оқып білесіздер.

Үшінші есік – әлі көпшілікке құпия болып келген, оқырман қауым біле бермейтін, адами мінездері, көдулігі қарапайым пенде ретіндегі қүйініші, сүйініші, езу тартқызар аңқаулығы, мұлт басып қателесуі, күресе білуі, бойын тіктеуі – бір сөзбен айтқанда – Дүкенбай Досжановтың адами болмысындағы тағдыры. Бұл әрі құпия, әрі көпке ашыла бермейтін есік екені шындық.

“Мың бір тұндеңі” Сандыбад кезбे секілді былайғы оқырман қауымға қызық болсын деп әлгі әулие көріпкел шал айтқан “ашуға тыйым салынған” құлыптың тәуекел етіп кілтін бұрагалы тұрмын.

Оқырман қауым соңымнан ілесе бер!

ЖАСТЫҚ АСТЫНДАҒЫ ЖАЗБАЛАР

*Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлтар еді дер деуі мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы....*

“Мәңгілікке өзіммен ала кеткен, менің нәзік жаңымды кім түсінер”, – деп ақын Құқагали Мақатаев көзі тірісінде-ак өзі туралы кімдер естелік айтЫП, кімдер зар жыларын, өзінің әдебиеттегі орнын :“Әйтеуір билетінім – бір-ақ нәрсе, Көшеді өлең, немесе оshedі өлең”, – деп жа-зып айқындал кетті емес пе.

Шындығында, өнер адамы өз халқының аузына ілінгеннен бастап даңқ пен дақпырттың ортасында жүреді, аңыз бен ақиқаттан тұратын ел ішіндегі естеліктер көбіне ол кісілер бұл дүниеден бақи жалғанға көшкен соң әрі айтЫЛЫП, әрі жазылып жатады. Олардың нәзік жан өлемін көз жұмған соң барып түсініп, “ah” ұрып өкінетініміз қаншама. Өмірдің заңы да солай болар, сірә.

Ал, сол нәзік жанды, өр тұлғалы, асқақ азамат жа-нында жүргенде, оны сүйгенге, оның әрбір қылышын, мұңын, шерін, жақсылығын бағалағанға ештеме пар келмейді екен!

Досының, зайдыбының өзіне деген адал сезімін, махаббатын жаңында жүріп, көріп, біліп, сағынғанын сезіну – ол үшін де шексіз шабыт қой. Ондай бақытты көзімен көріп, пейілмен сезінгенгө не жетсін!

Жасыратын ештеме жок, Дүкенбай Досжанов екеуіміздің өмірдің ыстығы мен сұығына бірге түсіп келе жатқан жұбай-лық өміріміз туралы осы бір шығармашылығымды бастауға бірнеше адамдар себепкер болды. Біреуі жұмыс бабымен алдына барғанда фамилиямды қағаздан оқып таң-тамаша болған профессор Талғат Сайранбаев ағамыз:

- Осы сен Дүкенбайдың заңды әйелімісін?
- Иә, – дедім күмілжіп.
- Менде біреуі оқып еді, оның түрі саган келмейді, – дейді профессор өзімді ренжітіп аламын-ау деген ойында жок аңғалдау мінезбен.

— Екі-үш баламыз бар... — дедім отбасылық паспортым осы шығар дегендей.

— Солай ма? Өй, айналайын, бакытты бол! — деп қолымнан алып, теріне отырызған.

Енді бірі — мені де, Дүкенді де алдынан өткерген, елге қадірлі профессор, әйгілі сатирик Темірбек Қожакеев көкеміз. Ол кісі екеуіміз анау бір жылы Президент өкімшілігінің ауруханасында қатар емделген едік. Түскі ас кезінде үстел басыпнда өңгіме арасында:

— Дүкенбай сені былай.... ел-жұрттымен таныстырыш, зандастырып тұрып жатыр ма? — деді мейірімге толы дөңгелек көздерін бакырайтып.

— Иә, шешесі қолымда тұрады. Мені кәдімгідей той жасап, неке қызып алған, — дедім.

Бұл аз дегендей жақында бір жазушының әйелі кездесіп қалып:

— Сен әлі Дүкенбаймен тұрып жатырысың ба? Сенімен ажырасып кетті деп еді гой! — деп төбемнен жай тұсіргендей болғаны.

Міне, осындаі өңгімелерді айына бір болмаса да, жылына екі-үш рет естіп қаламын. Неге? Ол некеде тұрақсыз ба? Жоқ жұрт маған құдікпен қарай ма? Әлде жазушының жансыры әлі көпшілікке жұмбақ па?

Кейбір әйелдер екі-үш күйеуден шығып, базбір ерекктер занды-зансыз үш-төрт әйел алып жатады, оларға ләм деп ешқандай бөтен сез айттылмайтын секілді. Жоқ, әлде жазушы Дүкенбай Досжанның отбасы, махаббаты, бүгінгі көрген күні қалай деген мың сан сауал жұрт көкейінен көп көлденендейді ме еken?

“Біреу туралы есть бастасаң — атағы жайылғаны. Ол туралы өзің айта бастасаң — даңқы артқаны”, — деген еken бір философ, сол айтқандай, қайтсем халқымның тарихын келер үрпаққа жеткізем, қайтсем бүгінгіден де терендеу зерттеп, анықтау жазам, қайтсем бүгінгіден де алыстау ойлап, көргенімді көркем келісті бояуымен жеткізем деп көзінің майын қалам мен қағазға сарқып, архивтер мен кітапханаларды ақтарып, жаңын қаламның ұшына түйіп, өз жазғанына езі разы болмай, отбасын, бала-шағасын шығармашылық жолына қызмет жасатып келе жатқан “аты жайылып, даңқы артқан” аса қадірменді жазушысына құдай

бір, неке сарайы екі қосып, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың құдығынан су алғызып неке қиып алған қосағы – Қожахмет тегі Сөule Мағазбекқызының осынау естелігі – бірге тұрып келе жатқан әрі әдемі, әрі ешкімге үқсамайтын асau отбасылық өмірінен “Өмір жолы” деген шығармасы деп қабылдарсыз, ардакты оқырман.

2003 жылы “Атамұра” баспасынан “Жыр тәж” деген жинағым жарық көрді, сонда “Сен екеуіміз” деген өлең бар еді. Сол жыр Дүкенбай мен өзімнің отбасылық паспортым секілді сезіледі. Алғашқы парагын ашсақ төмендегіше.

Сен екеуіміз

Жылдар бойы жинақталған бойымда,
Мен айтамын, Сен екеуіміз жайында.
Мендельсонның маршымен Сарайда
Болған емес дүрілдеген тойым да.

Сен жиырма бес, мен он бесте сыйылып,
Қосылмадық, жастай көріп қызырын.
Мені ертіп келгенінде шықты алдан
Анасынан жетім қалған қыз-ұлын.

Мен – оларға, олар – маған басында
Байқап-байқап жақындастық расында.
Ортамызда алтын сандық – Сен едің,
Үш жүректің сырын ұғып, жасырган.

Үшеуімізді кезек-кезек аймалап,
Жүргенінде мына өмірде тайғанап.
Төртеуіміздің тәбемізді түгендер
“Айнұр!” - деген бала туды айдан-ак.

Төртеуіміздің қанымызбен қанымыз,
Төртеуіміздің жанымызбен жанымыз,
Араласты осы сәби арқылы,
Өзің болып барымыз да нарымыз.

Тағдыр қосқан жүргенінде шашырап,
Төрт жүректі жинал бір отбасына.

Жылдан-жылға өсіп жатты сол сәби,
Төрт жақынын қылышымен асырап.

Біз көтерген шаныраққа бақ кіріп,
Дос-туыстар ақ батасын жатты іліп.
Қызы да кетті қиясына өзінің,
Үл ержетті, отау құрып, ат мініп.

Өткен күнге, жеткен күнге тоба ғып,
Жылдар түгіл, ғасыр жатты жаңарып.
Ата болып, Әже болып отырмыз,
Екеуіміздің самайымыз ағарып.

Осы жырга жалғастырып 2005 жылы 8 наурызда “Қазақ өдебиеті” газетінде шыққан ақын Қайрат Әлімбектің “Ей, ақындардың жарлары!...” – деген мақаласынан үзінді қосқым келіп отыр. Ойымды толтыратында ма, қалай. Оқып көрелік.

“....Кім жақсы амал жасайды еken деп сендерді сынау үшін өмір мен өлімді жараттым” (“Мұлік” сұресі, 2-аят). Құран көрімдегі Алланың осы сөзі, әсіресе, ер-азаматтың жар таңдауына көбірек қатысты тәрізді. Ал сол “тандал үйленудің” өзі берітінгі шаруа. Неге десеніз, қазақ поэзиясындағы қаламгер жарының бейнесі ежелгі қара өлеңде, батырлар жыры мен лиро-эпикалық дастандарда қапысыз бейнеленіп, жыраулар дәуірінде ердің тұлғасы секілді тіптен жогары тұрады. “Қыздың ерлігі қыргында” білінетіні де содан. Мұның бәрі сол тұстағы қазақ қауымындағы қапысыз төрбиеден болса керек. Ал бұл мындаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүр кешегі кеңестік кезең әсерінен онып, ер мен әйел “тең құқықты” болған тұста атынан айналайын Әйел-Ананың ауыр жүгін кейбір женгелеріміз болмаса көпшілігі ұстана бермей, бүгінтідей нарық кезінде қыз-қарындастар мұлде босаңсызып алғанын – “қоғам борометрі” – ақындар әрәдік ескертіп отыр...”

Қарапайым адамға қай кезде де өмір сұру қаншалықты қызын болса, дарын иесіне екі есе ауыр. Қол күші жұмысынан ғері ой азабының ауырлығын ұлы Абай: “Тіл өнері – дертпен тең” деген жоқ па? Өйткені, жазушы ағайында демалыс жоқ, күндіз де, түнді тойда да ойланып

көңіл көзімен “жазып” жүреді. Ой азабы қу жаныңа маза бермей қажытқанда ашынасың, аласұрасың... Сол сәтте жанынды түсінеді деген жан-жарың да азар да безер болар...

.... Күнделікті тіршілік күйбеніңде жүріп сүйген жарың “өзгелерден мықты болсан, атағың қайда, сыйлышың кәні?” деп пендершілікпен тіл тигізуі де мүмкін. “Өлең сатқан мен де бір саудагермін”, – деп Қасым айтқандай, аңғал ақын жел сөзге иланып, алданып та қалады.

.... Иә, ақын болу да, ақынның жары болу да оңай емес. Ойыңызға Оспанханның “Ақынның өйелі неге арық?” деген әңгімесін оралтыңызышы. Сол үйдегі Нұрсұлу жәнешеміз Осағанның шәлкем-шалыс мінездеріне қалай төзгениң бүгіндері жымия еске алады деп ойлаймын”.

“Қасында жүрсем қадірім саған жоқ екен, қасынан кет-сем сағынатының да сол екен”. Арамыздан өткен ақының ардақ тұтқан әйелдердің өзара басқосуы.... Осындайда Зайде женгейдің Жұматай жөніндегі жырлары да ойга оралады. Көпшілік ақын агаларымыздың біразының әйелден бағы жанған. Бұл үйдегі женгелеріміздің құлағына “алтын сырға”. Ол кісілердің бейнесі Қадыр Мырза-Әлінің “Ақынға түрмисқа шықкан әйелге” деген өлеңіндегідей:

..... Бірак та сен қызықтан
Калдым деп біл.
Иығыңа батпан жүк
Салдым деп біл.
Ақын мені жұбай ғып
Алды деме,
Мен ақынды бала ғып
Алдым деп біл!

Міне, ақынға тұрмысқа шыққан әйелдің есінде жүреп аталау сөз осы.

“Жүргінеге жүк артып” халық сезін сөйлеген ақынға жар болу – БАҚЫТ Ақын Фариза: “Жіліттің азаматтығын таңдаған жарына қарай айырамын” деуі тегін бе?! “Қай міnezі қасиет болса, кісінің сол міnezі қасірет”(М.Әуезов).

“...Төзім деген жақсы қасиет, бірақ ұзақ тәзүге уақыттар” демей, сәл шыдаңыз қаламгердің қалаулысы! Ол да Сізбен ғана бүтін екенін естен шығара көрменіз... Әдебиет майданындағы ерінізді тылда жүрген ардагер апаларымыз-

ай күтіңіз. Сонда кешіксе де “майданнан соң иесін өзөр апқан ордендей, ақындарға абырой оралады сонында!” Жұматай). Сізге де халық құрметі, тарих тәрі дайын”, – әйді мерекелік құттықтау мақаласында өзі қатарлас ақындардың көшін бастап келе жатқан дарынды замандастым – Қайрат Әлімбек.

Фариза апамызы: “Ақындардың жарларына ескерткіш қою ерек”, – деп жазған сөзі бар, ол шығармашылықпен айналысатын күйеуі бар әйелдің өмірден көретін ашысы мен үщцысы, жан азабы басқа отбасылардан ерекше ауыр болынын – өз ортасынан көріп жүрген соң айтқаны шығар. Қазақтың үш арысы – Біләл Сүлеев, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезовке серік болған Фатима Габитова апамызы: ‘Мен өзімді өз дәуірімнің әйелдерінен бөлек, биік, бақыты санаймын. Өйткені, менің өткен өмірім – соншама маңыналы, бай өмір. Менің махаббатым – менің ерлерімнің олықтай өсуіне жол ашты. Мен асқан бақыттымын’, – деп казып қалдырыпты. Өзіне аманат етіліп қалдырылған лиястың, Мұхтардың қолжазбаларын НКВД-нің қолына үсірмей бүгінге жеткізген асыл жардың қазақ әдебиетіне е қосқан үлесі үлан-ғайыр болар деп ойлаймын.

Осыдан шығармашылық әдамының жары тек отбасы, шақ қасындағы әйел, балалардың анасы ғана емес, жазушының әріптесі, оның шығармашылық азатты жолда осуінің селеп-жебеушісі де болатынын байқаймыз. Наныңыз, еніңіз, оқырман!

Фатима Габитова, Мәриям Мұқанова, Нәйлә Габдуллина, София Молдағалиева, Зайда Елғондиева т.б. қазақтың іандайына біткен азаматтарының шаңырагын үстап, қазаңын қайнатып жүрген аналар-жарлар күйеулері бұл өмірден ткен соң, бірге жүрген күндерінен естелік жазғанын жас үтүп отырып оқыған боларсыздар. Оқуға тұратын дүние-ер деп ойлаймын.

Осыдан мың жыл бұрын, “Жастық астындағы жазба-ар” деген тақырыппен жапон императорының жас зайыбы, рі алғыр ойлы ақын әйел танка үлгісімен кітап жазған кен. Ол кітаптың орысша аудармасымен университетте оқып түрленде танысқан болатынмын. Өзіме ұнаганы: жапонның ара сөзбен жазылған жазба әдебиетінің бастау бұлагы бола үра оқырманды жіпсіз жетелейтін әсершіл, анық сөз өлпеті,

өмірдің ортасынан ойып алғандай шындығы басым, бояуы қанық түрмис суреттері, еріне, піріне деген жолы жінішке әйелдің ұйымы мол үзілмес ұлы сағынышы еді. “Бір сарайда тұрып, ертенді-кеш ұшырасып жүрсек те пірімді ынтыға күтіп, жүргегім лұпілдеп сағынып тұруши едім”, – деген сөзі есімде қалыпты.

Менің жазбаларымның жапон жазушысына тақырыбы үксас болғанымен, баяндау тәсілі, оқиға өрбүі мұлде өзгеше. Сыр-сұхбат секілді естелік өңгіме ғана. Ағаларымыз көп жазып, сіzlі, інілеріміз кейінгі кездері жиі қалам тартып жүрген естелік – эссе десе де болады.

Қосағым Дүкенбай Досжановпен бірге өткізген күндерімді екеуіміз шүйіркелесе қатар жүрген кезде, бар шындығымен, қызық-шыбығымен, құлқілі әрекетімен жазып, өзіне кітап етіп сыйлағым келді. Калың оқырманға менің көзіндегі, өзім ғана білетін, өз білгеніммен баяндан берген Дүкенбай Досжановтың мінезі қызық көрінуі мүмкін, әйтпесе, бұл кісі туралы аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ қой.

Дүкен әкеуіміздің күнделік жазатынымыз болушы еді, осы еңбекке сол күнделіктер көп көмегін тигізіп отыр.

Бұл кітапты “Ұшінші есіктің құпиясы” деп атадым. Жогарыда айтқанымдай жазушының бірінші құпия есігі – өзіне тән таза шығармалары, соны талдайтын ғылыми зерттеулер мен сын макалалар. Келесі екінші есік – өз қолымен жазылатын өміrbаяны, ғұмыр жолын жазушының өз аузымен баяндан беруі. Менің үшінші есік деп тұрғаным: жар көзіндегі жазушы тағдыры ғана.

Менің қолжазбаммен танысқан соң Дүкен, бұл кітабынды “Өмір жолы” деп ата, “Жібек жолы”, “Мұхтар жолы” деген менің шығармаларымның жалғасындай болсын”, – деді.

Дүкенмен 1987 жылы шілде айында таныстым. Бұрын да жинальстарда, кітапханадағы кездесулерде көріп қалып жүретінмін. Әйтсе де ол кезде не көп – қолына қалам ұстаган жазушы мен журналист ағайын көп, өзім де қаламмен нан тауып жүрген журналиスピn fой деп, қаламгерге оншалық мән бермегенмін. Ойым орнықпаған кез бе, кім біледі.

Мектепте жүрген кезімде ол кісінің сырт мұқабасында найза ұстап тұрған батырлары бар “Жусан мен гүлдер” деп аталатын хикаяттар мен өңгімелер жинағын оқығаным бар.

Оқиғасы еміс- еміс есімде. Ол кезеңде көп кітап оқығасын ба, Б.Мұқай, Е.Мырзахметов, М.Сұндетов, Ш. Құмарова секілді авторлардың өзім сүйіп оқыған кітаптары секілді санамның бір түкпірінде қалып қойыпты.

Сонымен 1987 жылдың шілдесі, “Жазушы” баспасында корректор болып істеймін. Кезекті еңбек демалысынан келген бетім еді, бөлім менгерушісі Мәрзия апайымызы: “Өндіріске кеткелі тұр, осыны тездеп оқып шық”, — деп қалып қолжазбаны алдыма әкеліп қойды. Жүрексініп отырып пәпкінің жібін шешіп, қанатын жаздым.

“Д.Досжанов., “Мұхтар жолы”, “роман” деп титулге жазылыпты. Пәпкінің ішкі сол қанатына автордың қолымен “қол тигізбей оқының!” деген ескертпе жазуын көріп, шошып кеттім. Дереу Мәрзия апайға шағынып: “Қате тапсам қалай қол тигізбеймін, апай!” — деп үрейімді білдіріп жатырмын. Ол кісі: “Ой, құдай-ай, қорықпай оқи бер, қолжазбаның тазалығына өсіре пысық Дүкештің мінезі ғой ол”, — деп басалқылық жұбату айтты. Қолжазбаны оқи бастадым.

Ертесіне, жоқ, үш-төрт күн өтеге автордың өзі келді. “Қолжазбамды кім оқып жатыр, графиктен қалып барады, тездесінші”, — деп бір аяғы үзенгіде тұрган кісіше Мәрзия апайға асығып - үсігіп бір нәрселерді айтып жатыр. “Қолжазбаң анау төрде отырган қызыда, содан сұра”, — деп менгеруші апайымызы, әлгі кісіні өзіме сілтеді. Автордың қолында үлкен қара дипломаты бар, сыпайы сөлемдесіп жаныма тақады. “Қалай екен?” — деді жұғымды, жұмсақ үнмен. “Қайдан білейін, агай, қолжазбаның мазмұнына, сапасына редактор жауап береді, біздің міндеттіміз орфографиялық, пунктуациялық, еміле қателерін түзетіп жіберу”, — дедім. “Сонда да оқыған кісіні жетелей ме екен?” — деді. Ішімнен “мына кісінің пікірімді сұрағаны несі” деп түсінбей тұрсам да журналистігім женіп: “Оқиғасы қызық секілді, әйтсе де сөйлемдері ауыр ма, қалай”, — дептін. “О, ойлы оқырман болдың ғой онда, тездетіп оқы, көп кешіктірмей баслаханага жіберелік, онсыз да редакторым Шәрбану Құмарова біраз шашымды ағартты... атың кім, айналайын?” — деді даудыраған ашық мінезбен. Атымды атадым. “Ендеше есімінді жазып алайын”, — деді қолжазба авторы, дардай кісі.

Әуелі қара дипломатын ашты, іші толы қобыраған қағаз, дипломатты ашық-шашық, күйінде үстелімнің бір шетіне

қойды, ішінен қаламсап па, қағаз ба, бірдемелер іздең біраз аударыстырыды. Бір мезетте тілдей газет қызындысын алғып, атымды жазып, ішіне қайыра салды. Дипломаты жабылмай біраз өүреленді. “Ал, қош, хабарласып тұрамын!” — деп дардай кісі келген ізімен шығып кетті. Дардай деймін-ау, сол жылы Дүкен 45 - жаста болатын, маған Әуезовтей көрінген. Мен 27- ге аяқ басқамын.

“Сонша әуре болардай, есімім есте сақтауға оншалық қыын емес еді ғой, әлгі кісінің осыншалық қүйбендең қалам мен қағазға жармасқаны несі екен” деп іштей таң қаламын. Мәрзия апайымыз жынысып күледі: “Дүкештің жүріс - турысы осылай, ешкімге үқсамайды, қанша кітабын шығарып келеміз... табалдырықты алғаш аттаған күйеу баладай ылғи ызылып-сызылып тұрады”, — деп мінездеме беріп жатыр. Алғашқы танысусымыз осылай өтті.

Келе-келе бастығымыздың бір сөзі нағыз шындық екеніне көзім жетті. Ол “ешкімге үқсамайды” деген сөзі еді.

Ешкімге үқсамайтын мінезімен сол кезде жабырқап бұлт басып жүрген көңіліме жылы шуақ септі. Көңілімнің төрінен орын алды. “Әйтеуір осы кісінің етегінен ұстасам қор болмаймын-ау” деген ой уақыт өткен сайын көкейіме нық орнай бастады.

Біз танысқан жылы Мұхтар Әуезовтың 90-жылдық мәртейтой болатын. Мерейтой 28 қыркүйекте, сол кездегі Алматыдағы Республика Сарайында өтпекші екен, соган Дүкен екі адамдық шақыру қағазын әкеліп берді. Салтанатты жыныға өзіммен бір үйде тұратын,abituriент кезден бірге келе жатқан досым Нәжмадинова Әсираны ертіп бардым. Дүкен де келді, алдыңғы қатарда үлкен азаматтармен бірге отырды. Кеш аяқталғанда есік аузында кездесіп қалып, бас изеп қана амандасты. “Қандай тәкаппараты! Ең болмаса өзі шақырган кеш ұнады ма деп те сұрамады-ау” деп іштей ренжіп қалдым.

Ертесіне сенбі - жексенбі болды, дүйсенбіде жұмыска келе “Мұхтар жолын” оқуды жалғастырып отырсам, есіктен сзызылып Дүкенбай Досжанов кіріп келеді. Мен өкпелі едім... Соны тап басып: “Сен өткенде маған ренжіп қалмадың ба, айналайын. Жаныңца баруға жүрексіндім...” — дегені.

Ол жылдары мен тағдырға да өкпелі едім. Өз жүргім қалаған мамандығымды алғаныммен мені газеттер журна-

лист етіп алмады, жазуымда кемшілік табылмаса да қолымды үзартар жебеушім болмады. Бас редакторлардың таныстықпен бір сәйлем жаза алмайтындарды бөлімге қызметке алып, мені есіктерінен қаратпаган өділетсіздігін көп көрдім. Жаныма жылу, өміріме серік болар деп қосылған азаматым жалған намысты, қатыгез болып кездесті. Жеті жылға жуық көрсеткен қорлықтарына әзер шыдап жүрдім.

Соңғы жылды екеуіміз заңды тұрде ажыраспаганмен бөлек тұрып жаттық. Мен Эсирамен бірге тұратынмын. Қайсыбірін айтайын, жыр тілімен жеткізгенде:

Сезімсіз, жылусыз тірлікке ет өліп,
Жылап атырған тандардың өтеуі.
Өзің бол үзілген үмітті жалғады,
Жүргенде тірліктің кетіліп кетеуі...

Біреуден жылды сөз естісем, жүрегім қан жылайтын. Дүкенің: “Жаныңа баруға жүрексіндім”, – дегенінен тебіреніп кеттім. Сол күні Дүкен мені түскі асқа шақырды. Өзі Жамбыл қаласына (бүгінгі Тараз) оқырмандарымен кездесуге кетіп бара жатыр еken, “келген соң кездесіп сырласайық”, – деді. Өзі сондай сыплайы, парасатты болып көрінді алғашқы кездесуімде.

Тараздан келген соң “Алатау” санаторийіне барып демалып жатыр еken, сонда қонаққа шақырды. Алатаудағы алма бағының ағаштарының қызыл ала кілемдей төселіп жатқан жапырақтарын басып үзақ қылдырық. Сол күні-ак, Алла тағала екеуімізді бір-біріміз үшін жаратқанын сезіндім. Тек біздер адасып жүрілпіз... Дүкенің бүрінгі әйелі Мәриям Жақсылыққызы үзакқа созылған аурудан қайтыс болғанын, ұлы мен қызы және карт анасы барын, әйелі қайтыс болған соң ауылдастарының акылымен асығыс үйленіп, екі жылдан соң әлгімен тіл табыса алмай қинала жүріп ажырасқанын, одан қызы бар екенін айтты.

Мен де тағдырымның бұралаң жолдарын жасырмай жеткіздім.

Бөлмесінің терезесі алдындағы жалғыз қайыңға қарап тұрып үзақ жылағаным есімде. Содан бері жыл мезгілінен – күзді, ағаштан – қайынды жақсы көремін. Алтын сары жапырағы төгілген жолдармен жүрсем, Дүкен екеуімізді табыстырган алмалы бақты сағына есіме аламын.

Үш күннен кейін Дүкенмен хат келді
“1987 жыл, 11.10

Жанымның желеуі, желеп-жебеушім,

Ақиқатым мен ақкөңілім менің! Сен кеткен соң көңілім таспен бастыргандай болып, бөлмем құлазып, үйге сыймай кеткенімді көз алдыңа елестетсөң гой. Өмір бойы сені іздел жүр екенмін гой енді байқасам. Өзіңнің мінезіңе қарайллас, сезімдес, ойлас, қиялдас адам таптай, өзіндей ар жақ, бер жағы түгел көрінген шыныңдай асылды таптай, өз-өзімнен іштей булығып, тұншығып келіппін гой. Іш сарайымды ашып кеттің гой!

Енді тәңір шеберден жалғыз тілейтінім – көңілінді кір шалмаса, мен туралы не қылыш сөз естісөң де – жоқ, Дүкен өз ішіндегі шоқты өзі үрлеп өшірмей, еңбегін еміп, ақ-адал тіршілік кешіп келе жатқан сәулелі азамат деп нық сенсөң!. Маган деген жақсы көру сезімінді өшірмесең болғаны!.. Өзге көленкедей көленсіз шырғалаң, өрмекші торы біртін-біртін жеңіліс тауып жойылар. Жалғыз адамға жаманшылық жасап көрмеппіз, кісінің ала жібін аттамаптыз – бізге де бакытты, шуакты, жайбаракат, бейқам күндер бұйыратын шығар. Жанымның жұбанышы!

“Жазушының айнасы – халық” дейді гой; тапосы кездегі менің айнам - өзіңсің!

Саған қарап бой-басымды түзеп көрейінші, сенің тілеуінді тілеп көрейінші!

Өзіңдің Дүкен!

11. 10. 1987”, – деп ақтарылыпты.

Содан кейін екінші хаты жетті сағынышпен.

“1987 жыл, 14.10.

Қадірлі Сөүлешім менің!

Әр адамның жан дүниесінде сыртқа сездірмей сыйынып жүретін өз құдайы болады: менің қазақ топырағындағы құдайым - Эуезов. Сол кісінің өруағы, сезім өлемі табыстырды бізді. Бәлкім, мен Эуезовты жазбағанымда, “өзге де кітабым жетеді гой, соны қидалап, жөндең жүріп жан ба-

тайын, түрмиста, тіршілікте жетісіп жүргенім жоқ, осы атамым, осы тапқаным жетер, – дегенімде, Сенімен ұшыраспашым мүмкін еді ғой, ұшырассақ та бір-бірімізді жүрек бүлкілімізге дейін үғып, түсіне алмас едік. Күн сайын кітапхана түпкірінде ыстық ауага қаталап, қағазға үңіліп, Әуезовке табынсам – сол кісінің ұлы өруағы мені бір жақсылыққа, жарық дүниеге бастайын деген екен. Бұл күндегі жарық дүнием - Сен болдың, Сөule!

Бір-бірімізге жалған сөйлемеуге, адал жүруге, жаңымызды түсініп қызмет қылуға сол кісінің алдында ант берейікші! Жүрер жолың әлі алыс, сол жолда көптеген қыныштылыққа кездесерсің, жабырқарсың, бәз бірде жалғызысырасың (кісі өмір бойы жалғыздыққа қарсы құрепті өтеді емес пе); соның бөрінде еңсенді тік үстап, балалар алдында үлгі болып етсейші сен де!

Тіршілік сапарың аяқталар кезде артыңа ұзақ қарап, “жүргі қазақ, деп соққан үлкен азamatқа, аты, есімі бар азamatқа жар бола білгенмін!” – деп мақтанышпен тебірене тіл қатар, уайымсыз көз жұмар күнге жетші деп тілеймін. Мұнды сөзбен от болып лапылдаған көңілінді басқаным емес, ертеңгі күнінді, ертеңгі ерлігінді болжағаным болар.

Киналған кезінде Әуезовтің аруағына сыйын, менің сен дегенде ыргагы, бояуы өзгеше сөзіме сен.

Жайрандаған сезгрім, білгірім менің, жақсы жүр!

Өзіңнің Дүкен”.

Сонымен Дүкенбай Досжанов роман жазуды қойды, түнімен ғашықтық хаттарын жазады, ертесі маған жолдайды. Мені біреу осынша жақсы көреді деп күтпегем, алғашында сенбей жүрдім. Үшінші хаты келгенде барып Әсирафа оқытып, сырымды актардым...

“1987. 16. 10.

Сөулешім, сағынышым.

Келешек күндерден үмітім менің!

Қалай, қайтіл жүр екен деп ойлап қоямын өзінді. Пәленбай күн тілдескенде бір нәрсені айтуды ұмытып кетіппін, өркімге жалтарма сөз айтамын деп, мына жүрісімізді құрбы қыздардан, дос-жараннан жасырамын деп, аузың жалған

сөйлеуге қалып алыш кетпесінші! Мені өзіңе тартқан нөрсе табиғатының тазалығы – сол таза, сезімтал, жалтагы жоқ, шынайы қалпында қалшы өмір бойы. Кісіге өмір бір-ак мәрте беріледі емес пе, тулкі бұланға салып сезімізді арзандатып, мәнсіздендіріп қайтеміз, құдай берген жанды құдай алады емес пе.

Баяғы мінезінде қалшы!

Өзін білесің Федор Михайлович Достаевскийдің бірінді өйелі ұзақ ауырып қайтыс болып, қарызға батып, қағажу көріп жүргенде, кәрі қызы бол отырып қалған Мария деген диктовка жасап шығады сол өйелге. Енді екеуінің арасындағы маҳабаттың айтуы жоқ, ара жас айырмашылығы үлкен бола тұра қандай бір-бірін сүйген десейші! Достаевскийдің сол өйелге жазған хаттары тақауда бір том болып шыққан, менде бар, “аяғынды сүйейін, ... мың мәртебе бауырыма басамын...” - деп аяқтайды ылғи жазушы хаттарын. Базбір үяттау сөздерді редактор текстен өшіріп отырган, комментарийінде бар. Қорыта айтарым – сені мен менің жан өлеміміз тап солайған жақындассыныш деп тілеймін. Хаттарымды сақтарсын!

Өзіннің “Дүкешін”, - дейді.

Мен Дүкенің әрбір хатын бойтұмардай әлі сақтап келемін. Осы кітапта ол хаттар: “Сенің жазған хаттарың-ай, хаттарың...” – деген арнайы тарауда талдап беріліп отыр. Жасыратын сыр жоқ, оқып танысып көрерсіз.

Осы хаттардан бастау алған екеуіміздің сезіміміз отбасылық өмірге ұласып, жазушының шабытына-шабыт қосып халқына үлкен-үлкен еңбектер жазып беруіне себепкер болды, мұның үстіне былайғы өмірде жақсы достарымыз, жана шыр ағайындарымыз көп болды.

Сол кезеңдегі Дүкенің, әрі өз басымнан откен оқиғаларымыз аты сәл- пәл өзгертілген кейіпкерлердің көңіл - күйі арқылы 1993 жылы жарық көрген “Таразы” романында біраз төптіштелген. Сонымен 1988 жылғы 30 қантарда некеге түрдүк.

Дүкен қөбіне түйық мінезді, жарқылдан, қарқылдан жүруі кем, өрқашан терен оймен жүретін адам.

Өз басым керісінше, бір үйдің жалғызы, кемпір мен шалдың еркесі болып өскесін бе, жиын-тойды, қызықшылықты жақсы көретінмін. Үйден кісі үзілмегенді, үйдегі барды біреумен бөліскенді, қиналған кісіге көмектескенді жаным жақсы көреді. Бұл ретте екеуіміз екі полюстің адамымыз.

Осы ретте концертке баруды қалай қойғанымды айта кетейін. “Азия дауысы” фестивалінің жаңа басталып, елді елеңдетіп жатқан кезі. Жақсы көретін құрбым: “Сендер де барындар!” – деп қорытынды жабылу ресіміне екі билет өкеліп таstadtы. Дүкене бір апта бұрын айтып қойдым, сол күні жұмыстағы Дүкене телефонмен “кешке концертке барайық” – деп айтып едім, “уақытында көрерміз” – деп қоя салды. Мерзімді уақытқа ең тәуір киімінді өзірлеп, Дүкенің костюм-шалбарын үтіктеп “осы кеш тауға тартып кетеміз” деп күпті көнілмен күтініп отырмын. Жақсы әртістердің әнін, сазын естуге жасымнан құмармын. Концерт басталуға екі сағат қалды, үй иесі жоқ; бір сағат қалды, жоқ. Медеу айданына такси ұстап жетудің өзі бірқыдыру шаруа.

Ойынның басталуына жарты сағат қалғанда, телефон сылдырайды, сым ұшындағы Дүкен: “Кешір, ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде отыр едім, рұқсатты түстен кейін алып, керекті құжаттарды өлгіде ғана алдыма өкеліп берді, кеш қайтатын секілдімін”, – дейді. Ашуым тұтанып кетеді: “Ау, апта бұрын келісіп қоймап па едік, концертке барамыз деп!..” “Енді мына құжаттарды қарал бітіре алатын емесспін”, – дейді үні тым-тым бәсендейп. “Қарай берсе қағаз таусыла ма, төрт қабырганы күзетіп отырган көніліме неге қарамайсыз!?” – деп өкпемді қара қазандай ғып көп нәрселерді айтып жатырмын. Ақыры “жазуың да, өзің де...” деп телефон трубкасын тастай салып, енeme баланың тамагын даярлап беріп, тауға жалғыз тартып кетемін.

Әйтсе де Абай даңғылының басына жеткенде ашуым су сепкендей басылып, қой, ә, жалғыз желіккенім жараспас, бәріне көнейін, көндігейін деп көлеңкеше көшені жаяу арапап, кештетіп қайтып келдім. Дүкен үйде екен, 37 жылғы зұлмат құрбандарының тергеу хаттамасы, түсініктемесі, озге де деректерді көп тапқанын... келешекте сол құжат ізімен кітап жазғысы келетінін... жыр ғып біраз даурықты. Менен қайда бардың деп еш сұрамады. Арадағы өкпе-наз лезде

ұмытылып үлгерді. Кейінше сол алашапқын ізденісінің арқасында “Абакты” деген очерктер кітабы дүниеге келді. Кітап жазушының атын көп биіктетті.

Сөз басында бұл кісі “ешкімге ұқсамайды” деп едім ғой: келе-келе, жүре-бара түбекейлі түсіндім, көп уақытын Орталық архивте, ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде, кейінше Президент архивінде өткізіп жүреді. Жазу десе – дүниені ұмытып кетеді.

...Әрине, жазушы шіркін де қарапайым пендे. Барлық уақытта ойга алған нәрсесі ақ қағазға маржандай тізіліп түсे бермейтін болуы керек, ойы бөлінеді, сауышылығы кемиді, немесе үйіріліп үстелге отырған кезінде көніл қошы болмайды, сол кезде я жынынан айрылған бақсыдай, я алыс сапарда әлсіреп жүйкесі тозған жолаушыдан өзін - өзі жек көріп, қарадай мазасызданып кетеді. Үй ішіне жылуы азаяды. Не болса соған шырт ете қалып, өзін де, маңайындағы өзгөні де жеп қоя жаздайды.

Осы “өзін-өзі жеу” дегеннен шығады.

Жылына бір мөрте я бауырдың, я асқазанның әлегімен ауруханаға түсіп, емделіп шығады. Ауруханага жатарында ылғи жеке бөлме сұрайды. Қағаз, қарындашын дипломатына сықап салып алады. Оңаша бөлме тисе болды, ертенгілік, кешкілік, уколы мен өзге ем-домның арасында уақытын үнемдеп шұқынып жазып отырады. Бірде ауруханаға халін білейін деп кірсем, Емдеу орталығының Бас дәрігері Бекмахан Құралбаев палаталарды аралап, қасында кілең ығысқан ығай мен сығай ақ халаттылары бар, тексеру жасап, емделушілердің жағдайын біліп жүр екен.

Дүкен жатқан палатаның есігін ашсам, Бас дәрігердің даусы естіледі. “Сіз мұнда кітап жазуға келдіңіз бе, әлде ем алуға келдіңіз бе?” – деп кейіс білдіреді. Дүкен: “Демалыс сағатын пайдаланып жатқаным ғой”, – дейді. Бас дәрігер: “Демалыс сағаты демалуға, режим сақтауға беріледі, ал, сіздің төсегіңіз, үстеліңіз қағаздан көрінбейді... мынау көзілдірікті басып кете жаздаым... ана қолжазба желмен үшты... Ұстандар!.. жинандар!..”, – деп қолын сермелеп ашуланып палатадан шығып бара жатады. Ішке енемін. Дүкен қолжазбаларын жинастырып: “Тарауды жедел бітірмекке дүниені ұмытып отырғанда үйіліп үстіме келе қалды”, – деп акталған сыңай танытып ауырган, сыйдаған, сырқыраған жерлері енді

ғана есіне түскендей, дәрі—дәрмегін іздестіріп қарбаласа бастайды. Бұл — бұл ма. “Сарыагаш” шипажайына шілде айында, бұрыныракта бір барғанын айтып өңгіме етіп отырады.

Оқиға былай болған секілді.

“Сарыагаш” санаторийіне Оразгелді Тұктібаев есімді азамат бас дәрігер болып тұрган кезде ем-дом алуға барыпты. Әлгі азамат Дүкене жеке бөлме бергізіпті. Жоспарда тұрган кітабы бар көрінеді. Қырқүйек айында қолжазбасының бас — аяғын жинақтап, көлемін толықтап, машинкаға басқызып баспаға өткізу керек қой. “Жолбарыстың сүрлеуі” атты кітабына бір хикаят қосу керек, соңда ғана жинақтың құрылымы, басталуы, аяқталуы түгелденбекші. Шипажайға келген жазушы өзіне-өзі іштей уәде беріп: қайтсем де ойға алған өлгі хикаятты жазып бітіруім керек деп, шарт қояды. Ол үшін күніге 6-7 бет жазу керек.

Әлті оңаша бөлмеге орналасады. Тұске дейін жүгіріп ем-дом қабылдайды. Сағат 14.00-тен үстелге жүгініп отырады. Шілденің ыстығы бөлменін ауасын сіріңке шаққандай тұтандырып, қапырық етіп жібереді. Дүкен біраз жұмыс істеген соң, бір жағы шипалы судың өсері, бір жағы шілденің ыстығы жеңіп, қалғып-мұлғи бастайды. Басын суға малып кеп отырады, әрәдік бөлмені кезіп шығады, болмайды, құс үйқы еңсере береді. Соңда үшкір түйреуішті алады екен де, сол білегін ауырған соң үйқы қашады. Бас алмай жаза түседі. Осылайша өзін-өзі түйреуішпен піспектеп, үйқыны қашырып отырып, межелі беттерді жазып шығады. Кеште де солай. “Кешкүрим терезенің алдынан сылдыр, сынғыр етіп күлісп өткен ермек іздеген қыз-келіншектің үні құс үйқыдан да жаман болды” дейді Дүкен кейінше құліп.

“Күміс керуен” хикаятын білегімді түйреуішпен піспектеп, Оразгелді інімнен ұрыс естіп жүріп жазған дүнием еді гой”, — деп Дүкен баз бірде естелікке жүгінеді.

“Еврей үлтynда жақсы бір қасиет бар, — дейді, — бала жастан бір кәсіпті таңдап алады да, соны өмір бойы айналдырады, сол кәсіптің теңдесі жоқ шебері болып шығады; ал, біздер, қазактар, көп кәсіптің басын шаламыз деп ұшып - қонып жүріп шеберлікке жете алмай қор боламыз”.

Шындығында, қаламгер өмірдегі өз ісінің шеберлерін жақсы көреді. Өмір бойы сызумен, сәулетшілікпен айналысып жүрген, Қазақстанның рөмізін жасаган, бір кезде мектепте бірге оқыған Жандарбек Мәлібековті төбесіне көтеріп құрметтейді. Өмір бойы аударма ісімен шұғылданған шебер жазушы Герольд Бельгермен де жұбы жазылмай келеді. Қара сөздің қас шеберлері Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаевты сұрапыл еңбекшілдігі, тандап алған өз істерінің шебері болғаны үшін өзіне ылғи үлгі тұтып, аузынан тастамай мақтап, сол арқылы өзінің дә биікке көтеріліп жүргенін аныzdай қып айттып отырады.

“Мінез біреуге бақ, біреуге сор”, – деп отырады Дүкен. “Шаруамыздың алға жылжын, я шәт-шәлекейі шығып шалқая түсін, я жолымыздың болу- болмауды осы жүрген біздер көбіне-көп сыртқы себептерден іздейміз. Пәленше өтінішімізді түсінбеді, сейлескісі келмеді дейміз. О, ол кісі барып тұрган онбаган екен, жолымды кесіп, аузыма түскелі тұрган несібені орта жолдан қағып кетті дейміз. Өмірде осындай мың сан сылтаулар кесе көлденендейді. Ал, байыбына барып, терендең ойласақ – көп жәйттер өзімізге байланысты”.

Кісімен сейлесудің өзі үлкен өнер. Тіл табысып түсінісу – гажайып көніл күйін туғызады.

Адамды өмір сүрге құлшындырады.

Дүкенің мінезі түйік, жарқылдаپ ашыла қоюы қын. Көбіне зілбатпан ойды арқалап жүргендей, жабулы қазандай күй кешеді. Соған қарал құрбы - құрдастары ойлады: жеке жайылған саяқ жылқыдай, өзгемен аралас-құраластығы кем адам деп. Шындығында, олай емес. Достары көп, Қазақстанның қай түкпірінде де ұшыраса қалса атынан түсіп сәлем беретін жақсы інілері мен достарының қатары мол-ак.

Дос-жаран табуға ылғи екі мінезі жол ашады деп тұжырамын. Біріншіден: кісіні жерге, руға бөліп қарамайды, ісіне, қабілетінен сай бағалап, өз мүддесін жылы жауып қойып, сол кісінің орнына өзін қоя отырып түсінісуге күш салады. Екіншіден: лауазым таңдамайды, қай-қай мамандық иелерімен де тіл табысып шүйіркелесіп үлгереді. Мектепті алтын медальмен бітіріп, көп кітап оқығаны да себепкер шығар. Мысалға, кейінгі кезде қазаққа жер мәселесі үлкен

әңгіменің үйтқысына айналғаны мәлім. Бір күні отағасымыз үйге ишіры көтеріліп келді. “О, жерге анық жаңы ашитын адам таптым, өзімнен он жастай кіші болса да тең құрбыдай жылдам тіл табысып кеттік”, — дейді. Кейінше білдім, осы құнгі Алматы қалалық жер ресурстарын пайдалану Департаментінің төрағасы Абай Есболұлы Сапаров екен. Ол кісі де нағыз өз мамандығының жанқүйері білем. Қазіргі қүйіл түрган жер тақырыбының әр қырынан пікірлесе, ой бөлісі келе – бірі ағадай, бірі інідей болып, тез-ақ жуықтасып, тіл табысып түсінісп үлгеріпти. Кейінше кабинетте басталған әңгімелері түгесіле қоймай, сөйлесе-сөйлесе, қала шетіндегі Абайдың үйінен бір-ақ шығыпты. “Ас-су іштім, алтын қаламсап сыйлады, Даражан есімді баласы жүйрігімен жеткізіп салды”, - деп келіп тұр. Абай Есболұлы – Павлодар облысының тұмасы, жерлестік жағынан да, мамандық жағынан да отағасына еш жұғыспайды. Әйтсе де көдүлгі жақын туысымыздай көріп, үйде де, түзде де жылы-жылы еске түсіріп, әлі күнге қызықшылықты қосыла атқарысып жүреміз.

Энергетика саласының білгір маманы, КЭГОК-тың бұрынғы бірінші орынбасары, Энергетика және минералды ресурстар вице- министрі қызметтерін атқарған Кеңжемұрат Дүкенбаевпен де өуел баста танысусы қызық.

Жоғарыда айттым. Дүкең жазбаса отыра алмайды, бар қызығын жазудан тауып жүрген қағаз бен қаламның сарбазы деп. Ал, сол жазу басына үйіп-төгіп таусылмайтын қарбалас әкеледі. Жазған қолжазбасын үстінен қарап шыққан соң үқыпты, қатесіз басып беретін компьютерші іздейді: компьютерге ақы төлеп басқызады. Текст үстінен тағы жөндең шығады. Сосын қолжазбасын қолтықтап баспаға апарады. Қазір қай жерде де тығырыққа тіреліп жұтап түрган мекеме. Баспалар да қаржы тапшылығынан бірі жабылып, бірі өупіріммен әзер істеп тұр. Баспа директоры авторға “спонсорлық қаржы тап, тездетіп шығарып берейік” деп қолқа салатын болуы керек. Кейінгі жылдары Дүкеннің “Екі дүние есігі”, “Дала гладиаторлары” атты кітаптары мемлекеттік тапсырыс есебінен жарық көрді, ал “Алыштың азабын” спонсорлық қаржының есебінен шығарды.

Баспа директоры белгілі авторының қолына “осылай да осылай, қаржы жетпей ғажайып кітапты шығара алмай жа-

тырмыз, аздал қол үшын беріңіз” деп келістіріп хат жазып беретін көрінеді гой. Сол хатты сөмкесіне салып алғып, белгілі авторымыз КЭГОК компаниясына аяңдап барады. “Басшыларың кім?” – деп сұрайды. Компанияның президенті іссапарға кетіп қалыпты, ал, Дүкен бірінші орынбасарының есігіне таман жағалап келеді. Есік үстінде “Дүкенбаев” деген жазу. “Е, өзіммен аттас кісі екен гой, жолығып шығайын, шапанымды шешіп алыш қалмас”, – деп Дүкен рұхсағ сұрап, дәкейдің кабинетіне жайлап басып енеді. Сөлемдеседі, аты-жөнін айтып танысады. Әлгі дәкей кісі шуактанып жымып күлетін көрінеді.

– Сізді сыртыныздан білемін, бір көрсем деп жүр едім.

– Ендеше жол түсіп алдыңа келіп қалдым. Кітап жазба-сақ отыра алмаймыз, жазсақ, өстіп әрқылы кіслерді маза-лаймыз.

– Е, мазаладым деп қиналмаңыз. Сізді бір көрсем, сұра-сам деп жүрген жәйтім бар еді. Әдебиетті жақсы көремін, оқып жүремін. Есіміңізді неге “Дүкенбай” деп қойған әке-шешеніз?

– О, оның өзінше тарихы бар. Баспа директорының жазып берген хаты мінекей, қаржы табылса қарғайдай жақсы кітап жарық көргелі түр, інім.

– Ол жағын шешеміз, қиналмаңыз... мазаланбаңыз... асықпаңыз... Шай алыңыз. Есіміңіз жайлы бір ауыз айтып берсөніз.

– Айтайын: онтүстікте, Қаратая үстінде көрік басып, темір соғатын ұстахананы “түкен” дейді, ұстаны “түкенші” дейді. Соғыс жылдарында темірден түйме түйетін Ақәділ атты ғажайып түкенші болыпты, әлгі кісінің аруағы аспандап, киесі бар, өзі жоқта да ұстаханасында көрік басылып, балға соғылып жатады екен дейді. Сол кісі мені толға-тар түнінде анамның түсіне еніп: “Келін, перзентің тұрақ-тамай жыртық көңіл болып жүрсің, көсеу сыйладым”, – деп үлкен бір бүйім әкеліп қолына ұстатасты. Дүниеге мен келіппін. Ырымшыл, діндар ата-анам: “Осы баланың есімін қарапайым ғана “Түкенбай қоялық”, – деп үйгарым жасайды. Ауыл ақсақалдары әлгі Ақәділ ұстаның кепиет-қасиетіне бас игені шығар. Өсе келе, үшінші сыныпқа дейін гой, есіміmdі “Т” өрпімен жазып жүрдім де, кейінше, жа-лып еміле заңын сақтап “Д” өрпіне көшірдім, тоқетері: “Әдеби-

тілдегі жалпақ қазақ қолданысындағы “Дүкенбай” есімін иеленіп шыға келдім. Барша тарихым осындай.

— Апымрай, менің әкем де әйгілі темірші, ұста болған кісі еді, - дейді Кенжемұрат, – сонда бұрынғы қазақ “дүкен” деп тек қана ұстахананы айтатын болғаны-ау, қазір “дүкен” сөзі орысқа арабтан ауысқан “магазин” сөзінің ба-ламасын, магынасын арқалап шыға келді.

— Кітап шығару қыын боп кетті, баспада қаржы сарқыл-ған, - деп Дүкең баяғы өз әніне басады.

— Ол жағына қам жемеңіз... шешеміз... Отырар, Түркістан тарихын қандай дәйектемеден алып жазып жүрсіз? – деп Кенжемұрат сауал қойып, әңгімені басқа арнаға аударады.

Дүкең хикаясын айтып-айтып келіп, сөзін демеушілік қаржыға әкеліп тіреп береді.

Аяғында екеуі шүйіркелесіп, түсініскең сыңайлы. Дос болып кетті. Үйлеріміздің қызықшылығын да бірге бөлісеміз. Ол кісінің әйелінің есімі де Сөуле екен. Адамгершілігі зор, барға мастанбайтын, отбасының берекесі болып отырған Сәкен қазактың қай келіншегіне болсын үлгі-өнеге. Олардың Дағырбай деген ұлы, Дариға деген қызы бар. Дариға Кенжемұратқызы жастардың Мемлекеттік “Да-рын сыйлығының” лауреаты. Таңғажайып өнші. Домбыра-мен халық өндерін шырқағанда, сүйсінбейтін адам кемде-кем. Қыз баласының өнші болып шығуына анасының сіңғрен еңбегі үшан-теңіз. Біттейінен қолына домбырасын ұстатьп апармаган ұстазы, көрсетпеген өнер ордасы жоқ. Халқымыздың ардақты өншілері Рақым және Ажар Тәжібаевтардың шеберлік мектебінен еткен Дариганың негізінде анасы Сөуле өнді сүйген, өзі де өсемқоңыр даусымен жиналған жұрт ор-тасында өн салып жүретін даусы бар.

Ал, Кенжекең үлттық қолөнердің хас шебері. Ағаштан ойып жасаған жиһаздары шетелдіктердің дүкенде тұрған жиһаздарынан асып тұспесе кем болмайды. Ал, тоқыған gobelenдері жатқан тарих. Ол кісі gobelenмен кітап жазады десе де болғандай. Үйінде бір қабырғаны алып тұрған “Өмір ариасы” деп аталатын еңбегі бар, онда туған жерінің табига-ты, өзінің мамандығының қадір-қасиеті, еліміздің тарихы кестеленген. Кенжемұраттың бойындағы өнерге деген құштарлық, өзіндік талант Сөуленің өнгө құштарлығымен ұласып, Дариганың бойына дарын болып құйылғандай.

Кейінгі кезде Дүкен: “Кенжемұрат Алматыға қайыра қызмет аудыстырып, жиі араласа алмай қалдық-ау”, – деп өкінеді. Айтпақшы, кейінгі кезде Кенжемұраттың “Өмір өзегі” деген өзінің энергетик болу тарихы, аралас-құралас болған адамдары туралы қазақша жазылған қалың кітабы шықты “Білім” баспасынан. Сол кітапта Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шахановтан кейін Дүкен туралы жеке тарау жазылған.

Адамдар әрқиылды жолмен табысады, әрқалай тағдыр Жорығында қарулас, сапарлас болады, осы сапарда жүріп оғы мен мінезін үштастыруға құш салады. Адамның күні адаммен. Дүкеннің әр қызырда қызметте жүрген, әр салаңа енбек ететін, әйтсе де жеке басын төрге шығарып қадірлей білетін жора- жолдастары, оқырмандары мол.

Ел көзіне тез ілініп, аты шығып жүрген жазу онерікін жолын қуған, қаламы қуатты Жолтай Әлмашұлы, Нұрлан Оразалин, Сауытбек Абдрахманов, Ергали Сагат, Жарылқап Бейсенбаев, Қуандық Тұменбаев, Нұртөре Жүсіп, Қали Сәрсенбай, Жанболат Аупбаев, Қуаныш Жиенбай секілді інілерінің жазған дүниелерін үзбей оқып, балаша қуанып: “Өзімді өрге сүйреп, жасытпай, қылышша қайрап жүрген осы інілерімнің қуатты сезі, жазғыштығы, айтқыштығы”, – деп ашықтан-ашық мақтаныш сезіммен айтып отырады. Өзгенің жақсы қасиетіне қуана білу, сүйсіну – шабытына шабыт қоса ма деп ойлаймын кейде.

Дүкеннің достары дегенімізде Алматыға келгелі бозбала кезінен үзенгі қағысып өскен, талай бәйгелерге бірге түсіп, бірін-бірі қамшылап келе жатқан Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағаун, Төлен Әбдіков, Оразбек Сәрсенбаев, Марал Ыскакбаев, Мұхтар Шаханов, Әннес Сараев, Төлек Тілеухановтың әрқайсысы туралы бір-бір том кітап жазатын азаматтар. Олардың әрқайсысы қазақ әдебиетіндегі бір-бір тарих, кезеңді оқиға емес пе!

Дүкен бізге “мені қандай күнде де іздейтін қай досым бар дегендे, Астанада – Әбіш Кекілбаев, Қызылордада – Сәміт Даңдабаев, Жаңақорғанда – Зинабдин Шермаганбетов есімді достарым бар” – деп отырады ылғи.

Мен осы шаңыракқа түсkenімде, – Дүкен мені бақытты, есіп-өнген әулеттің анасы болсын деп Әбіш ағамның анасы- Айсөule апаны шакырып, батасын алғызды. Сол кез-

ден бастап, Ел Анасы болған Айсөule апамызды жаңа жыл басталғанда үйге шақырып бата алу біздің отбасында дәстүрге айналды.

Айсөule апам менің енем Жәмиладан екі жасы үлкен еді. Енем қолымда тұрған жылдары екі кейуана бір-біріне жиі-жій қонаққа барып, сырласып тұратын. Алам: “Ойбой, Айсөule осындай болмаса Әбіштей ұл тауып бере ме қазаққа”, – деп разы болып отыратын. Екі кейуана да сол әулиеліктерінен болар, жүзге жетіп, марқасқа ұлдарының арқасында халқының құрметіне бөлөніп “Ел Анасы” аталып өтті. Менің енем 101 жасқа қараған шағында, 2004 жылы 11 желтоқсанда дүниеден озды.

Әбіш аға мен жары Клараның отбасы мен үшін берекелі, бірлікті, нағыз үлтқа үлгі болатын отбасының символы сияқты. Әбіш аға – мемлекет қайраткерлігі, жазушылығы, атқарған сан қылыштың қызыметін айтпағанның өзінде “перзент, жар, әке” деген қасиетті ұғымдарға этолон болатын нағыз қазақ. Балаларының атының өзі – Әulet, Зәузет, Сәulet, Дәulet деп менің сезіме айқындауыш болғандай. Өзі ең бақытты бала болып, пайғамбар жасына жеткенше анасының баурында жүрді “мамалап”. Айсөule апамыз ұлын “Ақ, патшам” деп көтермелеп отыратын. Дүниеден өтіп бара жатқанда да ең соңғы сөзі: “Әбішті ренжітпендер!” – болыпты қайран ананың.

Жиырма төрт жасында жесір қалып, жалғыз ұлының тілеуін тілеп, сонау Манқыстаудан Алматыға көшіп келіп, өмірінің соңында Астанада тұрған асыл анасының үмітін ақтап, өзі гана ардақтамай қалың қазағының анасына айналдырған Әбіштей ұлдан айналмаймыз ба. Перзент болса, осындай болсын!

Әбіш ағага жар болған біздің Клара ханым қандай! Өзіне гана жарасатын асқақтығы бар. Енесімен қырық жылдан артық бірге тұрған қазақ элитасындағы жалғыз өйел осы Клара шығар. Әбіштей ұл туған, құллі қазақ иліп тәууеткен ананың бабын тауып, баласын бағып, немерелерінің ортасында отыр. Бүгінде Әбіш ағага ғашық емес өйел заты жоқ шығар. Ал, ол кісі Клараға әдемі өзілдеп, еркелетіп, әрбір қылышына сүйсіне қарап отырады. Марал аға айтатын: “Әбіш екеуіміз бірге істеп жүргенде кабиетіне барсам, бір тізімді оқып отыр екен, бір уақытта: “Аты қандай әдемі еді!” – деп таң-тама-

ша болды. Мен шынында елде жоқ бір есім екен деп “кім екен?” – деп қалдым. Сонда Әбішім: “Клара!” деп мәз болады. “Әйелін мұдай жақсы көрер ме, жұмыста да ойлап отырады”, – деп өзілдейтін еді.

Әбіш аға КазГУ-ге алыс Маңғыстаудан келіп түсіпті. Анасы баласы оқуын бітірген соң, ұлымның көжесін істеп берсем де жанында болайын деп, қазанын көтеріп елден көшіп келіпті. Содан үлтүміздың тарихын жасаған алпысынши жылғы ардактыларымыздың бәріне ана болып, асын тосып, мейірін төгіп жүріпті. Апамыздың “студенттік дастар-қанына” Дүкен де анда-санда ортақтасып қалады екен. Сол жайсандар мен қасқалардың бәрі ерте үйленіп кетіп, Әбіш аға оқуын бітіргенше жүріпті. Содан елге барғанда, Ақтөбедегі медицина институтын жаңа гана бітіріп келіп отырған Клараны қөреді. Анасының ұзак жылғы арманы орындалып шашы ұзын, дөңгелек жүзді өппак қызға үйленеді. Оған арнал жазған “Күс қанаты” деген повесін қызыға оқығанбыз.

Мен Клараны әлі көрмегендеге, Дүкеннен сұраймын ғой, “қандай?” деп.

Сонда Дүкен: “Клара деген шашы тобығына түсетін, төрт бала тапса да өзі әлі талшыбықтай, көзі мойылдай, ақылы көп, үлкен-кішіні сыйлай білетін әйел, әлі достасып кетесін”, – деп мактайдын. Көргеніше асығып жүрдім. Менің Дүкеңе жақсы жар болып кетуіме Клараны үлгі тұтуым көп септігін тигізді.

1992 жылды Дүкен елуге келгенде – Қызылорда облысының ел басшылары құрметтеп еліне шақырды. Сонда Әбіш аға мен Клара бірге барып, қуанышымызға ортақтасты. Сол сапарда жүргенімізде Шиелі ауданында бір колхоз бастығының үйінде отырғанымызды радиодан Әбіш ағаға “Халық жазушысы” деген атақ берілгенін хабарлады. Қуанып, бір-бірімізден сүйінші сұрап жатырмыз. Клара мойнындағы қымбат алқасын үй иесі әйелінің мойнына сүйіншіге салды. Отырған жүргіттың бәрі риза болып қауқылдасып жатты, сонда Клараның адамды қуантуга үмтүллатыны, көпті көргені өзіме мол-мол сабак болды. Алғаш көрген күннен бастап Клара маған “ананы былай жаса” демесе де, жүрген-тұрганымен үлгі болып, үнсіз тәрбиелеп жүрді. Үй ішінің үндемес педагогі секілденді.

2001 жылы қарашада Айсөule апамыз дүниеден өтті. Мен осы хабарды естіген алғашқы күннен Әбіш ағаның үйінде болдым. Алғашқы түні көптеген жақындарымен апамыздың сүйегін құзетіп, қонып шықтым. Таңтерең ояңғанда Әбіш аға: “Мамасыз бірінші таң атты!” – деді. Біз ұлылап жүрген адамның аузынан перзенттің сөзін есту қандай ауыр. Ағайын-туыс, дос-жаранымен Айсөule апамыздың мәйтін арулап үшаққа салып, Ақтауга алып кетерде, Әбіш аға мен Клара қарашаңырағын, балаларын өзіме сеніп қалдырды.

Бұл күндер өзім үшін өмірдегі ең бір жауапты кезең болды. Көп нәрсені көкірегіме түйдім. Сонда Клараның өзі де өүлетінің үлкен анасы болып қалғанын көрдім.

Үш жылдан соң, 2004 жылы желтоқсанда менің енем де жүзден асып, өмірден өтті. Мен Кларадан көрген-білгенімді жасап, өүлетіме жолбасшы болдым. Айта берсем Әбіш досының отбасымызға көрсеткен үлгісі, созған достық қолы шекіз гой.

“Достық негізі еріктің, талғамның, пікірдің толық үндесуінен туады”, – деген Цицеронның сөзімен айтсақ: Дүкенің талғамы, пікірі үйлескен досы – Қызылордадағы Сәмит Даңдабаев.

Дүкен мен Сәкен екеуі дос болғалы отыз жылдан асты. Мен ол достыққа ортақтасқалы да жиырма жылдай болды. Қазакта “келіннің бетін кім ашса – сол ыстық” деген бар. Біз қосылған соң, көктем шыға Дүкен мені еліне алып барып ағайын-туысына таныстырмақшы болды. Ол кезде ауданның басшысын – “бірінші хатшы” деп атایтын. Дүкенің тұган ауданы – Жаңақорғанның бірінші хатшысы – Сәмит Даңдабаев еді. Бізді пойыздан Сәкен бастап, бір топ адам күтіп алды. Ішінде халқының ардақты сазгері Бексұлтан Байкенжеев, ақын Адыrbек Солыбеков, аудандық газеттің бас редакторы Айдархан Бибасаров, орынбасары Файзолла Сахиев, тағы басқа да ағайын-туыстар бар, бөрі гүл үстап, пойызға әйелдерімен шығыпты.

Әрине қай-қай оқиғаны дуылдасып жүріп өз уақтысында қадірін аз сезесің. Жыл ұзаган сайын сол оқиғалар есімде түссе – жүргім езіле соғады.

Мен сол жолы Сәміттің әйелі Айгул, Адыrbектің әйелі Шәрипа, Бексұлтанның әйелі Ақшәрбәнмен,abyсындарым Арасат ағаның жары, Әбутәліптің Сарасымен, Сәпеннің

Ырысқұлімен, Есентайдың Аманкүлімен, Әмірдің Фатима-сымен танысқанмын. Содан бері бұл келіншектермен дос-тық-тұстық қатынасымыз үзілмей келеді. Жаз шыға жұмы-стан еңбек демалысымды алғаннан кейін соларды көрейін, өңгімелесейін деп сағынып, Жаңақорғанға асығамын, олар да мені ас та төк дастарқанын жайып, жарқылдай жадырап қарсы алады.

Бір өкініштісі, Сара абысыным оргамыздан ерте үзіліп, қанша жыл болды Әбутөліп қайным жалғыз аққудай бо-лып өлі жүр. Сарадай асылдың орын ешкім толтыра алмай жүрген шығар. Сара десе Сара еді-ау! Артында қалған ұл-қыздарын қанаттыға қақтырмай өсіріп, орын-орнына қон-дырып отырган Әбекене раҳмет, енді сол құлыштарының кызығын өзі үшін де, Сарасы үшін де көрсін деп тілейміз кекесі екеуіміз.

Әмірі ешкімге сәлем салып көрмеген өз басым Дүкен шыққан руынын басы болып жүрген Арасат Файзулаев қайнағама сол алғашқы күннен бастап сәлем салатын болдым. Ұзақ жылдар ауданында оқу бөлімін басқарған, Қызылорда елінің мактандырылған болған, жүзденген шәкірттер тәрбие-леген, ардақты ағамыз да әмірден озып үлгерді. Елге барған сайын құрметпен есімізге алып отырамыз.

Жаңақорғанда алғаш аттаған босагам — ақын Адырбек Сопыбековтың үйі болды. Ол кісінің сезіне жазылған саз-гер Бексұлтан Байкенжеевтің “Ақ Баян”, “Ақ гүлім”, “Ақ Шолпан”, “Женешем” деген әндерін халық сүйіп шырқап жүрген кез. Әлгі әндері арналған әппак келіншектерін де осы үйден көрдім. Өзім Жаңақорған топырағына келін бол түскен сол бір жеті күн өн мен жырдың апталығы болған-дай еді, бізben бірге ауданында өнер жұлдыздары Сауран мен Жақсыгүл, басқа да әнші-жыршылар ілесіп жүрді. Сол жолы Дүкеннің досы — Сәмит еліндегі үлгі мен өнегенің бәрін бізге көрсетіп қалуға тырысты.

Дүкеннің досы — Сәмит Даудабаев Қызылорда облы-сынағана емес, күллі республикаға қадірлі азамат. Өз өніріндегі аудандардың бәріне дерлік басшы болып, талай ауданды қатарға қосып, озаттар биігіне шығарып, сол жүрттың сибектеген баласынан еңкейген қариясына дейін танитын ерекше қасиетті адам. Ол кісіден үйренетін жақсы істер, алатын өнеге көп - көре білгенге. Біздің шаңыраққа

Далдабаевтар отбасы өмір бойы үлгі болып келеді. Біздер Далдабаевтардың жүріс-тұрысын, өмірін әрдайым мақтанып тұтамыз.

Сәкеңнің де өмірі Дүкене үқсас. Жасы қырыққа жетпей, алты баланың өкесі болғанда өйелі қайтыс болады. Ол кезде Сәкен Сырдария ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы екен. Содан көрші ауданың атқару комитетінде орынбасар болыш жүрген Айгүл деген өзі ақылды, өзі сұлу қызға көзі түседі. Біраздан қызмет бабында Айгүлдің жүріс-тұрысын, байыпты-байсалды мінезін байқап жүрген Сәкен “менің балаларыма ана орнына ана болуға осы қыз лайықты” деп ойлап, қоңілін білдіреді. Еліне ардақты азаттың басына қызындық түскенде Айгүлдей ақылды қыз оның жан-дүниесін, алты баланың тағдырын сеніп тапсырып отырғанын түсініп жар болуға келіседі. Айгүлдің сол балаларды қалай жеткізгенін, Сәкеңнің абырайына абырай қосқанын Қызылорда өнірінің халқы алғыспен айттып отырады. Сәкен мен Айгүлдің ортасында алдындағы бауырларының соңынан Мадяр, Мәжит, Гүлмира деген балалар ілесті.

Мені өзімнің шаңырағына түскенде сол Айгүлдей болын деп Дүкен ырымдаған шығар, алдымен Айгүлдің босағасын көрсетті достарының ішінен. Дүкен: “Әйел деген қашанда жетім балаға қамқор, ереккек сүйеу, ел-жүртyna абырай”, – деп Айгүл туралы айтқанда аузының сұы құрып отырады. Мен сол Айекене үқсағым келіп, көрген сайын бір қасиетін тани бердім, ол кезде бар мақсатым Дүкене жақсы жар болу еді.

Енді осы жерде өзім біletін, өнеге алған біраз қазақтың жақсы өйелдері жайында да айта кеткім келеді, себебі адам баласы қашанда үйренүмен өседі ғой. Менен бүгін үйренгісі келіп, өнеге алатын жастар болса, менің өткен мектебімнен хабардар болсын деп ойлаймын.

60-шы жылдардың басында Дүкен туралы бір орыс сыншысы “молодой человек со старческим мышлением” деп жазыпты, дәп айтылған сөз деп ойлаймын. Орыс демекші, шыгармаларының дені орыс тіліне аударылған. Оңтүстікте Ю.В.Кунгурцев, Астанада В.Р.Гундарев деген әрі аудармашы, әрі өріптес достары бар. “Осы екеуі менің қос қанатым”, – деп отырады. Қандай да жаңа шығармасы дүниеге келсе-ақ өлгі екеуі кезекпе-кезек орысшаға аударысып, ма-

қала жазып, қалың оқырманға насиҳаттап жататыны осы азаматтардың бірін-бірі қатты сыйлағанынан, түсінгенінен болар деп білемін.

“Молодой человек со старческим мышлением” демекші, менің Мәриям жеңешем (Шерхан ағамның бұрынғы жұбайы) маган бір күні:

— Ой, Сәуле мен саған Дүкештің қыздармен қалай танысатының айтып берейін, — деді.

Женгеміз ол кезде Ұлттық кітапханада жұмыс істейтін.

Дүкеш ол кезде өппақ маңдайы жарқырап, кітабы жыл сайын шығып жүрген кезі, біздің орталық кітапханада күнде келіп жұмыс істейтін. Мен сонда қызметтемін, — дейді Мәриям. Бір күні мұрағаттан шығып, холлда демалып жүрсе бір әдемі келіншек жаңында тұrsa керек. Дүкең өзінің “кәтта жазушы” екенін айтып, танысқысы келіп: “Мен, “Жібек жолын” т.б. кітаптарды жазған Дүкенбай Досжанов деген ағаң боламын!” - деп қолын ұсынса, әлгі келіншек шошып кетіп:

— Сіз өлі тірі ме едіңіз, мен сізді баяғыда мектепте жүргендеге оқып едім! — депті, — Содан бері аспирант болдым... Кандидаттық қорғадым... енді докторлық диссертация жазып жүрмін. Қашама уақыт өтті арада!

Содан үялғаннан Дүкеш кітапханада қызы- келіншекпен танысқанды қойыпты, — деп көзінен жасы акқанша күлетін. Менің құлағыма бірдене тисе болды гой, түрлендіріп жіберіп, күнде мазақтаймын.

Мәриям жеңешемді аузыма алып тұрып, оның Дүкенді, мені, балаларымды қалай сыйлағанын айтпай кетуге болмас. Дүкең Мемлекеттік сыйлыққа бәйтеге қосылса болды, бірінші тілеуқоры болып, маган жазушының жары болуды қыры мен сырын үйретуден жалықлаған, асыл жеңешем, осы жолдарды жазып отырып сізді еске алып, көзіме жас келеді. Ал-даспандай кесіп түсіп сөз айтатын ағамның асыл жары болған айналайын, жеңешем — Мәриям Төлепбергенқызы, жатқан жерің жарық болып, иманың жолдас болсын! Мен егер Дүкене жақсы жар бола білсем, ол сіздің өзіме берген ақылыңыздың, көрсеткен жолыңыздың, үлгіңіздің, пейіліңіздің арқасы шыгар. Ең сонғы бой жасап жатқан күні көргенімде:

— Сәуле, мен сені қызыымдай жақсы көріп кеттім гой! — деп біраз өңгімелер айтып едіңіз. Өзінің бойындағы асыл

сезімді, адамға деген үлкен жүректің ықыласын жасырмай актара білу, жан-жағындағыларды алыс-жақын деп бөле-жармай көмектесу, асылдың қадірін білу сіздің ғана қолыңыздан келуші еді, асыл жеңешем.

Шіркін, ақын-жазушылардың жарлары туралы жеке-жеке кітап жазса ғой, халқымыздың ардақты үлдарының жан серіктепі, олар туралы қандай-қандай айтылмай жүрген, жазылмай жатқан асыл қазынадай сырлары әйгілі болар еді жұртқа. Жарлары арқылы біз азаматтарымызды бұрынғыдан да терең біле түсер едік.

Мен Дүкене тұрмысқа шыққан жылды орталық Арасанда жуынып жүріп, ойда-жоқта бір апамен таныстым. Кім екенін басында білмедім. Иықты келген, денелі әдемі өйел.

— Қызыым, бері кел, жотамды езіп жібер, — деді.

Шамам келгенше қызмет жасадым. — Күйеуің бар ма? — деді. Сөзі өмірлі екен. — Қайда істейді?

— Жазушы...

— Кім деген?

— Дүкенбай Досжанов.

— Ол баланы танимын.

— Енең бар ма?

— Бар.

— Қолында тұра ма?

— Иә...

— Би ме енең.

— Би ғой, - деймін күліп.

— Би болмағанда, Досжановтай үл туган өйел. Мен Сырбай ағаңының бейбішесі боламын, — деп өзін “Күлжамалмын” деп таныстырды. Екеуіміз біраз, әңгімелестік. “Е, жазушы дегеннің өйелі осындай, шешелері би болады екен ғой” деп ойладым.

Содан кейін жазушылардың жарлары мен аналарына құрметім бұрынғыдан да арта түсті. Жазушылардың ішінде мен білетін екі ана бар еді. Біреуін өмірі көрген емеспін. “Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды”, — деп анасына тірісінде алтын ескерткіш қойған ақын Қайрат Жұмағалиевтің анасы, ел ішінде “Қайраттың апасы” аталған болса; екіншісі — өзім Дүкеннің шаңырағын аттағанда ақ батасын алған, саусағыма қолындағы “адай сақинасын” салған “Әбіштің шешесі” аталған Айсөule деген кісі. Басы-

на өмірі ақ күндік орап, әппақ кейлек пен өдемі қамзол киіп жүретін аpanы өз басым аналардың анасындаі көретінмін. Әбіш агадай үл туған ана тегін адам болmas. Ол би емес, патша шығар деп ойлаймын өлі де. Айсөуле аpanың отырысы, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, адаммен қарым-қатынасы бір мен ғана емес, ол кісіні алғаш көрген қай-қай кісіге көрсетіп: “Міне, мынау қазақтың анасы”, – дегізетіндей еді ғой. Сол анаға келін, ол анадан туған қазақтың мандайындағы асыл азаматқа жар болып отырган біздің Клара қандай!

Жақсы жар, асыл ана, кадірлі келін қалай болу керек десе мен Клара мен Марал Ысқақбай ағаның жары – Аңсаны “осы кісі” деп көрсетер едім. Аңсаға деген Дүкеннің құрметті тіпті ерекше. “Таразы” деген романының бас кейіпкері “Аңса” деп аталады. Біреудің мен сияқты ұлы да, қызы да болып өскен жалғыз перзенті Аңса – Марал ағаның әке-шешесін бағып, бауырларын қолында өсіріпті. Марал аға болса Аңсаның анасын өз анасындаі етіп о дүниеге қолынан жөнелті, тіпті:

– Апам асыл кісі ғой, тұра жұма күні қайтты, – деп іші елжіреп отырганың көзім көріп, “шіркін, Дүкенде менің анамды осылай сыйласа ғой” деп армандаым. Себебі өзім де жалғыз едім. Арманыма жеткізген Аллаға да, анамды сыйлаган Дүкене де раҳмет, дәл Марал ағам сияқты сыйлат, өнеге тұтты.

– Апам, шіркін тағы төрт-бес жыл ортамызда жүргенде ғой, қызығымызды енді көре бастағанда, қараши... – деп енесі кез жұмғанда есіктің алдында ұлы да, күйеу баласы да өзі бол “аһ” үрып тұрғаны кез алдыымда.

Айттым ғой, жазушылардың жарлары үлкен тақырып деп, исі қазақта Мұхтар Магаунді оқымаған кісі кем де кем шығар. Ол кісінің жары – Бақытты өз басым әйелдің падишасы деп білемін. Олжас Сүлейменовтың өзі: “Мұхтарға әуелі “Жұлдыз” журналы, одан соң Бақыты аман болса бітті депті”, – деген құрдастар арасында өзіл айтылады. Рас та шығар. Мұхтар ағам қазақтың алдаспаны секілді. Ал, алдаспанды халқына қайрап, жарқыратып ұсынып отырган Бақыт – сол мінезді, қайсар жазушының жарқыраған жүлдзызы болып елестейді. Бақытты мен ғана емес, қаламгер атаулының әйелдері үлгі тұтады, б перзентті өсіріп, бір сөзді, асау мінезді азаматтың берекесін келтіріп, ризығын теріп, бас иесі болып отыр. Мұхтар аға аса кірпияз, сыпа,

қарындашының өзін шаң тигізбей үстайтын, әлі күнге сиямен жазатын үстараның жүзіндей, жарылғалы тұрған жаңтараудай кісі екенін білеміз.

Оразбек Сәрсенбаевтың өзінің елу жылдық мерейтойында “өмірімнің шарайнасы” деп әйелін ардақтап өлеңдер циклін жазғаны бекер емес. Шара десе – Шара, шарайна десе – шарайна біздің Шарамыз. Шараның дастанарқаны, қонақ құткені, құда-жекожат, туыс- тұған сыйлағаны біле-білгенге үлкен мектеп. Менің ең алғаш Дүкеннің жазушы достарының арасынан ашқан есігім Шараның есігі. “Келіннің бетін кім ашса – сол ыстық” деген сөз бар, Шара өмір бойы мен үшін аса қадірлі тұлға, сүйіктіabyсын болып қалмақшы. Оразбек ағам әрі Дүкене жиен болып келеді. Шарамыз былтырдан бері ауырып жүр деп естімін, келіні қайтып, көргөз зар болып кеттім.

Жақында ойда жоқта базарда кездесіп қалдым. Кеудем толы сағыныш, құшақтасып жатырмыз...

Сондай сағынып жүретін досымызың жары Орынқұл апай, Көрібай Ахметбековтың әйелі. Орынқұлді ғана “апай” деймін, басқа келіншектерді атымен атаймын. Себебі, Орекен мені қыз кезімнен біледі. Екеуіміз бірге “Жазушы” баспасында қызметтес болдық. Эттең, әншінің окуын оқымаған, әйтпегендеге Халық әртісі болып қалар еді. Ол кісі Дүкендердің ортасының сәнімен де, әнімен де, әзілімен де достарының көңілін тауып, Көрібай ағама талай-талай көремет шығармалар жаздырып, өсіріп- өндіріп отырған ардақты келіншек деп білемін.

Марқұм Көрібай аға арқалы азаматтардың бірі еді ғой, халықтың нағыз еркесі. Ол кісінің қиянқылау баладай “бұзықтау” мінезі Орынқұл апама майдай жағып отыратын. “Ой, біздің Көрібай!” – деп менің жап-жас кезімде әңгіме айтқандағой: “Күйеуін қандай жақсы көреді” деп ойлайтынмын. Сойтсем жазушыларды, жалпы өнер адамдарын алдымен жарлары жақсы көруі керек екен ғой. Сонда барып олардың бағы жанып, жүлдизы жарқырап, мереілдері үстем болады екен.

Мен Дүкенді жақсы көріп, оның азды-көпті бағы жанган болса, алдымен Мариям жеңешеме, Қызылордадағы Сәмиттің, жары Айгүлге, Клара мен Аңсаға, Шара мен Орынқұлге, Бақытқа қарыздармын. Біз шаңырақ көтергеннен тілеуімізді тілеп, “Дүкеш те бізге үқсан бақытты шаңырактың атасы болса екен” деп мені тәрбиеледі, әрқайсы-

сы білгенінше көмектесті, күнде біреуі телефонмен хабарласып ақылдарын айтатын, сыр бөлісетін. Тұсінген кісіге енді ойласам өркайсысы бір-бір өмір мектебі екен гой.

Екеуіміз жұбайлыш өмір бастағалы әлгі кісілердің маган Дүкенді жақындағаны соңдай – оны кішкентай балапандай өркімнен қорғап әлек боламын. Оған ешкім ауыр сөз айтпаса екен, үйде де, түзде де ренжіп қалмаса екен, тамақтың дәмдісін жеп, киімнің тәуірін сол иығына ілсе екен деп күн емес, сағат сайын ойлап мазам кетіп жүреді.

Жазушының жары болу қандай бақыт, әрі қандай азап! Оны әуелі ардақтаған халқы біледі, сондықтан олардың жарларын да құрметтейді.

Жазушы елінің еркесі. Оның өркашан шабыты асыптысып, көңілі шалқып жүре бермейді. Олардың да өзара жазу ауқымына, такырыбына, замана желіне қарай тартыстары, тәжікелесіп, тілге келіп қалулары жиі болып жатады. Соған байланысты баспасөз бетінде, теледидарда бір-бірін сынап, ауыр сөздер айттылып қалады. Оның бәрін досынан дүшпаны көп деп қабылдауға болмайды гой. Әркім өзінің пікірін дұрыс санайды. Соңдай талас пікірлер, сынни көзқарастарға көп үшірайтын жазушының нағыз өзі – Досжанов. Мен осы шаңыраққа келгелі Дүкен қандай сындарга, қандай талқыларға, қандай кедергілерге кездеспеді дейсіз. Кімдер үйге қырсық мінезбен телефон соғып, кімдер мазасын алмады дейсіз!

Өзі де колына алғаш қалам ұстағаннан, әрі тұңғыш тарихи шығармасы “Отырады” бастағаннан сынға үйреніп кеткен бе, маса шаққан құрлы көрмейді, мән беріп жатпайды. Егер сол сын жазғандарды дүшпан, қас деп қабылдасақ, бізге дос болып кім қалар еді. Сол сыншылардың көбімен кейінше үйме-үй араласып кетіп жүрдік. Өз шығармасының құнын дәлелдеу, құресу, жену деген – өнер адамының тағдыры екен. Құресе білу – жазмыши.

Өнер адамы өзінің дарынын халқына дәлелдеп, қабілетін көрсеткенде ел-жұрты оны бағалап отырса –ол қанаттанып, кешегісінен де мықты жазып отырады. Оған берілген атақ, құрметтеген мадақ қағаздары, ордендер мен медальдар қаламгерді биік әрі сұрапыл шындарға жетелеп, жана күшкүат береді. Ең ғанибеті, қанаты талмай шырқау биікке шығаратын қыран құсша шабыт сыйлайды!

ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАФЫ ШЫРҒАЛАҢДАР

Дүкен 8 роман жазып, түпнұсқадан 27 кітаптың авторы болғанда, халқы қадрлел алақанына салғанымен сол кездегі Орталық партия Комитетіндегі ығай мен сығай шенеуніктерден көрмегені кем еді. Ол өрине маган дейінгі өмірінде көрген қыындығын көп айтып шағынбайды, мен өзім бірге тұрып келе жатқан кездердегі кейбір жағдайларды айта кептесем, бұл кітап кілең Досжановтың өзі мен маңайындағы дос-жараның мадақтаған, өмірінің бәрі той мен өн-жырға айналған “мұңсыз, қамсыз” өтірік өмір болып шығар еді. Мен қолым тигенде, отбасыма қатысты оқиғаларды құнделікке түсіріп қоятынам болушы еді, енді содан үзінділер келтірсем бе деймін....

1995 жыл, 30-мамыр.

Қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдық тойын ЮНЕСКО көлемінде атап өткелі республиканың барлық жерінде қарбалас жүріп жатыр. Түріктер, немістер, француздарға делегация аттанатын болып ала-шап-қын. Сол делегацияның Құрамында Францияға баратын болып Дүкен ілініпті. “Мәдениет министрі Талғат Мамашев деген бір түсінігі бар азамат екен ғой, менің “Абай айнасы” деген қалпақтай кітабымды көріп тізімге іліпті”, – деп куанып жүрді. Бір күні шетелдік төлкүжатын, екінші күні жолға берген қаржысын алып келді. Апта аяғында, ертең үшамыз деген күні күпті көnlі су сепкендей басылып оралды:

– Устіңізден жазушыларыңыз арыз әкелді. Сіздің орнызыга Габбас Қабышев баратын болды, бәрін кері откізініз, – депті министр шақырып алып.

– Қабышев Абайды зерттеп, маган үқсанап қалың кітап жазып па еді? – депті Дүкен.

– Ол жазушылар Одағының партия үйімінің секретары – десе керек “түсінігі бар азамат”.

– Ол арызда сонша не жазылыпты министр қорқатын-дай? – деп, шыдамай кетіп сұрап жатырмын отағасынан.

“Әй, шырағым-ай, астымда кресло, тақымымда ат болса олар маган өйттес еді ғой. Менің кітабымды министр оқыма-

ған екен ғой!” - деп қапаланып қалды. Бәйгеге қосқан аты келмей қалғандай біразға дейін тұнеріп жүрді.

1996 ж. 1- шілде.

Жылдағы жазғы демалыстағы өдөтімізбен балаларды ауылымға анама апарып тастаганмын. Соларды көріп қайтуға, әрі Бағдат деген шешемнің жалғызы інісі үйленіп, соның тойын өткізуге Ақтамға кеткенмін. Бір жетіден соң келдім.

Дүкең: “сен жоқта “ЧП” жасадым” деп отыр. Сейтсем, 28- 29 маусым күні Жазушылардың кезекті құрылтайы өтіпті. Жиналыс алдымен опера театрында ашылып, ертесі күні Одақтың үлкен залында жалғасыпты. Ол кезде “Бас-қарма мүшелері” деген құрметті бір тізім болатын, соған 60 жазушыны сайлағанда ішіне Дүкең ілінбелті. “Осыдан бес жыл бұрынғы съезде партия үйымынан сөгіс алды” деген желеумен тағы тізімге енгізбелті. Енді тағы соны сылтау етсе керек. Тізімді Шерхан аға оқыған екен, Дүкең орнынан атып тұрып төралқа отырган сахнага жетіп барып, Шераганың қолындағы дауыс үдеткішті жұлып алышты. Ағамыз оның взгеріп кеткен түріп көріп үндемепті.

— Ау, Қалеке! (Одақтың бірінші хатшысы Найманбаев болған сол кезде), мен кім үшін кітап жазып жүрмін, екі жылда бір кітап шығарып, халқымың жоғын жоқтап жүргенім қайда? Егер көзі тірі, жасы 65-ке толмаған 60 адамның қатарына ілінбесем несіне прозаикпін деп жүрмін, — дейді ашудан қалышылдай тұтігіп. Ортага шығып өлгі сөзді дауыстал айттыпты.

Залдан Зейнолла Қабдолов ағамыз бен Тұманбай Молдагалиев ағамыз қоштау сөз айтады. Қызынып алған жүрт дуылдап сөзге қонақ бермейді. Біразы: “Дүкешті кіргізу керек!” – деп айқайлайды. Оларға біразы қарсы болады. Зал күн күркірегендей дүрліге түседі.

Найманбаев басын шайқап, айналма креслосын бұлғаңдатып жалтарма сөздер айттып, тізімге ілмейді. Содан күйіп кеткен Дүкең президиумға жетіп барып, қолындағы құрылтайдың мандатын Калдарбектің бетіне лақтырып жібереді ғой. Хатшы намыстаннып, қолын ербендейтеді. Сонда Дүкең оның алдында тұрган су құйылған стақанды алып жіберіп қалады. Су хатшының үстіне шашыльп, қырсыққанда ста-

қан бетіне тиіп, шеті сынық екен, Найманбаевтың ернін қанатып кетеді. Зал у- шу болады.

Дүкең айналып президиумнан түсіп, жиналыштан шығып кетеді. Негізі салмақты ол көтерілсе – ештеңеге, ешкімге қарамайды. Досжанов шығып кеткен соң, Найманбаев қайнаған. қазандай көтеріліп: “Қоғамдық орындағы тәртіпсіздігі үшін Досжановты одактан мүшеліктен шығарамыз!” – деп дауысқа салып, істік байыбына бармай, жиналыштың соңында қалған елу-шақты жәркеленші адаммен шешім қабылдамақ болады.

Ол кезде партия тағайындаған хатшыны құрылтай үстінде ұрмак түгілі, өкшесі қисық деп сын жазуға ешкімнің хакысы жоқ еді. Хатшыға стақан лақтырган адамның алатын жазасы ауыр еді, мен соны айтып “енді күніміз не болады?” – деп жылайды деп Дүкең уайымдаса керек. Ой ішінен ой теріп, қиялға беріліп өзінше қағазға үңгіліп отыр.

– Дүке! Ондай дарынсыздар Пастернак пен Мұқағалиды, бір кезде Қасымды да Жазушылар одағынан шығарған. Олар шығарды деп халық акындарын құған жоқ қой. Баганды халқың біледі. Мың құн атан болғанша, бір құн бура болғаның дұрыс болты, – дедім басу айтып.

Дүкең “осының шының ба” дегендегі маған таңырқай қарады да, үндемей үйден шығып кетті.

Ал, орыс тілді газеттер “жазушылар төбелесті” деп рахаттана жазып жатты.

Осы жағдай менің көп нөрсеге көзімді ашты. Дүкеңе қамқорлықтың бұрынғыдан да көп керек екенін, оның ең бірінші сүйеніші, жансерігі өзім екендігін мойындата түсті.

Осы оқиғадан кейін бізге отбасымыз үшін кімнің кім екенін шындалап түсіне бастадық. Партияның қаһары өлі қайтпаган кез, “хатшыны съезд үстінде ұрған тентекпен” жақын жүрге кім өуес болсын, біраз дос санап жүрген кісілер сол екі арада сыр беріп теріс айналды. Сәлемдесуді қойды.

Бақжоға Мұқаев есімді қаламгер бала кезімнен шығармаларын сүйіп оқитын, бірақ жақын сырласып көрмеген ағамыз еді, бір құні редакцияда кездескенде жылы ұшырап:

– Қарындастым, Дүкенбай деген қазақтың көзі тірі классиктерінің бірі. Өзім Дүкенбайға үқсан жазсам ешкімді басымнан асырмайтын едім, кім көрінген сынап жатады, жолын кес-кестеп жатады. Намысым келіп, ол жуас екен

деп жүруші едім. Осы жолғы құрылтайдағы “ерлігін” көзіммен көріп, сүйсіндім. Сөйтпесе өркім бір басынып төбесіне шығып кетпей ме, — дегенде, шын жанашырлар бар еken гой деп шыдамай жылап жіберіпгін.

Осьдан кейін де көп жағдайларда Баққожа ағамның нағызы азамат, әділетті жан еkenін талай көрдім. Екі сейлеп өтірік күлмейтініне, шын дарынның бағасын билетініне разы болып жүрдім. Кездесе қалсам — алдынан кесіп өтпеуге тырысамын. Сыртынан тілеуін тілеп жүремін.

Жығылған үстіне жұдырықтың алғасына біреуі тиіл жүрді сол жылы. “Түркістан” газеті “Ар ұялар іс қылмас, ақылы зерек” — деген тақырыппен Мекемтас Мырзахметовтың бір бет етіп ашық хатын басыпты. Оны мен көрмеппін, көрсем уайым ететінімді сезіп, Дүкен жасырып жүріп, әлгі мақалаға біраз күндер бойына қадалып отырып жауап жазыпты.

Даудың басы: Дүкеңнің 1994 жылы шыққан “Абай айнасы” кітабы еken.

Фалым ағамыз кітапты іске алғысыз етіп сілкілеп, кітапқа біраз сындар айтыпты. Соның бәрін тізіп жатпай екі-үшеуін гана тілге тиек етейін. Профессор ағамыз айтады: “Автор нақтылы архив дерегіне сілтеме жасамай-ак “Толстой өзінің Шәкәрімге жазған хатында” (319-бет) деп төндіре жазады” деп кекетеді. Жазушы жауабына абайтанушы Кайым Мұхаметханұлының “Шәкәрім” атты (“Қазақ әдебиеті”, 1988 жыл 15 сөүір) мақаласынан көлемді сілтеме келтіреді. Мақалада Шәкәрім көзі тірісінде өзінің хатына Толстойдан жауап алғанын егжей-тегжейлі баяндап берген. “Абай айнасының” авторын Сократты неге хакім демей, “фалым” деп алдың, ал, Абайдың “Аристодим” дегенін өзгертіп, Аристотель дегенін енді бар гой, тегі, шектен шыққандық дей келе, профессор төмендегіше сынайды: “Аристодим деген қалай Сократқа шәкірт болады, араларында ғасырга жуық уақыт бар гой”, — дейді.

Дүкен жауабында жазады: “Қателесесіз. Сократтан Аристотель 15 жас қана кіші, ал, “шәкірт” деп жазып отырған менен бұрын Абайдың өзі дейді”. “Хаусты” сіз “алла” сөзінің баламасы дейсіз, менімше “алланың өзі емес, алланы сезіммен қабылдау құлышылығы” дейді кітап авторы. Профессор ағамыз “Жан-дуалистік көне таным түрғысынан көрініс беретін үғым” деп кесіп-пішіп тастайды. Кітап авто-

ры: “жоқ, дуализм - екі бастау деген латын сөзі, ғылымға енгізген Х.Вольфом, ол сіз айтқандай көне таным емес, Абайдың жан, рух дегенін терендей тарқатып, сіз айтқандай бетінен қалқып емес, Абай Декартты оқыған, содан барып ұстаз айтқан жанның қуаты, жанның жарығы, жанның тамагы, толық жан дегендерге арнайы тарау арнадым” деп жазады.

Профессор өсіресе Әуезовтің Абай өлеңдерін талдаған 30 жылдар мақаласындағы діни сарынды объективті түрде аша түспеген тұжырымдарын ұстірт шолып, “бетінен қалқып” дегенге сүмдік шамданған секілді.

Дүкеңнің бұл жауап хаты “Түркістан” газетінің 1995 жылғы 24 мамыр күнгі нөміріне тұтас жарияланды.

Жанашыр оқырмандар жазушының әрі терең, әрі сабырлы жауабына риза болып үйге телефон соғып жатты. “Досжанов неге Абайшыл болып шыға келді, біз тұрганда оған не жорық” дегендей, тақырыпты ен тағып еншілеп алғандай, қызыбалыққа салынып, сын жазған профессорға берген жауабын былай деп тұжырады: “Мениң отыз жыл бұрынғы диплом жұмысымның өзі “Абай және Байрон” еді, оның жазылғанына ұзақ уақыт отті, бұл кітапқа 30 жыл бойына өзіrlenіп келдім. Ұлы ұстаздың жан әлеміне, мінез қырына, қайшылығы мол өмір жолына осы кітабым арқылы бір табан жақыннадым деп ойлаймын”.

Шындығында, “Абай айнасын” шығару үшін Дүкең кімнің алдына барып бетінің арын белбеуге түйіп көмек сұрамады дейсіз.

“Абай айнасы” “Жазушы” баспасынан шығуға тиісті еді, баспа Б.Иманғазинаның қиналып тапқан 24 миллион теңгесін директоры құртып қойып, желге шашып жіберіп, ол кісі сотқа беріп, карызға батып қалыпты. “Содан жыл бойы бір кітап шығара алмаймыз” – деп жерге қарап отыр екен. Осындай қыындықтарды белден басып “Абай айнасын” “Жазушы” баспасынан өзі басқаратын “Қазақстан” баспасына сұратып алыш, қаржы мен қағазды өзгелерден сұрап жүріп, шығарып берген “Қазақстан” баспасының сол кездегі директоры Ерік Хамзаұлы Сыздықовқа мың да бір раҳмет.

Дүкең 1990 жылы “Мұхтар жолы” романын Мемлекеттік сыйлықтың бәйтесіне қосты. Қосқан Семей облыстық газеті мен Қызылорда облыстық газетінің ұжымы көрінеді. Қыр-

күйек айының басында Мемлекеттік сыйлықтың әдебиет секциясындағы сарашылары бас қосып, баспасөз бетіндегі талқылауға қандай жұмыстарды жібереміз деп, сол кездегі Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтың кабинетінде пікір алысып, ашық дауысқа салынты. Дүкен сырттай торуылдал жүрген ғой. Ол кездегі одактың екінші хатшысы, сарашылар алқасының мүшесі Әбіш Кекілбаев жұмыс аяғында ұшырасып қалып: “Сенің романың көп дауыс алып, ашық талқылауға, 2-ші, 3-ші турға жіберілді, кұда қаласа екі ұш күнде фамилияң газеттерге шығып қалады”, – деп қуантады.

Ертесіне Дүкенді одақ басшысы Олжас аға шақырып алыпты: “Келесі жылы 70-ке келейін деп тұрған прозашы ағаңның жолына бөлеу болатын түрің бар сенің, ол ағаң естелік кітабымен түсіп тұр. Бұл – бір. Екінші: сауышылығы шамалы болып жүрген семейлік әдебиетші, сыншы замандасың екі бірдей кітабымен әзупірімдеп қосылған екен, оған да кедергі жасап тұрсың. Ақылымды тыңдасаң, ертеңгі күнгі газет бетіне шығатын тізімнен сенің фамилияңды алып қалсақ дейміз. Келісімінді бер! Қаламың қуатты, жылда кітап жазасың. Келер жолы қайтсем де саған жанқүйер болып, атыңды бәйгеден келтіремін! Сөйт! Қасарыспа!” – депті үгіттегендей болып.

Атағы жер жарған, дуалы ауыз бастығы пәрмен берген соң, Дүкен ойланған келіп “мақұл” депті. “Олжас қарсы болып тұрғанда бәрібір сыйлық ала алмаспын” деп ойлады ішінен...

Мемлекеттік сыйлыққа шығармалар 2 жылда бір ұсынылады. Ал, 1992 жылы Олжекен қызметтөн кетіп, “Нева-да-Семей” қозғалысына бел шеше кірісіп, саясатпен айналысып кетеді. Баяғы сөз, берген уәде желге ұшады сөйтіп. Өлмеген құлға 1994 жыл келеді. Дүкен бұл жолы екінші рет, тәуекел деп “Таразы” романын сыйлыққа ұсынады, ұсынған екі бірдей қалың әдеби журнал “Жұлдыз” бен “Жалын” редакциясы еді.

Адам мінезінің ортаға байланысты майдалап, экологияга ұшырап, тұрақсызданып кетуін тарихи оқигалар ізімен жетелеп альп шыққан қаламтер іштей толғанып: “Осы шығармам қайтсе де бәйгеден келеді”, – деп шынымен дәмеленіп жүрді. Газеттер бірінен соң бірі романды мақтап жазып жатты.

Шығарма талқылаудың бірінші, екінші турынан өтті, өлі есімде, үшінші, ең шешуші тур 17 желтоқсанда болып өтті. Дауыс жабық бюллетені арқылы берілген. Бірінші болып Әнес Сараевтің шығармасы жеткілікті дауыспен алға шығады. Ал, Дүкең мен Әкім Тарази ағаның романынды қатар тізгін қағысып, екеуі де 14 дауыстан алады. Мәреден өту үшін 16 дауыс қажет. Сараышылардың сол кездегі төрағасы Ахметжан Есімов тұрып: “Жолдастар, әдебиетке берілген үш орын бар, екі орын текке өліп барады, ақылымды алсаңдар: екінші болып келген екі жігітті жабық дауысқа қайта салайық, обал болмасын, мүмкін, 16 дауысқа бірі болмаса бірі ілігіп қалар”, – дейді ақыл қосып.

Жазушы ағайындардың басы қашан біріккен. Бірі қызғанып, бірі іштерінен жаулық ойлап дегендей, ырду-дырду болып бастары бірікпей, қолдарын сермелеп залдан шығыпшығып кетеді. Әсіресе, үйімізден талай дәм татқан Сыр елінің аксақалы болғандай, әдебиеттің корифейі саналған Эбдіжөміл ағамызыдың 94 жылды да, 96 жылды да – Дүкеңнің бәйгеден келуіне қарсы болып, қолына алған бюллетендердегі тізbenің ішінен көп халтурщиктерді сызбай, Дүкеңнің фамилиясын гана қолы дірілдемей отырып сыйғанын көрген ақын ағаларымыз жағасын ұстап қайран қалыпты. Дүкең де күйіне сейлеп: “Әй, пейілі жаман, алапес адам екен”, – деп ренжіп жүрді.

Бірді айтып бірге кетемін.

1996 жылды Мемлекеттік сыйлыққа үшінші рет “Құм кітабы” деген жинағымен тұсті. Бұл жинаққа енген көп әңгімелер орыс тіліне аударылып (аударғандар Анатолий Ким мен Герольд Бельгер) Мәскеудің “Молодая гвардия” баспасынан жүз мың тиражбен басылып шыққан. Әсіресе, “Панорама”, “Новое поколение” деген орыс газеттері бір-бір беттерін арнап кітапты келістіре жазды.

Ұсынылған шығармалардың тізімі басылған бір газетті құдайы көршіміз ғалым жігіт желпілдетіп ұстап алышты. Жұмыстан келе жатқан бетім еді. Алдыымды орагандай болып: “Осы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылу деген Дүкеңе әббі болды ғой, тағы кірісіп кетіпті. Әй, қайдам, мына тізімдегі кілең Абайды зерттеген академик марқасқалар тұтіп кіберетін шығар”, – деп кекесін танытып ыржалактап кеп сұлғені. Жаныма мына мінез қатты батты. Ештеме айта алмай қалдым... Үйіме үнсіз еніп кеттім.

Бір күні Дүкен өртөңгісін төсегінен тұрып жатып тұс көргенін айтты. “Қалың топ Әуезов туралы жиын өткізіп жатыр екен. Өзім мінбеке шығып дестелеп сейлеп кетіппін. Әуезовтің шығармашылық қырын айтқан сайын аяғымның астына әлдекім көтерме кран койғандай көтеріліп барамын... көтеріліп барамын... жүрт қайран қалып тыңдайды”, – деді түсіндегі оқиғаны баяндал.

Оны іштей жақсылыққа жорып, тәуба айтып қоямын. Желтоқсан айындағы үшінші турда “Құм кітабы” ең көп - 20 дауыс жинап, мәрекеге бірінші болып келді. Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Мағауин ағалар құтты болсын айтып сол күні-ақ төрімізді жайлап алды. Келесі күні көршілерді дастарханға шақырып, балалардың бас-аяғы жиналышп, тағы тойладық.

Жазушыға мақтау, сыйлық ешқашан азық болмайды, көп болса – қанаттандырады, ел көзіне түсіреді. Әйтпесе, Дүкен Мемлекеттік сыйлық алғаннан өзгеріп кете қойған жоқ, қайта бейнеті бұрынғыдан да қалындаі түсті, жазары көбейді. Әйтпесе, жазушының есімі осыдан он жыл бұрын АҚШтың “Әдебиет және өнер адамдары” атты энциклопедиясына, кейінше келіп Абай энциклопедиясына енген болатын.

Астананың тұсаукесер тойында, елбасының салтанатты дастарқанында президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-пен бірер ауыз тілдесіп қалыпты. Ол кісі: “Тәуелсіздігіміздің тар жол, тайғақ, кешуі туралы роман жаз деп тапсырма берді”, – деп кәдімгідей иығы көтеріліп, Астанадан шабыттанып оралғаны өлі күнге көз алдында. Іштегі отын жасыра алмады әдетінше.

Баяғыда атбегі аталарымыз айтып отыруши еді: жайшылықта төрт аяғы төрт жаққа кетіп, қоңторғай күйде, басы салбырап жүрген тұлпар – бәйгеге түсетін кезде мүлде өзгеріп, билей басып шыға келеді. Делебесі қозып, қанаттаннып кететіні ғажайып енді. Дүкен де сол секілді. Әшейінде жүрттан ерекшеленбей, қарапайым, кеңколтықтау болып жүрелі де – үлкен жиында жақсылар мен жайсандар бас қосқан ортада құрт өзгеріп, құбыла жайнап шыға келеді. Небір аузымен құс ұстаған, жалына қол жуытпайтын дегендей, асаулар мен дұлдулдерге айылын жимай-ақ жанаса жүріп, тілдесіп, пікірлесіп шыға келгенін талай көзім көрді. Аяқ астынан өзі де асауга айналып, биіктеп шығатындаі. Жана-

рының оты жанады. Айтқыш өрі айбынды болып жүрт көзіне түсуге, біразының алдын орауға ұмтылады. Әлгіде ғана иштіндағы жарбиған жабы мінезді сілкіп салып, тұғырлы тұлпар қалыпқа ауысқанын көріп қайран қаламын.

Ал Дүкенің отбасында әпенділеу, анқаулау мінезі жи үшырасады. Қызық үшін соның бірін баяндай кетейін.

Айнұр деген қызымыз дүниеге келгенде, Дүкен қатты қуанып: “Қырқынан шыққанша үйден коп шыға берме, сүтті дүкеннен өзім әкеліп тұрайын”, — деп қамқорлық жасауға көшті. Ертеңгісін ерте тұратын әдеті, жексенбі күні ғой деймін, қолына бидонын алып сүтке кеткен. Әлі жоқ, әлі жоқ. Тағатым таусылып, балконга шығып жол қараймын. Ол кезде қолымда енем бар, анамыз да әрәдік сөз арасында сұрап қояды. Үрпісіп отырып ас үйде шай ішкен болдық, тамағыма ас батпайды. Ұақыт зымырап өтіп баралы. Кішкентайды үлкен кісінің қарауына қалдырдым да, жылдам киініп, көшеге шықтым. Сүт сататын дүкен таяқ тастам жерде, Әуезов қошесінен қып өтсөң болғаны. Көшеден өте беріп, тротуарға, асфальт үстіне төгілген сүтті көріп, зәрем үшып кетті. Жүргегім аузыма тығылып, аяғымды баса алмай тұрған кезде, көше сыйыратын егде әйел қасыма тақады. Қолында біздің үйдің бидоны, жартылай қабысып қалған. “О, құрыған екен ғой, машина қағып!” деген ой арқа-басымды шымырлатып жіберді.

Әлгі кейуана қатты шошынғанымды сезді білем, білегімнен қарманап қалды.

— Қызыым, қорықпа, аман... Байқап тұрмын, мына бидон сенікі болар, — деп қолыма үстата берді.

— Апаратай, ыдыстың иесі қайда, машина қағып кетті ме?

— Қаққан жоқ, қага жаздады. Қызыл жагалылар үстап алып кетті.

“Аман екен ғой” деп ойлап, жүргегім енді орнына түскендей сезілді. Кейуана ұсынған бидонды алып, жылдамдаға жүгіріп үйге келдім. Артынша есік қоңырауы шылдыр етіп, Дүкен кіріп келе жатты. Жанына жетіп барып: “Не болды, жаным-ау, уайымнан қан құскандай болдық қой!” — деп жігі-жапар хал кешіппін. Қамқор өке сол баяғы сабырлы күйі:

— Қайдан білейін, сүтті құйғызып алып қайтып көшеден өте бергем... жазып жүрген шығармамның таппай шар-

шаган өлдебір деталі ойыма сап ете қалды... көз алдымға түк көрінбей... өз ойыммен өзім болып... аяғыма ілесіп кете беріппін. Қызыл светофорға қарсы жүріппін. Зымыраған мәшинелер азан-қазан, жүргізушісі бар ма, қызыл жагалысы бар ма, бәрі қаумалап, дабырлап тәртіп сақтау бөлімінен бір- ақ шығарыпты.

“Ал, шындаң келсем, - дейді Дүкен, – жүріп келе жатқан мәшинені өзім соқтым ба, не болмаса, мәшине жанамалай келіп мені соқты ма, ол жағын біле бермеймін”.

“Ау, ағайындар, мына бас текке ауырып жүрген жок, қиянатшыл адамның ақыры не болатынын, неге ұшырайтынын ойладап келе жатқанмын”, – деп қызыл жагалылардан өзөр құтылдым. Әлгілер өзімді дәү де болса “қияли пендे шығар” деп ойлады білем”.

Осы оқиғадан кейін қамқор әкені сүтке де, нанға да жібермейтін болдым. Содан бері, мінекей, арада талай жылдар етті, Дүкен үтіе ас-аукат әкеліп көрген емес, бәріне өзім жүгіріп үлгеремін, кейін балалар қолғабыс жасайтын халге жетті.

“Көшеден өту” дегеннен шығады, бір жағдай есіме оралады. Бірде, дастарқан басында гой деймін, Дүкеңнің қатарлары қалжың ретінде: “Ақшаның жетеді, неге жеңіл мәшине алмайсыз?” – деп айтып қалды. Әзіл сөзге жазушы шындаң жауап берді.

– Ойдан басым босамайды. Көшеден өткен кезде қардай жүріп мәшинеге соғыла жаздаймын, менен қандай жібі түзу жүргізуші шықсын. Мәшине айдауга қиялға соншалық берілмеген, басы бос, өмірге икем, тіршілікке шапшаң пысық кісілер шыдайтын шығар.

Несіне жасырайын, жұмыстан сөл кешіксе, балкон мен терезенің алдын жол қыламын. Төбесі көрінгеннен жүгіріп алдынан шығамын. Қолынан дипломатын алышп, сырт киімін шешіп, бәйек боламын. Бұл әдет өзіме шешемнен жүққан еді. Әкемнің қарасы көрінгеннен жүгіріп есік алдына шыгатын. Әкем асықпай атынан түседі, тізгінін, қамшысын шешемнің қолына береді. Шешем байғұс атты жетелеп қорасына енгізеді, жүгенін алады, тартпасын босатады, ақыраға шөп салады. Қайыра айналып келіп әкемді төрге шығарады, сырт киімін шешіндіріп қабырғаға іледі, күман мен шылапшын әкеліп қолына су құяды, сұлғі өтперақтады. Астына көрпеше салады. Дастиарқаның дереу жайып жіберіп, қызыл-

күрөң бауырсағын төгіл салып, қаймақ қатқан қою шайды ұсынады. Әкем екі-үш кесе шайын ішіп, асқазанына ел қондырып, әлденді-ау дегенде барып тілге келіп: “Отағасы, шаруаң қалай?.. Тындыра алдың ба?..” – деп жаймен отырып жөн сұрайтын.

Осы күні базбір құрбы келіншектердің күйеуі есіктен кірер-кіrmeste жағасынан алғандай болып: “Ана шаруаны қайттің?.. Мына нәрсені неге ұмыттың?..” – деп жататынын жаңым жаратпайды.

Ер кісі – босағаның пірі, тірегі, оның көнілі жай болмаса – жұз жерден ойбайласаң да шаруаның тетігі табылып, жөнімен бітпейді. Еркекті қанаттандыратын нәрсе – оның қабагына қарап, жайын жасай білу деп ойлаймын.

Жайы болмаған еркек – жұлдызы жанбаған можантопай, көрпілдеген көп көн етіктінің бірі ғана.

Мінез дегеннен шығады. Дүкен көп уақытын я қалың қыртысты кітап оқуға, я дәп сондай кітап жазуға арнайды. Ағайынның алыс-беріс шаруасына көбіне өзім жүремін.

Тұған ағасының Гүлмараш, Ақсөule есімді қыздары қолымызда жүріп өсті, оқыды, жолын жасап құтты жеріне қондырдық. Тұған қарындасы Ләйланың қызы Dana теңін тауып түрмисқа шықты. Солардың құда күту, төсек-орын беру, құда шақыру шаруасының басынан аяғына дейін өзім сабыламын. “Мына жағдайға бас болып баrasың!.. Төсек-орын жабдығына осынша қаржы керек болып тұр”, – деп отағасына айтасың кейде амалсыздан. Сол кезде Дүкен нақа бір айдан түскен адам секілді: “Дәстүрдің де озығы болады, тозығы болады. Қыз бен күйеу бала бірін-бірі үғысып, түсінісп, жұғысып, ертенді күні ошағының отын өрелі жандырып кету жағдайын ойламай; мына қазақ қыз куу, құда шақыру, кешірімге жұру, киіт кигізу деп миды аштып, бірін-бірі 7 мәрте шақырысып сабылады еken. Сол жетеудің түкке қажеті жоқ. Тұptеп келгенде құдалардың түсінісуі үшін қызмет істейміз бе, әлде жастардың келешегі үшін қызмет істейміз бе?! “Сексеул шоғының қызуы” деген повесімде осының бәрін шағып түсіндіріп бергем, соны оқысын”, – деп өзінше жоба сыйып отырганы.

“Ау, қызға дұрыстап жасау беру жағын, құдаға жақсы-лап киіт кигізу жайын ойлап бас қатырып жатсақ, сенің қайдагы-жайдагы повесіңе не жорық?!”

“Енді бір-бірінді жаңа көргендей құда-құдағи болып арақ ішіп, ет жей бергенше, осынша даурығысып жүгіргене “ертеңгі күні жастар қандай үйде тұрады, не күй кешеді?..” деп ойламайсындар ма, түге. Әлгі повесте құдалар кийтке таласып өкпелесіп жатқанда жастар басы бірікпей айрылысып үлгереді”. “Ау, не айтып тұрсың, Дүке! Тезірек қаржы тап, шетелдік жиназ алып жасау-жабдықты қамдаймыз”, – деймін нақа бір шетелдік бизнес иесімен тілдескендей.

“Құдалар жағы кітап оқи ма өзі? Күйеу бала кітапқа қалай қарайды екен?” – деп Дүкен баяғы өз өлшемін көлдеп тартады.

Ұзын ыргас, кикілжің басталады. Араға келіп үлкен балалар араласады. Ақырында айдан түскен адам секілденіп: “Алындар!... ...Келіндер!... ...Кетіндер!.. Жалғыз сұрайтының: Қазақи салттарынды аңы ішекше шұбалтып басымды ауыртып, ойымды бөлмендер, уақытымды жемендер”, – деп мақұлга көшеді.

Қазақтың көдуілгі таусылып бітпейтін салт жоралғысынан құлағын басып қашып құтылғандай болады, көпке дейін түнеріп, қабагы ашылмай, жыны тарқамай жүреді.

Бір күні жұмыстан келсем, қолында жалғыз тарақ жазулы қағазы бар.

– Абай атамыз қазаққа қырсық болып жабысқан біраз мақалды тізіп келтіріп сынға альп еді гой. Үстазға үқсал өзім де бірер мақал-мөтелді өмірге қажетсіз деп таптым, – дейді қуана түсіп. “Ол қандай мақал-мөтел?” – деймін білгім келіп.

– Мен айтсам: “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген мақал барып тұрған сынаржак, өлінің артын шашып жей берелік, қылғыта түселең деген қорқау мінезді қожа-молдалардың шығарып жүргені. Сонда қалай, өлген кісі күндердің күні аян беріп: “Шырактарым-ай, артымда қалып, малды шашып ас бердіңдер, іштіңдер, жедіңдер, тігерге түяқ қалдырмай жолыма шалдындар, разымын!” – дейді ме. Жоқ, мұнын бөрі қорқау қасқырша құдық секілді құлқынын ойлаган мына жүрген өзіміздің шығарып алғанымыз, көлгірсү гана.

Осылайша және екі-үш мақалды ауызға альп, әлгілердің пайдасынан залалы көп деп біраз жосық келтіріп еді, есімнен шығып, ойыма түсіре алмай отырмын.

Адам болған соң кемшілігі, шалт басып қателесуі болмай тұрмайды. Мінез – біреуге бақ, біреуге сор деген тұжырымында алғаш шығарған Дүкен. Өзінің кемшілігін көре білу, өкіну, “әттең-ай” деп опынып жұру – Дүкенің басында да жи үшырасатын құбылыс.

Кемшілік дегеннен шығады. Адам – пайғамбар емес. Я кемшілікті кісі байқамай жібереді, я сол адамды қателік жасауга жағдай, ортасы итермелейді. Жазушының күнделікті өз сезіне жүргінелік: “Көбіне өзіммен-өзім жүргесін бе, я мінездің жұмсақтығын пайдалана ма, сайтан алғыр, әйтеуір аяқ астынан бақталас, бәсекелес жазушылар арасынан жау тауып ала қоямын. Осы жазушы ағайындар түймедей кемшілігімді көрсе-ақ түйедей етіп шулап шыға келуге шебер. Басқаны көрмейді, мені ғана аңдып, бас бағып-бұғып: “Осы қашсан аяғын шалт басар екен” деп отырғандай сезіледі. Қара басыма қарсыластар соншама неге көп, түсінбеймін, тегі қайран қаламын”, – деп кейде қарадай қүйініп кетеді.

Үй шаруасына икемі аз, я қабырғага шеге қағу керек болса, я жарық аяқ астынан өшіп қалса – әуреленіп үста, электрик шакырып жатқанымыз. Бір өүлеттің үйтқысына айналып, сан-сапалақ шаруага мұрындық болып жүрген кісіге бұл да әжептеуір кемшілік шығар.

Тазалықты тым жақсы көреді. Кейде балаларды ұрып, кейіп: “Шашып тастапсындар!” – деп ренжіп арттарынан жинастырып жүреді. Аса кірпияз, үстеліне, қағаздарына шаң жуытпайды. Жазып отырған бір тарақ қағазының шетіне байқаусызда сия, я болмаса өзге нәрсе тиіп кетсе, шәтшәлекей шығып ренжіп, сол бетті таза қағазға қайта көшіріп әуре болып отырғаны.

“Осыны істеу керек” деп бір нәрсені ойна бекітіп алса-ак, бітті, қашсан сол істің үдесіне шыққанша өзін де, маңайындағы бізді де мазалап жеп біtedі. Ұмытып кету, я болмаса “о, бұл нәрсеге әуре қылмандар”, деп орта жолда райынан қайту деген болмайды.

Тағы бір кемшілігі: өз сезімен айтсақ: “ешкімге, қандай етінішпен алдынан келсе де “жоқ!” деп бетін қайтарып тастамайды, көніл жықпас мінезі ылғи да керісінше басына бейнет жамап, онсыз да жетпей жатқан уақытын жырымдан, шаршатып біtedі.

Тұн ішінде қайдың-жайдың үлкен кісілер телефон соғып, естелік жазып едік, соны үстінен қарап жөндесіп жіберсең, бастырып шыгаруға көмектессен”, – деп мазалап жатқаны. Дүкен, “уақыттым жоқ, шаршап жүрмін” демейді, сол шіркіндердің сарғайып, тышқан кемірген қолжазбаларын үйге көтеріп келіп, онсыз да қолжазбага көміліп жатқан үстелінің үстіне тау үйгендей болып үніліп сіресіп отырғаны.

Отбасындағы шаруаға, балалардың тәртібіне, оқу кестесіне, кіріс-шығыс қаржысына аса қатал, әрі үқыпен қарайтын отағасы – сырттағы кездейсоқ кісілердің етіншіне, жұмыстағы адамдардың босбелбеу жүргіс-тұрысына көңілшектікпен ілесіп, ешқандай сын айтпай, “мейілдерің” деп, сарынга еріп кететіні “сол баяғы көңіл жықпас, жұмсақ мінезімнен” деп өкініп отырғаны құпия емес. Талай көзім көрді.

“Өз ойымен өмір сүріп, өзін өзгенің орнына коя білетін адам – жақсы кісі, ал, өзгенің ойымен өмір сүріп, өзін басқаның орнына қоя білмейтін адам – жаман адам” деген Лев Толстойдың сөзін жиі қайталағанды ұнатады. Қандай жағдайда болмасын, өзін өзгенің орнына қойып, бөтен көзben қарауға дағдыланған. Біреулер мәз болып құліп жатқан жәйтке езу тартпайды: “Мұның несі күлкі, осы қолайсыз шаруа өз басыңа түссе қайтер еді”, – деп, керісінше, реніш білдіреді. Жұдеген, қиналған адамды көрсө қол ұшын беріп көмектескің келіп тұрады. “Өз басыңа осындағы қынышылық түссе қайтер едің, сондықтан жығылып жатқанға, сурініп кеткенге құлу –күпірлік”, - дейді. Баяғы соғылық сарынның сәуегейлері секілді.

Мұхтар Магауин өзінің “Мен” деп аталатын кітабында: “әдебиеттегі ғана емес, әдепкі өмірдегі, адамдар арасындағы реніштің көбі түсініспеуден болады. Немесе кесірлі астам-дыхтан” деген ойды көлденен тартады. Дұрыс айтылған пікір. Түсініспеу - кісі мен кісіні ылғи араз етеді, сырттай тон пішіп басқаша ойлауға итермелейді, белгілі бір адам туралы кездейсоқ, теріс айтылған жалғыз ауыз сөз ол кісі туралы пікірінізді 180 градусқа бұрып жібереді, содан өлгі адам туралы ылғи жаман ойда жүресіз.

Дүкенін: “Аяқ астынан жау тауып ала қоямын” деген сөзіне өмірден нақтылай мысал келтіре кетейін.

Ұмытпасам, 90-шы жылдың көктемі болар. Дүкең ол кезде жазушылар одағының проза жөніндегі кеңесшісі болып істейтін. Наурыз айының аяғында гой деймін, үйге біртүрлі сыйнып, еңесең түсіп жүдеп келді. Содан көпке дейін ішін ашпай түйіктанып жүрді.

Ол кезде екі бөлмелі шағын үйде тұрамыз, өрі үлкен шешеміз қолымызыда, әрі жас сәбіміз бар, тар үйде тамаша болып неғыламын деп, отағасы шығармашылық жұмысын Ұлттық кітапхананың тыныш залында жалғастыратын. Тіпті, сол кезеңде “кітапхана бір үйім болып кетті”, — деп қолжазбасын, жазу құралдарын үйге тасымай-ақ, сонда, кітапханашы қыздардың шкафына салып жүре беретін.

Жазушының еңесең езген оқиға былай болыпты.

Әдеби жыл қорытындысын өткізу мерзімі жақындаپ қалады. Дүкең Одақтағы проза жанрына жетекшілік еткен-нен кейін, роман, хикаят, өнгіме жанрларының бас-басына үш бірдей баяндамашы өзірлеу керек екен. Роман жөнінен баяндама жасайтын кісі аяқ астынан айнып кетеді. Орнына алмастыратын адам табу қажет. Одақтың екінші хатшысы, Дүкеңнің баяғыдан бергі бакталасы: “Қалай да баяндамашы табасын”, — деп отағасының өкпесін қыса түседі. Содан Дүкең сыншы Төлеген Тоқбергеновке: “Роман жанрынан баяндама жасап берініз”, — деп жата-жармасады. Төлеген ағамызды өзім көрген емеспін, айтушылар мінезі тік, басы қисайған жағына құламай тынбайтын қысық кісі еді деседі. Төлеген аға келіседі, өйтсе де “Тәулік ішінде жыл көлемінде шыққан барша романдарды қолыма тигізесің”, — деп шарт қояды. Жыл қорытындысы өтетін кезге аптаңай уақыт қалады. Дүкең өзіндегі біраз кітаптарды сыншыға өткізеді, әлі де екі-үш кітап табылмай қалады. Содан ертенгісін жұмысқа келе жатып, үйреншікті мекені — Ұлттық кітапханага соғады. Екінші қабаттағы ашық сөредегі дайын кітаптардың ішінен: “Бірер кітапты, уақытша, абоненттік кітапшага жазбай-ақ бере түр, асығыспын”, — деп кітапханашы Амангельдиева Бекзат есімді келіншектен сұрап алады.

Ол келіншек: “Абоненттік тіркеуден өтпеген соң жасырып алып шығыңыз, есік алдындағы қарауыл әйел сауалдың астына алып мазалайды”, — дейді.

Ауызша келісім бойынша Дүкең өлгі келіншек екі-үш күнге... уақытша... сеніп берген... кітаптарды өз қағаздары-

на қосып жасырып алып бара жатады. “Бәле қайда – бассан аяқ астында” дегеннің кері келіпті. Вахтер әйел қазымырланып, тексеріп, әлті кітаптарды көріп қалып шу шығарады. Дүкен қатты сасады.

Осы мезет маңағы кітап берген келіншек жетіп келіп: “Аға, сөреден тіркеусіз, рұхсатсыз кітап бергенімді естісе бөлім менгерушісі құртады, жұмыстан шығарады, онсыз да басқан ізімді аңдып компромат жинап, құғысы келіп жүрген”, – деп жыларман болады.

Сонда Дүкен баяғы жігіттігі, серілігі есіне түсіп кетіп, басу айтады.

“Қой, қорықпа!.. Барша кінаны өзімнің мойныма ала-мын, мойындаймын...айыппұлын төлеймін”, – деп шыға келеді. Әлті алып бара жатқан бірер кітаптың он еселеп айыппұлын төлейді, кітапхана басшысынан кешірім өтініп, сол жерде қолхат жазып береді. Сөйтсе, жаманшылық тыныш жатқан ба, әлті баяндамаға қажетті кітап авторының бірі – жазушы әріптесі осы айтылған оқиғаны Ұлттық кітапханада істейтін балдызынан (балдызы ізбе-із кітап авторына телефон шалған ғой) есітіп алып, бар шаруасын жинап қойып, кітапханаға жетіп келеді. Дүкен төлеген айыппұлдың квитанциясын ксерокске көшіріп алып, қолхатты көбейткізіп, зор қылмыстың құпиясын ашқандай: “Ә, сені ме, көріп алайын” деген ниетпен, одактың екінші хатшысына “осылай да осылай” деп төгілдіріп салақұлаш арыз жазып апарып береді. Екінші хатшы да, шынын айтса – Дүкенің өмір бойғы үндемес жауы, бақталасы, “Ә, қанды басың бері тарт, қакпа-ныма түстің бе ақыры!” деп алақанына түкіріп жайнап шыға келіпті. Табан астында жиналыс ашып, кітапханадан кітап үрлаган қылып, жазушыға сөгіс жапсырып қоя беріпті.

Болған оқиғаны артынша есітіп, жазушыға жаны ашыған кітапханашы келіншек Амангелдиева Бекзат пен осы шаруага өзінің де себепкер екенін айтып жазған Тоқбергенов ағаның түсініктемесі бар үйімізде, архив құжаттарының ішінде сақтаулы.

Сол түсініктемені алтадан соң барып оқыған бүріннан бақталас екінші хатшы қолын сермелеп, өз-өзінен мойнын ішіне алып мәңкіп: “Болар іс болып кетті, қайтемін”, – деп Дүкенді құр ауыз сөзben семіртіп шығарып салыпты. Әйтсе де жазушының жүрегіне ауыр жара салды сол кісі.

Осы бір қын да қатал күндерді Дүкен өзінің күнделігінде төмендегідей деп жазыпты:

“Халықта “Қырық егіз болып келеді” деген сөз бар. 90-жылы тіршілік арбам қырга тырмысудың орнына ойға құлдырап, орға жыбыла жаздады. Қыншылық қат-қабат көлденендей түсті. Соның бір мысалы төмендегіше.

Күнделік дәлтерден.
Д.Досжан. 1990 жылғы наурыз.

Осы тұста кітапханашы келіншектің қолхатын келтіре кетейін.

Сенім хат

Мен, Амангелдиева Бекзат, үш жылдан бері А.С.Пушкин атындағы орталық көшілік кітапхананың 2-қабатында ашық сөре бөлімінде істеп келемін. ҚазМУ-ді бітіргенмін. Қазақстанға белгілі емші, ақын Амангелдиев Кәдірбек деген кісінің келінімін.

Дүкенбай Досжановты бұрыннан білетінмін. Бірер шығармасын оқығанмын. Мұның үстіне Танаш Дәуренбеков екеуі атамның үйіне келіп жүретін, атамның “Сыпатай батыр” деген кітабын шығарысуга көмектескен.

Досжанов көбіне үшінші қабаттағы ғылыми залда жазу жазады. Кейде ашық кітап сересінен кітап алыш тұрады. Әлі есімде, 1990 жылы 27 наурыз күні ертеңгілік асырып келіп: “Бекзат, жазушылардың жыл қорытындысына баяндамага екі- үш кітап бере түр, баяндамашы сұратып жатыр, аптадан соң алыш келемін”, – деді. “Неге төмендегі абонементтік бөлімнен жаздырып алмайсыз?” – дедім. “Олар шифрын тап деп жарты күнімді алады, сөмкеме салып “кете берейін, өзіңе жазып қой”, – деді, өтініп. Сонымен Қ.Найманбаевтың “От пен ойын” (Жазушы), көзтансыс жазушының (арада көп уақыт етіп кеткеннен кейін өлгі ілікке себелші болған жазушының есімін алмай, “көзтансыс жазушы” деп жібердім) “Жол” (Жалын),Ибрагимовтың “Жазым” (Жалын) кітаптарын ашық сөреден алыш бере қойдым.

Досжанов өлгі кітаптарды алып бара жатып, вахтада ұстаптың қалыпты. Вахтадағы кезекші Валя ашуашаң өйел болатын. Кейіннен білдім, өзіммен бірге істейтін көзтаныс жазушиның балдызы ішкі телефон арқылы өлгі Валяға “Досжанов тіркеусіз кітап алып бара жатыр”, – деп телефон шала қойыпты. Сол жерде Валя сүмдық ашу шығарып, милиция шақыртып, тағы бірер жыртылған кітаптарды өлгі үш авторға қосып: “Құрттың, жырттың”, – деп жазушыға сүмдық пәле төндіріпти.

Кітаптарды менің бергенімді біліп алып, бөлім менгерушісі қызметтік баянқағаз жазып, жұмыстан шығарамыз десті. Жаным қысылған соң, Жазушылар одағында кеңесші болып істейтін Досжановқа телефон соктым: “Өзің өршіткен отты өзің өшір, мені жұмыстан шығарайын деп жатыр”, – дедім. Түске таман Ө.Канахиннің жаназасын тастап, жазушы кітапханага қайтып оралды. Милицияның атына түсініктеме жазды.

“Кітапты тіркеусіз алған өзім, Амангелдиева жазықты емес”, – деп түсініктеме берді. Әлгі үш кітаптың бес есе өсімімен айыппұл төлеп, түсініктемеге тіркеді. Өзі барып кітапхана директоры Роза Аманғалиевадан кешірім сұрады.

Кейінше естідім. Осы оқиғаны балдызынан естіген көзтанның жазушы кітапханага келіп, әлгі түсініктеменің, айыппұл талонының кешірмесін алышты. Апарып Одақ хатшысының алдына қойыпты.

Кітапханашы Амангелдиева Бекзат.
30 наурыз, 1990 жыл.

Сол 1990 жылы наурыздағы кітапханада болған оқыс оқиғадан кейін Дүкең күнделігіне былай деп жазыпты. “Ұлттық кітапханада өзімнен бұрын әлдекім жыртқан, әлдекімдер жоғалтқан кітаптарға өзімді аяқ астынан кінәлі етіп, жыл қорытындысының баяндамашысы Т.Тоқбергенов үшін әкеліп берген үш кітап үшін, асығыс ойлап, шалыс басып істеген бір өрекетіме бола – өзімді әйкәпір атандырганы жаныма сүмдық ауыр тиді. Әсіресе, Одақ хатшысы, маңайындағы жандайшап нөкерлері соншама қаскөй, адам терісін тірідей сыптырып жатса да селт етпейтін сезімсіз деп ойламаған едім. Алланы аузыма алып, Абайша айтайыншы:

“Қара жұрт қарал көріп, сөзге наңбас,
Ант етемін, жалғанын жан таба алмас...
Мені өлтірді-ак, не пайда осыларға?
Менің өмірім оларға қосылар ма?
Ол шалдар қыршын мені қиғанменен,
Өз бойына жапсырып тұшынар ма?”

Күнделік дәптерден,
1990 жыл, 12 сөуір.”

Жазушының кітапханадан рұхсатсыз кітап алғаны туралы оқиғаны өріпте ағайындар сүмдық есек-аяңға айналдырып, гуілдетіп алып кетті. Құдайдың бір пендесі мән-жайын түкпірлеп сұрамады. Түсінгісі келмеді. Нақа халық жауының қылмысын ашқандай айыздары қанып, шоқ-шоқ айтып әңгімелеумен болды. “Тіпті кітапхананың жүзеген кітабын жыртып шығыпты” деушілер табылды. Дүкенің өзі де таң қалып: “Бұрындары тірі жүргенімді көре алмайтын бәсекелес жауларым тап осыншалық көп деп ойламаушы едім... 37 жыл қайта айналып келсе – бірінші мені ұстатьып, атқызып жіберетін жігіттерді түстеп, таныдым”, – деп дүниеден түніліп жүрді. Сол кездегі бықсық әңгімені сап тыыйып қойғызған одактың басшысы Олжас Сүлейменов болды. Дүкен шыдамай кетіп Мәскеуде жатқан Олжекене телефон сокқан гой. Олжекен баяғы бәлеқор, бақталас екінші хатшыға Мәскеуден телефон шалып:

“Замолчите, друзья!.. Досжанов – крепкий писатель, его не надо трогать!” – депті.

“Әр нөрсенің артын ойлай бермейтін аңқаулығым түбіме жеті, өзімнің де тұзым жеңіл” деп Дүкен көпке дейін іштей өкініп, жасып жүрді. Ұлттық кітапхананың директоры Роза Амангалиқызымен сыйлас, сырлас еді, ол қарындасы да “мужіле берменіз!” – деп бір жолыққанда басу айтқан секілді. Есімде қалғаны, мамыр айының аяғында елдегі немере інісі Сарив Сейфолла үйімізге әдейі іздеп келгені еді. Кітапқұмар, ғылыми кешірмесінде айналысатын көзі ашық жігіт мына ағасының сөңіл күйі болмай жүргенін сезді гой деймін. “Жаз шыға үлгі көліңіз, Қаратай ішіне, баяғы атамның (Дүкенің әкесін ұсынай атайдын) бауының астына үй тігіп, бие байладап, қымыз

ішкіземін”, – деп уәдесін алды. Аулына, туған жеріне шақырып кетті.

Дүкен содан кіндік қаны тамған, жалаңаяқ жүгіріп ойнаған, бал дәурен балалығын өткізген Ақүйік өзенінің бойына барып, бір айдай қымыз ішіп тыңайып оралды. Иығынан ауыр салмақ тұсіргендей сезінді өзін. Туган жерінде ас ішіп, аяқ босатып жата бермепті. Балалық бал дәурені тура-лы әңгімелер топтамасын жазыпты. Шетінен жұтып қойғандай дәмді дүниелер. Дәл сол топтаманы жазушының 50 жылдық мерейтойына шашу болсын деп Жарылқасын Нұсқабаев аға “Рауан” баспасынан шығарып берді. Кітаптың аты “Құланшыда қалған із”. Баз бірде, ой үстінде Дүкен жүқалтаңғана сол кітапшаны сыртынан сипап отырып: “Бұл менің халық жауы болып жүргендегі көңіл күйімнің толқынығой”, – деп қоятыны бар.

Осы жерде тағы да Дүкенің күнделіктерінен басынан өткен қыын жағдайларға байланысты жазып қойған естеліктерінен үзінділер келтіре кетуді жөн кердім:

“90-шы жылы абайсызда жіберген кемшілік үшін бәсекелес, бақталас бишкештер шуласып тағы соңыма түсті. Салақұлаш өсек өрбітті. Бұған да мойымас едім”.

Күнделікте осылай жазылған: “Жазушы” баспасынан қол қойылып шыққалы тұрған таңдамалы шығармаларымның екі томдығын кідіртті, он жыл бойына мүше болып келе жатқан басқарма құрамынан шығарылсын деп астыртын әрекет жасады. Құйіп кетеді екенсін. Әңгіменің ақ-қарасын анықтауга ешкімнің құлқы болмады. Өзге барлық шаруасы жетісіп құлпырып тұрғандай партия үйымының өзім сыйлайтын хатшысының “талқылаймыз... қараймыз...” деп бірер ай менің соңымнан дерек жинап, қолына шам алып түскені. Сонда Олжекең тағы да арага килікті.

– Қойындар-әй! Талант – редкость, его надо беречь, он крепкий писатель, – деді.

Сейтсем, алдағы құрылтайға тағынан тайғалы жүрген одак хатшылары өз қылмыстарын жабу үшін жұрт көңілін басқаға аудармақ екен. Кейін белгілі болды. Жүріп жүрген жеті мәшинені өркімге таратып беріпті, жазушылардың демалыс үйін сатып жіберіпті, коммерциялық үйымдарды бүркыратып ашыпты, әдеби қордың есепшотында көк тильн қалдырмапты, алдағы құрылтайда жұрт алдында есеп беруден жалтарыпты.

Қазір айтсан: бәрі ертегі секілді. Қираган көніл орнына келеді ғой. Ауызбен орақ орып, жұртқа қамкор көрініп, үрген қарын болғандар өлі сол қампиган қалпынша қампи-ып жұр; ал, саусағы сүйелденіп кітап жазғандар сол шығармашылық адалдығынан еш жаңылмай кітап жазумен шаршаулы.

Қанаттансын, жігерленсін деді ме, бір күні Олжекең алдына шақырып келтіріп: “Таңдамалы шығармаларының екі томдығы не болды?”— деп сұрады.

Шынымды айтсам: версткасы оқылып, жартылай дайын болып қалған кітаптың аяқ астынан кідіріп қалғанын айттым. “Онда өзім қысқаша алғысөз жазайын, бәлкім, жылжып кетер”, — деді.

Куанып қалдым. Ертесіне баспаға барып жазушылар одағының бірінші хатшысы сұратып жатыр деп редакторым Шоллан Тоқсанбаевадан тасқа теріліп қойған қолжазбаны сұрадым. Тоқсанбаева баспа директоры Найманбаевқа сілтеді. Найманбаевқа барып едім, ол қайыра Тоқсанбаевага сілтеді. Редакторыма барсам: әлгіде көз алдымда бастығы телефон арқылы сөйлесіп “беріңіз” дегендे “жарайды” деп келіскең келіншек нілдей бұзылып отыр. “Олжас деген қара сөзден не сезуші еді!.. Мемлекеттік баспаға қоғамдық ұйымның басшысы билік жүргізе алмайды...” деп, қигаштап басын ала қашады. Әйелмен шарпсысып неғыламын, жеңе алмаспышын деп қайтадан директорға барамын, директор жорта қокиланады: “Әлгіде бер деп айттым ғой”, — дейді сырғытып... екі ортада мұз үстінде сырғанаған допқа үқсап жүре бермейін деп сол жерден Олжекеңе телефон шалдым. Осылай да осылай, “Найманбаев пен Тоқсанбаева талтүсте тонаған кісідей ғып өз қолжазбамды өзіме қайтармай, доп қылып домалатып рәсумады шығарды, Олжеке”. Қысылған кезде Абай айтқан: ары бар, үтты бар үлкенді іздейді екенсін. Арада бір сағат өтті ме, етпелі мә, Олжекең телефон шалыпты, айналма креслода басыбылғандап отырган Найманбаев аяқ астынан өзгеріп, өре турегеліп, ілестьрігеннен ілестьріп редакторға алып келді. Қолжазба версткасын қолыма үстатты. Екі томдықтың көлемі 50 баспатаңқтай тасқа терілген тігіндісін қолтықтап жайлап басып, Жазушылар одағына оралдым.

Олжекең басын шайқап, күліл қарсы алды. “Қалдырып кеткейсін, өзірге уақыттым жоқ”, — деді. Алтадан соң сокқан

едім, екі беттей орысша алғысөз жазып, көмекшісі Суният Бакеновке берілті. “Өзі қазақшалап баспаға өткісін”, – депті. Қазір көрінгеннің екі томдығы рецензиясыз, тексерусіз шығып жатыр, ал, Д.Досжанның қолжазбасына Орталық партия комитетінің сектор менгерушісі Төлен Эбдіков көлдей етіп жылы пікірлі жабық рецензия жазыпты, “енді не қыл деп айып тағады баспағерлер,” – депті... Әлдеқашан шетелдің алты тіліне аударылып оқырман қауымнан бағасын алған “Жібек жолы” романы мен “Қымыз”, “Кекпар” өңгімелерін осынша сілкілеген шенеуніктерге ренжіпті. Ұзамай, 1990 жылы қазанда 2 томдық таңдамалы шығармаларым Олжекенің алғысөзімен көп тараптиммен кітап сөресіне тусты.

Қуанышым тағы да шабыт шақырады. Өмір бейне, қырдан ойга құлдыратып жіберген арба секілді. Кімнің арбасы қашан қирайтынын жаратқан ие біледі. Біреудің арбасы бос салдырағаннан салдырап оза шауып барады, біреудікі зіл батпан ауыр жүктен белтемірі кетіп, әлдеқашан қирап тынған.

Құдайға шүкір, менің арбам тыртысып тіршіліктің ойы мен қырына көп ұрынды, тегіс жол таптай қателескен жері де мол. Жүргі жетерлік. Байқап отырсаныздар, Олжекен менің ауып қалған өмір арбамды түзетісуге, тиесуге көп жәрдемі тиілті; үш бірдей кітабыма аңқылдаған риясyz жүрек тілімен алғысөз жазып берді. Сол кітаптарды қазір ашып көремін де аруақты ақынмен сапарлас қылған тағдыр талайыма, жаратқан иеге тәуба қыламын!

Невада-Семей қозғалысын құрып, туған жердің туын желпілдетіп жүрген ақын шеруіне араласа алмадым. Оның да өзіндік себебі болды. Желтоқсан қырғыны туралы деректі, хроникалық роман жазамын деп архив ақтарып, Үлттық Қауіпсіздік комитетінің құжаттарымен танысып, қаракөлеңке, сыз подвалда екі жылға жуық уақытымды өткердім. Уақыт бейне уыстағы құм секілді. Қатты қысқан сайын тезірек сусиды. Несін айтасың, арқалы ақын депутат болыпты, беделді мінбеде келістіріп сөз сөйлепті деген хабар дүңкілдеп естіліп жатты.

Сабалақ бұлт арылмаған аспан асты дым бүркे түскен көктем кезі болатын. Ағаштар бүр жарып, тіріле бастаған.

Тілдесіп, сөлемдесіп қайтайыншы деп бел будым. Дипломатқа кейінгі кезде шыққан кітаптарымды сықап салып,

тағы бірер төуір шарап, бір буда гүл алыш қазіргі Қонаең пен Бөгенбай батыр көшелерінің қызылысындағы таныс үйгө бет түзедім. Алдындаға ғана көмекшісі: осы қалада, Әйтте де жан баласын қабылдамайды, шаршаулы деген. Сөзінің жаны бар. Өйткені алдындаға Ақмолага барып кеп халық қатынасқан орасан зор митинг өткізгенін радио хабарларынан естігем. Сол митингте сөйлеген сөзін сан саққа жүргіртушілер көбейді. Олжекенің бір әдете: үй телефонының нөмерін ай сайын болмаса да жарты жылға жетпей өзгертіп тұрады, өйтпесе ізіне түсіп індеп звондаушылар, көлеңкеше ілесіп мазалаушылар дамыл таптырмайтын секілді. Бұрынғы жазып алған номерге телефон шалғанмен түк шықпайды, бос ауаны қармағанмен бірдей. Жалғыз төте жол: ат тізгінін турарап үйіне бару.

Тәуекел етіп, зіл дипломатты салақтатып, апақ-сапақта жансыздың мысықтабан жүрісіне салып, төртінші қабаттады таныс есіктің қонырауын басайын.

Ақын зайбы Маргарита Владимировна есік ашты. Бұрын бірер жерде көрсө-дағы танымады ма, антарылып тұрып қалды. Сәлемдесіп, ауыз үйге еніп, жалма-жан торсылдатып аяқ киімінді шеше бастадым. Келіншек шегіншектеп барып, аргы жағында тордағы жолбарыстай ғүр-ғүр етіп сөйлеп отырған Олжекене “к тебе”, – деді, үй иесі әлдекіммен телефон арқылы сөйлесіп жатыр. Зілдей дипломатты жалма-жан ашып, шілдегі кітаптарды, сынғыр, сылдырып етіп құлақ қасыған шөлмектерді шығарып жатырмын. Телефон құлагынан босаған үй иесі мына тұста сұқытау состиып тұрған зайбына өзімді таныстырған сынайы. Саусагымен ауаны сыйзды.

– Это же казахский Бальзак, – деді.

– Қайдағы Бальзак. Бальзак бізден не жесін... Ол жазыштың тырнағына тұрмаймыз... мына бір кітаптарымды бергелі, сағынған соң сәлемдескелі кірем де шығамын деп...

Білген орысшамды дестелеп еңкейіп, дипломатты котарып жатырмын баяғы. Үй иесі түрегеліп кеп төбемнен қарап түр, кітапты алуын алды, әлгі қылқи мойын шөлмектерді көріп рені бұзылып оқшырайды. “Не- на- а- до!” – деді салқындау қоныр дауыспен.

Женсіз тұқышындауды кілт додарып, белімді жаздым. Жан қалтамнан орамал алыш терімді сұрттім. Олжекен он жақ

бөлмеге жapsарлас кабинетіне бастап келіп енді. Орындықты нұсқады. Өзі жұмсақ креслоға қарсыласып жайгасты. Екі томдық кітабымды аударып-тәңкеріп біразырак қарап отырды. Бүйра толқын шашы сиреп, мандаійна ұсақ әжім өрмек сыйып, бет жүзі бұлтишп, әрі толысқан, әрі тоза бастаган секілді. Көптен көрмегесін бе, сөзді неден бастарымды білмей сасулымын.

“Соңғы бес-алты жылда алаңды кезіп, мінбеге өрмелеп уақытты текке өлтіріппін, бұл уақытта Шыңғыс Айтматов оқырманға екі роман берді”, – деді. Ақын үнінде ауыр мұңжатты. Тыстан несер гүрілі естіліп, жаңбыр терезе сабалады. Әткен қызықты, қызулы құндердің бар гажабы несер гүрілімен ілесіп қыр асып бара жатқандай елегзіді. Жыны тарқаған бақсыны көргенің бар ма? Әлгіде ғана екі иырын жұлып жеп, дүниені жын ойнаққа толтырып, асau атша ойнақтап жүрген кісінің орнында суф десен ұшып кетердей мойны қылқыған, жанары бозарған өншейін мұскін мүсөпір отырар. Айдалада... жападан-жалғыз... жынынан, шабытынан айрылып көңілсіз қалған бақсыға үқсайтындей ма, қалай.

— Саясаттан шаршадым, — дейді Олжекен, — саясат сай-кал қатын, өмірлік жолдас бола алмайсың деген Бисмарктің сезі мі?

Иығымды көтеріп білмейтінімді сездірдім.

— Президентке барып саясаттан, алаң кезгеннен мезі болғанымды баян қылсам деймін.

Зайыбы Рита ұсынған ыстық шайды сораптай түсемін.

— Баяғыдай сыр бөліспегеніме реңжіме.

Қанша отырганым есімде жоқ. Оны, мұны айтып әңгіме қозғаганымен кісінің көніл күйі болмағасын ба, сөз төрінде бықсып жаңған қоламтадай еш өршімейді. Тұтіні көзді ашытып, көнілді көншітпейді. Сөздің кілті табылмаган соң әңгіме көнілді аршып жарыта ма. Құр бекерге қиналып тынасың. Біраздасын қоштасып, кетуге бет алдым. Олже-кен түрегеліп қолын ұсынды, жанарын оқыс жұмып, иегін әнтектек екшеп, сыйайған қоштасу мезіретін жасады. Есікке дейін шыгарып салмады.

Тілге тиек болған Мұқағали да, Олжас та бірегей мінез иелері. Тұтамдай қыска тіршілікте қателессін, жаза бассын, біреулерге ұнасын, келесіге ұнамасын — онда тұрган пәлен-

дай қасірет жоқ. Ешкімге ұқсамас тағдыр жолымен жүріп өткендері қызық. Өмір арбамның ұлы шеру жол үстінде салдырылудар келе жатып кешегі Мұқагалиды, бүгінгі Олжас секілді аруақты ақындармен таныс, біліс, сырлас еткеніне мын да бір тәуба, жаратқан ие деп, баз бірде іштей толқып шукіршілік қыламын, бұрылышына, ылдыы мен оріне көп үрындық па, әр кітабым жазылуы қандай қын болса, жарық көрүі де соншама азапты ауыр жолдарды өткерді. Әйтсе де кітап сөресінде шаң басып жатып қалған бірі жоқ”.

Осынау үзік Дүкенің естелік өнгімесінен алынды.

Тағы да қунделігінен мысал

“1991 жылы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі көркем шығарма қолжазбасы жабық рецензияға берілмесін деп жарлық шығарды. Соған қарамай “Жазушы” баспасының директоры 1992 жылы “Таразы” романымды өзіме айтпай, ең ақкөз, ең мойны бұрылмас даукас деген кісіге жабық пікірге берілті. Кітабым теруге кетіп қалған шығар деп қаламақыдан дәмелі болып баспаға барсам, баспа директоры Найманбаев шірепін отыр.

— Қайдагы қаламақы, қолжазбаң бір жылдан бері рецензентте жатыр. Пікір күтіп отырмыз.

— Ау, көркем шығармалар жабық рецензияға берілмесін деген жарлық шықпап па еді!

— Қайдан білейін, ақша керек деп көніл жықпас жазушы келе қалғасын қомақты сенікі бол беріп жіберіп едік.

— Ендеше ол неге жыл бойына үстайды?

— Қайдан білейін, ол неменің алакүйін болып таптырмай кететінін.

— “Таразыдан” екі жыл кейін жоспарға енген Сіздің екі томдығыңыз кітап бол шығып, ел-елге тарап үлгеріпті. Бұған не айтасыз?

— Қайдан білейін, кітабыңың жолы осыншама ауыр боларын!

Жолын қасақана ауырлатып отырған өзі. Көп нәрсені қасақана кері кетіріп істейді де, беттесіп келгенде бұлт етіп, тайқып шыға келді. Құдай берген мінезі сол.

“Қайдан білейін”, “көрерміз” деген сөзбелен төсегіне жатып, сол сөздермен үйқысынан оянады мен білсем. Қазақ-

тың өзге сезін ұмытып қалған. “Қайдан білейінмен” сүйек қатайтқан, журналистен шығып ортақол жазушы болуға ұмтылып жүрген Найманбаевқа өкпем, налам, кегім қара қазандай болып үйге аяңдаймын. Үйге келе жатып ойлаймын: сол “қайдан білейін”, “көрерміз” деген сөздермен тіршілік құрып, сол сөздермен өмір сүріп жүрген желбуаз кісі жалғыз өлгі бауырым болса жаксы ғой. Әй, бір дегені болар деп жүре берер едің. Қазір не көп — желбуаз көп. Мына нарық заманы сырғытпа сез базарына айналды. Да-быр-дұбырдан құлак тұнады. Кебіне құлағымды тарс басып... қайда архив, кайда мұражай болса — соны актарып... төңкеріп жүретінім содан. Аузы-басы жыбырлап өсек айтып, біреуді — біреуге айдал салып жүрмесе ішкен асы бойына сіңбейтін “жазғыштардың” жаңаша тегі өсіп жетілді. “Көрейін”, “Қайдан білейін” деген сөзді рухани азық қылған бастықтардың не қылышы мекемелерде көзін сүзіп сыйылышып өлі отыр. О, тоба!”

Осы ойлар, жогарыдағы аз-кем мысалдар, ұшырасқан кіслердің қалыбы, көрінісі құнделік дәптерлерден алынды.

Сүзіп алынған өсерлі сөздер қайыра редакцияланды, әңгіменің бірыңғай желісіне тұсті. Екі ақын туралы естелік-дүниеге осылайша келді. Бетке туралап ашы айтса да, өмірден жолы болмаса да, бірде атақ-абыройдың биігінен табылып, келесіде қателесіп ылдига құлдырап жүрсе де өзіндік бетін, мінезін, қалыбын жоймаган, заманына жағынамын деп хамелеонга айналмаган ақын мінезді — Мұқагали, Олжаспен замандас қылғанына мың шүкір, тағдыр, деймін іштей. Тіршілікті текке өткізбеген секілдімін, соған мың да бір тәуба деп тамамдаймын сөзімді”.

* * *

“Қазақстан жазушыларының XI съезінде 1996 жылы маусымда сол кездегі жазушылар одағы Басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев мені қасақана қаскөйлікпен, әдейі үйымдастырып Басқарма мүшелігінің тізіміне енгізбей қойғаны”. Құнделік үзінділері осылай дейді.

1980 жылы Жұбан Молдагалиев кезінде Басқарма мүшесі болған, содан кейін Олжас Сүлейменов бірінші хатшылық

еткен үзак жылдарда үнемі Басқарма мүшесі болып келген Дүкенбай Досжан... аяқ астынан... қандай кінесі үшін... Басқарма мүшелігінің тізіміне енбей қалды деген занды сауал туады.

“Ең бастысы: К. Найманбаев тырнақ астынан кір іздең, не болса – соны сылтау ғып, шығармашылық жұмысына кедерігі жасап, әдейі-ақ елемегенсіп, қасақана өсек өрбітіп, өмір бойы жолымды кес-кестеумен болды. Кезіне қолтірсіп алдап жүреді екен. Сол алдауының ең соңғысы: “XI съезде сез беремін, проза туралы сейлесін, дайындал”, – депті. 1996 жылы 30 маусымда өткен сол съезде сөйлеуге өзірленіп-ақ барған гой. Тағы да екі сөйлеп, сез бермейді, оның үстінен Басқарма мүшелігінің тізіміне енгізбей қойыпты. Шыдамның да шегі бар екен, съезд сонында ашу көтеріп кетіп К. Найманбаевқа стақан лақтырганы сол екен гой. Бұл әрекетке мәжбүр еткен Найманбаевтың алдамшы, сынапша сырғыған мінезі болатын. Осы жағдайды өзі былай деп жазып қойыпты.

Күнделік дәптерінен

1996 жыл 7 шілде. Жағдайды орыс тілді газеттер өртше лапылдатты.

“Когда наконец, председательствующему К. Найманбаеву удалось завладеть микрофоном чтобы объявить о закрытии съезда, Д.Досжанов поставил очень своеобразную точку, ударив его в живот этим же микрофоном. Зал обезмолвлен и оглох окончательно”.

Газета “Новое поколение”
5 июля , 1996 год, №26.

“Дүкенбай Досжанов заявил, что без его имени немыслимо представить саму казахскую литературу, подкрепив свое притязание на звание классика ударом микрофона по лицу председательствующего Калдарбека Найманбева, едва успевшего отбить атаку пластиковой бутылкой”.

Газета “Горизонт”,
4 июля 1996 год, № 24

“Талантұқа табыну ма, атаққа зарығу ма?”

деген тағы бір мақала ойда жоқта көлбен ете қалды сол жылдары. Әдеби оппоненттерінің тағы да бас көтеруіне себеп табылған секілді. Сол мақаладан үзінді оқып көрелік.

“Дүкенбай Досжанның Ресейде шығып, Қазақстанда кеңінен тарайтын “Комсомольская правда” газетінде (1998, 223) “О чем говорит Казахстан?” және “Только у нас” деген айдардың қалқасында “Абай предпочитал водку, а Ауэзов обожал женщины” дейтін такырып бойынша сұхбаты жарияланды. Алакайлап, айналасына сүйінші сұрайтыпдай-ақ тосын лебіз.

Кезінде жұрт отырган жеріне абайлап барып сөлемдесетін кайран Абай, сол Абайдың асыл есімі – шын өмірі айқаспен өткен, төңірегі түгел табынған жарықтық Мұхан. Мұхтар Әуезов, осы сұхбат барысында сыпайылап айтсақ, Дүкеннің қалжыны жарасқан құрдастары сияқты болып қалады.

Рас, ол ұлыларды жоққа шығармайды, ол мүмкін де, қажет те емес. “Вы знаете, я - очень честолюбивый человек, в хорошем смысле этого слова. Я обожаю старых мастеров: но хочется и свое сказать” дейтін Дүкеннің “жаналығы” Абай “арқа іштіге” саятын күмәнді деректерге жарапазан айтуға тірелсе, “Ескендірдің мүйізін іздеуден” не пайда?! Д.Досжанның езге зерттеушілерден ерекше санайтын пікіріне сүйенсек, Абайдың 40 жасқа дейін 8-ақ өлең жазуы оның некелі өйелдерінен бөлек 4 гашығына байланысты еken. Сонда уақыты жетпеген бе? Ал, бар өлеңдерінің жоғалуы туралы бұрын да талай айтылған”.

“Қазақ әдебиеті”, 1999 жыл, 22 қантар.
М.Әуезов, Т.Әкімов бастиған бір топ авторлар.

Атышулы мақалага артынша жан айқайы секілді Дүкен отырып жауап жазды. Сол газетке артынша-ақ:

“Ұстазды сынамайды, қастерлейді”

деген жауап мақаласы жарияланды.

“Газет тілшісі қақсан түршіп айтып берген ұстаз өміріне қатысты бірнеше эпизод оқиғаны келтірудің орнына Тұрағұлдың естелігінде айтылған детальды тілге тиек етілгі. “Кез алдында істеген іске кеңдігінің белгісі (әкесі Абайды айтып отыр, Д.Д.) бір жылы Семейде жатқанымызда Кәкітай деген немере ағамыз азырақ сауда қылышы еді. Государственный банкіден кредит алыш, бізді гостиницага шақырып, тойсымақ істеді. Гостиницага барған соң, әрине, гибадатқа бола бармаймыз, ішуге бола баратынымыз белгілі, әкеме ішетінімізді жасырып жүретінбіз. Әкеден рұқсат алыш барған соң, жас адам, көп дудың ішінде артығырақ ішіп алатын, тунде пәтерге келсек, әкем төсеккі жатқан жоқ екен, төсекті салғыза тыскә шыққанда, әлі де болса ішкенімді әкемнен жасырмақшымын”.

Естеліктің өзге тұсынан үзінді. “Сонан соң оның өзімен бірге Бекбай Байыс баласы деген қалаға сауда қылатүғын өзіміздің бір дос адамымыз қонаққа шақырып, жақсы арақтар әкеліп қойған соң, мен ішпейтүғын едім деп қашқансып едім, әкем “жоқ, іш, бірақ ақылыңдан адасып қалмасаң болады” деп, өзі де ішті, маған да ішкізді. Әнияр Молдабай баласы деген государь банкісінің переводчигі, Омарбек Оспан баласы деген уездің переводчигі, мен үшеуіміз екі бөтелке ішкенде, Әнияр жығылып қалды, әкем жеke өзі бір бөтелкені алыш ішті де, қаперіне ешнэрсе алмастан жай отырды” (“Жалын”, 1993, № 6, 47- 48 б. және “Абай” журналы, 1992, № 2, 40- 41 б.)”. Мұнда автор ұстаздың ішкілік ішүіне қадалып отырган жоқ, қайта оның жан әлеміндегі ұлы дүлейді сездіру үшін Байрон, Пушкинмен салыстыра отырып адамшылық мінезіне назар аударып, үлкен фәлсафалық сурет салып отыр.

“Қазақ әдебиеті” газеті,
Дүкенбай Досжан, 1999, 22 қаңтар.

Осы тұста Дүкенбай құнделігінің ішінде жүрген мынау бес беттік мақаланы да келтіре кетуді жөн көрдім.

Мен қалай пен-клубтан арызыымды қайтып алдым

“Алдым” “Жұлдыз” журналы ұсынған анкета келіп түсін кезде жазып жүрген Әуезов туралы ғұмырнамалық үлкен кітаптан бөлініп нем бар, онсыз да үнемі қыска жіптей құрмеуге келмейтін уақытты жырымдай бермейінші деген ой келген”, – деп жазады Дүкен. Әлгі анкетаны жылы жауып қойып, “Алыптың азабын” жалғастыра беруді ойладым да тағы мұдіріп қалдым. Ойландырган нәрсе: “Қазақ ПЕН-клубы қашан құрылды, мүшелікке қандай негізде қабылданады” деген саяул бүйрекімді бұлк еткізді.

Бұлк еткізгені – осы клубқа мүше болуға 1996 жылдың жазында, яғни Қазақстан Жазушылар одағының XII съезі өтер алдында арыз берген едім. Жазушылар съезі мамыр айының аяғында өтті. Алты айдан кейін осы клубтың хатшысы болып істейтін Герольд Бельгерден “клубқа мүше болудан бас тартып” арызыымды қайтарып алдым. Осынау алты алдың ішінде дүние төңкеріліп, заман өзгеріп кеткен жок, өрине. ПЕН-клубтың мүшелері де сол, тәрага құрамы да бәз баяғысынша. Өзгерген өзімнің пигылым болатын.

Төменде сол пигылымның өзгеруіне себепші болған жәйттерді әңгімелеп берейін.

Осынау клубты құруға мұрындық болған ағылшынның атақты жазушысы Джон Голсуорси 1932 жылы Нобельдік сыйлық алған кездегі сезінде “адамгершілік мұраттарға қызмет етуге мұдделес” болып жүрген қаламгерлердің басын біріктіретін клуб құрғанын айтады. Бір жылдан кейін езі өлеidи. Жазушының атақты “Форсайттар туралы сага” деп аталатын трилогиясында ортаныш форсайттың аузына былай деп сөз салады: “Біздің тұқымымызды түздай құртып жүрген тұрмыстың ауырлығы, яки болмаса қалтаның қалындығы, жұқалығы емес, адамгершілік мұддеміздің күннен-күнге түбі босаған шелектей бос қаңғырлап, рухани жағынан жүдеп-жадап бара жатқанымыз”.

Рухани жүдеу. Үрпағым рухани жүдеушілік көрмесін деп қаламгердің қанцама гажайып кейіпкерлері ботадай боздал, бордай тозғаны кітапты оқыған оқырманнның өлі күнге көз алдында.

Осынау ұлы мұратты арқаланған біраз қаламгерлер дүние жүзінің түкпір-түкпірінде клуб құрып, ойларын ортағасалып, үлкенді-кішілі күйіп тұрган мәселелерді шешуге белсene кірісті. Джонекеңнің аруағы риза болардай мұделестікті, санаалықты байқатты. Сол клубтың ықпал етуімен талай тамаша шығармалар жарық дүниеге жария етілді. Эй, бәрекелді-ай, дейтін игілікті істерге мұрындық болды.

Осынау ізгі мұратты бел тұтып клуб құруға белсене атсалысқан Әбдіжәміл Нұрпейісов жаратылысыңда шаршамайтын қажырлы жан. Республика алаңына жақын орналасқан бұрынғы “Жалын” кітап дүкенін, Құлөш Байсейітова көшесінің басындағы “Қымызхана” мекен-жайын солайымен сатып алғып, қайта жабдықтап әрі кеш өтетін, әрі пікір бөлісегін жекеменшік мейрамхана жасатты. Мейрамхананың қабыргасына базбір елеулі мүшелердің аты ойып жазылған қола тақта орнатты, марқұм Оралхан Бекеевтің отбасына қаржылай көмек жасапты. Клубтың төралқа мүшелеріне бір-бір “Сони” теледидарын сыйға тартыпты. “Ылғи қағазын көшіріп, хатын жөнелткеннен басқа түк көрмеймін” деп жазғы бір бас қосуда Бельгер-екен ерін бауырына алып, біраз мәңкіген екен, оған да бір “Сони” бүйірыпты.

Өз басымның жазылмайтын ауруым – кітап жазу. Сол оқу, жазудың әлегімен 1990 жылдан бастап Ұлы бабамыз Абайдың бүған дейін қағаз бетіне түспей келген мінез қырларын, шығармашылығын тірі сөзбен кестелеп “Абай айнасы” атты ғұмырнамалық кітап жаздым. Қаржы тапшылығына байланысты жазылған қолжазбаның шығуы, тегі, қыннадады. Баспа директоры: “Барсаңшы, қарастырсаншы, бізден қайыр болмай тұр”, – деп қамышылай түседі. Содан 92 жылдың жауыны сабалаган қара күзінде ол кезде атагы жер жарып тұрган “Крамдс” корпорациясына бардым, әлгі мекеменің алдына жан жуытпайтын президенті Те мырзага кіруіме, сол мекеменің бес орынбасарының бірі болып істейтін Қанат Бақбергенов комектесті. Бұл баяғы жазушы Бақбергеновтың үлкен ұлы. Кірдім, сөйлестім, бүйімтайымды айттым. “Малборо” темекісін өші кеткендей үсті-үстіне сорып, өз-өзінен әлденеге ызаланып сойлейтін кісі екен: “Казахи обливают меня грязью, а я им помогаю”, – деп біраз өкпесін айтты. Сөзінің соңында: “Кітап басуға

деген барлық қаражатты Нұрпейісовтің билігіне бергенбіз, сол кісі бер десе – береміз, қажеті жоқ десе – коя саламыз, сол кісімен сейлесіңіз”, – деді. Біреуге сілтеген істің өмірі бітпейтінің бастан кешіріп келеміз. “Бұл да бір бітпейтін іс болды-ау” деп күдер үзіп, үмітім үзіліп жүргенде, кітап аз тиражбен жарық көрді.

Жылдар жылжыды. “Құм кітабы” жинағының шығуына көмек сұрап сол кездегі Қостанай облысының әкімі, әдебиетке жанашыр, жақсы дос Балташ Тұрсынбаевқа жол алды. Алматыда күн күйіп тұрған шілденің уағы. Қостанай даласын бұлт бүркеп емізіктей бастапты. Бұл 1994 жылдың шілде айы. Облыс әкімі жылы қабак танытып қарсы алды. Сөзінің сыңайында:

“Әттеген-ай, қазақ жазушыларына қамқорлыққа, шықпай жатқан кітабына деп жәрдем сұраған соң қазақ ПЕН-клубының есепшотына қомақты соманы аудартып жіберіп едім. Егін орагы басталып қалды. Терінің бір пүшпағынан тартсаң бір пүшпағы үзіліп дегендей, жанармайға, қосымша бөлшекке қаржы сұрастырып жанталасып жатырмыз...” Бұл да бір болмайтын істің сыңайы болды-ау деп самолетке отырып, сөмкемді салақтатып қайтуыма тұра келді. “Құм кітабына” алты ай оте, өлдім дегенде, өзге бір кісілер көмек жасап, жарық көрді, әйттеуір.

1995 жылың қара жауын сүмектеген қараша айы. Бес жыл бойына орысша аударылып, баспаханада жатып, қолжазбасын тышқан жеп, ылғал ірітіп күйретуге айналған “Книга судеб” деп аталатын орысша кітабымның жағдайы жамбасыма тастан батып жүретін. Бір жолдастың сілтеуімен сол кездегі Энергетика және қемір өндірісі министрі Храпунов мырзага жолықтым. Осылай да осылай. Герт, Шеголихин, Бельгер секілді саңлақ аудармашылар орысшалаган қолжазба баспаханада жатып шіруге айналды, қол ұшынды бер, жарқынам деймін баяғы. Министр қою бүйра шашын саусағымен салалай тарап, көп ойланып, көзі жасаурады.

“Жақсы кітап басқызуға деп ПЕН-клубтың тәрагасы Нұрпейісов мырза пәлен қаржы аудартып алды ғой, сол жетпей ме сендерге!” – деді ренжи тіл қатып. Екібастұз қеміршілері жалақы сұрап ереуілге шығып жатқан кезде жазушы мырзалар жанымды ығыр етіп болмадындар гой!...” Әрине, бұл айтып отыргандарым көп мысалдың санаулысы

гана. Сонда қалай, деп ойға шомамын. Қоңы бар-ау, аздаған қаржы табылады-ау деген қай мекеменің есігін ашсам да, алдынан Әбдіжәміл ағаның аты қолдененде деп шыгады. Ендеше кітап шығармын, қосымша спонсорға ақша табамын деп қай басымның ауырғаны бар. Нұрпейісовтің өзіне ат басын неге тіктелеп тіремеймін деп ойладым. Барып шаруамды айттым. Кітап шығарудың жайы жамбасыма тастай батып жүргенін баян етіп, ақыл қосыныз, не дейсіз дедім.

— Ақша жоқ қой, шырагым, — деп жауап берді Нұрпейісов. — Заман болса мынау, қос өкпенді қысқыштай қысып тур. Өзім қарыз сұрайтын кісі таппай басым қатулы. Әлгі Тे дегендердің пышақлен кесіп алсан терісінен қан шықпайтын сарапндар. Айтпақшы, жәрдем жасай қоятындан сен клубқа мүше емессің гой.

Әй, “мүше емессің” деді гой, мүше бола қалсам, бәлкім, қаперінде жүрермін деген пендешілік ой келді. Қоштасып, шығып кеттім.

Саусагым сүйелденіп, табанымнан тозып жүріп, күндіз-түні ерінбей еткен еңбегім жаратқан иенін назарына шалынды ма, әлде дүниеде кітап оқитын жақсы адамдар өлі түгесіліп біткен жоқ па, “Абай айнасы” (1994) “Құм кітабы” (1995) орысша “Книга судеб” (1996) кітаптары бірінен соң бірі жарық көрді.

Жылдар жылжып өте берді. 1996 жылы күзге салым Мемлекеттік сыйлыққа шығарма ұсынудың ұлы жосқын дүбірі басталды. Екі жыл бұрын “Таразы” деп аталатын романым жарысқа түсіп, екінші болып келіп, бәйгеге ілікпей аузым күйген. Аузы күйген үріп ішеді. “Құм кітабы” атты хикаяттар мен “Әңгімелер жинағымды” Жазушылар Одағы мен “Жұлдыз” журналы сыйлыққа ұсынып жарыққа қосты. Мәртебелі сыйлыққа он тоғыздан астам еңбек түсіпті, ылғы сен түр — мен атайын, ығай мен сығайлар деп естімін баяғы. Аздал жүрек қобалжиды.

Қазан айының бас жағында Нұрпейісовке телефон соктым. Үйінде екен. Құдігімді, сырымды бара салып баяндағ жатырмын. Мәртебелі сарапшылар алқасының ішінде сіз де барсыз, кітабымды жеткізіп берейін, оқып шығыныз деп өтініш жасадым. Ол кісі “келе гой”, — деді. Түс кезінде кітабымды қолтықтап салып жетіп барған едім, ас үйінде тамақ ішіп отыр екен, тарелкасын көтерген күйі алдынан

шыкты. “Төргі бөлмеге өтейік”, – деді қасығын тықырлатып, капуста сорпасын іше жүріп, – мынау ма кітабын, не туралы?..”

“Осынау қыны заманда жел өтінде, шөл төсінде терін тамшылатып жүріп мал баққан шаруа адамы, соның мұны, зары; иығына балық аулайтын ауын асып қаңғып кеткен Арал балықшыларының ауыр халі... Қайсы бірін айтып тауысайын”.

“Жарайды, қалдырып кет, оқып шығамын, ұнаса – қолдаймын”. Қараша айының орта шенінде Нұрлайісов ауруханаға түсіпті, емделіп жатыр екен деп естідім. Әрі қоңілін сұрайын, әрі баяғы беріп кеткен кітабымның жайын білейін деп ауруханаға соқтым. Терапия бөлімінің 5-ші бөлмесі, кен, жарық, жылы еденіне келістіріп кілем төсөлген, төрінде ұстел, қосымша шам, терезе алдында “Сони” теледидары, Әбекең баяғының бай-батшасы секілденіп аяғын тосекке асып қойып, шәниіл, теледидар көріп жатыр. Сәлемдестім, хал-жай сұрадым. “Үйқым жақсы, - деді өзіне-өзі қөңілі толған кісіше, - осы бар ғой, кешкі 21-де тастай қатып үйіктаймын, содан таңғы 8-де бір-ақ оянамын”.

- Кітабымды оқып шықтыңыз ба?
- Жоқ, оқи алмадым.
- Уақыт бөлсөнізші.
- Қайдам, көрейін.

Осы сөзбен қош айттысып шығып кеттім. Менің о кісіге берген кітабым “Мың бір тұн”, яки бір басталса аягына жетіп болмайтын корей энциклопедиясы емес, шамалы назар салып, уақыт бөлсе – ештемеге тұрмайтын шаруа емес пе деп іштей қапаланып шықтым сол жолы.

Күндер зулап өте берді. Бір күні ПЕН-клубтың хатшысы Бельгер-екең тілдесе қалғанда: “Оу, Әбе кітап оқиды дегенге әлі сеніп жүрсің бе! Ол кісі өз шығармасынан басқа ештеңе оқымайды ғой!” - дегені кеудеме нұқығандай етіл. Біртүрлі басылғандай сағым сынып қалды. Үндемедім. Пешенеге жазғанын тіледім.

Желтоқсан айының орта шені, жан алқымға тақалып дегендей, сарапшылар алқасының соңғы отырысы жақындалп қалды. Әбдіжәміл ағамыз оқыды ма кітапты, жоқ па, даусын берсе жарап еді-ау деп іштей лұпілдеп үмітім үзілмейді. 19 желтоқсан күні сарапшылар алқасының

кеңейтілген соңғы мәжілісі өтіпті, сонда менің “Құм кітабыма” 21 кісі “сыйлыққа лайықты” деп даусын беріпті. Кейінше естідім, сол мәжілістен жөппелдеме шығып бара жатып, Әбдіжеміл ағамыз сыншы Зейнолла Серікқалиевке дауыстал:

“Дүкенбайға айта бар, оның кітабына даусымды бердім”, - депті.

Нұрпейісов маган даусын берді ме, әлде қолы қалтырамай есімімнің үстінен бір-ақ сыйзы ма, ол арасын білмеймін. Жалғыз жаратқан ие куә. Бельгер-екен айтады: ол кісі даусын берген жоқ, өз шығармасынан басқа кітапты өлсе де оқымайды... Ал сыншы Зейнолла Серікқалиевтің сөзі әлгі.

Кейде жатып ойлаймын: Нұрпейісов ағамыздың іш есебі, күйс қатпары аса мол, сол есепке кейінгі кездे я өз басым, я сез саптасым сай болмай жүр-ау деп. Тілдескен сайын еңсемді таспен бастыргандай ауыр зілді сезем. Қабатына икемдейді-ау, үлкендік көрсетеді-ау деп алыштағы биік таудай көрген кісінің мұнысы несі? Әлгі таудай нұсқаланып жүретін қаламгердің қасына тақап келгенде кәдүілгі төбешікке үқсан, жайдақ міnez танытатыны таң қаларлық. Өне бойына өмірді өз шошағынан өлшеп үйренгесін сөйтеді ме. Ендеше шынына келсек:

Шығармандағы оқымаса, пікірін екіүшты ғып бүркемелеп, көмексілеп жүрсө, дүниенің баршасын иненің жасауынан қарғандай – тек қана өзінің бас пайдасының өлшемімен өлшеп пішсе, карап жүріп ішің суиды екен.

Ішің сұыған соң, ол кісінің бұл дүниеде саған бары, жоғы бәрібір болады. Бәрібір болған соң - ол кісі құрған топтың, өлдебір құмәнді клубтың мүшесі болмай-ақ, кітабымды жазып, бұйырған несібемді теріп жеп, мынау жалпақ дүниеде жалтақсыз, өз шындығымды айтып қана өтейін дедім. Өз шындығым озіме жететін биіктемін қазір. Кітабым ешқандай клубсыз да шығар деп ойладым.

Мына біз білетін Нұрпейісов құрған қазақ ПЕН клубында мұddeлестік, рухани туыстық жоқ. Ешқашан қолжазба талқыланбайды, шығарма оқылмайды. Кімнен нендей қаржы түсіп жатқанының, оның қай мұддеге кеткен есебі жасалмаган. Баяғы ағылшын классигі Джон Голсуорси армандаған рухани туыстықты таптай шаршайсыз. Қалтарысы мол, ішкі есептің клубы ма деп ойлайсың. Сол

себепті берген арызынды біраз уақыт өте қайтарып алдым. Құдай берген қажырыма, төзіміме сыйынғаным еді бұл, – дейді Дүкенбай ДОСЖАН.

Осы “Үшінші есіктің құпиясы” кітабын жазып жүргенде 2005 жылы 10.06. күні “Қазақ әдебиеті” газетіне Қабдеш Жұмаділовтің “Ар-намысының қанша тұрады” деген жанай-қайы шықты. Мен оқырманға түсінкті болу үшін газеттегі мақаланың жартысын көшіруіме тұра келді, себебі қазақтың қарымды қос қаламгеріне түсініктеме айтатында мен кіммін. Осы мақаланы оқи отырып-ақ, көзі қарақты адам Досжановтын, Нұрпейісовтың ПЕН клубы мен парасатының салмағын сезеді.

Тағы сол ақшага айналған ар-намыстың дауы. Бәлкім, көзқарақты жүрттың есінде болар, еткен жылы “Жас Алаш” газетінің беттерінде жазушы Әbdіжеміл Нұрпейісов пен менің арамда пікір қактығысы орын алған. Алдымен мені жазғыран мақала жазып, сайысқа шақырған – Нұрпейісовтің өзі. (“Жазушыға жалған сөйлеу лайық па?” “Жас Алаш”. 8.07.2004 ж.) Арада апта отпей мен оған жауап жаздым (“Қазына қаржысын қашан қайтарасыз, Әбеке?”. “Жас Алаш”. 13.07.2004) жыл. Әңгімеге өзек болған – 90 жылдардың басында Нұрпейісов қазынадан алған 860 тонна мыс пен одан түскен 650 мың АҚШ доллары... Мен осының алдында газетке берген бір сұхбатымда: КСРО-дан қалған мол байлық талауга түсіп жатқан біздің жазушылар үлестен құр қалдды. Тек Нұрпейісов қана бір асап қалды-ау деймін деп жаңағы мысты еске салғанмын. Өмірі бетіне жел тиіп көрмеген ақсақал соған шамданып қалыпты.

“Мені жалған сейледі” – деп неге кінәлап отырғаны түсініксіз. Нұрпейісов жаңағы мақаласында 860 тонна мысты үкіметтен қалай сұрап алғанын, оны сыртқы сауданың адамдары шетелге сатып, 650 мың АҚШ долларына қалай айналдырып бергенін әлдебір мақтанышпен тәптиштеп жазды. “Жұмаділов үлес тимеген соң, іші күйгендіктен айттып отыр” дейді. Сөйтіп, даугер ағамыз құрулы қақпанга өзі келіп түскен.

Мен газетте қайтарған жауабымда Нұрпейісовтің сол мақаласын тарау-тараумен талдадым да шықтым. Өз сөзінен мысал келтіре отырып: Сіз “бір асап қалды дегенге неге соңша шамданасыз, Әбеке? Мынауыңыз – бір асап қалу да

емес, түйені түгімен жұту да емес, тұтас составты жұғімен жұту ғой.. Қазір жемқорлыққа қарсы күрес жүріп жатыр. Іс үлгаймай тұрганда, қазынадан қымқырган қаржыны қайтарыңыз” дегендін. Маған таққан басқа да негізсіз кінәларына жауап бере келіп, Нұрпейісовтің тәуелсіздіктен кейін КСРОның Қазақстандағы өндіріс орындарын басып қалған атақты “КРАМДС” корпорациясымен табақтас болғанын, бұрынғы партократтармен бірге корпорацияның алқа мүшесі болып сайланғанын да еске салып өткенмін.

Әңгіме осымен біткен сияқты еді. Мұны қаламгерлер арасында бола беретін қалыпты жағдайға балап, бәлендей мән бермегем. Пікір сыйысы болған соң біреуі женеді, екіншісі женеледі. Қаламгер қауым “Сен жеңдің” деп мені құттықтап жатты. Нұрпейісовтің сыйлас досы, әрі аудармашысы Герольд Бельгер: “Қабдеш, сен менің досымды нокаутка жіберіпсің” деп қолымды алғаны есімде.

Бірақ біз тым ерте масайраппыз. Мақалалар жарық көрген соң, арада жеті ай өткенде, нокауттан ес жиган Нұрпейісов биыл ақпан айында Медеу аудандық сотына арыз беріпті. Сол баяғы жыр: “Жұмаділов өткен жылды маган қарсы мақала жазып, ар-намысымды қорлады. Жазушылық беделімді түсірді. Менің ар-намысым кемінде бес миллион теңге тұрады. Соны Жұмаділовтен өндіріп беріңіздер” депті.

Мен сottан алғаш шақырту келгенде, өз көзіме өзім сенбей аңырып қалдым. Бұрын біреулер сottасып жатыр еken дегенді сырттай еститінмін. Бірақ мынадай пендешілікке жазушылар барады деп ойламаппын. Ар-намыстық қорғау, сол үшін жан пида ету жаңалық емес. Баяғыда Еуропа жұртының ақсүйектері ар-намысын дуэлге шығып қорғаған. Пушкин мен Лермонтов сынды ұлы ақындар ар жолында мерт болған. Біздің өз бабаларымыз да тағдыр-талайын жекпе-жекте сынаган. Бірақ солардың ешқайсысы ар-намысын ақшага шақпаған ғой. Мен осы арада өзімнің XIX ғасырда тумаганыма қатты өкіндім. Егер Нұрпейісов те сол заманда өмір сүріп, мені дуэлге шақырса, Әбекеннің талағын қуана-қуана орындаған болар едім.

Содан, не керек, әлсін-әлі шақырту келе берген соң аудандық сотқа баруга тұра келді. Іспен танысып, қарсы шаралар қолдануға мәжбүр болдым. Зангерлермен ақылдастып, білікті адвокат жалдадым. Сот мәжілістері кезінде өзім

екі рет барып сейледім. “Ар-намысы қорланған” Нұрпейісов жеме-жемге келгенде беттесуге жүзі шыдамады ма, сот мәжілісіне келмеді. Адвокаттарын алма-кезек қайрап салып, үйінде өр дәрежелі соттардың құлағын телефонмен бұрап жатты.

Ақыры екі ай бойы қанша адамды әуреге салған қажетсіз сергелден 27 сәуірде тыным тапты-ау, әйтеуір! Әділ сот екі жақтың қисын-дәлелін таразылап, екшей келіп, Нұрпейісовтің ақша өндірмек болған талабын негізсіз деп тапты. Мен білсем, баяғы мыстың ақшасы әлі сарқыла қоймаса керек еді. Ол басқарған ПЕН-клуб та – кедей кенсе емес. Соған қарамастан, жасы сексеннен асқан адамның неге сонша дүниекүмар болғанына ақылым жетпейді, - дейді макаласында К.Жұмаділов.

Ал Дүкең абыройы болса да атағы мен орынтағы болмай біраз тауқымет көрді. Халқымыздың классик қаламгері, Дүкеңнің ардақты агасы Тәкен Әлімқұловтың Абай туралы “Жұмбақ жан” деген кітабын оқып шыққан жақын туысы, созақтық Сапарбек Сопбекұлы: “Тәке-ау! Мына еңбегіңіз дап-дайын диссертация гой. Кейбіреулер шамалы бірдене жазса болды, ғылым кандидаты, немесе ғылым докторы болып шыға келеді. Сіздің олардан неңіз кем?” – деген еken. Сонда Тәкен ағамыз: “Маган өмірі қысқа, дыз етпе, даңғаза атақтың түккө де қажеті жоқ. Мені болашақ үрпақ өздері іздел табады. Бағаны да, атақты да беру – болашақ еншісінде. Менің тағдырым – халықтың тағдыры. Мен өз шығармала-рыма мәңгілік өмір сүретін ақылқатты арқау еткен жаңмын”, – деген еken. Қандай даналық, қандай биіктік!

Халқы алдында не қылыш ғылым докторынан, академик-тен жазушы Тәкен Әлімқұловтың беделі кем бе?

Доктор, академик болмай, орынтаққа отырып бес адамға билік айтпай, мемлекеттік сыйлық алмай-ақ Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Жұмакен Нәжімеденов, Істай Мәмбетов, Қасым Аманжоловтар тағдыры халықтың тағдырына айналып кетті емес пе?!

“Мемлекеттік сыйлық” пен “Халық жазушысы” атағын шені бар, шекпені барлар алдымен алыш, арасында халық мойындаған бірді-екілісін кіргізіп отыратын. Содан жылдар өте халықтың есінде нағыз инемен құдық қазғандай қаламгер мен дарынды адамдарға қалатын. Заманында алмаған

атағы жоқ ақын-жазушылардың, академиктердің бүгінгі үрпақ есімін де білмейді. Керісінше олар Мұқағалидың, Тәкенниң прозасын, өлеңдерін жатқа оқып, Жұмакеннің “Менің Қазақстаным” өнін әнұрандай шырқайды.

Тақ талас, атақ талас қатары амал жоқ. Дүкенінің әлемнің 20-дай тіліне аударылған, ең көп тиражы бар жазушы деп баға бергені рас, 1996 жылы “Құм кітабы” деген әңгімелер жинағына Мемлекеттік сыйлық алды әйтеуір.

Жазған құнделіктілерін оқып отырсаныз көрмеген азабы, шекпеген мекнаты жоқ. Тыным таппай жазғаны үшін кейбір іші тар пенделер ор қазып, өздерінше “жазалап” отырған. Маган жаңын ауыртпайын дей ме, көп айта бермейді. Бірақ мен ерте ме, кеш пе естіп біліп қоямын. Ондай “дүшпан-дармен” өзімше “құресемін”. Яғни, Дүкенді бұрынғыдан да аяп, соның көңілінен шығатын жағдайлар жасап, саушилғына қарап, өзі жақсы көретін тамақтарды өзірлеймін. Үйде дәйім еркелетіп, қабағын бағып отырамын. Балалар болса да әкесінің әрбір тынысын андып, әйтеуір соны қуантқылары келіп жүреді. Сырттан жабығып келгенде отбасында өзінің орнының ерекше екенін көріп жар, әке ретінде бақытын сезінсін деп ойлаймыз.

Әйтсе де бір ойланатын жәйт бар.

Сын жазғанның бәрін, козге ілгісі келмей кісімсігендерді “дүшпан” көре берсек, біздің бір де бір досымыз қалмас еді гой. Кейбір жағдайда Дүкенді алғашында түсінбей сын жазып, сөз ілестіргендердің біразы уақыт өте келе бұл кісінің нағызы енбектің бәйгеторысы екенін түсініп, көп жүртпен араласпай түйіқтау жүргенімен бәлекор, міншіл, кекшіл, бақталас, дүниеконыз емес екенін түсініп, артынша-ақ Дүкенмен достасып, отбасы болып араласып кеткендері көп.

Жалпы осы кітап Дүкенбай Досжановтың жаратылсы, мінезі мен шығармашылық тағдыры туралы айтып келе жатқан соң, 2005 жылғы 21 сәуірде “Алматы ақшамы” газетінің Бас редакторы Қали Сәрсенбайдың “Ең жаманы кісінің наласы екен” деген газеттің айқара бетіне шыққан сұхбатынан үзінділер қоса кетуді жөн көрдім. Содан сіздер жазушының өз аузынан өзі туралы пікірді оқисыздар. Мен қысқартып берейін...

— Әлгінде “өкпе” деген сөз шықты аузыңыздан, “Өкпешилсіз бе, кекшілсіз бе, жасасырмай айтыңызы?!...”

— Кезінде сыншыларым көп болды, қит етсем пышағын жаландытып шыға келетін. Несін айтасың, “Отырар” повесі Янның “Шыңғысханының” базбір тұстарына үқсан кеткен”, — деді, “Пайғамбардай Абайға арақ ішкізіпті”, — деді, әйтеуір сыншыларымның жанға батырып айтпаған сөзі кемде-кем. Сол сыншыларыма өкпелеп, өштесе берсем, кітап жазуды қойып, өмірім айтыс-тартыспен өтеді екен. Өлшеніп берген уақыттымды майда-шүйдемен откізіп алған болар едім. Сол сыншыларымның бұл құнде бәрімен доспын, алғашқы сынды “Қазак әдебиеті” газетіне әспеттеп тұрып басқызған Магаун бұл кездे бірінші жанашырым, келесі сынды сойылғып сілтеген Мұрат Әуезов, басқа да қатарларым төбемді көргеннен құшағын ашады. Сынды қөтере білу де өнер. Негізі біреуді сынау сол кісімен түсінісудің басы ма деп ойлаймын. Сөзден сыр шығады. Осы құнгі қазақ жазушыларының (ақын, сынши, драматург, бәрі-бәрі) үш үлкен трагедиясы бар. Бірінші трагедияны былтыр Алматыға келіп, қонақ болып кеткен Бразилия жазушысы Пауло Коэльо айтты: Алматының кітап дүкендерінен ағылшынша аударылған бірде-бір қазақ жазушысын таппадым дейді. “Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас” деген кеп басымызға келді. Өз қазанымызға өзіміз қайнап, өз буымызға өзіміз пісіп жүр екенбіз. Ағылшын, испан тілді оқырмандар Әуезов, Аймауытов, Жұмабаев, берідегі Тарази, Магаун, Нұржекеұлы секілді көркемсөз шеберлерінін болғанын, баржогын ешкім білмейді. Керісінше, тым аққөңіл, қойны ашық халықпаз. Мұхиттың аргы жағындағы Борхес, Маркес, Кавабата, Уайт секілділерді шемішкеше шагып қазаша оқиды, тәржіма жасап терлейді. Қазақ қаламгерлерінің екінші трагедиясы: өзінен басқа ешкімді оқымайды, өзінің шошоғын бөрінен биік санайды. Сыншыларымыз құлдық психология-дан арыла алмаған, қай қаламгердің портфелі жуан, кім газет не журналдың бас редакторы болса, айналып келіп соны мақтайды. Ал жай жүріп, шығармашылық кәсібіне адал берілген ақын-жазушыны ешқашан ауызға алмайды. “Ә, соны қойшы!”, — деп жүріп, Мұқағалиды он жыл бойына “Лениншіл жасқа” баспады, бірде сол газеттің әдебиет бөліміне телефон шалып: “...не жаздым сендерге!. Неге баспайсындар!”, — деп Мақатаевтың жылап жібергенін көзіммен көрдім. “Ә, соны қойшы”, — деп жүріп Тәкен

Әлімқұловты екі мәрте психушкаға жөнелтіп, “жынды қылып” сонда жат-қызған кісілер өлі жер басып жүр.

Үшінші трагедия: тым дақпыртышылмыз. Түймедей нәрсені түйедей ғыш тілге тиек етуге, өсек сөзге жорға аттай ағып сөйлеуге ғажайыппыз. Өстіл болмашины дабырлап жүріп өмірдің жұлынды мәселелерін қаға беріс қалдырамыз. 80-жылдары басында қаңқу сөзді сүмдүк үдеттіп жіберіп, Есенберлиннің “Мұхиттан өткен қайығын” басқызбады. Сол жылдары Олжас Сүлейменовты “пантюрист”, “Қазак ұлтшылы” деп СОКП-ге хат жазып, кейіннен 80-жыл аяғында ақынның мұңқір-нәнкіріне айналған “қалтырауын” деген лақап аты бар классик прозашының Сүлейменовты “славянофил”, “простофил” деп көш-құлаш арыз сүйекектетіп, орысшага аудартып жоғарыға жіберемін деп жүргенін білемін. Өлсек те ауыруымызды айтып өлейік те!

— Үлкен әдебиеттің сөзінен гөрі опоненттеріңіз сізге жана, көлеңкелі жәйітті неге жасасыра береді?

— Кім туралы не демей жатқан заман? Иә, осыны өзім де ойлап қоямын. Бәлкім, анқау, торға оңай түскіш аңғал мінезімнен, бәлкім, көбіне портфелсіз жүргенімнен. Оқиғаның алдын орап үлгеретін, ку тілді, пысық тұрғыластарыма сөз жүқпайды. “Портфелсіз жұру” дегеннен шығады, баяғыда министр Елеуkenовтың түсында Госкомиздатта бес-алты жылдай 6 кісіге бастық болыппын. Жеті жылдай Ұлттық Банктің мұражай директоры болдым. Қалған уақытта өзге кісілердің қарауында қызмет істеп келемін. 90-шы жылдар басында кітапханада болған бір көлеңсіз оқиға үшін: “Көңіл жықпастыққа салмай, пәленшені Жазушылар одағының мүшелігінен шығарып жіберу керек еді”, — деп бір тұрғыласым естелігінде жазыпты. 90-шы жылдар аяғында жазушылар құрылтайында басқарма бастығының өзіме жасаған көп жылғы қиянатына шыдай алмай, ашу көтеріп кетіп, бетіне стақан лақтырғанымда: “Одақ басшысына қол көтергені үшін пәленшені одақ мүшелігінен шығарып жіберу керек”, — деп газеттерге тагы жазды. Еске түсіре берсе — оқиға жетерлік. Бәлкім, сол кезеңде ертеңді-кара кешке үстелге шүқшиып роман жаза бергенше әлгіндей артық айтЫП, алшайысқан оппоненттермен ащыласқан, айтисқан, я түсінікен жөн бе еді, кім біледі. Үш-төрт жылымды сын жазуға арнағанда өлгі көк қарғалардың беті қайтар еді.

Жақында өзімнің шығармашылық тағдырым туралы “Тезім – терпение” деген естелік, мақалалар, зерттеу кітабы жарық көрді. Соңда осы жағдайлардың бөрі жілкे тізілгендей, ешқандай ашу-ызызыз, өкпе-наласыз, тиісті дәйектермен түзіліп жазылған. Қазір ойлаймын, өлшеніп берген уақыты қыр аспайтын кәкір-шүкірмен текке өлтіргеннен гөрі олқылықты тұа қалған шығармаларыммен толтырғаным, өліп- өшкенім дұрыс та болды ма. Имандаған шыным, осы күні менің досым, оқырмандарым көп. 13 томдық таңдамалымды облыстар пышақ үсті белісіп алып кетті, ал қарадай қастасып, сыртымнан сын мақала жазып, өсек айтып жүргендердің өзі уақытында түсінбей, уақыт тауып тілдесе алмай, үлгере алмай жүрген тұрғыластарым деп ойлаймын.

— *Базбір жазушылар жер туралы, тіл туралы ашынып жазып жатады. Ал, сіз...*

— Мен осынау құрделі мәселелерге көркем шығармаларым арқылы үн қатып жүрмін. Кейінгі жылдары жызылған “Кавабатаның көз жасы”, “Ине ұшындағы өмір” осы жағдайларды адам психологиясы арқылы ашып көрсеткен. Астанаға батпан құйрық іздеп көшіп барған жоқпын. Тәуелсіздігіміз туралы ең бір жұлдынды кітабымды жазсам деп келгенмін. Президент баспа на жағын шешуге көмектесті, жігіттер кітаптарымды таратуға қол ұшын берді. Шынына келсе, жұлдызы жогары тұған адамдар болады, олардың маңында мұхиттан көтерілген тайфун дүлейі секілді құрделі оқиғадан тартыс туады, тартыстан фабула құрылады, образ ашылады. Образы ашылған шығарманың өмір жасы үзак. Қалам ұстағалы бері армандал, әй, осыны қатырсақ деп келе жатқанымыз құрделі образ берен жұлдынды тақырып емес пе еди.

Ауызды қу шөппен сұртуге болмайды, әрине. Соңыма бұрылып қарайыншы. 60-шы жылдардың басында Хрущев Қазақстандағы облыстарды жойып, Батыс Қазақстан өлкесі, Тың өлкесі, Оңтүстік Қазақстан өлкесі дегенді (Алтай өлкесі, Хабаров өлкесі секілді) құра бастады, бақандай республиканы жойып, бірте-бірте Ресейдің құрамдас бөлігі етіп жіберуге бағытталған осынау оспадар саясатқа сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов қарсы шығып, қызметтен қыылды; көпшілік жүретін жерге наразылық үнпарагын таратқан осы сұхбат иесін, С. Оразалинов, Ә.Кекілбаев, Ө.Рұс-

темов секілді біраз достарымды сұр үйдің үндеместері сүйрелеп, бір жыл сонымызға түскен... Мұхиттың аргы жағында, Вермонтта жатқан Солженицын 1989 жылы “Ресейді қалай қайта құрастыру керек?”, – деген сөуегейлік мақала жазғанда, “әттесі-ай”, – деп тістеніп отырып, 5 бет хат жазып, кейінше өлгі жазушыдан жуып-шайған жауап алған да осы жолдар авторы болатын.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы “Алаң” деген роман жазып, ішінде шен-шекпені үшін ұлттық намысын сатқан жастарды үрып-сокқан майор Жексенбаевтың жендердік бейнесін сомдап, журналға жариялаған кезде өлгі жігіттің үйімен телефон шалып: “Көшеде жүре алмай қаласың!..”, “Екінші үйін абақты болады!..”, – деген телефон-террорына, қоқан-локқысына бірнеше ай бойына шыдаған тағы осы жолдардың иесі болатын. Бір жазушының барша мәселеге алақұйын үн қата беруі мүмкін емес. Мен үн қатпасам, тіл туралы өлгі достарым ашынып жазып жатыр. Есітер, “е” дер құлақ болса – әлгілер де жетеді деп ойлаймын. Ұлтымды тебіреніп жақсы көрмесем, өз басым жазушы болмас ем. Жазушы еткен – ұлтыма деген сүйіспеншілік!

– *Саясаттагы маргиналдар дегенді ашыңқырап айтсаңыз..*

– Осы күнгі кейбір басылымдардың бетін ашып қалсаңыз – маргиналдар сопаң етіп шыға келеді. Саясаттагы маргиналдар деп кешегі күндері Президенттің қамқорлығын көріп, екі созінің бірінде ұлken кісіні биіктетіп жүретін, енді бүгін келіп үйде отырып қалғанда – бәрі жаман, Үкімет үйінің маңайында кілең табанының бұдыры жоқтар... ұлken кісінің қабылдаудына кіріп шыққандар, тегі, жағымпаздар... деп екі сөйлем жүрген достарымды айтамын. Әдебиеттегі ұлken тұлғаларымыз Президенттің алдына барғанға дейін ақсақалдың сезін айтады, ал қабылдаудынан шыққаннан кейін баланың гей-гейімен өксіп жылайды. Бұл да маргинал мінез. Тегінде, өлшеніп берілген өмірді күнбағыс құсап қалыбынды өзгерте бермей бірсыңырғы өткізгенге жетпейді. “Ау, досым, ұлken кісіге ұлken мәселені қою үшін аудиенция сұраймыз фой, болмашымен, болымсызben тілдесуге ол кісінің уақыты жоқ”, – дейміз баяғы. Бельгер досым: “Әй сенбеймін, әйтеуір бірдеме сұрау үшін барасындар алдына”, – дейді.

“Сіз Президенттің мәртебелі сыйлығын алған кезде, бір күн естен тана жуғанының есімізде ғой”. “Әй, білмеймін білмеймін, осы күні табанының бұдыры жоқтар, жағымпаздар көбейіп кеткен, ал сен общем, талантты, өлермен жазушысың”, — деп досымыз жеңсік бермейді. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді, осылайша өтіп жатқан өмір ғой.

— *Қалталаудармен дос дейді. Мәселен, Марченко дәүірінде Ұлттық банктың мұражайын басқардыңыз, ақшаңыз көп не?*

— Баяғыда Сәбит Мұқанов айтады екен: “Қазы-қарта жемесем қаламым жорғаламайды” деп. Қаламым жорғалайтындаі дәулетім бар. Ешкімнен қарыз сұрамаймын. Дүниені белшеден тауып, берекесін келтіре алмай быж-тыж бол жүрген қаламгерлерді білемін, аз табайын, көп табайын – соның інін келтіріп, құрастыра біліп отырған отбасындағы зайыбыма ризамын”, — деген азғантай мінезге қатысты үзінділер алдым.

Жалпы Дүкен туралы қазақша-орысша газет-журналдар жылына бәленбай сұхбат жазып, радио мен теледидардан әртүрлі хабарлар жасалып, халыққа ұсынылып жатады. Олардың біреуі есте қалса да, екіншісі ұмытылып қалады. Жарқ етіп шыққан күні халықты елең еткізетіні рас. Енді осы кітабымыздың ғұмыры ұзақ болса екен деп ойлаймын.

“Махаббаттың адамға қаншалықты жақсы қасиеттер сыйлап, биіктететінін мен Дүкенбай екеуінен көрдім”, — деді Әнес Сараев деген досымыздың бәйбішесі, халқының “алтын қызы” атанған Алтыншаш Жаганова маған бір кездескенінде. Алтекең өте ақылды, көпті көрген әйел ғой, біз сияқты талай отбасын көріп жүр, менің көнілімді есіру үшін берген сол бағасы өзіме бүрынғыдан да үлкен жауапкершілік жүктеді. Бір-біріне жалғасқан жылдар, екеуіміздің оргамыздың перзенттеріміз екеумізді бір адамға айналдырыды...

Жанымыз бен қанымыз араласып,
Жылдан-жылға қадірің барады асып.
Бақылаймын сениң өр тынысынды
Лұпілімен жүректің жағаласып.

Біреу былғап кетер деп ақ көнілді,
Біреу бұзып кетер деп сөттерінді.
Алаңдаумен жүремін күні-түні
Күзеткендей үркек бақ кептерімді.

Біреу сені қояр деп өкпелетіп,
Біреу тағы жүрер деп шетке нетіп.
Қарлығаштай су тасып қанатыммен
Күзетінде жүремін сөткелетіп.

Біреу таптап кетер деп сенімінді,
Біреу басып кетер деп көнілінді.
Жалғыз ұлын қорғаған анаңдай боп
Жарым сенің қоргаймын өмірінді, —

деп жазыптын бір өлеңімде. Жүрек лұпіліндей сырым осы ендеши.

Жалпы, “Махаббатсыз дүние бос” деп ақындардың пірі, дана Абайдың өзі айтып кеткеніндей, махабbat дегеннің өзі аясы кең, терендігі шексіз үғым деп ойлаймын. Әсіресе, жерге деген, Отанға деген, халқына деген махаббатпен бірге ерлі-зайылтылар арасындағы махаббаттың орны да, жөні де бөлек пе деймін.

Өйткені, жүптастып өмір сүру барлық тіршілік иелері үшін табиғаттың басты заңы ғой. Қадыр ағамыздың:

“Аяқ та екеу, қол да екеу
Екеу және құлақ та
Жүрек жалғыз бірақ та.
Сондықтан да сол жүрек
Күйіп-жанып елжіреп,
Естісем деп лебізін
Іздейді екен егізін”, —

деп айтқанында, бүкіл жарты атаулы, бүтін болуға асыга-тыны табиғи занңылдық.

“Мәселе кіммен бірге туғанында емес, кіммен бірге тұрғанында”, — деп С. Сервантес айтпақшы, отбасын құраудың да өзіне жетерлік, ащы-тұщысы, ыстық-суығы болады. Эрине, көнілінен шығатында жар табу әркімнің де арманы болса

керек. Ол адам тек отағасына ғана емес, айналасына да жаға білсе, нұр үстіне нұр емес пе?

Р.Хорезми бір сөзінде: “**Жаны таза адам сұлулыққа құмар келеді**”, – деген екен. Сол сырт келбетінің сұлулығымен бірге жан сұлулығы қатар келген, ақылына көркі сай Халима апайымызбен 54 жыл бірге ғұмыр сұру бақыты Әзілхан Нұршайықов ағамызға бүйірған екен. Ал, сол аяулы да ардақты Халима апайдың нұрлы бейнесін жанжақты ашып, оқырманға жеткізе білу тек Әзілхан ағамыздың ғана қолынан келеріне ешкім шубә келтірмес деп ой-лаймын.

Сонымен, қаламгер ағамыз әңгімесінің басын: “Халима екеуіміз 54 жыл бірге өмір сүрдік. Өмірінің соңғы күні, соңғы сағатынан дейін екеуіміз жұп жазбай, қол ұстасып қатар жүрдік.

Ол менің әйелім ғана емес, әрі шешем, әрі енем сияқты болды.

Ол менің әйелім ғана емес, әрі редакторым, әрі корректорым, әрі ақылшым, әр қосалқы авторым, әрі хатшым, әрі курьерім болды”, – деп бастап, әрі қарай Халима апайдың адамгершілік қасиеттеріне тоқтала отырып, әңгіме ііріміне өзінді қоса тартып әкетеді. Бас салып құныға оқыған саяын, шіркін, кітаптың беті таусылмаса екен, ешқашан да сонына жетпесем екен деген іштей тілекте отырасын. Әсіресе, Халима апайдың өсіеті ретінде айтылған мына сөздерін толық келтіргенді жөн көрдім:

Бірінші айтарым: Мен олай-бұлай боп кетсем, сен жыла ма. Жыласаң; әрі балаларды жасытасын, әрі жүрттың сөзіне қаласын.

Қазакта: “**Қатын өлді – қамшының сабы сынды**” деген сөз бар. Сен жыласаң, жұрт сені мазақтап кетеді: “**Қатыны өлгенге жылаған жаман, жасық неме екен гой!**” дейді. Өзім өлсем де, сенін сонынан сөз ермесе екен деймін.

Екінші айтарым: Қазір жүрттың бері өтірік болса да, шын болса да діншіл болып алды. Сен ғылымға сенесін. Жердегі Құдай – дәрігерлер деп білесін. Оның жөн. Бірақ сен мені мұсылманиша жөнелт. Мені жөнелту жұмысын Мақыш до-сымыз Байсейітоваға тапсыр. Жаназамды өзім жақсы көріп, қадірлейтін Асылхан қажыға шығарт. Егер молда шақырмасаң жұрт: әйеліне құран оқытпай, арам өлтірді деп қанқу

қылады. Мен сенің жұрттың осындағы жаман, лас сөзіңе қалмауынды тілеймін.

Үшінші айтарым: Сақалынды өсірме, шашынды қобыратпа, жағанды қисайтпа. Ұнжырганды түсірмей, тік жүр. Жұрт сені: өйелі өлгеннен кейін жүнжіп кетіпті демесін!

Төртінші айтарым: Мен ертеден өзім өлсем, саған серік болар қандай өйел бар деп ылғи ойлап жүруші едім. Таба алмадым. Өйткені саған жас өйелдің керегі жоқ. Жас өйелдің жат ерекпен қылмындағанын көтере алмайсың – жүйкенди жүқартасың. Қартан өйелдер аяқтарын әрең алып жүр. Олардың өздеріне құтім керек. Сен ешкімді құте алмайсың, күтуші бола алмайсың. Енді 80-ге келгенде саған үйленудің қажеті болмас. Бірақ балалар не тамак жасап берсе, соны іш. “Анау жоқ, мынау жоқ” деп балардың мазасын алма – жек көріп кетеді, өз балаларыңа ұрыссаң да, келіндерге ұрыспа. Келін – ұрпағындың анасы ғой!

Бесінші айтарым: Ұлдар арақ ішпесін!

Алтыншы айтарым: Ұлдар, қыздар, келіндер, немерелер сені құтсін. Сені құткені анамыз, әжеміз, енеміз еді деп мені ардақтағаны, менің жайлыш жатуыма көмектескендері деп білсін. Саған осыларды айтайын деп шақыртып едім.

Ал енді не айтамын? Жер аман болсын! Ел аман болсын! Ұлт аман болсын! Ұрпақ аман болсын! Біз сияқты ата-аналар әркім өз уақытында өмірден өтіп жатады ғой. Оның уақасы жоқ. Барлық ағайын, туыс, достарға, қымбат көршілерге сәлем айт. Бәрінің ұзақ өмір сұрулерін тілеймін. Қош бол! Қош. Енді тез балалардың қасына бар. Сені құтіп, үрейленіп тұрган шығар. Бәрінің бетінен сүй. Мен үшін сүй”.

Халима апайдың ешқандай артық-кемі жоқ, осиетке бергісіз орынды айтылған, осы бір сөздерін кім де болса құп алары сөзсіз деп ойлаймын. Өйткені, бұл ақылға қонымды сөздерден үлттық үлгі-өнеге белгілерінің, халқымыздың әдел-ғұрпына сай ізеттікті, біліктілікті анық байқауға болады.

Махаббат туралы ешқандай аксиома да, теорема да жоқ болғандықтан, оның анықтамасын әркім өзінше жеткізіп жатады. Әзілхан ағамыз болса, махаббатты 1) бала махабbat; 2) шала махабbat; 3) мәңгілік махабbat деп үшке жіктейді. Соның ішінде “мәңгілік махабbat ілуде біреуде ғана болып,

сындарынан айрылғаны қайтадан тұрмыс құрмай, өмір бойы жан жарын жоқтаумен өтеді” екен. Расында да, әр адам өзінше бір қайталанбас тұлға ғой. Алайда, әр адамның жаратылысы да әр түрлі болады емес пе? Оның үстіне сүйекпен бірге бітегін міnez-құлықты қайда қоямыз.

Дегенмен, қаншама асыл қасиеттің бір адамның бойынан да табылатын кезі болады екен. Сондай сирек жаратылыс иелерінің бірі Халима апай. Оған дерек ретінде қаламгер ағамыздың мына сипаттамасынан үзінді келтірейін: “Халима менің созсам қолымды, ойласам ойымды ұзартушы еді. Ақылымға ақыл, абырайымға абырай қосатын еді. Жатсам – жастығым, жантайсам – төсегім болушы еді.

Жабырқасам – жадыратушым, жаңылсам – тузыетушім еді. Зейін зеректігімен, энциклопедиялық білімімен маған көз жазбай көмектесіп отыруши еді. Менің жан жарым, әдеби серігім, ардақты аяулым, асыл досым Халима осындаі кісі еді!” – деп жеткізеді жары өз еңбегінде.

Соншама қындықты да, ауыртпалықты да көре жүріп, бәріне төзіп қайыспай көтере білген Халима апайдың жарқын бейнесі барған сайын асқақтай түсіп, шындағы шынардай болып елестейді.

Айналып келгенде, ақыық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

“Уақытты тоқтатар шама бар ма
Бәрі өтеді, дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірде
Отпейтіндей көретін адамдарга.
Өтеді ғой, өтеді барлығы да.
Күн арқалап, кетеді таңды мына
Менің жаным ашиды барлығына
Таң нұрына, адамның тағдырына”, –

деп айтқанындаі, бәріміздің да уақытқа тәуелді екеніміз, бұл фөниге қонақ екеніміз рас. Бұл өтпелі өмірге кімдер келіп-кетпеген десенші. Ал, сонда кейінгіге белгі болған қалар не нәрсе? Меніңші, сол игі істеріңе мәңгілік ескерткіш болып қалар белгілердің бірі – кітап болар. Сондықтан да, үлгі-өнегесімен тек жақындарының ғана емес, бүкіл қазақ үлтynың мактан тұтар қыздарының біріне айналған Халима апайдың асыл бейнесін есте қалдыруда баға жетпес

ескерткіш ретінде осындай кітап жазып қалдырган халық жазушысы Әзілхан ағаның да ерен еңбегін атап өткен жән деген ойлаймын.

Шоқтығы биік туындылардың бірі ретінде, рухани құнды мұралар қатарынан орын алар бүл кітаптың авторына Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: “Сіздің шығармаларыңыз, ойларыңыз – ел қазынасы, өміріңіз – үлгі! Аман-сау болыныз, Әз-ага. Аса сыйлайтын Н.Назарбаев. 6.01.2003.” деген әділ бағасымен аяқтамақпын.

“Ұлттық тәлім-тәрбиелік мәні зор бүл туындының кеңешек үрпақ үшін де баға жетпес, құнды мұра болып қалатынын айта келіп, ұлттымыздың ардақты үлдарының бірі Әзілхан ағамызға шығармашылық табыстар тілеймін”, – депті Талғат Төлегенов деген оқырманы өз ағамыздың таңгажайып, тәлімді еңбегін оқып шығып бір газетке. Халима апамыз 54 жыл Әзілхан ағадай ардақты азаматқа сүйікті жар болып, перзент сүйіп, жасы 81-ге келіп халқының ортасында өмірден озды. Ол кісінің жүрген-тұрғаны, айтқан созі козін коргендерге үлгі-онеге, ал көрмегендер асыл жарының осы арнау кітабын оқып тәлім алады. Қазақ топырағында Халима деген адаптация жар, ардақты ана откенін білер. Есі бар оқырман болса, біздің қазақта осындай арды ойлаған аналар барын, ұлттық мақтандышына айналған Нұрша-йықовтар отбасындай отбасы болғанын айта жүрер. Кейінгіге үлгі етер, бәлкім.

Мұқағали айтқандай бәрі өтеді, дәуірлер, замандар да, небір тәлім-тәрбиенің үйткисына айналған отбасылар мен бір-бірін сүйіп өткен жарлар да, ал ешқайсысы туралы кітапқа жазылып, тасқа басылмаған соң, кейінгі толқын біле бермейді. Уақыт желімен өшіп, жогалып жатады. Менің, сіз оқып отырған осы “Ушинші есіктің құпиясын” жазып шығуыма соңдай уақыт желінде Дүкенбай екеуіміздің бейнеті мен зейнеті қатар жүрген, бір-біріміздің бағамызды біліп, жақсылыққа үмтүлған ғажайып өміріміз де өшіп қалмасын деген ой себепші болып еді.

НҰРМАҚОВТАҒЫ НҰРЛЫ ШАҢЫРАҚ

Дүкеннің мінезін тереңірек түсіну үшін оның балалық шағына аздал барлау жасап көрелік.

Әкесі – Досжан, соғыс жылдарында жігіт ағасы жасында болғандықтан өскерге алынбай броньмен қалып, Қаратай ішіндегі Үйнтымақ колхозының тәрағасы болған, сол елдің адамы мен малын сақтауға жаңын салған бейнетқор кісі көрінеді.

1932 жылғы елге келген қызын аштықта туыстарының біразы азық іздеп, күнкөріс қамымен Өзбекстанға, біразы Ауганстанға ауып кетіпті. Сол аштықта отыздан жаңа асқан атамыз жиырмадай үйді төнірегіне топтастырып, білегінің күшімен тау өзенінің қойнау-қойнауына жүгері егіп, аң аулап, әлгі үйлерді ашықтырмай аман сақтап қалыпты. Тас-ты ойып су шығарыпты, жылқы бағыпты, бау отыргызыпты. Осы күні Қаратай ішінде, Ақүйік өзенінің бойында “Досжан бауы” деген шоқ-шоқ қара ағаштар сол кісінің тамшылаған терінің ізі көрінеді.

“Әкем нағыз нарық заманының адамы еді, – деп Дүкен сағынышпен еске алып отырады ылғи, – не пайда жыл он екі ай жасаган еңбегіне жыл аяғында жалғыз тай, бірер қап астық беруден артылмаған кеңестік құрылымға еңбегі еш болды, әйтпесе бір елді асыраған қуат-күшін нарық заманың қәдесіне жұмыссаға ғой, нағыз байып шыға келетін адам сол кісі еді”.

Дүкеннің ес біле бастаған уағы болса керек. Атамыз таң алагеуімнен тұрып, асау биелерді қайырып әкеліп, құлышдарын құрықтап үстап, желіге тізіп беріп, шалғымен шөп шабуға кететін көрінеді. Енеміз білегінен шелегін қыстырып бие саууга шығады. Ағасы жондағы шөпшілерге, егіншілерге қымыз тасиды, әпкесі түгесілмейтін үй шаруасының бір пүшпагын үстап, ол кісі де үй көрмей жоғалады дейді. Шешесі қаршадай Дүкенді сыртқа шығарып, астына теке-мет төсеп, қолына екі тас үстательп, үй іргесіне отыргызып өзі жылқы саууга кетеді. Қол басында тас-ойыншығы, үй іргесінде жападан жалғыз қалған сәби тастарды бір-біріне соғыстырып біраз ойнайды, шекесінен күн отеді. Шешесі келе қоймайды. Біраздасын шекесі шып-шып тершіл теке-мет үстіне домалап үйиқтап қалады. Түс қайта шаруасын

тамамдал, үйге келген шеше баланы көтеріп, ішке енгізеді. Тесегіне жатқызады. Оянған соң тамағын береді. Ертесінде дәл әлгі сурет тағы қайталанады. Сыртқа шығарады. Таң ұстатаады.

“Бір-біріне соғыстырып, ойнап отыр”, — деп шаруасына кетеді... Төрт жасына дейін тілі шықпай жүреді. Кейін аңдаса — баламен айналысатын ешкім болмаған, сөйлеспеген, әйтпесе сәбидің дені- басы сау секілді. Сәби маңайындағы жарық дүниені езінше, өзгеше бояумен қабылдауға ерте бастаң дағыланған. Мектепке 6 жасынан барып, зерек оқығаны, алғаш жазған дүниелері 15 жасынан газет-журналға басыла бастағаны сол кезіне басылған бояудың молдығынан, бәлкім.

Бейнет дегеннен шығады. Атамыз қолы қарап отырмайтын, өзен алқабынан арық қазып, су шығарып бау-бақша еккен, әрі дихан, асау жылқыны жылдам бас білгі еткен әрі атбері кісі дедім әлгіде. Өзі бейнетқор болған соң, үйдегі балаларға да дамыл бермей шаруаға жегіп: “Малдың астын тазала!.. Суар!.. Жем бер!.. Шөп бер!.. Есіктің алдын сыйыр!..” деп жарлық беруден танбайды екен. “Жұмсайды” деп көршілердің балалары қыр асып қашатын көрінеді. “Бала кезімде жалғыз-ақ нәрседен қорқушы едім, — дейді Дүкең, — тапсырган шаруаны тындырмасын, мектепке жібермей қоямын” деген әке сезінен қорқады екен. Қашан сол шаруаны бітіргенше ешқайда шығармайтын. “Ал, мектепке барып сабак оқу — өз басым үшін нағыз жұмаққа жол алғанмен бірдей сезілетін, әрі демаламын, әрі қиялым байиды, әрі балалармен ойнап үлгеремін...”

Осыны айтқан Дүкең қыр астында қалған балалығын сағынгандай елеңдеп біртүрлі күйге түсіп, қабағына мұн көленкесі қалқып ойланып отырып қалады.

Жастайынан терін тамшылатып, белін бүгіп кетпен шабу, күрек ұстау, кітап көрсе шаншылып отырып оқып шығу, үлкендердің әңгімесін құлағына сіңіріп өсу — осы күнгі қай-қай бейнеттен бойын тартпай, кіріспін кететін мінезін әу бастаң-ақ қалыптастырып үлгерген секілді. Жазу — инемен құдық қазғандай жұмыс. Бұғінде газет, журналдан тапсырыс түссе — ойланып алып ыргалып-жыргалмай, бәлсінбей, бір отырганда жазып тастайтыны; басқа біреулерге соншама қын көрініп пәлен жыл шұқынып жазған ғылыми жұмыс-

тарын, рефераттарын оқи салып: “Мынаны жазуға пәленше бір жылын сарып етіпті, мұндай шатты-бүттыны бір ай ішінде шимайлап шыгар едім”, – деген сөзі Дүкенің мақтаншақтығы емес, имандай шыны екеніне көміл сенемін.

Атамыз шақырган жерге бала – Дүкенді ілестіріп жүретін көрінеді. Баланың құрбылармен қосылып ойнағысы келеді. Ал, үлкендер бас құраган жер өңгіме-дүкеннің ордасы. Өзге балаларға ұқсап, тамағын тойғыза салып, сыртқа сыйыла жөнелген бала – Дүкенге әкесі дауыстал: “Отыр осында, тамак үшін келген жоқсың!.. Үлкендердің сөзін тында!..” – деп шоқитып отырғызып қоятын секілді. Үйге кісі келсе де дастарханның жиегіне шегелеп, “сөз тында!”, – деп шоңқитатын көрінеді. Үлкендердің сөз саптасы, тілдесуі құлағына мол-мол сіңгені сонша, бала жасынан жазуға құлшынып, “Отырар”, “Түркістан” хикаяттарын университетті бітірер-бітірместе дүниеге әкелуі сол үлкендер өңгімесінің құлағына сіңген өсерінен деп ойлаймын.

Атам мен енем туралы ауылдағы ақсақалдар мен әжелдерден жақсы-жақсы ілтиплатты сөздер естігенде, бүгінгі біздің шаңырағымыздың ғүлдеп, балаларымыздың өсіп-оніп, Дүкенің абырайлы болып жүргені – сол екі кісінің адап еңбек, мандай терінің жемісі ғой деп ойлаймын.

“Жүртқа жасаған жақсылығың балаға қайтады” деп жатады ғой. Құдайға шукір, атам Досжан мен енем Жәмила-ның төрт перзенті – Дүкенбай, Базарбай, Ділдәкүл, Ләйланың отбасылары ауызбірлікті, бала- шағаларымен өсіп-өркендеп отыр.

Енем жас кезі жайлы менің қолымда тұрган кезінде өңгіме айтып беретін.

“...Ой, мен жасымда сен сияқты бойشاң, жарамды едім” деп бастап, мені өзіне ұқсатып қоятын енем. – Ол кезде қыста қыстауға, жаз жайлauғa қошіп-қонып жүреміз. Қазақтың қатыны байғұсқа үй жығып, үй тіккен деген азап жазылған ғой мандайына. Сонда мен алдымен үлкен қайынағаларым Сейілбек (“Мейілбек” деп бұзып атайдын), Сәрсен, Ералылардың үйлерін тігісіп болып, өз үйіме баратынмын. Сонда сол үйдегі енелерім: “ Ой, шырагым, көп жаса! Бала-шағаңның рәтін көр! – деп бата беретін. Міне, сол баталары дөп тиіп, көп жасап, аталарынан кейін

отыз жыл болды, сендердің жақсылықтарыңды көріп отырмын”, – дейтін.

Мен аяғым ауыр жүргенде, үйге базардан ас-ауқат өкеле жатқанда, жол-жөнекей кершілер, бала-шаға сөмкемді кетерісіп жіберетін, соны апама айтып келемін, бүгін анау, кеше пәленше көмектесті деп. Сонда апам: “Ой, шырағым жер бетінде жақсы адамдар көп қой, әйтпесе жер төңкеріліп кетпей ме”, – деп разы болатын сол жақсы жандарға.

Кейде апама: “Осы құдай неге жамандық тілеген адамдардың тілегін орындағай қоймайды, сонда ешкім жазықсыз жапа шекпес еді”, – десем, ол кісі: “Құдай көкте отырып құлдарымның тілеген тілеуін бердім”, – дегенде оның арасында жақсы тілеумен қатар жаман тілектер де кетіп қалағы той. Өмірде қайdan бәрі жақсы бола берсін. Жамандықты көріп жақсының қадірін білесің балам”, – деп отыратын.

Өте әңгімешіл, жады мықты, көшіл адам болатын жараптық. Мен қызмет істеп жүргенімде, кешке қарай жұмыстан келіп, тамақ жасап, жарыстыра еден жуып жүрсем, артымнан еріп жүріп әңгімесін айтатын. Сенбі-жексенбі күндері үйде болғанымда екеуіміз ақ самаурынды ортага қойып алып үза-а-қ әңгімелесіп шәй ішетінбіз. Біздің шәйқұмарлығымызды қөрген қайынсіzlім Ләйлә тоққа қосатын ақ самаурын сыйлаған, сол апам екеуіміздің демалыстағы ермегіміз болатын. Одан Айнұрды киіндіріп алып аулаға шығады жеткеп, көршілермен әңгімелеседі. Сонда айтатынының бәрі онеге, тәлім-тәrbie.

2005 жылы “Алматы ақшамы” газетінде “Қайран біздің аналар арды ойлаган” деген рубрика аясында Қали Сәрсенбайдың “Нұртөрөнің анасы” атты мақаласы шықты. Осындағы тақырыпқа мақала оқымағалы қай заман. Баяғыда Әбіштің анасы, Асқардың анасы, Қайраттың анасы, Алтыншаштың шешесі деген Ел аналары туралы жазылып, олардың актілеу, адал пейілдері жайында аңыздар айттылып жататын. Соларды оқып өскен біздерге Әбіш пен Асқардай үлдарды туатын аналардың жаратылыстары бөлекше болатындақ көрінетін. Сол арна үзіліп барып, “Алматы ақшамы” қайта жалғастыргандай болды.

“Бірде Нұртөрөні іздей барғанымда, Рәбіға шешей есіктің алдын сыпырып жүр екен. Қапелімде ауызға түскен сөз осы ма, білмедім.

— Оу, апа, мұныңыз қалай, келіндерге сыптыртпайсыз ба ауланы? — дедім.

— Келіндерге басқа жұмыс та жетеді. Күйеулеріне қарасын. Балаларымның, азаматтарымның жолын тазалап қойып жүремін осылай. Азаматтар ақ жолмен жүрсін, жолында қыл-қыбыр жатпасын, — деді шешей.

Осы бір сөз есіме түскен сайын біртүрлі барапттанып кетемін. Осы бір аналық ақ тілеу ұлт жұмысына жегілген Алаштың ардақты азаматтарының бәріне арналғандай болады да тұрады. Сол азаматтарды да алысқа апарған осындай АナンЫң ақ тілеуі, адал пейілі ғой.

Енді мынаған қараңызыш! Он оқу тауысса да үрпағына онды сөз айта алмай, түзу тірлік жасай алмай өтетіндер аз ба? Ал енді бар ғой, мына бір шүйкедей қара кемпірдің бір ауыз сөзге сыйдырып айтқан даналығына мен әлі күнге қайран қалып жүремін.

Кеудесіне осындай даналықты қондырган қарапайым аナンЫң перзенті Нұртөренің де алысқа баратын азамат екеніне бұдан кейін қандай шүбә болады.

“Қайран тектілік, сен әлі тірі екенсің ғой”, — дейді майталман жорналшы. “Нұртөре” деген жігіттің тегі Жұсіп екенін айтсақ болды халыққа, ұлтым деп жүрген ұлын халқы өзі таниды.

Осыны оқып отырып менің енемнің де бес уақыт намазына “Елімді аман ет, ел басқарған патшага тыныштық бер”, — деп тілей келе өзі білетін, білмейтін елінің азаматтарына Алладан шарапат тілеп отыратыны түсті. Асыл аналарымыздың осындай ақ-адал пейілдері мен көл-көсір мейірлері шыгар азаматтарымыздың жолын ашып, өмірімізді нұрландырып жүрген.

Енемді есіме альп, кітапқа атын жазып отырғанымда аナンЫң ақ батасы, ененің келіні алдындағы жауапкершілігі, келіннің ене алдындағы парызы, әйелдің екінші бір әйел алдындағы парызы мен қарызы жайында жүрегімді толғантып жүретін, менен де басқа әйелдер де білсе еken деп ойлайтын бір жағдайды айта кеткім келеді. Осы кітаптың барысында мен өзіммен замандас талай қазақ әйелі туралы жас келіндерге үлгі-өнеге болатын естеліктер айттым. Енді өзім әйелдік ерлігіне, кең жүрегімен жайсан жаратылысына таңырқап қарал, құрмет тутатын бір әйелді атап өтуді жөн көрдім.

Ол – Қасия Қадырқызы. Қазақтың марқасқа ұлы, аты аңызға айналған зангер, академик Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев ағамыздың құдай қосқан жары. Қос жанары қарақаттай, езі қуыршақтай осы әйелдің қажыр-қайратына ғана емес, қосағы алдындағы парасатына тәнтімін. Ол кісінің жаратылышы, адамгершілігі туралы көп әңгімелер айтуға болар еді, мен тек кез келген ақжаулықтыда кездесе бермейтін “ерлігі” туралы баяндап берейін.

Мақсұт ағамыздың алғашқы жұбайының аты Париқа екен, сонау Талдықорғаның Еркін деген ауылында бас қосып, он бес жыл отасып, екі перзент сүйеді. Мақсұт Сұлтанұлының анасы – Зейнепқұл Қойшыманқызы жалғыз ұлын көзінен таса еткісі келмей, бала-шагасымен қолында ұстайды. Сол он бес жылда келін мен ене талай ащыласып, талай татуласады. Бұлар жайында ол кісінің жеке өмірінен арнағы жазылған кітапта кеңінен таратылып айтылған. Ерлізайштылар дәм-тұздары жараспай ажырасады. Ұлы әжесі мен әкесінің қолында қалады. Араға жыл салып, Мақсұт аға Қасия деген жас қызға үйленеді. Одан екі ұл, екі қыз сүйеді.

Зейнепқұл апа Қасиямен өте жақсы қарым-қатынаста болып, оның шешесі Фатима екеуі Нәрікбаевтар отбасының берекесіне айналады. Қос қария егіздердей болінбей, отыз жыл балаларының қызықтарын бөлісіп, немерелерін бірге өсіреді.

Мақсұт пен Қасия отыз жыл отасып, Нәрікбаевтар әулеті өсіп-оніп, дәулетіне дәулет, сәулетіне сәулет қосады.

2005 жылы Зейнепқұл апа келінің шақырып алып:

– Мен болсам биыл сексеннің бесеуіне шықтым. Әуелі Құдай, соナン соң сендердің арқаларында өмірдің рахатын көрдім. Соңда да жанымды жеп жүретін бір сырым бар. Ол осыдан отыз жыл бұрын көрместей болып кеткен алғашқы келінім Парықаны көріп, өзім кешірім сұрап, оның да жіберген қателіктеріне кешірім етіп аузыммен айтып кетсем. Сен бізді кездестірсөн, – дейді.

– Мен бұл мәселені erteңге дейін ойланып барып жаубын берейін, – дейді енесіне Қасия.

Күйеуіне “Алам Парықаны көргісі келеді” деп бастасақ “қалған көніл – шыққан жан” дегендей, әбден көнілі қалған Мақсұт Сұлтанұлы азар да безер болады. “Алан

екеуің ерігіп, бастарыңа бөле тілеп жұрсіндер, оның шошқа мінезін апам білетін еді ғой...” – деп ренжиді. Қасия ары-бері ойланып, қалайда қарияның өтінішін орындағысы келеді де, енесіне “Апа, сізге келініңді көрсетемін, осында алдыртамын”, – деп қуантып қояды.

Сол жылы Зейнеп апаның тұнғыш немересі, Париқадан тұған үл қырыққа толмақшы екен. Соның мерейтойын сылтау етпек болады. Қасиет осы шаныракқа түскенде, сол бала он бес жаста болып, әжесінің баласы “тәте” деп кетеді Қасияны. Енді сол ұлымен сейлесіп, жағдайды айтса, өз шешесінің мінезінен қорқып, “мен аңға кетем, өздерің шешіндер”, – деп қашады. Күйеуі тіпті асау. Ененің өтініші анау. Қасиет қызыл оттың ортасынан әйелге тән ақыл-айласымен жол табады. Баланың тұған күн тойына Париқаны шақыртып, енесімен, ағайын-туыстарымен қайта табыстырады. Кезінде жастықтың қателестіргені болар деп Париқа да енесінен кешірім сұрап, ел-жүртімен амандасады. Зейнепқұл ала сол жылдың мамырында қайтыс болды. Содан бері қасиетті енесінің бір ауыз өтінішімен баяғыша айтқанда құндысінің де алдына жығылып, сабырлы да салиқалы бәйбішелік танытқаны үшін Қасия Қадырқызын қатты сыйлаймын. Бұл жағдай қандай әйелге болсын үлгі болып, өнеге алуға тұрады деп ойлаймын. “Кең болсаң кем болмайсың” деген осы шығар.

Бүгінде келіндерге өткенін айтатын ене азайып кетті, содан да шығар алдыңғы толқынның жіберген қателіктерін кейде кейінгі толқын қайталап жататыны. Егер де енелері уақтылы ескертіп, оны келіндері тыңдалап отырса, сол қателіктерге соқтықпай бұдан да ілгерілеп кетер ма едік.

Апаммен тұрган жылдары Дүкең мені тыңдамаса, кеш келсе, үйге қажетті талабымды орындағаса “апама айтам!” деп қорқытатынын. Сонда кей кездері жыны ұстаган Дүкең: “Осының бір апасы бар, ал қалаганыңды істе”, – деп айтқаныма көне кететін, кешігіп келсе ертесі апамның алдында қыпактап отыратын.

Апам барда үйден ауылдың азаматтары үзілмейтін, апам барда құнара тек ет пен қамыр тамақ жейтінбіз. Апам барда мен өзімді жаңа түскен келіндей сезінің, Дүкең осы үйдің үлкен, тентек баласына ұқсайтын. Апам барда Досжан өулетінің бала-шағасы біздің үйде жата-жастана тұра беретін.

Апам барда біздің үй – шағын ауыл сияқты болатын ғой,
шірке-е-е-н!

Сонда былай деп жырлайтынбыз...

Эттең Апа, қалғаныңды-ай қартайып,
Шаңырақты құзетесің қалқайып.
Сен аманда, жапырақтай болсаң да
Біз жүреміз өзің бар деп марқайып.

Отбасында, ортасында өулеттің,
Отырасың өзің жиған дәuletтің.
Немерелер, шеберелер, шөпшек бар
Көкесі сол, өзіңе сөн-сөүлеттің.

Апа, саган барсақ жасап қаламыз,
Нәрестеміз – ұлымыз да данамыз.
Еркелейміз жатып алып алдыңа,
Ұмытылып үйде бала-шағамыз.

Ұмтылады қу тірліктің күйбені,
Әлдилейсің бөлеп жанды күйге мың.
Тарқатпаши айналайын жан Ана,
Сол жұмақты біздер өскен үйдегі.

Бұл өлеңімді апаммен бірге өткізген соңғы жазда шыгарғанмын.

Менің ол кісіге деген барлық махаббатым, құрметім осында жатыр. Өзімнің әкем де, анам да ертерек қайтыс болып кеткен соң енeme, бейне анама еркелегендей, Дүкеннің жалғыз ағасы Базарбайға әкеме еркелегендей еркелеп отыратынымын.

Апам екеуіміз қатты әзілдесетінбіз. Біздің қолымыздан жасы үлгайған соң: “Шалыма жақындай берейін” деп елдегі үлкен ұлы Базарбай мен келіні Қызысұлудың қолына қоныс аударған. Біз ол кісіні қөруге наурызда және жазда, еңбек демалысымызды алғанда барып, жанында аунап-кунап жатынбыз. Жасы тоқсаннан асқан соң-ақ: “Осы жолы сендер келтінде өле салсам, сендер екі келіп өуре болмайтын”, – дейтінді шығарды. Мен: “Апа, сіздің шалыңыздың қасына баруға неге асығыш отырғаныңызды білемін”, – деймін қула-

нып. Апам өзі аңқаулау болатын: “Е, неге?” — дейтін. “Шалымның жаңына бара қалсам, ол кеткелі бергі жер үстіндегі әңгімені сапырып, рахаттанып отырсам” — деп ойлайсыз гой, иә” — десем: “Енді ше, ол кеткелі жиырма жыл болды” — деп қалады. “Немене осындағы қартайш мұжырайған кемпірді атам күтіп жүр дейсіз бе. Ол баяғыда-ақ жастай өлген бір келіншекті алып алған, енді барсаның соның баласын бағасыз” — деймін өзілдеп. Апам: “ой, құрығанның қызы, айтпайтының жок” — деп көзінен жасы аққанша құлетін.

Өмірінің соңғы жылдары көз жаңына әлсіреп қалды да, бізді қолымызды ұстап, не даусымыздан танитын болды. Дүкеңнің қолын ұстап, сипалап отырып: “Дүкеңжан, бағуың жақсы екен”, — дейтін. Менің қолымды ұстап: “Сәуле, сен жүдеумісің, саусағың шидей гой” — десе, Дүкең: “Апа, келінің жүқа мешкей, әйтпесе бағып-ақ жатырмыз гой”, — деп құлетін. Мені “ақпейіл, алакөйлегім” — деп еркелетіп отыратын.

Дүкең апама өзінің атын “Дүкеңбай” деп қойғаны үшін ынты-шынтысымен реңжитін.

Атам Досжан алғашқы әйелі үлкен апамыз “Теңгекүл” деген бір қыздан кейінгі балада туыт үстінде кетіп, жасы қырықтан асқанша қайта перзент көрмей жүріп ернін жібіткен ұлының атын Базарбай қойыпты. Одан кейінгі қыз перзенті — Ділдәкүл. Екінші ұлы — Дүкеңбай туылғанда атам елуғе жақындал, апамның өзі 37-ге келіп қалыпты. Атамыз жасы келіп қалған соң әскерге алынбай, броньмен қалып, Қаратай ішіндегі “Ынтымак” колхозының төрағасы болған, сол елдін әскерге кеткен азаматтарының отбасы мүшелерінің амандығы мен малын сақтауга жаңын салып бейнет кешіпте. Тасты ойып су шығарыпты, тал тігіп тынбайды екен. Осы күні Қаратай ішінде, Ақүйік өзенінің бойында “Досжан бауы” деген шоқ-шоқ қара ағаштар сол кісінің еңбегі.

Софыс жылдары Қаратай үстінде көрік басып, темірден түйме түйген Ақәділ деген ұста өмір сүріпті. Жарықтықтың қасиеті сондай, ұстаханасында өзі жоқта да көрік басылып, балға соғылып жатады екен дейді көргендер. Ол кезде ұстахананы “түкен” дейді, ұстаны “түкенші” деген. Апамыз көңже ұлын босанатын түні Ақәділ түкенші түсіне кіріпті. Шаршаган кезде көзі ілініп кетсе керек. “Келін, перзентің тұрактамай, жыртық көңіл болып жүрсің, мына көсөуді алшы”, —

деп үлкен бір бұйым әкеліп қолына ұстатьпты. Апам көп ұзамай ұл босаныпты.

Жалғыз ұлының артынан іні еріп, атам ауылға ат шаптырып, нәрестеге ат іздеп жатқанда апам түсін айттыпты. Ауыл қариялары : “Онда бұл баланың атын Дүкенбай қоялық, өрі ағасы Базарбайға үйқасады”, – деп үйғарым жасайды.

Содан әлі күнге дейін Дүкенбай шешесіне өкпелі. “Сіз үндемей тұрганда, маган бір жақсы ат қояр ма еді, ең болмаса Ақәділ деп өулиенің өз атын қоя салмадындар ма” – дейді ғой. Апам: “Түсінде аян берген атты қоймаса болмайды, кез келген бала туылғанда анасына аян берілмейді. Ал аяномен тұған балаға – құдай бақ-дәулетті мол ғып береді. Сен неге маган өкпелейсің, басындағы бағың – халық танитын азamat болдың, дәулеттің де ешкімнен кем емес. “Дүкенбай” деп едік дүкенің бар, асханаң бар” – деп отыратын.

Шынында, жұрт жаппай жеке кәспікерлікпен айналыса бастағанда, мен де кірісіп кетіп, бір дүкен, бір кафе ашқан болатынмын Алматыдан. Дүкенді “Айша” деп менің анамың құрметіне, кафені “Жәмила” деп Дүкеннің анасының құрметіне атадык.

Апам жасы тоқсанға келгенше бес уақыт намазын тастамады. Біз жасымыздан атеист болып өстік қой, несін жасырамыз. Мениң өзіме апам құран үйретті, ауызша жаттатып. Екеуміз қолымыз босаса “Құран көрімді” оқытынбыз. Жады мықты болатын, естігенін де, көргенін де өмірі ұмытпайтын. Жасы жүзден асқанша баяғыда қайтыс болып кеткен ағайын-туыстарымыздың руынан, жолынан жаңылыспай, аты-жөндерін шатыстырмай бала-шағаның ортасында олар туралы әңгіме айтып, жақсы істерін, енегелерін шежірелеп отыратын. Апамның әңгімелері арқылы өuletіmізге қатысты туыстардың бәрін танимын, түрін танымасам да аталарын, аналарын айтса болды, есіме олар туралы жақсы сөздер орала кетеді.

Апамнан қолына келін болыш түскен жылы: “Апа, өмір бойы керек болатын бір ақыл айтыңызы, есімнен шығармай жүретіндей”, – дегенімде ол кісі “Қашанда сабырлы бол, кез келген іске сабырмен қарасаң, онынан шешіледі. Ашуланғанда сабырды есіңе алсаң, сабаңа түсесің, бір қателіктен құтыласың. Құдай да сабырлы пендесін жарылқайды екен”, – деді.

Шынында, енемнің сол ақылы қашанда менің жүргімнің төрінде тұрады. Тіпті жаратылсы мазасыз Дүкеңнің өзіне “апам сабырлы бол” деген деп есіне салып қоятыным бар. Сол сабыр мені талай жерде қорғап, талай жерде демеп, талай жерде қындықтан алып шығып, бақытқа бастады. Апам осы ақылы арқылы мен үшін өлмей, әрқашан менің жүргімде жасап келеді.

Мен “Жыр тәж” деген кітабымның ең соңғы бетінде апама арнап бір өлең басып, аяқтадым.

Апама

Менің енем жүзден асып барады,
Соңғы он жылда құңгірттеніп жанары.
Қалғанымен, отырып-ақ біледі
Дүниенің аргы-бергі хабарын.

Көре ме екен көкірегінің көзімен,
Салмақтайды жүргімен сезіне.
Сөз саптаса өткенінен сапырып,
Жол көрсетер көзі бардың өзіне.

Таланына талай соғыс дөп келген,
Жақсыны да, жаманды да көп көрген.
Қос ғасырдың таңыменен таласып,
Қос ғасырда төрт патшаны өткерген.

Шүйкедей-ақ, бірақ рухы шокпейді,
Қоғамды да, адамды да сөкпейді.
“Не көрдіңіз?”— деп сұрасаң, жарықтық
“Жақсы адамдар дүниеде көп дейді”.

Сегіз мүшел көріпті өмір сүргелі,
Байлық арсыз бір кетіпті, бір келіп.
Баянымен бұл өмірде қалғаны
Өсіп-өніп ел болыпты іргелі.

Құранда “алдымен жақсылықты анаңа жаса, анаңа жаса, тағы да анаңа жаса”, — деп қадап айтқан екен, қашанда анамызға жақсылық жасауга, бұл дүниеден өткенде атына

жақсы сөз ілестіруге жазын. Қолымыздан келгені – ол кісілерді жалықпай кейінгіге айтып өтуғой!

Асыл Анызы Жәмила Жанұзаққызы 1903 жылы туылдып, 2004 жылдың 11 қаңтарында дүниеден өтті. Дүкен апама арнал “Төрт патшаны қөрген кейуана” деген повесть жазды. Ол хикаятты өзуелі “Ақиқат” журналында, сосын “Үш тағдыр” жинағында басылып шықты. 2005 жылы “Қасиет” баспасынан “Үш тағдыр” деген атпен кітап болып шығып, сол жылғы б қарашада Келінтөбе ауылында жылын бергенде, менін “Жыр тәжіммен” қосып асқа келген халыққа тараттық. Анының асын “Ел анасы” деп Жаңақорған ауданы әкімшілігінің үлкен іс-шарасы ретінде өткізуге бас болған аудан әкімі Нұрлыбек Жаңабаев пен орынбасарлары Серкожа Ыңдырысов, Әмірсерік Шарабасовтарға, ауылдың бас иелері Жәнібек пен Керімқанға, “Келінтөбе” ауылының әкімі Мырзахмет бауырымызға да отбасымыз атынан алғысымызды білдіреміз.

* * *

Дүкен екеуіміздің бірге тұрған бақытты өміріміздің он төрт жылы Алматы қаласындағы Жамбыл мен Нұрмақов көшесіне “Г” әрпі секілденіп орналасқан бес қабатты кірпіш үйде өтті. Бұл үйді қазақ әлітасы “Ғалымдар үйі” деп атайдын. Бір жағы – “Жамбыл, 175” болып келеді де, екінші саласы “Нұрмақов, 81” – деп аталады. Біз сол 81-ші үйдің 114-115-ші қос пәтерінде бір қабатты түгелге жуық алып тұрдық.

Подъезімізді “Профессорлар подъезі” деп атайдын. Кілең бір ғылымға еңбектері сіңген ығай мен сығай, “пәленше көршім” десен қез келген қазақ елең ететіндегі азаматтар еді.

Бірінші қабатта – ұлты орыс, профессор.

Екінші қабатта – әйгілі этнограф, профессор, ғылым докторы Халел Арғынбаев тұратын, әйелі - Әмина тәтеміз де ғылым докторы, экономист.

Ушінші қабатта – химия ғылымдарының докторы, профессор Отан Алмабеков тұратын, әйелі – Әлия женешеміз медицина ғылымының кандидаты.

Төртінші қабатта – Біз.

Бесінші қабатта – профессор, философ Ізбасар Ергалиев тұратын, әйелі – Нұрила ханым ғылым кандидаты, филолог. Оларға қарама-қарсы есікте – әйгілі академик Кемал Ақышов тұрды, әйелі Марал жеңгей де геолог, ғылым кандидаты. Мінекей, осындай отбасылармен құдайы көрші болу, “алыстағы ағайыннан жаңындағы көрші артық” дегендей, құдайы қонсыңмен туыстасып кету деген қандай ганибет.

“Фалымдар үйінің” тұрғындары есікпе-есік көршімен ғана емес, қазан-аяқ араласып-құраласып, олардың қонағы біздің қонағымыз болып жататынбыз.

Өзіміздің ауланы “Кенесары ауылы” дейтінбіз. Оған себеп, Кенес одағының кезінде-ақ ұлының атын Кенесары хандай болсын деп “Кенесары” қойған филология ғылыминың докторы, профессор, әдебиетші Зейнол Бейсенбаевтың ұлы ауладағы баланың үлкені болатын. Қазақтың батырларына тән мөрт мінезден есіп келе жатқан жасеспірімді барлық ата-ана жақсы көріп, балаларымыз соған елкітеп өсті. Кенесарының анасы – Жамал Манкееваның өзі ғылым докторы, профессор. Бір отбасында әдебиеттен екі ғылым докторы болғасын оңай ма, біздің Кенехан жапон тілінің майталман маманы болып шықты. Бүтінде Жапонның “Мегуми Корпорейшн” деген ірі компаниясының Қазақстандық өкілі болып істейді.

Майра деген өте тәрбиелі бір қазақтың қызына үйленіп, келер жылы ұл сүйіп, ұлының атын “Жантөре” деп қойып бәрімізді тағы бір қуантты. Ауламызды атымен атаған сон, Кенесарының осындай оғлан болып өскені біздің балаларымызға жақсы үлгі болды.

Сол “Кенесары ауылында” өскен Асқар, Әлемжар, Елдар, Еділ, Нариман, Артем, Мәлік пен Мәди, Дастан, Арман, Жиһангер бойларына ойлары сай болып бүтінде бір-бір жоғары оқу орындарында оқып жүр. Ал, Ажар, Ақмараттар үзатылып, кейінгі Анар, Айгүл, Ләйлә, Әлия, Тогжан, Ақтоқты, Карина, Айнур, Әсел, Даны деген қыздарымыз көркіне тәрбиесі сай болып, есіп, ата-ананың көз қуанышы, арман көкжиегін өрдайым кеңейтіп келеді.

Осы атап кеткен бозбалалар мен бойжеткендер “Кенесары ауылында” сексенінші-тоқсаныншы жылдары дүниеге келді. Олардың аналары – Шолпан, Нұрила, Гүлнэр, Магриппа, Манар, Әлия, қос Сәуле мен Зәуре, Әсия, Мәулікен,

Аманкеш, Гұлсім аулаға орнатылған сәкілерде балаларымызды ойнатып, өздеріміз сырласып отырушы едік. Арасында бөпелерімізге ақ мамаларын емізіп те алатынбыз. Бізге күллі үйдің тұрғындары қызығып қарайтын, ары-бері еткенде балаларымызды бастан сипап еркелетіп өтетін. “Кенесары ауылының” тұрғындары кілең ғалымдар, данышпандарғой, олар бізге үлтты өсіруші-тәрбиелеуші аналардай құрметпен қарайтын.

Ал, біздің қүйеулеріміз дүниедегі бақытты еректер еді. Кешке қарай олар жұмыстан шаршап келе жатқанда аулада балаларын алдарынан алып шығатынбыз, перзенттерін бір іскеген соң мейірлері қанып, өзара біраз шүйркелесіп алып, бізді өртіп, үйді-үйлеріне тарасатын. Осы дәстүр он бес жылдай уақытқа созылып, отбасыларымыз үшін “алтын ғасырдай” болды. Алтын ғасыр басымыздан дөңгеленіп жылдам өтті.

Сол кезде қатар туылып, бірге өскен балаларымыз бір атаниң баласындай тату, бауырмал болып өсті. Бүгінде жартысы Астанада тұрса да бір-бірін іздел, жазғы демалысында араласып түруға тырысады.

“Кенесары ауылының” тұрғындарында тағы бір ерекше дәстүр – балалардың туылған күнін бәріміз бірге атайтынбыз, әке-шешелері тойлап, балаларымыз ойнап жататын еді. Біздің кеңжеміз Әсел сол ауладагы ең кішкентай бөле болды. Ауладағы бала біткен Әседдің бесік арбасының жанынан шықпайтын. Тұсауын Мағрипаға кестіріп, аяғын тәйтій бастьрып, жетелеп, тілін қызықтайды. Әседді туғанда мен қатты ауырдым, бірге жылдай отбасым қиналды. Сол кезде Ізбасардың Нұриласы көп көмек көрсетті. Содан риза болған Дүкен бір күні: “Мениң балаларымның кіндік шешелері болмаушы еді, осы Нұриланың Әсед мен мамасына сінірген енбегі зор болды. Сондықтан Нұриланы Әседіміздің кіндік шешесі деп ағайын-туғанның алдында жариялагым келіп отыр”, – деді. Сол күннен бастап Нұрила апасы Әседді өз қызындай көріп, екі ұлына қосып өсіріп келеді.

“Кенесары ауылындағылар” барлық мерекелерді бірге тойлайтынбыз.

Әсіресе, наурыз мерекесі біздің ауладан басталады десек те болады. Әйелдер жағы қыстан қалған сүрімізді асып,

қазақтың үлттық женсік астарын өзірлең, наурыз көжемізді пісіріп мәре-сәре боламыз. Еркектеріміз балаларын ертіп алғы әрбір үйдің көжесінен дәм татып, баға беріп жүреді. Қонақ күтуден, наурыз көже салудан Ізбасар Ергалиевтің Нұриласындай аспаз құллі Алматыда болмайтын шығар. Қабдеш Үйдырысовтай татар әнін шырқайтын азамат Қазакстанда жоқ шығар. Нұрмақовта тұратын аға-апаларына қызмет жасап, ортамызда жастардан Сәulet пен Рәзия жүретін. Ол екеуі кейіннен қызметпен Астанаға ауысып, елордада арала-сып келеміз.

Бұгінде Астанада сол көршілерден Магрипа, Нұрила, Қабдеш пен Гүлнар, Серік Негимовтердің отбасылары, Кемал Ақышев ағамыздың жары Марал, Нұриланың анасы Қаншайым апамыз бар ортамызда, қайтадан баяғыдай дастар-қанымыз ортақ, көnlіміз жарасып жүрміз. Балалардың алды студент, кейінгілері мектепте оқып жүр.

Ауладағы барлық әйелдер дерлік ауыз бекітеміз. Ораза кезінде кезек-кезек ауыз ашарға шақыру басталады. Кейбіреуіміздің қүйеулеріміз сауышылықтарына байланысты ауыз бекітпесе де бізге еріп алады. Әсіресе, Дүкен: “менің күнөларымды Сәуле ораза ұстап тазартып береді”, – деп әзілдейтін, өзінің бауыры ауыратындықтан аузын бекітпейтін. Отыз күн оразада балаларымыз да еріп жүріп үлкендердің әңгімесін тындал өсті. Әсіресе, Зейнол Бейсенбаев отырған жерде орысша сөйлеу деген үлкен дау, масқара болатын. Орыс мектебін бітірген кілең доктор әйелдер мен кандидат көліншектер Зекеңнің алдында қыздай сыйылып, қазақша сайрап тұратын. Еркектің алдын кеспей, еркексіз дастарқанға отырмайтын шаңырақ аналары болды.

Біздің аулада пәлен екен, түген екен деген өуесқойлық өсек сөздер айтылмайтын. Дүние-бәске, киім, сән-салтанат жарыстыру деген болмайтын. Орталарына сырттан келе қалғандар жұбайларымыздың ғылым, әдебиет, өнер, ұлт келешегі туралы әңгімелерін естіп, балаларымыздың өнерін тамашалап таң-тамаша қалатын. Әрбір шаңырақ иесі “Кенесары ауылында” тұрып тәрбиесіз отбасы, тентек бала, ақылсыз қыз атанбауга тырысатын. Маңайымыздың бірен-саран басқа ұлт отбасыларының өзі бізге қарап бой түзейтін.

Міне, осындаи ерекше ортада қазақтың классик жазушысы Дүкенбай Досжанов небір керемет шығармаларын

күндіз-тұні тыным таптай жазып жататын. “Абақты”, “Тарзы”, “Абай айнасы”, “Екі дүние есігі”, “Құм кітабы”, “Құмда қалған кемелер”, “Дала гладиаторлары” т.б. “Кенесары ауылында” жарық көрді.

Бақ қонып, қыдыр дарыды. Қазақстан республикасының Мемлекеттік сыйлығын және Ұлттық Мұхтар Әуезов атындағы сыйлықты алды. Осында Айнұрымыз бер Әселіміз дүниеге келіп, Райгүліміз тәлім-тәрбие алып өсті. Ардағымызды үйлендіріп, Алушымызды жеке шаңырақ етіп ұзаттық.

Анамыз Жәмила қолымызыда тұрган жылдары аулаға шығып, келіндерімен сөйлесіп, жұмыстан қайтқан қазақтың марқасқаларының сөлемін алып, өңгіме щертіп отыратын. Басында ақ жібек қарқара орамалы бар, ұлттық өрнегі төгілген қамзол, кебіс-мәсі киген апам аулада сәкіде төбедей болып отырганда, ары-бері өткен исі қазақ танысынтанымасын амандаспай етпейтін. Оған үлкен кісі мәз: “Осы сендердің ауланың адамдары қазақы, орысының озі қазақ секілді. Ана Ләйланың үйіндегі көршілері орыс бол кеткен”, – деп отыратын. Кейін апам елге кеткенде, Аманкеш, Нұрилалар біз арқылы сәлемдеме беріп жіберетін. Апам да жасы жүзге жетсе де солардың атын ұмытпай, елде жүрсе де өлгі келіншектердің балаларына дейін сұрап, құрт-майын беріп жіберетін, жарықтық.

Біздің Нұрмақовтағы шаңырағымызыда талай-талай тарихи оқигалар бастау алып жататын. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміздің рәміздеріне конкурс жарияланып, оған жұзденген талапкерлер қатынасыпты. Дүкенің Өзбекстанда тұратын досы – Жандар Мәлібеков елтаңба жасаушылардың конкурсына сызбасын жіберген еken. Жандар соңынан елтаңбасының жобасын арқалап Тәшкеннен келді, енді оның сызған өрбір сызығына талдау жасайтын жазбаша тұрде түсініктеме қажет болды. Дүкен қадалып отырып тұні бойы талдаپ, ондағы ай мүйіздер, қанатты сөйтүліктер, жұлдыз, шаңырақ т.б. рәміздің ғылыми түсініктемесін дәйекті дәлелдермен жазып шықты.

Сол жолы бейгеге түскен 300 жұмыстан біздің Жандардың елтаңбасы бірінші болып бейгеден келді. Комиссия мүшелерінің талабы бойынша біраз толықтыру енгізілген еді. Жобаның негізгі иесі - Жандар Мәлібеков еді. Елтаңба-

ның екінші авторы – қазақтың көрнекті сәулетшісі, баяғы Абылайханның ұрпағы – Шотаман Үәлиханов. Ол кісіні де осы жұмыс үстінде ата-бабасының аруагы желеп-жебеген деп ойлаймын өз басым.

Жандардың жұмысының бәйгеден келгеніне қуаныш, сол кездегі Қазақстан Жоғары Кеңесінің төрағасы Әбіш Кекілбаев пен рәміздер жөніндегі комиссияның хатшысы, ақын Ербол Шәймерденов үйімізге келіп, Жандар мен Дүкенің қуанышына ортақтасқан еді. Ербол Шәймерденов бүгінде еліміздегі тұнғыш рәмістанушы болып санаады. Дүкен сол жолы үйімізде Қазақстанның елтанбасын жасау бақытына ие болғаны үшін Жандардың иығына еліміздің дәстүрімен алғаш рет шапан жапқан.

Ол күнді Жандар ешқашан ұмытпаган болар.

Сол жылы Жандарға Нұрсұлтан Әбішұлы Алматыдан төрт бөлмелі пәтер берген. Онда кеңже ұлы Досжанды тұргызып, өзі Тәшкенде қалған. Арада бес-алты жыл өткен соң, Жандар досымыз тұған еліне қайта оралып, әйелі Ақшайы және екі ұлы отбасыларымен жаңа елордамыз Астанаға келіп қоныс тепті.

Сол Нұрмақовтағы шаңырағымызда өз басым Өзбекөлі Жәнібеков, Өмірбек Жолдасбеков, Қуандық Шанғытбаев, Қалтай Мухамеджанов, Зейнолла Серікқалиев, Кемал Ақышов, Халел Арғынбаев сияқты бүгінде ортамыздан озған ардақты ағаларымызға отбасымызды көрсетіп, батасын алғаным есімнен кетпейді. Жастығымыз ба, сол кезде төрімізде отырған әлгі ағаларға пайғамбарға жасағандай қызметті жасай алдық па, жоқ, жасай алмадық па деп кей кезде іштей қысыламын осы күні. Көкіректе жуылмайтын жақсы естелік қалды.

Сол қасиетті дастарханымызда Әбжан Құрышжанов, Мұхтар Әлиев, Сәйдәлім Танекеев, Зейнолла Қабдолов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағаун, Төлен Әбдіков, Гұманбай Молдагалиев, Қадыр Мырзалиев, Мұхтар Шаханов, Марал Ысқақбай, Оразбек Сәрсенбаев, Дулат Исабеков, Әнес Сараев, Бакқожа Мұқай, Төлек Тілеухан, Тынымбай Нұрмағанбетов, Мереке Құлкенов, Кеңжемұрат Дүкенбаев, Сұлтан Баймаганбетов, т.б. ұлттымыздың еңесі биік, қадірлі азаматтары отбасылық талай қуаныштымызға ортақтасып дәм татты.

Бұл үйімізге Дүкенің елінен, менің тәркінімнен ағайын-туыстар үзілмей келіп жататын.

Біздін балаларымыз да естерін білгенмен кісі күтіп, қызымет жасап өскен соң ба, қонақ шақырганды өте жақсы көретін. Үйіміздің қонақ бөлмесі екі бөлменің ортасын алыш тастап қосып жіберіп қайта жасатқан соң өте үлкен болатын. Балалардың кішкентай кездерінде әкесі бөлменің ортасына әткеншек орнаттырып қойған, екеуі ойнап жүрсін деп. Одан қалса ұзындығы он бір метр болатын кіре беріс бөлмеде екеуі үш аяқты велосипед теуіп жүретін. Әбіш аға кіріп келген кезде Айнұр мен Әселге: “Ой, Дүкештің қазы жеп, кәшөләй теуіп өскен кыздары-ай”, – деп еркелетуші еді. Екеуі қазы жегенді жақсы көреді, үйге қонақ келсе: “Папа, қазы берші”, – деп әкесінің жанында жүретін кішкентай күнінен.

Астанага келгелі аралас-құралас азайып қалғанға балаларымыз: “Біздікіне неге кісі келмейтін болып кетті, мама, сіз қонақ күтуден қашайын депсіз ғой”, – деп әзілдеп қояды.

СЕҢІҢ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫҢ-АЙ, ХАТТАРЫҢ...

Менің аса қадірлі бір дүнием болса, ол Дүкенің маган жазған хаттары. Сыртында Мұхтар Әуезовтың суреті бар маркалы осы бір хаттар — менің бакыттымның бастауы, ғұмырымның мәні мен мазмұны.

“Әр адамның жан дүниесінде сыртқа сездірмей сыйынyp жүретін өз құдайты болады: менің қазақ топырагындағы құдайым – Әуезов. Сол кісінің әруағы, сезім әлемі табыстырды бізді”, – деп жазады бір хатында. Иә, шынында біздер Мұхтар Әуезовты тану арқылы бір-бірімізді таптық. Сондықтан болар сексенінші жылдары басылып, тысында Әуезов суреті бар конверттен көп етіп сатып алған Дүкен ырым етіп хаттарын маган сонымен жолдаушы еді.

Біздің танысқанымыздың өзі қызық...

Мен мектепте оқып жүргенде Дүкенбай Досжановтың “Жібек жолы”, “Жусан мен гүлдер”, “Отырар” деген кітаптарын оқыған болатынмын. Ол кездері жалпы халық кітапқұмар, өнерге әуес болатын. Мектеп оқушылары бір-бірімізден кітап көрсек кезекпен таласып оқып, кітап оқу конференциясын өткізіп жатушы едік. Құрбы-құрдастар Төлеген Айбергенов, Мұқагали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шахановтардың жырын жатқа оқытынбыз.

Менің жеке кітапханамда әкем екеуіміз жиган мыңдан астам кітап болатын. Жетпісінші жылдар ғой... әдеби кітап табу деген қыын болатын. Поштамен ақын-жазушылардың көп томдықтарын жаздырып аламыз. Әкем – Мағазбек қарапайым колхозшы еді. Кітапты маған оқытып, өзі тыңдауға әуес. Менің асыл анам мен газиз әкемнің бауырындағы бақытты балалық шағымды ойласам, алдымен кеш бата жайпақ үстелде кітап оқып отырганым, әкемнің жастықта шынтақтап жатып кітап сезін үйіп тыңдайтыны көз алдыннан сағыныш болып елестейді.

Аудан орталығына бара қалса сондағы жалғыз кітап дүкеніне соқпай келмейтін. Ондағы сатушы қыздар жанаңдан келпен әдеби кітаптарға қосып, Лениннің, Марксің етпей тұрган саяси шығармаларын да қоса салып жіберетін қоржынына. Әкем сауаты жоқ кісі, бергенін алып кете барады.

Сол кітапқа құмарлығым менің өмірімнің бақыт кілті болды... Мектепте оқып жүргенімде “Қазақстан пионері”, “Ленишіл жас”, облыстық “Жетісу” газеттеріне шағын мақалалар жазып жіберемін, үйір тілінде аудандық “Или вадиси” мен республикалық “Комунизм туғи” газеттеріне де жазамын. Жазғандарым алғашқы жылдары анда-санда, жоғарғы сыйыстарға барғанда аптасына екі ретten шыға бастады. Бар арманым журналист болу. Мектепті бітірген жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетіне тапсырып, конкурстан өте алмай қалдым. Ол кездері журналистерді республика бойынша КазГУ-де ғана дайындастын. Менің бар тағдырым соган байланып қалғандай қатарынан үш жыл тапсырып түсे алмай, төртінші ретте дайындық курсына барып, өрең ілінгенім өзінше бір тарих...

Өз өміріmdі айта беріп қайтейін, тек Дүкеңе қатыстысын ғана баяндап берейін.

Мен өмірімді үшке бөліп қарар едім. Біріншісі – Атана бауырында, ол мектеп бітіргенге дейінгі жылдарым, екіншісі – Дүкеңе дейінгі жылдарым, ол – Алматыда адасып жүрген жылдарым, үшіншісі – Дүкеңмен басталған нәзік жандылардың бәріне бұйыра бермейтін жаратқан ие сыйлаган Әйел бақыты деген ғажайып өмірім.

Дүкеңмен жолыққанға дейінгі өміріmdі жырмен былай жеткізгенмін.

Ол “**Күлше қыз бен Ханзада**” деп аталады.

Шелкөденің ерке өскен елігі едім,
Тағдырымнан таяқ жеп келіп едім.
Алатауда адасып келе жатып,
Тарланбозым шыным ба, сені көрдім.

Күлшіндай боп жүргенде желідегі,
Жазғандарың жаныма серік еді.
Ханзадага кездескен Күлше қыздай,
Өнім бе әлде, түсім бе сені көрдім.

Сені көрдім, көрдім де өкініштен,
Өзімді-өзім жазғырдым, жекіп іштен.
“Неге ертерек, ойпырмай, туылмадым!”-
дегенді ойлап жандырды отым іштен.

Кеш қалдым-ау,
Қашанда кешігемін.
Деп жүргенде тағдырға өшігемін,
Кітабынды ап бір күні келіп тұрсын,
Күлше қызды түсірді есіне кім?

Күлше қыздан көрдің бе перизатты,
Тағдырынды шынымен беріп жаттың.
Жылы сезім көрмеген бейбак едім,
Ағыл-тегіл мейірден еріп жаттым.

... Осы өлеңнен бәрі түсінікті шыгар. Менің Ханзадам мені “Жазушы” баспасында корректор болып жүргенімде алғаш рет жолықтырды. 1987 жылы болатын. Дүкен Мұхтар Өуезов туралы “Мұхтар жолы” атты кітабын аяқтап, осы баспаға әкеleтті. Сонда таныстық. Ол жайында есінізде болса кітаптың бас жағында айтылған. Тіпті сонда алғашқы үш хаты да берілген, енді соған қалған хаттарын жалғастырсақ сөкеттігі жок шыгар.

Сонымен Дүкенбай Досжановтың Сөule Қожахметовага жазған хаттары төмөндегіше...

1987 жыл, 20.10.

Көлеңкелі күңгіртеу тұманды күз күнінде кезіктірген келешек сөулем, құшағымдағы ыстығым, уәдем мен шындығым менің! Жанынды жадыратар жақсы сөзді ұшырасқанда айтармын: мына қеудемді құртша кемірген екі сауалаға өз ойынды айтып, хат жазып жіберші.

Әкесінің: “Ізбасарды қаладан ешқайда алып кетпейсін, көріп, біліп тұруым керек”, – дегені, баланы сылтау етіп, күнара келіп есікті теуіп тұрамын дегені емес пе.

Соның: “Келешегі үй алып беремін” дегені – осы үмітке алданып, мәзденіп жүріп күте бер, оған дейін өзінің сауышылығын, төзімің, жаңа тапқан сүйіспендігің де суынып үлгерер, бір жақты болып қалар дегені емес пе. “Суытамын, есікті қағып тұрамын” демесе де, ашып айтпаса да – сіре мұз көңіл түбінде осы ойлар бұғынып жатқаны рас.

Күнделікті тіршілік күйбенінде жүріп мұндай логиканы ойлай бермессін.

Езіліп, еріп сүйіп қалдым ғой, сосын айтып отырмын.

Сені бақытты етуге күш-күдіретім жетеді, жақсым, ақылдым!

Жаттай-тұрмай заң жүзінде басынды босатып алғаның дұрыс мұндайда. Екі оттың арасында жүріп күйіп кетерсін.

Хат жазшы, Сөулем.

Өзінің Дүкешін.

PS: Бұрынғы отасқан, түсінісе алмай айрылысып кеткен азаматтың өзіме айтып, құлагыма құйып түршіктірген сөздеріне берген жауабы ғой Дүкенің.

25.10.1987.

Дүниедегі жақыным, Сөулешім,

Қалай жүргенінді ғой білетін секілдімін; не ойлап жүргенінді баяғының сөуегейлері секілденіп болжап бір көрім келеді. Мені ойлайсың, сосын Ізбасарды ойлайсың – ертеңгі құнім қалай болады екен деп көкірек көзің жеткенше көз жібергің келеді.

О дүниелік болып кеткен кісілердің рухы, аруағы өзін өте жақсы көрген адамның айналасында елес боп, бу боп елпектеп ұшып жүреді дейді ғой. Сол әкең- ақсақалдың жан әлемі тап кейінгі кезде ғой қуана қалбақтап, жаны жай тауып, “балам бақытты болады екен” деп жүргенге үқсайды, “аманатына” қуанып кеткені, бәлкім. Өзім ойлаймын: ол кісінің өлер алдында “есімімді жиі-жиі ауызга алып, айтып жүрші” деуінде де үлкен гәп бар, пәлсапа жатыр, сондықтан хал-қадірімізше, шамамыз жеткенше – желеп-жебеп жүрген жанын жай таптыруға тырысайықшы. Жақсы жүрші! Бұл тіршілікте жақсы жүру деген – сабырлы, ақылды болу, жақсы көретін кісінің айтқанынан шықпау болар.

Айтқаныман шықпаши, жаным, барым, барақатым, базарым.

Өзінің Дүкен.

Жаным-ау, сагынганда жазған сөздерім ғой: екі адамда, екі кеудеде жалғыз жүрек болғанын естігенің, сезгенің бар ма бұл тіршілікте: ол мына біздегі жүрек секілді ғой.

Бізде екеуара жалғыз жүрек қана екен, сол лұпілдеген тіршілік, сүйіспендей ieseін сақтай білейікші, жақыным.

“Көзіме жас бер, жылайын,
жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамал тынайын”—
деп ақын мына маған, саған сырғып сөз айтқандай ғой.

Қайтсек те бір-біріміздің жүргемізді езіле соғудан, сағынудан қорғап жүрейікші.

Желеп-жебейікші, жақыным.

3.11.1987.

Жақыным менің,

Адамның адамшылдығы өзгеге керектігімен өлшенеді де-
ген сөз бар. Өліп-өшіп жақсы көрген екенсің, өзінді сезіндіре
түскен екенсің — маған өте-мәте керексің, жарықтығым;
яғни, осы құйіп-жанып жүруінмен-ақ адамгершіліктің
белгілі бір сатысында тұрсын.

Тағдырымызды бір-бірімізге сеніп тапсырғалы тұрған
соң ойда жүрген мына бір жайларды көңіліце сала кетейін.
Кейінше, үйленгенде демей-ақ, қазірше, сын-белесте жүрмін
демей-ақ, адамның өмірі шексіз нөрсе емес қой; ең өуелі
менің жүйкемді, жан-жылуымды сақтауға тырыс. Бұл үшін
мені қызғаныш, өсек-аян, “анау аданы айтты, мынау мы-
наны айтты” деген нөрселерден ада-құде арылта жүр. Өзім
де бейнет десе өлген жанмын. Ойым, бойым тыныш болса-
ақ екі қолым алдымы сыймай, білек сыбанып шаруага
жегілемін. Ауру өйелмен, одан қалса кеткен өйелмен жа-
ғаласып жүріп дүниеге ең жақсы кітаптарымды берсем де-
геннен-ақ мінезімнің бір қырын байқаған боларсың. Бұл
бір.

Екіншіден, сырттағы кісілер, жора-жолдастар мені
ақшалы, бай кісіге санайды; шындығында, бұл нақтылай
шындық емес. Өзің ойлаши, Мәриям барда үйде береке

бар еді, соңғы алты жыл ішінде ит талаған қайыршының шапанында болдық. Ұлданың шығыны (кешірімінің өзіне 5 мың сом апарып берген) өз алдына, Ардақ Мәскеуде оқыды, шешемді қарап отырған жалғыз ағамнан да ештеңе аяған емеспін; оның үстіне Ділдаш өпкеме де Қызылордадан коператив үй сатып алғып беруге жәрдемдестім. Аз айт, көп айт – қазір құбатөбел ғана күй бар.

Ең басты байлыгым – өзінсің. Менде түскен табысты бүгіп қалу, жасыру деген болмайды, алдағы кезде не тауып, не қойғаным көз алдында тұрады. Бұл екі.

Мінезім түйік, тым жарқырап ашыла қоймаймын, сұықтау адаммын, мұның үстіне үй-ішінде, балаларымда, жұбайымда қатал тәргіл болғанын қалаймын. Кішкене дәталь: сен секілді жұбайым байқамай ғана, жұмыс үстеліне отырар кезімде “мына бір нәрсе жетпей тұр”, немесе “пәленше былай деп ғайбат сейледі”, – деп қалса – қолым жұмысқа жүрмей, шығып қалады. Қорқытқаным емес, шыным. Кінөмшіл, кіді мінезбен өмір бойына қүресіп келемін, осы жагы есінде болса деймін. Ал, жұмысым өнікті, ойым қанатты, көтеріңкі жүрсө – менен өтер анғал, анқау, анқылдаған адам жоқ. Бұл үш.

Тоқетері – сабырлы мінезіме ұқсап, тарта туған адамсың, мына кемшіліктерімді оқып-тоқи жүрсөң – бұрынғыдан да жақындаид түсуің анық.

Бұл өмірді бір адамдай танып-біліп келеміз гой, алдағы тіршілік тек қана құлкі, думан, сейіл деп түсінсең – қателесесің.

Алдағы өмір – қүрес, бейнет қана. Сол бейнеттің жемісін тери. Қыын жолда қажымай-талмай қасымнан та-былсан, менің жаман жағымды жасырып, жақсымды асырсаң ғана – үлкен бір елдің келіні атласың; Қыдыр айналып табалдырығынан аттайды... жаным, сүйіктім... анқылдаған бала мінезім... артта қалған жастығым... ертеңгі қыынға қаймықпай қарсы тұrap мықтым... Сәулетайым менің!

Өзіннің Дүкен.

Сагынышым, Сәулеңім!

Өзінді ойласам – жан дүнием алай-тұлней болып елжіреп, еріп кетеді. Мына уақытша қындыққа төзе алар ма екенбіз; сенің “бір сүйер адаммын”, “өзінізді ештеңеге, ешкімге айырбастай алмаймын” деген ынтық, ыстық сөздерің дәтке қуат, әйтеуір. Өзінді сырттай ойлап, бір көруге асық боп, іштей желеп-жебеп жүретін жақыныңың болғаны бұл дүниеде шын ганибет шаруа ғой, мыңың біріне ғана қонатын бақыт деп ойлаймын. Бізді бір-бірімізден құдай ғана алыстата алатын шығар-ау, сен менің түзде, өзірше бөтен үйде жүрген рухым, жаным, тірі бейнем секілдісің, Сәуле.

Откен тұн ерекше бір тұс көріппін: арамызда сақылдан ағып жатқан тау езені бар секілді, сен арғы бетте, маған жеткің келеді, мен өзім жандалбаса жүгіріп жүріп әлдебір ұзын сырық тауыптын, сол сырықты суға көлденең салған екем, қалт-құлт басып маған жақындал келе жатырсың, кол созымға жеткенде тәлтірек қағып құлап кете жаздадың, сені үстаймын деп өзім суға күмп беріппін. Әйтеуір сені көтеріп альшын. Жағама, мойныма оратылып орамалыңмен сүртіп, демінмен жылдытып өпектейсің келіп. Жағаға бір басып, екі басып жақындей бере әлденеден шошынып оянып кетіппін. Содан екі-үш сағат үйіктай алмай дөңбекшіп жатқаным. Жаным, жылуым, желеп-жебеушім, осы түсті жақсыға жорып көрелікші, мойныңнан мың мәртебе сүйдім.

Өзінің Дүкешін.

PS : Несіне жасырайын, сол тұні менде осы магыналас тұс көргенмін. Бүгінгідей есімде... Дүкең екеуіміз тауга қарай өрмелеген күзгі жапырақтар көмкерген жалғызаяқ, жолмен Алатауды бетке алып келе жатыр екенбіз деймін. Бір кезде аяғымыздың асты батпақтанып, белуармызга дейін лайы шашырап, берекемізді алды. Дүкен де, мен де үстімізді тазалап әурреміз. Әрең жүріп келеміз, біраздан соң алдымыздан сарқырап ағып жатқан өзен кездесті. Тазалығы сондай, астындағы тастары көрініп жатыр. Екеуіміз кешіп оттек болып аяғымызды салсақ, сұықтығы миымыздан шықты. Соган қарамай

Дүкең мені көтеріп алды да, өзенде кешіп өтті. Мен мойнына жабысын алғанмын. Аргы жағага шықсақ, гажайып. Жапжасын шөптөр мен ғұлдер көмкөрген қыр, аргы жағы ақбас Алатау. Біз қол ұстасын тауды бетке алып, жол тарттық.

Мен таңға жуық оянып, түсімді жорыдым. Қалай болғанда да Дүкең түрмисқа шығуга келісейін, баяғы бір қатыгез азаматқа бола өмірден сыңарсыз өтпеймін гой, жасым болса әлі жиырма жетіде гана. Менің жасымнан асқан кейбір қыздар әлі күйеуге де шықсан жоқ. Дүкең сияқты қадірімді білетін, іңкәр сезіммен сүйеттін адам бұл дүниеде енді кездес-пес деп ойладым, бұл тұс бір жақсылықтың бастауы шыгар деп шештім.

Сол күні кешке қарай Дүкең маган осы хатын жіберіпти. Оқып отырып Алла екеуімізге бірдей аяп бергеніне қайран қалдым.

31.X.1987.

Жақыным, тірегім, желеп-жебеушім менің!

Өзің кеткелі Алматы құлазып қалғандай секілді өзіме. Бұғін кітапханага келіп, Алуага бір оқулықтар заказ беріп, кітаптың келуін күткен кезде осы хатты жазып отырмын. Бір-бірімізге қоңылміз таза екенін білесін, Әуезовтың әруағына сыйынып жүре береміз ғой. Мендеңі жаңалық: ана бәлеқор неме Алтынайға дұрыстап қарамай тағы ауыртып тынышты, сары аурумен ауырып №2 жүқпалы аурулар ауруханасына түсіпті, барып дәрігерлерімен сойлестім, жайын білдім.

Сосын сақтана жүрсін деп мына бір жайды және жазып отырмын.

Сенбі күні кешкісін Шәрбанумен (жазушы Құмарова) телефон арқылы сейлесіп едім. Ол айтады: сен туралы екі өсек естідім деп. Біріншісі – өзіңнен көп үлкен бір әйелмен үйленіп қойыпсың дейді, кімнен, қалай естігенін айтпайды. Бұған да макұл дейік. Екіншісі – “ана Сәуле кейінгі кезде күйеуіммен ажырасамын деп бұлініп жүрген секілді, соған сениң себебің бар секілді”, – дейді. “Алдыңғы жылы сенбіліктеге кездескенде Сәуленің өзі айтқан: күйеу балаңыз

жақсы, өлі үйді де көресіз ғой деп. Енді неге аяқ астынан нілдей бұзылып жүр? Сенің жақсы көріп, үнатып қалғанынды білемін, сен осы тірлікке араласқан боларсың сіреп, емеурін сөзіне иланған болар” – дейді төндіріп кеп.

Бұл Шәрбанудың сөзі.

Мен айттым: бірінші өсекке жауап берейін, өзінізге айтып жүргем, үйленейін деген ойымда жок-тұғын. Ең өуелі ана қыр сонымнан қалмай жүрген қырсық көлеңкеден құтылып алайын. Заң түрінде ажырасқанымызға 1-жыл болды, өлі сонымнан акша даулап, арыз жазып жүр деп.

Екінші сөзіңізге айттарым: Сөулені жақсы көріп қалғаным рас. Ал, ол өз отбасымен қалай? Келешекте не істемекші?... – ол жағын еш білмедім дедім. Баспаға барған сайын іштартып сейлесіп тұрамын, өзім Ессентукиден жақында оралдым дедім.

Міне, барша сөз осы. Сенен сұрайтыным: неге, қалай ажырасып жүргеніңді Шәрбануға, қызметтес қыздарға тым ашып айта бермесен. Жұрт ауызben орақ орган заман ғой. Ажырасу туралы сот үкімі шықпай жатып басымызды қатырып, тіпті ана пәлеқор Ұлданға сенің есімінді жеткізушілер де табылар. Тоқетері – тұйықтала түссең.

Ендігі жерде мына Дүкен не істейді дейсің ғой: өсекті, ана үйленіп алышты дегенді өршітіп жүргендердің кім екенін сырттай сезген секілдімін – солармен бетпе-бет сейлесіп “жел сөзді гулете бермендер” деймін.

Сағындым Сөuletайым менің!

Дүкешің! 31.x.1987.

PS: Осы тұста оқырманга түсіндіре кететін жағдай бар. Оқырманым менің, Дүкен екеуімізге бүгінгі бақытты өмір, сында да бірге, шында да бірге болу оңайлықпен келді дейсіз бе?

Дүкен алғашқы әйелі қайтыс болғаннан кейін агайын-тұсының ақылымен екі жетім балага бас-көз болады деп, мектепті сол жылы бітірген жақын жиен қызға үйленеді. Онымен уш-төрт жыл бірге тұрады, Алтынай деген қыз дүниеге келеді. Арапарында не болғанын білмеймін, білгім

де келмейді, түсініспеген екеуі заңды түрде ажырасады. Дүкен ол әйелге еki бөлмелі пәтер алып береді. Содан он сөзізге толғанша қызына қаржылай көмектесіп тұрганын білемін.

Ал, өз жағдайым туралы өзім айтамын. Мен алгаşқы отбасында бір ұл, бір қызды болып жетіп жылдай түрдым. Біз алгаşқы жылдан түбі түсінісіп көтерміз деген үмітпен жылдар жылжи берді. Тағдыр қоспаган, бірге бақытты болуды жазбаган азаматтың кемшиліктерін қазбалай бергім келмейді. Соңғы жылдары ол шалт бұзылып, үйден кетіп қала берді. Мен жатакханамыздан айрылып қалмау үшін досым Эсіра-мен бірге тұрып жүрдім. Заң арқылы ажырасудың жолын білмейтінмін, кейіннен туыс-достарымның ақылымен ажырасуга өзім отініш бердім.

“Арқа тыныш болса, арқар ауып несі бар” дегендей барақатты отбасы болып отырсақ ажырасып нем бар. Біздің ұзақ уақыт бірге тұрмаганымызды ескерген сол арызымы бірден қанагаттандырыды. Қызым – Райгүл өзіммен қалды. Ұлым – Ізбасарды енем Гүлсімді сыйлаганымнан тәрбиесіне бердім. Себебі, ол кісі менің жоғарғы оқу орнын бітіргенімше балала-рыма қарасып, біржасыма шығып: “Сәукем-сәукем”, – деп отыратын.

Ізбасар әжесінің тәрбиесінде өстіп, мектепті аяқтады. Бұл кезде Қазақ Үлттық Университетінің заң факультетін бітіріп, прокуратура саласында қызмет істеп жүр.

Ал, Райгүл мен Дүкене қосылганда бес жаста гана болатын. Оны Дүкен өз фамилиясына жаздырып алған, біздің тәрбиемізде өсті. Мектепті қызыл аттестатқа, Экономика Университетін (бұрынғы Халық шаруашылық институты) қызыл дипломга аяқтады. Екінші жоғары білімге – Абылай-хан атындағы әлем тілдері Университетінің ағылшын тілі факультетін бітірді. Бүгінде өзі оқыған Университетте оқытушы болып істейді. Дүкен оны өзінен туган балаларынан кем көрмейді.

12.XI. 1987.

Жақыным, желеп-жебеушім менің!

Мен кеткен соң хатымды ойланып оқысын деп әдейі үзағырақ жаздым: бәлкім, маған деген сағынышынды сәл

болса да саябырсытар, бәлкім, былайғы ойына, қиялыңа азық болар сөз табылар.

Кеше кешкісін Алua екеуіміз отырып шәй үстінде ұзак сойлестік.

Ауылдан ала келген нәрселерін айтты, өзің туралы сұрады. “Ертөңгісін сағат сегізден лекция басталады, сағат екіде дәрігерге баруым керек, қалған уақыттым сабак өзірлеуге кетеді, тәтеме аптаның аяғында баармын”, – дейді. Сен туралы айтқан сөзімді оймен, көкірек көзімен үғып алуға тырысатыны байқалды өзінің. Сәулем менің, өмір бойғы сағынышым, “бір жағдайдан жұмысты уақытша қоя тұрсам” – деген сөзің көкейге қонады. Мына маңайдағы жаналғыштан бетер өсекші, бақталас, бықсық, қауым құлағымызды тыныш қоймас, сірө. Жұмыстан шықсан шағарсың, бәлкім.

“Осылар бас қосып адам болсын” деп ешкім тілей қоймайды. Мені бір қолын қалтасына салып, көше кезіп, ләззат ойынын ойнаған сері жігітке теңеп сөз күңсітер; өуелі бес жылдай ауырған Мәриямның көніліне қарап, дәрігерден дәрігер қоймай жағалап, онко-институттың табалдырығын тоздырганымды; сосын ауылдың әжік-күжігімен өскен ана шіркінді тәрбиелеймін, жөнге келтіремін, баласын өсіруге, өзін университетке түсіріп, оны бітіруіне көмектесемін деп көнімді сүйреткенімді кім елесін... кім білсін.... Онымен қоймай жылyna бір мәрте ауруханаға жатып, емделіп жүріп, аурухананың “тихий часында” жұрт телевизор көріп жатқанда шұқшиып жазу жазғанымды; жаз болса жұрт таудағы саяжайна шұбырады, ел кезіп қыдырады – мен шіркін кітапхананың қапырық қуысында “Жолбарыстың сүрлеуіндегі” бес повесті, “Құмда қалған кемелерді”, “Мұхтар жолын” жаздым. Сарыагаш санаторийінде Оразгелді Тұктібаев деген Бас дәрігер “жылyna келетін бір ай демалыста, ми қайнатқан шілденің күнінде шұқшиып жазу жасыз, бұл дұрыс емес, өзіңізді неге аямайсыз”- деп ұрысқаны өлі есімде.

Сол кезде ойлаушы едім, маған осыдан басқа дүниеде не қызық бар деп. Сол кезде ойлаушы едім, мені жарыққа алдып шығатын осы ұлы бейнетім болар деп.

Тағдырыма, талант тәніріме сыйыннатының – сол бейнетім Сені тауып берді. Осы күні бір күншуаққа шығып маужырап мұлгіген адам секілдімін. Күншуағым менің!

Айтайын дегенім: сенің алдында судан таза, сүттен ақ едім деп өзімді-өзім арашалап алғым келгені емес; әлгі бақталастар, өсекшілер, күйесі мол зинақорлар, пендешілік ойдағы пенделер мені бір жетісіп жырғап жүрген жігіттей көріп, азғана қуаныштымның өзін көре алмай зығырданымды қайнатады ғой, қайнатады. Осындайда менің достарым мыналар еді деп Әбішті, Герольдты, Бақытжанды, Маралды, Оразбекті айтамын, маған деген қоңілдері адал, сөздері ақ деп соларды айтамын. Осындайда бірегей бітіргенім деп “Жолбарыстың сұрлеуін”, “Мұхтар жолын” айтамын.

Артымдағы тірегім менің!

Аз да болса мына бейнетқор прозашының жан әлемін, мінезін түсіне жүріп серік болар, қызмет қылар деп саған сыйынамын.

Шынымды айтсам: мықтының да морт кетер жері болады. “Төзім жақсы, көп төзуге өмір қысқа” деген ғой Өузов. Кей-кейде маған да қоргаушы керек, Сөулешім. Мен де сенің кіршіксіз, сезімтал болғаныңды тілей тұра – маған шық жуытпайтын жақтаушым, сөз іні келгенде айтып тастайтын “мықтым” болғаныңды қалаймын. Кей-кейде ойлаймын: менің орнында өзге біреу болса - әлгідей ақ көз бейнеттен миы ашып, қияли болып кетер ме еді деп; тағы ойлаймын: қайта денсаулығымды ата-анам келістіріп соққан екен, сол саушилық байлығымды алдыартыма қарамай, аямай жұмсаған екемнін деп. Мактанғаным емес, ашылғаным бұл менің, жақыным, желеп-жебеушім менің.

Менің орнында өзге біреу болса – баяғыда я ішіп кетер еді, я бөсіп өлер еді. Баз-бірде мына тағдырыма ризамын деп ойланып отырып қалатыным содан.

Сөулем менің, манаалы бері бір ойды айтайын деп, сол шіркінді нақтылай көз алдына еслестетіп бере алмай, көп шиырды шиырлап жүріп алдым; сол қасиетті түйінге енді келе жатырмын. Кейде сөйлеген сөздерінді көкірек көзімнен өткізsem – Ізбасардың жағдайына қам жейсің, келешек күндерім тек қазіргідей мейірімді, шуакты бола ма деп қиялға берілесің; бұлай ойлама деп еш уақытта айта алмаймын, ойдың адамысың сен, сонымен ыстықсың маған; ұзын сөзімнің тоқетері - тағдырыңды сеніп тапсырғалы тұр екенсің; түгел сен! Мен өзі сырттым сұық, біртоға түйік,

ішке жинар, қаталдау көрінгеніммен жан әлемім кең, жүргегім жұмсақ, кісі аяғыш адаммын.

Айтқызбай, азаптандырмай-ақ түсінемін. Ен ганибеті – жанымның желеуі, тағдырымның тіреуіші бола білсең – басқасы оңай-ақ шешілер, жеңіл-ақ жөнделер деп ойлаймын. Сеніп міндет артқанды жақсы көремін. Өзімді үнсіз, сезіммен түсінген кісіге иіп қоя беремін. Қайталап айта бермеймін: көңліндегі ала күдік, кемшілік ойды жуып кетір; біз бірбірімізді тек қана таза деп танып, биіктен көріп үйренейікші. Сол биікке жеткізер бейнетімізге сыйынайықшы!

Маган аса жақын кісілер: Ләйла, Алуа, Ділдаш, Ардак-жан айтуши еді – Сізге тыныш жатып, рахатқа шомып жайбарақат жүретін құндерді сағынамыз, сол құндерге жете алмай қор болып жүрсіз деп. Сол көкжиектегі көгілдір сағымдай жайбарақат жүрер құндерге көп ұзамай жетемін деп дәмеленбеймін.

Ендігі сыйынарым: ең болмаса бейнетімді сыйлайтын әлті жақындарымның қатарына Сөүле де қосылады ғой деп қуанып жүрмін.

Қуанып тұрамын төсектен! Қаламды да қуанып ұстаймын! Әлдебір белгісіз бейнетке құлшынып кіріскім келіп кетеді. Жақыным, құншуағым менің, маган Сөүлешім құдіреттей сен де, илан да – ертенгі тіршілігіне, шаруана құлшын.

Құшып, сүйдім сені!

Өз Дүкешің. 12. XI. 1987.

PS. Міне, осындаі хаттардың маган арналғанын, Дүкендей азаматтың мені ғана сүйеттінін ойлаганда, әлемдегі ең бақытты әйел болып сезінемін өзімді. Мениң де Дүкендей өз шама-шарқымша бақытты еткім келіп, қызмет етіп келемін. Ол сырымды жырмен былай жеткіздім.

“Сен қуанса екен деп”

Жалған жәми тіршілікten жалықпай,
Ағыстарға қарсы жүзген балықтай.
Өмір үшін, өзің үшін құресіп,

Келем жаным, бетім қайтып қорықтай.
Жүргіне бақыт құсы мекендер,
Сен қуанса екен деп.

Шуағың мен мейіріне тойдым да,
Аққу болдым сендей таза айдынға.
Бұл дүниеде мен еш нәрсе білмеймін
Өзің болып қызығым да, қайғым да.
Жүргіне бақыт құсы мекендер,
Сен қуанса екен деп.

Сен қуаныш! Осы менің мұратым,
Көк тәңірге асқақ қарап тұратын
Хантәңірге табынғандай табындым,
Ер жігіттен саған ғана қуатым,
Жүргіне бақыт құсы мекендер,
Сен қуанса екен деп.

Сенен асқан биік көрмей өлемнен,
Ессіз, көсіз махаббатпен келем мен.
Құшағында тұрып сөзбен жетпеген
Сезімінді жеткізейін өлеңмен.
Жүргіне бақыт құсы мекендер,
Сен қуанса екен деп.

16. XI. 1987 жыл.

Сөүлешім, күншуағым, кеудесі арманға тола қиялиым, міне, бүгінгі Пленум аралығында ақ қағазға жүгініп хат жазып отырмын. Менің жылдар бойы қалыптасқан жұмыс тәжірибем, ритмім былай: негізгі шаруаны алты ай қыста жасаймын, ал, жазғы-көктемі кездे сол жазғандарымды елепекшеу, үстінен қарау, ұсыну, аударту, жеңіл-желпі нәрслер жазумен айналысамын. Ең жақсы туындыларымды қараша, қаңтар, ақпан, наурыз айларында жазушы едім. Алдағы уақыттарда да солай болсынышы. Биылғы қараща, желтоқсан айларында мардымды жұмыс істей алар ма екем, негайбілдеу болып тұрғой. Сонда да мына тәртіпке көшайікші: үйге мебель алып, кабинет жасалғанша кітапханаға, үйренген жерге барып жазу жаза берейін; өсіресе,

мына жақсы қыс, сенімен кездескендегі қайта түлегенім, өсершіл көңіл шіркін текке өлмесін.

Тұн баласына жазу жазған емеспін. Ертегісін шайымды ішіп алыш жұмысқа барамын, анда-мұнда телефон соғу, ағайынның шаруасы, т.б. бәрі сол жұмыс уағында жасалады.

Тұскі сағат 1.10-да үйге келемін. Тамактанамын колыңнан.

2-3 аралығында азгана оңаша бөлмете кіріп мызғып ала-йын.

3.30-да қайта жұмысқа барып төбемді көрсетейін. Сосын кітапханаға, өзімнің үрленшікті үстеліме жетейін.

4 пен 8 аралығында шаншылып отырып жұмыс істейін.

8. 30-да үйге келемін.

Тамактанамын. Сенімен сейлесемін. Алуага, Ардаққа өңгіме айтамыз. Бетіңнен, өзім ғана ғашық болған ерніңнен сүйемін. Демаламын. Дәл осындай жұмыс тәртібі сенбі, жексенбі күндері сәл өзгеріске түсіу мүмкін. Эйтпесе, жалпы нобайы осылайша болып, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айларында қалыптассыншы! Сонда көнілім де тыныш, міnezім де жаймашуақ жүреді. Бұл кезеңде менің ойымды барынша болмеуге тырысқайсын.

Бұгін Оразбек жұмыс жайын айтып отырды да, былай деді: ана Адамың (Мекебаев) нағыз жынды, шизик екен, Маралдың көзінше көзі бақырайып: “Сені балтамен шауып өлтіремін”, – деп аяқ астынан барқылдағаны.

–Дүкеш айтқан соң кітабынды 90-ға қойғалы жүр едім, – десем; “ендеше рецензияға бермей шыгарындар,” – деп қалш-қалш еткені. Ертесіне мәймөңкелеп кешірім сұрап, телефон соғып жатыр.

“Әй, Дүкеш-ай, оның әйелі де тұрган өсекші ме, сені өсектеп, “Сөуле деген корректор келіншекті айналдырып жүр, кездесетін көрінеді” деп сусылдайтын секілді”, – деді. Сосын мен мына записканы жаздым да, қолына ұстартым. Ол оқып көріп: “Дұрыс қой, мінезі балаларға жайлыш болса, езіне қараса – несі бар, мен сені құпттаймын”, – деді.

Записка мынау: “Ореке, жақынныңсың ғой, айтайын. Сол Сәулені зерттеп, тусініп, біліп жүрмін. Ол келіншектің басы бос қазір. Ол мені жақсы көреді, мен де жақсы көремін. Түсінгенде, көзімнің жеткені – жүйкесі, саушылығы тозып

жүрген маған көмекші, желеп-жебеуші бола алады. Ең бас-
тысы – бөтен сезі, артық жүрісі жок, жүрегі жылы адам”.

*PS: Осылдан кейін біразга дейін редакция мен баспа ара-
сындағы, журналистер аузындағы біраз гу-гу сөз саябырысана-
дай сыңайлы, қалыпты арнага түсे бастады. Және бір хат-
ты оқынышы.*

13.XI.1987 жыл.

Күншугым, сенімім, Сөулешшім менің!

Ләйләнның кешкі асы үстінде біраз сұхбат құрдық. Әуелгі сез ауылдағы той жайында болды, жас келіннің момын, кішіпейіл, елгезек екені байқалыпты; оның керісінше біздің мынау деген баламыз (ауылдағы) доғалдау, дөрекілеу болып есіпті дей ме. Той барынша дастарқаны мол, абыр-
сабыр сабылыспен өткен секілді. Сосынғы өңгіме өзің төңірегінде өрбіді өрине. Әр сезімнен саған деген ыстық ықылас, ілтифат, жақсы көру нышаны сезіліп отырғасын ба Ләйлө оншалық уайымды төндіре сейлемей, өдеп сақтап, аргы аңғарын сыптай жеткізуге тырысты. Жақынның белгісі – жаны ашығандығы сезіледі, әрі бұрынғы тіршілігімнен аузы күйіп, әбден запы болғасын ба, әрі алдына тұтқан аскар таудай ағасының келешегіне қабырғасы қайысқан соң ба – көnlіne түйген “қалай болады” деген күдігін жасырмай айтты. Жинақтай айтып, тұжыра түйгенде ол ойлары төмөндеғіше, жақынның, күншугым:

1) жаныңда ілесетін кісі (түспалдан тұрғаны өзіңсің өрине) ерім, пірім деп қолынан ұстаған азаматтың жетпегенін жеткізем, кемшілігін жасырамын, жақсы жағын жарқыратып көрсетемін деп тіршіліктің тереңін, түбін ойласа гой;

2) мына екі үйдің жақыны, жанашыры, берекесі тек қана өзіммін, менен басқа кісі еш тірлікті үқсата алмайды, мен иелік етсем ғана осы ісім оңады деп ынты-шынтысымен кіріссе гой;

3) жар болатын келіншек бұл үйге уақытша командин-
ровкаға келген кісіге үқсан, ал шындығында “менің өзге
үйім –төркінім бар, онда өсіп жатқан перзентім бар” -деп
ертеңді-кеш сол жаққа қарап мөніреп, басы қатып, қолына

іліккенін тасымалдаш жүрмесе ғой; ұлken жүрегіңізге бүйірған ырық-несібе бір үйге, екі үйге емес, сол төркін жүртқа да жетерін терендеп түсінсе ғой; сол жақтагы кісілер перзентінің жақсы жар тауып, жарқырап жүргеніне қуануы керек қой;

4) тазалықты қатты қадағалайтын мінез Сізге құнделікті әдettен асып, ауруға айналған, келешек келіншегініз сол ауруға емші бола білсе ғой; түптін түбіндегі сыптырынып, тазарынып жүруді өз мойнына алыш кетсе ғой;

5) Бізде түрган не бар; шақырсаңыз келіп-кетіп тұратын тілекші ғанамыз, өзге біздің қолдан келер, боліп берер жәрдем жоқ. Әлгі айтылғандарды арымен, мінезімен көтере білген кісі түптің түбіндегі Сізге бізден де жақын болып кетеді.

Біз тек сырттай қуанушы болып қаламыз, — деді карындастым Ләйлә.

Ең басты уайымым — әлгідей жанашыр сез сол сүйіспендігіміздің ұзақ ғұмырлы болуына бірден-бір дәрі, себепші нәрсе.

Қак-сұқ женіл мінезден аулак,
коніліне кір ұстамайтын көтергіш,
көнбіс, момын,

шаруа иесі болған келіншек менің жүрегімнің терең түкпірінен орын аларын жанашырларым сезіп-біліті ғой; көптен ойында жүрген жәйттерді ақ-адал ашқаны ғой; мінезіме жұғыса алар адам әлгідей болғанын мен де қалайды екем, Сәулешім.

Өйткені қак-сұғы жоқ келіншекке бүйрегім бүратыны — мінезім ауыр, бүйігі; көnlіне кір ұстамайтын көнбіске бүйрегім бүратыны — ойда жоқ аяқ астынан қазанша қайнап бүрк ете қаламын; қытымыrlау, қазымыrlау мінезім бар; шаруа иесі болған келіншекке жанымның жығылатыны — әбден шаршаган, тозған кісімін. Әр әрекеттің, қылықтың қарсы реакциясы, тартылыс күші деген осы болар.

Соңғы айтарым: біреудің алды-артынды ораган, торғатолы айла-шарғысынан сақтанып жүрсөн: бұл жолғы хатым жүректің сезінен гөрі, ақылдың сезін көбірек термеледі, сұықтау сезілсе кешірерсін. Базарым, жылуым, куншуағым, мені ойла да жақсы жатып, жайлы түр. Құлағыңын түбінен ыстық-ыстық құшып сүйдім.

Өзіннің пірін.

PS. Бұл хатқа да азгана түсініктеме бере кетейін. Осынау хатында Дүкен өзінің мінез-құлқына өзі баға беріп отыр. Ал, соның бәрін біліп, осы отбасының қыындығын көтерісін, қызығына ортақтасып келе жатқан артынан ерген жалғыз қарындасы – Ләйлә. Азан шақырып қойған аты – Ырымкүл. Женгелері ат тергегенде Ләйлә деп кеткен. Содан өз атын ешкім білмейді. Дүкен өзі Алматыга алдымен оқу ізден келіп, кейіннен мектеп бітіргендеге Ләйләны алдырып, Қыздар педагогикалық институтына түсіреді. Сонда оқып жүргендеге белгілі қаламгер Сейітқазы Досымовқа тұрмысқа шыгады. Алтын асықтай Айқын, Әділ деген үлдары, Даны атты қызы бар. Сейітқазы да Ләйләмен бірдей Досжановтар отбасының сүйкіті перзенттерінің бірі болып, 1996 жылы өмірден өтті. Дүкеңнің әйелі өліп, екі баласы мен сексендерігі анасы қолында қалған ауыр сәттерінде, аралықта, тагы шаңырагы шайқалғанда қашашама жақын деген адамдарының өзі сыр беріп, дос деп жүргендегі табалаганда бауырының жанында болып, жетімдерді жебеген, сүйенері мен ақылшысы – Сейітқазы мен Ләйлә болған. Сол жылдары бауырының үйінің отымен кіріп, күлімен шыққан. Дүкен мені де туыстарының ішінен ең алғаш осы екеуімен таныстырыған.

Мен осы күнге дейін бір істі бастарда Ләйләмен ақылдастып аламын, бір нәрсениң дұрыс істемесем не Дүкеңді ренжістіп қойсам “Ләйләдан ұят-aу!” деп алдымен ойлаймын. Осынау сабырлы, орнықты, артық-ауыз сөзі жоқ, істеген ісіне көз сүйінетін қайынсіzlім маган өмір бойы үлгі. Оның бауырмалдығын балаларыма әрдайым айтЫП, Ардақ пен Алуага “маган дейін аналарыңың жоқтығын билдірмеген Ләйлә апаларыңды сыйлаңдар”, – деп отырамын.

Оның наимысқойлығы сондай, аласының отбасының жоғын жасасырып, барын асырып жүріреді. “Түбінде сол адам бізден де жақын болып кетеді” – деген сөзіне лайық болуга тырысып келемін, мен түскелі де жиырма жылдан асып барады, қайынсіzімнен алі шменіп, әрі жақсы көріп тұрамын, кейде екеуіміз дос сияқты сырласамыз. Оның бақытына Айқынының келіншегі – Толқын Құлсариеева да өзі сияқты аса бипаз, орнықты болып кездесіп, Айдос, Әнуар атты екі немере сүйгізіп отыр.

Сонымен, 1987 жылдың аяғы жақындан қалды.

Осы кезеңде жазған жазушының хаттары бейне от-жазынга оранған факель таяқшасы секілді елестейді көзіме.

Сөздері де ылғи жалын отттан жаралғандай. Адам баласы – көңілдің құлы, әйел заты – сезіммен өмір сүреді. Көптен жылы сөз естімеген, өзге кісілерден мейірім көрмеген візіме жазушының сөздері жаңыма сәуірдегі жылы жауындағы әсер етті. Кейде таудан сел құлап келе жатқандай көрінетін. 87 жылдың қараашасы мен жесельтоқсаны қаншама сызды, сабылыңың, жылбысқы болғанымен мына візіме келіп жатқан хаттар өз басыма күншуагын төгіп-төгіп өтетін сәуірдің күніндей сезілгені анық.

Бұл – бір.

Екінші айтайын дегенім: қаламгер осынау жыл аягына таман қайта оянган жанартауга үқсан бірде жалынын, бірде ыстық, ынтық лебін сыртқа шыгаруга асықты. Құдай асықтырыды ма деп ойлаймын. Әйтпесе, 45 жасқа келіп, жігіт аласы болып, осы кезге дейін том-том кітап жазған адамның аяқ астынан ағыл-тегіл сүйіспендей сезіміне ерік беруі – үлкен маҳаббаттың оянуы болатын. Оянбаса, сілкінбесе, уақытша қызық қуса – тап бұлайша жан әлемі қопарыла төбіренбес не еді. Жан әлемінен дүрлігіс, дүмпуді сездім іштей.

Үлкен төбіреніс – магниттің өрелі өрісі секілді.

Өзімді мұлде басқаша етіп, дүниенің астын үстіне шыгарып төңкеріп көретіндей хал кешіп жүрдім. Бір жағынан Дүкеңнің ағыл-тегіл мейірім шуагын қимаймын, бір жағынан “осы мен тұс көріп жүргем жоқ па” деп өз-өзімнен қатты толғанамын. Талай таңды үйқысыз атырған шыгармын.

Дүниеде бір шындық бар. Өзінді, сөзінді өзгеге жеткіземін десен ағынан жарылып, шындығыңды бүкпесіз жайып сал. Майда есептің тосқауылы көп. Мені жазушының ең әуелі әрі қарапайым, әрі жейдесінен жүргегі көрінетін шындығы баурап алған еді.

Сонымен Дүкеңнің 1987 жылғы хаттарын толығымен басып шықтым.

1988 – жылдың 30 қаңтарында біз некелесіп, қосылдық. Алматыдағы Совет ауданы, қазіргі Алмалы ауданының шағын АХАЖ болімінде неке қию салтанаты өтті. Екеуіміздің келешек жұбайлышқ өмірімізге Бауыржан Момышұлының жалғыз ұлы, белгілі жазушы-аудармашы, Дүкеңнің досы Бақытжан Момышұлы мен әйелі Зейнеп Ахметова күдегер болып, өз қолдарын біздің құжаттарымызга қойды. Бұл да Дүкеңнің мені

Зейнеп апам сияқты барақатты отбасының анасы болсын, өз отанын сол кісі сияқты қасиеттеп ұстап халқына қызмет етсін деген иегі ниетінен тұган еді.

Олардан басқа жақын ағайын-туыстарымыз кейінше жа-йылған дастарқанга қатысты. Кешке қарај Дүкенің Әбіш – Клара, Оразбек – Шара, Марал – Аңса, Қерібай – Орынкул, Әнес – Алтыншааш, т.б. үзенғілес достары бас қосып, шағын той өткіздік.

Осы кітаптың басқы тарауында екеуіміздің Дүкенің еліне барып, ағайын-туыстарымен танысқанымыз, алғаш рет халық алдына ерлі-зайыпты болып шыққандарымыз жайында айтылған, мен ол жағдайларды қайталай бермей, ендігі жерде бірге тұрып жүргенде жазған хаттарын сөйлеметейін.

Өмір деген дарияның асасу толқыны. Соган өз қайығымызды салдық, жүзін өте аламыз ба, жоқ жүлқынған толқынга жүтүламыз ба оны тағдыр шешеді. Біссімілла дейікші!

9.09.1988 жыл.

Сәулем!

Сенің ауруханаға түсіп қалғаның, кешегі әдеби кенке-лес сарапшылардың маган жасаған соққысы – тұган күніме таптырмайтын “сыйлық” болды-ау мынау. Не дейін!.. Өзімді қоярга жер таптаймын. Саушылығыңа қара, ақылың бар гой, перзентті сақта, мен дәрігерлермен сөйлесіп көрейінші.

Көп нәрсе өзіңе байланысты деп ойлаймын.

Жақыным, жалғыз медеуім менің! Сүйдім!

Дүкен.

РС: 1988 жылдың жазы Дүкене де, өзіме де ауырлау тиді. Дүкенің “Мұхтар жолы” романына етпен сыңар езу қисық, пікір айтушылар табылды, өзімнің аягым ауыр, аурушаңмын.

10.09.1988 жыл.

Жаңым, Сәулем!

Бұл түнде өзің жаңымда болмаған соң, көпке дейін үйқым келмей, ақырында қайта тұрып, жарық жағып, осы хатты

жазып отырғаным гой. Қайталап айта бергеннен май шыкпайды; шындығында мына мен тіршілік тауқыметінен өбден шаршаган, қажыған, “арық адаммың” гой, бес жыл бойына қолымнан сөмкем түспей, ертеңгілік, кешкілік ауруханадан ауруханаға дедек қағып жүгіргенім, сосынғы бес жылда кітапхана түкпірін күзетіп, құйрығым тесіліп, үйімді өзім үй еткенім, балаларыма қарағаным – көз алдынан кілкіп бір өткен кезде кеудемді қапалық толтырғаны... Еркектің де кей-кейде осалдығы болады. Жаныма желеу, ендігі келешек күндеріме медеу болады деп жүрген сенің аяқ астынан ауруханаға түскенің жаныма мұн ұялатты білем.

Жә, бар тілеуім сенің үстінде, Ардақ та ауруханаға түскенінді естіп безектеп кетті, құдай ондап, дұрысталып шығарсың деген дәмедемін.

Әйтсе де, осындайда ойға түседі екен-ау жаным, Сәулешім, сөулем, күндердің күнінде сол қажыған, шаршаган күйеудің “не айтсам да көтеретін, құлақ қоятын” өйелім бар гой деп; баяғы жастық, мастық дәуренін есіне алып, іштегі запыранын сөзбен ақтарғысы келіп, шамалы айқайладап алса –“өйтпедің, буйтпедің” деп өйеліне өкпе артса – соның несі айып. Шамалы артығырақ айтып қойсам, айқайласам, өкпемді айтсам – өйелімнің алдында сүмдүк айыпты болатыным қалай?! Мен аясам, ол неге аяуды білмейді.

Артығырақ айтып, артығырақ ашу жұмсасам – бітпес дауга, өшпес өкпеге қалатыным қалай деп ертеңгі күні ішімнен қан жылаймын. Тірлігім тірлік болмай қалады, жазуға қолым бармайды. Жаным, Сәулешім, бір пәс ойласаң болмас па; ау, артық-ауыс сөзді көтере салайынши, қасындағы қарайғаны болған соң өкпе-наласын айтып жатқаны шығар – шыдай салайынши деп. Сенің лапылдаған жастық қиялышында, ертесіне, бірсүгүні алдыма айып қылыш айтып отыратыныңды өне бойы кетеруге – менде саушылық жоқ қой. Көп ұзамай қирап қаламын ба!

Көнбіс, көнгерлі болайықшы-ау, болу қолымыздан келмесе – ертесіне, бірсүгіні өлгі мінезімізді айып қып бетке шылжғырып басып жатпайықшы, ұмытып кетейікші құрғырды. Бұл бір. Екінші: “үйінді тазалап, жалғыз өзің қарап жатшы” деп жүргегімді тырнаісын, бұл мен үшін мылтықпен атқандай ауыр сөз. Мысалға, туберкулез ауруы бар адам-

га есі дұрыс кісі, “сен туберкулезсін, өлетін жаман адамсың”, — деп бетіне тұра қаратып айтпайды ғой. Тазалық атты аурумен шамам жеткенше күресіп жүрмін, “қолдан келгенше көмектесемін”, — десен болды, жекуге болмайтын шыгар. Жаным, Сөулем, жақынның сенсін, сырымды саған айтпаганда кімге барыш, мазасын алған “маңыраймын”.

Ұзын сөздің токетері – бір сөз басыңнан асып кетсе, бағыт жастықпен... еркелікпен... “осы неге өсітеді” деп астар іздең бас қатырмай-ақ, “бейшараның мінезін көтере салайыншы” деп, көнтерлі, кең, салиқалы бола түсші. Еркелігінді, жастығынды бел қылып перде тұта бермей, қайтіп ел боламыз, жұрт боламыз – сол жағын ақылға салшы. Ана қос жетімектің жыртығына жамау болайықшы, тегі, менің жағдайыма, қас-қабагыма қарауға мұршаң болмаса – сол екі баланың қас-қабагын бақшы, соларға көңіл бөле білші, солардың –

нені ойлад,

нені мұндарап жүргеніне ой жіберші!

Мен “қажыған арықпын”, өзімнің жіберген қателігіммен өзім күресіп, күні-түні ана романды қалай орталаймын деп соны ойлад, мәнісім жоқ, дүйсенбі күні дәрігерге бармақшымын, “жат” десе – ауруханаға жатып қаралармын, бөлкім. Құрысын кітабы да, атағы да. Олжасқа бар өкпемді айтып хат жазып жібердім. Ит тіршілікті иттерден тәуірлеу өткізуге тырысайықшы; манағыдан бері көкірегімнен шыгара алмай отырганым: бір-бірімізді сынап, мінеуді қоялықшы, қолдан келсе, ақылымыз жетсе – бір-бірімізді аяп қана жүрелікші. Өкпелей бермеші!

Күшіп сүйдім, Сөулем,

Өзінің Дүкең.

10 қыркүйек, 1988.

PS. Бұл мен Алматыдағы №1 перзентханада жатқанда жазған екі хаты.

Біз үлкен махаббатпен қосылғанымызбен отбасы тірлігінде бір-бірімізге үйреніп кетуіміз оңай болмады. Дүкеңнің кірпияз, қытымырлау мінезі, менің жастығым, еркелігім бір-біріне қарама-қарсы келіп, өзара түсініспеушілік жиі-жиі туын қалатын. Бақсам, ол да көңілмен, сезіммен өмір сүреді екен.

Жазушыга жар болу деген оңай ма. Жазып толгататынынан басқа, оны кітап етіп шыгарып шаршайды. Заман ағымына қарай шыққан кітаптарын әртүрлі бәйгелерге қосып жетады. Мен түскен жылы Дүкенің екеуімізді табыстырган “Мұхтар жолы” кітабын Семей облыстық газетінің ұжымы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынды.

Бәйгеге түсіп жетқан шыгармасына жанашыр болып тақымын қысып, оған үйдегілер тілеу тілеп жүрдік. Бірінші комиссиясы өткенде, сол кездегі Жазушылар одагының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов шақырып алыпты: “Дүкеш, сен қырыққа енді келдің гой, әлі жассың, талаі бәйгелерден келерсің, осы жолы жолынды Сафуан Шәймерденов агаңа бер, ол кісі бұдан кейін кітап жаза алмас”, — депті. Дүкен үлкен сыйларап өскен үрпақтан гой, “мақұл” деп бәйгеден құжаттарын сұрап алыпты.

Сол кездері Мемлекеттік сыйлықты тек алпыстан асқандарға, шыгармасының салмагына қарамай, жасы келіп қалды деп те бере салатын. Сол жолы Сафуан ағамыздың күнделіктері мен естеліктерінен құралған мақалалар жинағына әлгі атагы зор сыйлық берілді. Осындаи әділетсіздікті Дүкенің замандастары көп көрді. Мына хатын сол қыналып жүргенінде жазған болатын. Осындаи шыгармашылықта байланысты толғаныстар қоғбіне біздің отбасымызға да көлемесін түсіріп, Дүкен өзі айтқандай апталап “депрессияда” жүретін.

Алғашқы жылдары оның мінез қалыбына түсінбеуші едім, кейіннен келе жетқан дауылды сезіп, алдын-алып, жазушының жсанына қорғаныш болатын болып алдым.

Екеуіміздің ортамыздагы алғашқы қуанышымыз Айнұрга аяғым ауыр жүргенде көп ауырдым, баламызды дәрігерлер әрек сақтап қалды. Қаңтардың ортасында туылады деген бала шала болып, 22-қазанда дүниеге келді. Сондагы Ләйләнің жіберген жазбасы да сақталыпты.

“Сәуле! Хал-жагдайың қалай, жақсы ма?

Кішкентай сіңліміз құтты болсын. Өзіңе көрсетті ме. “Жағдайы қалай екен” деп отыр апам. Сәлем айтып жастыр. Бізге не айтасың. Төменде күтіп тұрмыз. Банка босаса беріп жібер. Келесіде не әкелейін?

Күттіктауши Ләйлә мен Данас”. 1988 жыл, 22.10.

Сол күні Дүкен де келіп, терезеден мені көріп, қолын бұлғап мәз болды. Дөрігерлерге жолығып, бөлесін көріпті.
Маган хат беріп жіберіпті.

Сөule, жаным, жақыным!

Дүниеге өзімнің аузынан түскендей қыз әкелгеніне – жүргіммен тебіреніп қуандым. Қыз үлға қарағанда мейірімді, сезімтал болады; мынандай қатал заманда ата-ананың көніліне қарайтын перзент осы. Ести сала апама айтып сүйінші сұрадым, ол кісі де қуанып, батасын беріп жатыр. Менің ең құрмет тұтып қадірлейтін жазушыларымның перзенттері қыз екен; У.Фолкнердің соңындағы мұрасына ие болған сүйікті қызы, Ш.Айтматовтың да кіші өйелінен көргені – қыз, М.Әуезовтің де әкесінің мұрасына қызмет істеп, аруағын тірілтіп жүрген жалғыз ана – Ләйлөсі, қысқасы мына шаршаңқырап, айналага үмітпен қарап жүргенімде – жаныма жылу әкеліп, әдемі перзент сыйлағаныңа, екеуіміздің арамызда тайдай тулап, гүлдей құлпырып есетін бұлліршін болғанына тағдырыма мың да бір тәуба айтамын.

**Жаным, өз сауышылығыңа қара, өзірге мені ойлама, уа-
йым етте, ана перзентіңе қара.**

Жарығым, Сәулем, енді ойлаймын: аландал, артқа қарай-
тын ештеңе жоқ деп.

Мына Ардак, Алуа, Райгүл, сосын бүгінгі дүниеге кел-
ген әдемі, кішкентай перзенттің тілеуін тілейік, бір-бірімізді
түсініп, қорғап, мағыналы тіршілік етуге талпынайык!

Өткенді санаңнан серпіп тастауга күш салшы. Өзінді
мына құтты шаңырағыма, қыздай ғып түсіріп алғаныма
қуанайын, бақыт табайын. Жарық дүниеге мандайын жар-
қыратып перзент әкеліп отырып, “ендігі ойымды, жан
дүниемді, болмысымды, арманымды, үмітімді, сенімімді,
ендігі көрер қызығымды жаңа тілеумен іске асырамын” –
деші Сәулем.

Құдіреті күшті жаратқан иеге осылай деп бетімізді бұра-
йықшы.

Құттықтаймын! Мың мәртебе құшып, сүйдім.

Өзіннің шірің Дүкенбай.

22.10.1988 жыл.

Сөule!

Қалайсың, жаным!

Кеше кішкентай қызымды жуып, Ләйлә, Сейітқазы үшеуіміз біраз жерге барып қалыптыз. Ақтамдағы апама, Отырардағы Асантайға хат жазып жібердім. Ділдашқа телефон арқылы айтып едім, сұмдық қуанып жатыр, бауы берік болсын деп. Әбіш пен Клараға енді звандаймын ғой.

Жаным, мың мәртебе құшып сүйдім, ойша еркелеттім өзінді!

Дүкенбай, 23.10.1988 жыл.

PS. 25- ші қазан күні Дүкең әппөқ парапқа бұрышына үш қысқа сөйлем гана жазып, конвертке салып жіберілті. Оnda :

“Жақсы көрем!..

Сағынып кеттім.

**Өз пірің
25.10.1988”, – деген.**

Мына бір конверттің сыртына “Махаббат одасы, я болмаса түскі асқа шықпай отырып жазған проза”, — деп жазып жіберілті 27-ші қазан күні №5 перзентханаға.

Жақыным, жарым Сөулем!

Бүгін жұмыс көптеу болып кетті, басшылар шуласып “2- ноябрь күні Пленум болады, сол үшін сенбі қүні де жұмыс істейсіндер”, — деп пәрмен беріп жатыр. Білмеймін, “ауырып қалдым” деп құтыламын ғой деймін. Жолға жүретін болып қамданып қойдым ғой: біріншіден, ана Базекенің көnlі үшін тойына барып қайтайын, екіншіден қысқы соғымның жай-жапсарын ойластырайын дедім.

Сенің хатынды оқып қатты толқыдым, бір жагы қуанганинан, бір жагы шамалы түсінбеген жағдайың бар екен, содан. Сол түсінбестіктен “аздап өкпелеп жүрдім” депсін. Жаным-ау, менің сенен артық кімім бар. “Сені кім мендей сүйсін! Өзінді бір биікке жеткізем” деп жүрген өрі қуатым,

өрі сүйенішім емессің бе. Әлгі сөздерінді өр күн тәсекке жатарда тәубадай сан мәрте қайталап, жаттап жұр емеспін бе!

Енді мынадай қуанышты құндерде көңлің орнықсын деп Айша шешемнің (менің анам) сөзін қайталады: ол кісі 24-ші тамыз күні былай деген, құнделігімнен сөзбе-сөз қайталайын. Ас үйде болған әңгіме. “Енді, қой, ол бала енді апасыныңкі. От жаққан ошағынды ойла, үйінді, мына қасыңдағы балаларынды ойла!..” — деп әжептәуір салмақты айтқаны құлағымда қалыпты. Қарлығыңқы үні ше.

Тұнеукүні қан қысымымен ауруханаға түсіп қалғаныңда өзің жаздың: “Мен сен үшін ғұмырымды беретін адамын; мен сен үшін Ізбасарымды бердім апасына, мен сен үшін анаммен бірге туған өлеңімді де ұмыттым”(10 қыркүйек, 1988).

Жәмила шешеміздің (Дүкенің анасы) ана елдегі Алмас Бекжігітов тағдыры туралы айтқан әңгімесі де біраз ой салды дегенсің.

Өкпелетейін дегенім емес, өлгі айтылған сөздерді есіңе салып, ойынды тиянақта, артыңа бұрылып аландаі берме демекші едім. Құдай көз жасымызды көріп арамызга дәнекер болсын деп айдың нұрындай әдемі перзент сыйлады. Дұрыс босандың, бұрынғы науқастарың қайталаған жоқ. Әйтпесе, басындағы “тұнгі пројектор”, белден ұстайтын шойырылмаң, аяғынның сырқырайтыны мына перзенттің құшімен сұлынып қалғандай ғой, шүкіршілік ет!

Былтыр қыркүйек айында қандай едің, биыл қандайсың. Ойдың айнасына қара! Жақсы, жарқырап жүргенің маған да жақсы. Ендігі өтінішім мынау, жаным, жанашырым: Сезімтал, өсершіл жансың, ойдың адамысын, сондықтан артыңа қарайлап, сананды шаршата берсен — қан қысымың артып кете ме, басың ауыра ма деп қорқамын. Өзің айтқандай маған сүйікті жар, мейірімді ана, шаңырағымның қамкоршысы қажет. Мен халықтың адамымын.

Кем дегенде күніге танымайтын кісіден бір хат келеді, бір адам келіп танысады. Менің абыройым — сениң абыройың. Әлгінде Сайын Мұратбековте жиналыс болып еді, Эрнестен естіді ме, жігіттер жапырлап құттықтап жатыр. “Дүкеш өйелімен қосыла толғатыпты, өр кезде су ішіп қойып

ыңыранып жата беріпті”, – дейді жұрт көзінше Қалихан. Әкім аға: “Міне, мықтылық”, – деп қолымды алды. Несілбек те сыр бермей келіп қолымды алды. Сайын: “Екі томдығың шығады, бес-алты баланы асырайсың гой, оғып, бұғып”, – деп қызара түсіп, миығынан құлген болады. Тұтқабай да міңгірлеп келіп қолымды алды. Ахат шын пейілімен құттықтады, өзіңе сәлем айтып жатыр.

Мақтанғаным емес, имандай шыным, сен түгілі, Ардақты, Алуаны, Райгүлді, Айнұрды бақытты етуге, бақыт деген үлкен сөз, кішретіп айтқанда – тіршілігін тыныш, қобалжусыз, тамағы тоқ, көйлегі бүтін жұруіне, кімнің баласы дегенде: “О, пәленше жазушының шын асыл перзенттері гой!” деп ауыз толтырып айтатында етуге күшім жетеді. Өзім рахатын көре алмаған еңбегімді солар көрер, бәлкім. 46-жасқа келіппін, абырой атақты, қазақша 14 кітапты, біршама қаржы, ең ғанибелі – елдің көп-көп алғыс сезімін екінің бірі артына қалдырып жатқан жок қой, жаным-ау.

Зор бейнетімнің өтеуі – жалғыз сен ғана!

Сенен басқа жарытымды зейнет, өдемі рахат, үлкен нағрада болмас, сірө! Жазудан өбден можа бол титықтаған кезімде, “жаным-ау, осынша бейнетті кімге бола жасап жатырмын”, – деп қиналыш кеткенімде – көз алдымда Сен тұрасың. Сені қуантсам деймін. “Қандай ісіммен қуантсам екен”, – деп құні бойы ойлап жүремін. Ал, шамалы жағымсыз нәрсені бастан кешірсем: ішімде бүгіп қалғым келеді. Өзімді тек қана тәкаппар, мықты қүйімде қөрсе деймін.

Бұл хат бара-бара махабbat, сүйіспендік туралы одага айналып бара ма, бәтір-ау.

Жаным, өзім оралған күндері шығатын бол, 7- қараша мерекесі төрт күнге созылады екен, сол төрт күн мерекеде перзентке қарайтын дені дұрыс дәрігер де болмайды. Күтүші, кезекшілер қалар. Сондықтан 2, ары кеткенде 3 қараша күні шығатын болып келісіп қой. Көп-көп кітап өкеліп береді де, дәрігердің басын даң қыл сөйтіп.

Сені өр сағат сайын ойлап жүруші,
өрі жанында жақсы көруші жарың .

Мың мәртебе құшып, сүйдім өзінді! Чака!

27- қазан, 1988.

РС. Мені әкем Магазбек “чакатай” – деп еркелететін. Жалпы біздің әулетте баланы атымен тікелей атап сирек болатын.

Әкем – *Магазбек, Бидайбек, Оқайбек деген Қожахметтің үш ұлының кеңжесі еді. Бидайбектен – Зәріп деген бір ұл, Құлгайса, Құләш, Нұржамал, Жамалхан, Тамара, Рая деген алты қызы, Оқайбектен – Матайбек деген ұл, Қемшат, Гүлназ деген екі қызы. Магазбектен – мен – Сәуле деген жалғыз перзент. Ол кезде балалар әртүрлі жүргізулер аурудан шетінен кетеді екен. Біз солардан аман қалғандарымыз. Содан ба, әкелеріміз әрқайсымызды еркелетін, бетімізге келмей өсірді. Ағайынды үшеуінің балалары да әкелерімізді “Пана” деп, шешелерімізді “Апа” деп бөлмей өстік. Аналарымыздың аты – улкені Өніпа, ортанишысы Зейнетхан, кішісі, менің анаты – Айша болатын.*

Біздің қайсы үйдің баласы екенімізді елдер ажыратта да алмайтын. Әсіресе, Оқай деген әкеміз өте бала жан адам еді, келіні Ңұрпияны да “Чакатай” деп отыратын. Жалғыз ағамыз Зәріпті әкелеріміздің көзіндей, әке орнына әке көріп, ініміз Матайбекке жабыла қамқор болып отырамыз. Біздің әулеттен сол тәрбиені байқаган соң ба Дүкең де мені қоңылденіргісі келгенде әкем құсан кейде “Чака!” деп қояды.

Сонымен Дүкең “Махаббат одасын” жазып маган жіберіп, өзі Жаңақорғанга кетті. Кішкентайдың атын “Айнұр” деп өзі қойды. 5-ші қараша күні Айнұр екеуімізді Сейітқазы мен Ләйлә перзентханадан үйге шыгарып алды.

Дүкең маган кейде ауруханадан да, жұмыста отырып та қолы қалт ете қалса ойын жеткізу үшін хат жаза беретін...

12.11.88.

Жаным, Сәулем!

Бұрынғыдай ыстық сезімге толы хаттар жаза алмассын, бәлкім дейсің; ал, мен сені бұрынғыдан тереңірек, көбірек сүйіп бара жатқан секілдімін; ол кезде көп нәрсе белгісіз, тайғақ жолдың үстінде келе жатқандай едік; ал, қазір, құдайға шүкір, бір-біріміздің жақсы жағымызды, кемшілік мінезімізді, ең ғанибеті –терең сүюге тұратынымызды әбден зерттеп білдік. Жау қай жағымыздан келетінін сеземіз, әйттеуір. Сенің мінезің байсалды, орынқты бола бастады.

Әбіштің, Төленнің, Дулаттың отбасынан біздің семьямыз кем болмайтынына көзіміз жетті. Екі елдегі ігі жақсылар батасын берді, дүниедегі ең бақытты, салтанатты келіншек боласың өлі. Әйтеуір менің “нашар” мінезімнен сақтанып жүргейсің жаңым, әйел халқының айласы көп, ол өзі үшантеніз мектеп дейді ғой ұлы Бальзак. Өлеңді де жазбай-ақ қой, апасындағы перзентінді де уайымдама. Алдағы тілеуімізді тілейікші; бақытты болу үшін бізге көп нәрсенің қажеті жоқ секілді. Өзіміздің орнымызды, жүрісімізді біліп, бір-бірімізді аялап, шық жуытпай жүрсек болмай ма?

Мына дәрігерлер маган “эссенциал” іш деп пәрмен берді, анализ тапсыр дейді, түске дейінгі тіршілігім солардың тәжікесін тыңдаудыма кетті.

Жаңым, Сөулем, мен деп соққан жүргіңнен, перштенің көніліндей ақ көнілінен, “болсынши” деген пейілінен сенің. Мың мөртебе құшып сүйдім ғой өзінді!

Дүкен.

30.11.88.

Қасында жүргенде сағынып жүретін сағынышым менің, күншугым, балалардың төтесі!

Бір-бірімізден ылғи жақсылық, жақсы қасиет іздел жүрейікші. Жақсымызды жарқыратып көрсетейікші, жарқыным. Жаман өдет өркімнен-ақ табылады, сондай жаман өдет бізден табылса – соны екеуlep жоюға үмтыйлайықшы. Сенің жақсы мінезің : кек тұттайсың, елл етіп тілдесесің, тәрбиен жақсы, ылғи ізгі ниеттің жетегінде жүресің, тазалықты жақсы көресің, үренуге тырысасың. Бірте-бірте менің мінезіме қалыптасып келесің. Айтқан сөзіме көніл қоясың, әйтеуір. Кешегі автобусқа мінерде, аялдамада айтқан сөзімді үғып тыңдағанына шукіршілік.

Чакатай-ау, ішінен іріп жүрген өкініштің орны толсын, көнілің орнына түссін, аналық мейірімің қайта оянып қауыз жарсын деп перзентке “заявка” беріп қойдық емес пе.

Улken кісілердің де батасын да сол үшін алдық. Енді орнына келмейтін іске ойынды бөліп, жүйкенді тоздырып, мені мазалап, уілелеп-аңылай бергенде бірдене шыға ма. Бал айна бергісіз сүйіспендігімізге салқын түсіріп алмаймыз

ба естіп жүріп. Перзентін ата-енесіне қып берген жалғыз сен емессің гой. Өзінді де бір кезде Мақана қып берді гой.

Отінішім: мені осынау мазасыз көніл күйінмен аланда-та бермеші. Жақсыға, жылыға талпынайықшы!

Жақсы көремін!

Пірінен гой.

1.01.89.

Сөule, барым, арқамдағы жарым, күйіп-жанып сүйіп жүріп, қыздай етіп альп өзіңе өбден бауыр басып үйреніп кетіппін; есінде ме: алтадан артық ара жігіміз ажырамас-ау деп армандаушы едік қой.

Ереккәс, жат төсек болып жүріп көнілімді бәрібір ғып сұбытып аламын ба деп қатты қорқамын... өзімнен-өзім қор-қамын...

Пірің сенің! Сүйдім.

PS: Оқырманга ескерте кететін жәйт: мен 88-жылдың аяғына қарай төркініме, Алматы облысының Уйғыр ауданындағы Ақтам деген ауылга анам Айшаның қолына кетіп қалғанмын. Ондагы ойым Айнұрымды елге апарып, сүт ішкізіп дегендей, анамның көмегімен сәл де болса бойын қатайтып алу еді. Сәбидің күтімімен жүріп Дүкеңе де дұрыстан қарай алмайтын болдым. Текке мазасын ала бергенше – баланы төркінімде багып қайтайын деп елге кеткендеңі жазған хаттары гой бул.

Жұбайымның маган үйреніп кеткені сонша, маңайында көлеңкеге үқсан елпектеп, үйірsectеп өзім жүргеніді қалап сағынганын іштей сездім де тез оралдым.

Енді келер жылы елге кеткен кезде соңымнан жазған хаттарына кезек берейік.

13.05.89.

Алашапқын тіршіліктен бүгін қолым босап, өзінің суретіңе карап, хат жазып отырмын, жақыным. Туасы

екеуіміздің махаббатымызға келешекте осы хаттар ғана күе болып қалатын шығар. Сен жоқта қалай жүргенмін десейші?... Өзінмен болған ең тәтті, нөрлі, өсерлі шақтарды еске түсіріп, сонымен нөр алып көніл тогайтып жүрдім.

Өзінді жақсы көретінімді осы жолы анығырақ сese түстім. Ардақ ана үйдің бар ауыртпалығын өзі арқалап, азық-тулікке өзі барып, кірін өзі жуып, үстіне өзі қарап жүр екен. Алуаның мінезі өзгере бастапты. Дәрігерге көрініпті.

Жаным, Сәулем, бәлкім, өзің келген соң серпілтіп жібересің балаларды. Қарлығаштың қанатымен өртке су сепкендей елпілдеген жүрісің, мінезің бар еді гой. Айнұрды ауыртып алмаса екен деп уайым жеймін кейде.

Сағындым, жақыным!

Бұғін Имаштың бар ақшасын өзіне аударып беріп, ертең өзінді алып қайт Ақтамнан, деп аманат қып қатты тапсырдым. Сағындым!

Дүкенбай.

26.05.89

Сөule жақыным!

Міне, үшінші күн, аурухананың ем-домын қабылдан домаланып жатқаныма. Сені ойласам жан сарайыма өдемі жылы шуақ құйылғандай сезіледі, зерікпе, балалармен сөйлес; алдағы құндерге, үлкен күрестерге күш жинап, ой қорытып алайын аздал. Кейде алды-артымызға қарамай алақұйын болып зырқырап жүгірген адамға ұқсайды екенбіз; жылына бірер мөрте осындаі ондашальққа түсіп, өзінді тірідей абақтыға қамап “не істеп жүрмін!.. алдағы мақсат қандай!.. жақыным кім!”—деп біразырақ ойланып, сайланып алган да жөн-ау. Оймнан еш шықпайсың.

Тегінде, тағдырымызды бір-бірімізге сеніп тапсырдық де-ген осындаі-ак болатын шығар, нешеме кісімен тілдестім, қаншама кітап оқыдым, ешқайсысында екі тағдырыды бір жазмышқа айналдыру туралы тұжырымды дәйекті ойды таппадым. Мына ез тіршілігімізден таптым сол түйінді.

Бетінен сүйдім, белінен құштым!

Тағдырың.

Жақыным!

Махаббат жүрген жерде – пайда естен шығады. Менің пайымдауымша махаббат бес тұрғе бөлінеді (Мұны кейін езінің социологиялық кітabyңа келтірерсін).

Бірінші: рухани тұсіністікке, достыққа негізделген махаббат. Мақсат бірлігі деп айтуға болады.

Екіншіден: идеал махаббат; мұны кісінің жастайынан өз кияльында өллештеп “осылай сүйсем” деп келген махаббаты деуге болады. Яғни арманмен, қиялмен сую.

Үшіншіден: ләззат ойыны, сүйіспендей махаббаты.

Төртіншіден: құмарлық махаббаты. Тәннің бірін-бірі іздеуі, еркектің өйелді, өйелдің еркекті қажетсінгенінен туған махаббат.

Бесіншіден: қамқор махаббат. Өйел не еркектің бірін-бірі аял жүріп кейінше қамқор болып кетуі. Өйелдің ана ролін атқаруы, мінездері бірігіп кететін сүйіспендей. Мені мен Сенің бір-бірімізді сую тарихымызда осы бес тұрлі махаббаттың да жүқанасы бар секілді, біздік гүл шоғындей, бес тұрлі сүйіспендейтен қосылған бірлестік болар, сірә. Осыны есіне тұта жүрші.

Сүйдім.

PS: Екеуіміздің отбасы құрганымызға он бес жыл толғанда, Дүкенің осы хатына жауабындаи етіп, мына бір өлеңді сыйладым.

“Өйел шырагы” деген.

Қырық шыракты өйелдің бірі ем, бағы жанбаган,
Қырық сұракты өйелдің бірі ем тілеуден танбаган.
Тұтасқан көнілдің көгіне сәуле етіп,
Сені жеткерген айналды Алладан.

Сезімсіз, жылусыз тірлікке ет өліп,
Жылап атырган тандардың өтеуі –
Өзің бол үзілген үмітті жалғады,
Жүргенде тірліктің кетіліп кетеуі.

Біреулер жұргенде жалғыздығымды басынып,
Жаныма жалау боп, жоғымды жасырып,
Келдің де тұтаттың бақыттың шырағын
Тебене көтеріп, бағамды асырып.

Ерінің мейірі, ерінің шуағы,
Сол екен, сол екен өйелдің шырағы!
Жалында отырып жүректен жыр төгіп,
Жанында-ақ отырып, сағынып тұрамын.

Өзің кеп аршыған бақыттың бұлағы,
Өзің кеп тұтатқан өйелдің шырағы
Фұмырлы болса екен,
О, Пірім жолында
Екі дүниеде құл болып тұрамын.

Айнұр қызымыз тұмысынан әлжуаз, аурушаң болды.
Емдегіп, қаратып тұратынбыз. Осы балаға Дүкеңнің Амангелді деген курсаста досының жары, балалар дәрігері, ғылым кандидаты Эльмира Байғанқызының достық көңілмен ықыласы түсіп, көмегі көп тиңді. Сол кісі баламыз екеуімізді Алматыдағы әл-Фараби даңғылының желке тұсындағы биік төбелердің баурайына салынған республикалық Педиатрия институтына жатып, емделуге көмектесті. Академик Камал Ормантаев баланы өзі қарады.

Өздеріне қанша қын болса да, Атам мен Дүкең “әйтеуір Айнұр аман болса екен”, – деп, біз сауығып шыққанша шыдады. Енді сонда жазған хаттарын оқып көрсек:

Сәуле, жаным!

Кішкентай ауырғалы ауыртпалығың артып, қиналып жатқаныңды түсінемін. Аз құнгеге шыдарсың. Мүмкін 30-на дейін дұрыс болса, шығарып үйге берер. 1 шілде күні университетте бірге оқыған жолдастардың 25 жылдық жынын гой; бітіріп жатқан кезімде әлдебір себептермен жынына қатынаса алмаған едім; суреттеріне де түспеппін; осы жолы сенімен екеуіміз қатысып, суретке түсетін шығармыз деген ойдамын. Жаным, сәулем, мені көп уайымдама, бөрі дұрыс болады. Ардағың мен Алуаң да жаман емес. Осы кішкентайдың қындығына шыда! Өзінді үста. Басқа не

айтайын. Ана қосымша тарауды бітіргенмін. Енді машинист-кага теруге беремін гой. Министрдің көмекшісі арнайы ба-қылауга алған, Айнұрды “педиаторга тапсырамын” деген, олар сұрап билетін болар. Жаным, сүйдім.

Сәлеммен Дүкенбай.

16. 06. 89ж.

Сәуле, сағынып кеттім,

ем қабылдап, жата-жастанып жұмыс істеп жүріп жатқан жағдай гой. Осындаі кезде кімнің жанашыр екені, кімнің уақытша ғана пайданың көзі санайтыны белгілі болады екен; ауруханага келіп көніл сұраган адамдарға қарап айтамын-дағы. Өз сауышылығынды сакта, Айнұрды тезірек жазып алыш шық. Мен жөнінде көп уайым етпе: мені аздырмайтын үл-кен құдіретті күш бар гой. Ардақтың мына жүрісі қайта-қайта ойымды бөліп аландаға береді, әйтпесе, түсінген кісіге шүкіршілік қой. Пөлендей жаңалық жоқ. Бүгін түс көріппін, өзінді өлдекімнен қызғанып жүрмін бе-ау, қызырып жүрміз бе-ау, бұлыңғыр дүние. Адам үмітпен күн көреді, алдағы күнімізге жақсы үміттер артайықшы, жаным.

Сүйдім,
өз Пірің.

18. 06. 1989.

Жақыным!

Бүгін, міне, үшінші аптаға аяқ басты, ауруханада жатқ-аныма, үшінші хатымды жазып отырмын. Бойтумарша қас-иеттеп, қадірлеп ұстаймын гой деген ниетінден, ықыласын-нан айналып кетпеймін бе. Әр адамда күнес жақ, коленке жақ болады; бір-бірімізге сол күнесімізді көбірек көрсетсек қанекей; үніле берсек – сол күнес жақтан сүйіспендердікке, арманга, келер күндерге көп-көп нәр табуға болар. Адам үмітпен өмір сүреді, өділет үшін құреседі. Бір-біріміздің мінезімізді әбден біліп, түсініп, қай қырымыздан келсек – онды болады, көз жеткізіп кеткендейміз гой: ендігі тіршілік

бір-бірімісіз өмір сүре алмайтында болып бірігіп, жанға – жан, тәнге – тән ұласа тіршілік кешу қалған шығар. Жақсы көремін.

Өз Пірің.

10.06.1989.

PS: Жыл аяғында Дүкең әдемтегідей ем-дом алып қайтуға үйреншікті “Сарыагаш” санаторийіне жол тартты, мен апаммен, балалармен үйде қалдым. Көп ұзамай хаты да келді.

7.12.89.

Жақыным, жарым,

Халің қалай? Айнұр тышырлап, мазалап, уілдеп, “алау акбар” деп өзінше бата жасап, қабагынды бағып жүріп жатыр ма? Өзім сол ем-домды қабылдап жатырмын. Келгелі жауын. Сұраған емімді дәрігерлер жазып беріп жатыр. Ана Та什кенттегі “жазушы” жігіт сомолеттен қарсы алғанымен, үйінде жағдайы жоқ па, щәй іш демей, сол кеште-ақ салактатып өкеліп салған. Маңайдағы ешкімге хабар берген жоқ-пын, әуелі ем алып, сосын кітап оқып, ана үйғырды мұжіп (аударма) уақытты өткізіп жатырмын. Сірә, қайтқанша осы тіршілікпен уақытты өткізетін шығармын. 8-желтоқсан күнте санаторий жұртшылығы кездесу өткіземіз деп белгілеп қойды. Сагат 14.30-да. Сонда біраз іш ашып сайрап беремін. Тынымбай іші пысып ертелі-кеш соғып тұрады. Қол босай қалса сені, сенің міnez қалыбынды, той өткізген кездегі жүрісінді, сөзінді еске аламын; сейтемін де іштей риза боламын. Сүйіп, құштым өзінді. Көріскенше күн жақсы болын, жаным, жақыным, жақсым.

Пірің Дүкенбай ғой.

13.12.1989.

Сәуле, Апа, Айнұр,

Ардақ, Алуа қалайсындар?

Өзім есен-саяу ем қабылдап жатырмын. Мінекей жиырма,

жиырма деймін-ау, он тоғыз күннің жартысы өтіп те қалды. Аманшылық болса барып та қалармын. Үйді, өзінді көп ойлап сағынып жүрмін, жаным. Бас қосқалы бері ұзақтау кеткенім осы болар. Ендігі барша тіршілік: денсаулықты қарау, отбасыны бекіту, аз-аздап жазумен шұғылдану – осыларга бағынуым керек қой деп ойлаймын. Келешекте де дұрыстап ем-дом қабылдан жүрген дұрыс болар.

Сөулем, сенің жанында қажырлы, жақсы болып жүруім керек емес пе. Жатсам да, тұрсам да сенің жүрісінді, мінезінді, сезінді көз алдымға келтіремін: шынымды айтсам менің бар болмысайма айналып үлгергенсің ғой, сірә. Шүкіршілік етемін.

Көріскеңше, Пірің!

14.12.1989

Жаным, Сөулем, жақыным, жанашырым, қалің қалай?

Сені қатты сағынып жүргенімді немен басарымды білмей ақ қағаз бен қаламға қайта жүгінемін баяғы. Бұл хаттарым жетіп жатыр ма, жоқ па білмеймін. Достаевскийдің әйелі Анна Григорьевнаға жазған хаттары ана үйде бар секілді еді, “переписки” деген бір том кітап, қолың қалт етсе – тауып оқырысың. Келешекте өзіңе жазған хаттардан құрап бір жинақ жасауға болар-ау, сірә. Әрине бұл келешектің шаруасы. Әуелі сол асқар Алатаудай болып тұрған үлкен атаққа қол жеткізіп алайық, абыройдан көз жазып қалмайық. Мың мәрте құшып сүйдім өзінді!

Сабыр сактап, сағына тұс; келешек күндеріміз ыстық болар деп ойлаймын. Есінде ме, былтыр ақпанның аяғында Айнұр екеуінде ауруханадан шыға қалмайсың деп өкпе айтып, аяқ астынан “дау” шығарғаным. Енді ойласам: соның бәрі сені қызғанғаннан, сені сағынғаннан еken-ау, сол екі арада аяқ астынан “менің қамымды, жайымды ойлай қоймады” деп өкпем қара қазандай болып, піскен қарбыздай қарс айрылыптын ғой. Өзінді сағынып, ойлап жүретін адамыңың болғаны қандай жақсы. Ендеше сені бақытты келіншектің санатына қосамын.

Өзінді сакта! Сүйдім,
Өз Пірің Дүкенбай.

2.03.1990.

Сөулем,

Өзің елге кеткелі тіршілік соңында сүркіл салып жүріп, қол қалт етіп босай қалғанда “Әуезов абақтыңда” деген мақала жазып машинкаға бердім. Жаман шықлады. Әсіресе, 30-жылдар басында Әуезовті “ұлтшылсың, байшылсың” деп жанын қинап, абақтыға қамап, жанын шырқыратқан тұстарын; одан қалай құтылып шыққанын үлкен ыргак ұнасыммен суреттеп шықтым. Әуезовтің өзінің сол заманда “кәтелестім, жаздым, жаңылдым” дегені – осы күннің көзімен қарасақ: нағыз айтылар, ту етіп көтерер жәйттер рой.

Айнұрдың қағаз ұстатпай, у-да шу қылыш жүргені ойыма оралады. Өзінді көп ойлаймын. Кеше баспаға барып 1-томның сигналный данасын алып келдім, апам көріп, бастасын берді!... Шолпанға шүйіншігеп дег 20 сом тастаным.

Көзімнің майы азайды ма түбінен сурып ауыратын болып жүргені. Аман-есен ауылдан оралуыңды құтемін, ойлаймын, сөзінді, қимылыңды көз алдыма келтіремін, жаңым.

Дәт-қуатым менің, сүйдім!

20.11.1990. Қызылорда

Сөуле, жаным!

Міне, бүгін сегізінші күн сенен бөлектеніп, шаруа күйттеп кеткеніме. Әшейінде баж-буж етіп жүрсек те арамыз алшактаса сағынып кетеді екенбіз, әсіресе, өзім, кейінгі кезде көп ойлайтын болдым. Сенімен түсініскең, бас қосқан тағдышыма риза болып, өз-өзімнен тогайып, шүкіршілік қылыш жүремін. Ер жігіттің озуы да, тозуы да отбасына байланысты, менің тынысым, тіршілігім, осынау өмірдің мәні өзің. Бұл шыным!

Жақсы жағымды асырып, кемшилік мінезімді жасырып жарқырап жүретіндей дәт-қуат бере білгейсің! Жаным, жақыным, Айнұрды сүй бетінен. Сүйдім.

Пірің.

Сөүле!...

Әр адамның жан сарайындағы тас дөүрінен келе жатқан, бұғынып жатқан өзімшілдікті, жексүрын қылықты ояту онай, ал мұның керісінше, жақсыға үмтүлуды, сенімді, сыйластықты, сүйіспендікті ояту қын. Өткен оқыс оқиғадан кейін көкірегіңе орнаған өкініш, ыза, өкпені бір пәс кейінге шегере тұр да сабыр сакта, алға қара дер едім. Шындыққа жүгінейік.

Мен өзім ойымды ішке жиятын, жарқылдан ашыла бермейтін түйік адаммын.

Сен “аяғым ауыр” дегенінде іштей лұпілден қуанып жүргенмін. “Әйтеуір денсаулығы жараса, соңына ертері болсын, босанып алсын”, – деп едім. Әрине іштей ұл болғанын соншама қалап журдім.

Қараашаның 10-күні Шонжыдағы апа (Гүлнөздің мамасы) телефон арқылы: “Шетінеп кетті, ұл екен” -дегенде өзімді-өзім коярга жер таптай кеттім. Тұнімен үйіктай алмай, мазасызданып шықтым. Қайғы жұттым.

Сөл шегініс жасайын: сен ауырып қалды деп естігенде машина іздел шарқ үрганым....Имаштың жаңын жай таптырмаганым... орыс шоферына жолай май әперіп жалтақтаным.... бәрісі-бәрі сол келешек перзентке деген ықыласымнан еді. Әйтпесе, халінді біліп телефон соғып қойып, дәрігерлерге тапсырып, алып қайтуға бір-ақ баруыма болатын еді гой. “Жұмыс жібермей қойды” десем сен де өкпелей қоймассың. Сенетін едің сезіме.

Жә, бәрі бітті, өтті.....

Мысық тілеудің адамы емеспін. Көңілімдегі ойды ашып айтып үйренгенмін.

Оқыс оқиғадан кейін ойлап-ойлап мынандай тоқтамға келдім.

Мына оқыс оқиға неден болды – соны біліп алу керек. Мұны білмесек осы оқиға тағы қайталанады. Сен айтасың: жүйкеден, сол жүйкенің тозуы деп. Ендеше сол жұқарған жүйке алдағы кезде қалыңдамайды. Жұқарған үстіне жұқара түседі. Сенен қадірлі, сұлу өмір сүріп жүрген ешкімді көрмедім. Бұдан да артықша етуге шамам жетпейді. Жүйкенді қалыптауға өзің күш сал. Не болса соған сөйлеп,

менің “майда мінезіме” күйгелектенуге болмайды енді. Тоқтамға кел. Шұқіршілік қыл.

Әлгі оқыс оқигаға не себепші сонда?

Сен айтасың – жүйке, переживание деп.

Мен айтамын – нөрестенің жатын орнынан қан көп кетіп, оған қорек, жылу жетпей қалған деп. Дәрігерлік араша болмаған. Әуел бастан алдын алып ауруханаға жату керек пе еді, жол жүре беруді сап тыйған жөн ба еді. Білетін кісінің амалы керек еді.

Енді не істейміз? Бір-бірімізді кінәлап, кикілжінді көбейтіп, онсыз да жұқарған жүйкенді қажап түгесе береміз бе?

Тоқтамға кел! Сезімтал, сергек, жібек мінезді, көнтерлі, кең пейіл, көрікті келіншек болуға тырыс. Бағыла мінезінді ізде.

Мен болсам, “Таразыны” жазып жүрген кездегі, Алатау санаторийіндегі демалып жүрген кездегі ширақ қалпыма ту-суге тырысып бағайын. Иә, аруақ, иә сәт!

Бұл сенімен сырласу хаты. Шынның жүзіне тіктең қара-сақ, неге болса соган “сен ондайсың, мен мұндаймың” деп бажылдаса берсек арамыз алшақтай түседі, түк өнбейді. Өмірді текке сүріп жүрген топырақ адамдардың қатарында қаламыз.

Дүкенбай Досжан.

PS: 1991 жылғы 11 қарашада жазылған осынау хатқа түсініктеме бере кетейін.

1991 жылдың жазында аягым ауыр болатын. “Сарыагаш” шипажайына барып, люкс болме алып, біршама ем-дом алдық. Мақтарал ауданының Абай атындағы ауылынан Қошқар Оразов есімді іні тапқан екен Дүкен (бұл кісінің бір мінезі – жолсапарда, іссапарда, демалыста кісімен шүйіркелесе-ақ я іні, я ага етіп ала қояды) сол інісі әдейі алыстан колікпен келіп, алып кетіп, қонақ етті. Әйелі Ұлбазар екеуі алты үл өсіріп отырган барақатты отбасы екен. Ем-дом біткеннен кейін өзім Ташкент арқылы Алматыга үшіп кеттім де, Дүкен Жаңақорғанга согып, анасы мен агасының халін біліп қайтуға – жолымыз екіге айрылды. Әйттесе де Дүкен қоштасарда: “Алматыга барған соң тездеміп жолға шығып, Ақтамдагы

шешеміздің қолына қалдырып кеткен Айнұрды алып қайт”, – деп қатты тапсырган.

Алматыга келген соң автобуспен шұғыл түрде алыс жолға шығуым қате болыпты. Қырыққанды сол жылы “Шарын” вәзіні тасып, көлік жолын бұзып кетіпті. Соның әсерінен біраз жерде автобус қатты селкілдеп жүрген еді. Мениң жолға шығуым да, Дүкенің “алып қайт” деген бұйрығы да, кейінше ойласақ, мұлде орынсыз екен.

Бұл Айнұрдан кейінгі “бұйырмаган ұлымыздың” қайғысынан жазған хаты Дүкенің.

Осы жағдайдан соң, екі жыл өткенде 1993 жылы 23 ақпанда Әсел деген қызымыз дүниеге келді. Сол бала бір жасқа толып аяғын басқанша әкесі мені төркініме жібермей қойды. Үш жылға дейін ешқайда шыгармады.

Дүкен деген мен білетін ең балајсан адам! Балалар түшкіріп қаласа да уайым, тамагын дұрыс ішпей, киімін дұрыс кимесе де маселе. Тіпті Айнұрын вәзінің шешесіне де қалдырмайтын, сонда апам байгүс: “Шырагыл-ай, жасы ұлгайғанда көрген бала тәтті болады!” – деп мәз болып отыруши еді, жарықтық.

Сосын, жоғарыдағы хаттың аяғында Дүкенің “топырақ адамдардың қатарында қаламыз” дегені бар. Қаламгер бір шыгармасында ел адамдарын екіге бөліп суреттейді.

Бірі – жарқырап көрініп, кісінің көзіне тіке қарап қуанғаны, ренжігені айдан-анық, маңдай алды адамдарды – адам секілді адам дейді.

Екіншісі – жерге қарап күмілжіп, төменшік тартып, қықым тіршіліктің қиқымын теріп жүретіндерді топырақ адам деп бөледі. Кейде “майда-шүйде тірлікпен өсек-аяң қуып төмен қараған адамға айналып кетпейік”, – деп сақтаңдырып отыратын. Топырақ адамның мәнісі – сол!

PS: 1992 жылдың аяғына таман Дүкен “Сарыагаш” шипажайына емделуге кеткен. Жалпы, жұбайымның бауыры әлсіз бол, дәрігерлер жылына бір мәрте шипажайға барып тұруга кеңес берген. Сол жолдарғы хаттары...

Сөуле, серігім, халің қалай?

Ем-домымды алып жатырмын. Халім жақсы, бір мезгіл уақытымды ванна, укол қабылдауға, бір мезгілін жазуға жұмсаймын. Құніге қолжазбамен 5-6 бет жазып жүрмін. Бұл шабыты келген кісіге көптік қылмайды, үнемі жазып, ойын екшеп жүрген біздер үшін аздық етпейді.

Санаторийдің емдеу уақтысын кемітіпті, бұрынғыдан 24 күн емес, 20 күн етіпті. Осыған орай уақытты тығыз пайдалануға тырысып бағамын, ешкімге хабарласып жатқаным жок. Қайту мерзімі де беріге жылжиды. Жаңақорғанға қарай 28 қарашага жылжимын, жексенбіде сонда боламын.

Ешқандай уайым етпе, жаным. Көп жүгіре бермей, қалпынды сақтауға тырыс. Айнұрдың бетінен сүй, апамның қолын ал, өзіңе деген зор сүйіспендей, мол сыйластықлен

Дүкенбай.

31.12.1993.

Сөуле!

Кейінгі кезде өзіңе хат жазғалы сан оқталдым да, уақыт таппай, көбіне іркіле бердім. Менің барша болмысым да, мінезім де түк өзгерген жок, сол баяғы 87-88 жылдардағыдай, байқаймын көп алаңдап, ертеңіміз жөнінде уайым шегетіндей сыңайың бар. Рас, денсаулық жұқарды, жүйке де онып тұрған жок. Эйтсе де болған іске болаттай боламыз-дагы. “Перзентті болайын” дегеніңе де көп қиналып жүріп – мақұл деп рай бергенімнің басты екі себебі бар еді.

Бірінші себеп: сенің кеудендеңгі без үлғайып кете ме, соған қарсы дауа бола ма дегеннен, яғни сенің саушылығынды сактап қалу үшін жасалған тәуекел еді.

Екінші: өзге қатарларым секілді портфель үстап, лауазымға ие болып жүрген мен жок, маган дәреже, билік бүйірмады. Құні-тұні еткен еңбегімнің нәтижесі де жуғарақта көрінбейді. Ал кітап болып шықсын-ак, оны кім оқып жатыр!... Ал мықты жазайын-ак, оны кім елеп жатыр. Өмірімнің етеге қайсы сонда? Ең болмаса артымда қалар мұрама жидашы болып жүретін, іздеуші болатын біреу (яғни перзент)

келе ме дүниеге дегенмен тұған тәуекел еді. Ардаққа көмекші бола ма деген үміт те көңіл түпкірінде жүрді көмескіленіп.

Сөule, енді ертенгі күн туралы. Құдай қаласа, перзент дүниеге келер, аз ба, көп пе бұл қынышылықты да бастан өткізерміз. Өзің айтқандай адам тәзгісіз мінезім бар гой, соған қарсы келмеуге тырыс, қара дауыл тұтқылдан соққан кезде (я жүйке жүқарған кезде) ық жағынан өтіп кетіп қалуға тырыс. Өзің де ашынба, мені де ашындырма.

Соғып-соғып басыламыз-дағы. Өстіл күн өте берер, құдай берген тентектер жетілер. Бір күндері уақытымыз бітіп жығылар жерге, мәреке біз де жетерміз. Өмірдің заңы солай. Домалак дүние дөңгеленгелі неше мың сан даналар қайсы бірі дегеніне жетіп, мырық болып өткен дейсің!

Тағы бір ой: Алуа түрмисқа шығамын дегендей ғып жүр. Мына заманда отыздай адамның басын құрап үйден ұзатамыз гой деп ойлаймын. Кімім бар, оң жағыма шығып қолымды ұзартатын деген ойға тіреліп тұні бойы үйиқтай алмадым.

Менің басыма бір іс түсе қалса (мұны да ойлап қойған жөн гой), енді кімім бар дегенде, шындалп сезімді көтеріп, өзімді іздейтін, жаңымдағы Сен, Ардақ, Алуа, Ләйлә, Айқын, Базарбай, Сәпен, Есентай, Ділдаш; осы ғана екен; өңгесінін бәрі – өзім мықтымсып жүрсем ғана бар, ал, сөл сүлеменіп, дімкөстеніп, нашарладым бар гой – баяғы дос-жаранның бірі де іздеп, сұрау салмайтынына көзім жетті. Кешір, шындық осы. Біліп қой. Жақсы хаттың көңілсіз нотамен аяқталғанына ренжіме. Мен сендейкпін. Сені түсініп, сүйіп, орнынды біліп өтер, айқайлап айтпаса да іштей солай сезінер жан дегенде жалғыз жарынан дүғай сөлем!

Сүйдім!

РБ: Осы бір хаттың байқалғандай Дүкенде кейінгі кездері өзі айтатындаидай “апатияга тусу” деген синдром пайда болды. Мен оны жазып-жазып шаршаганда, өз күш-қуаты таусылып, алдынан отбасылық бір қызын-түйін шыга келгенде куресуге дәрмені қалмай қалғанда – болатын өлсіздік деп ойлаймын. Алғашқы жылдары әрине, ол жағдайды түсінбей, мінезінің

мазасыздығы деп қабылдайтынмын, кейіннен оның жазудан шаршаганынан болатынын сезіндім. Оны шамам жеткеше сабырға шақырып, “біз бәріміз сіздің қызметіңдеміз, қандай қиындық болса да бірлесіп шешеміз, балалар өсіп қалды, бір жағыңызга шыгады, қамыгатын түк жоқ”,— деп көңілін әлгі кірбің ойлардан болтін болды.

Осы отбасына өзім келгелі бері Дүкен үйге тاماқ қайдан келеді, өзі қандай размерлі кім киеді, ағайын-туысқа не беріп, не қоямыз дегенді ұмытты. Алғашқы жылдары өзім, кейінше балалар өсе келе әкемізге еш нәрсенің салмагын салдырмауга тырыстық.

Дүкен тек халқымен араласады, халқының откениң зерттейді, халқының болашагын болжап бағдар беретін ең-бектер жазады. Елдің жады, ой компасы секілді. Хаттардың ортасында менің де Дүкене арнап жазған бір-екі хатым сақтаған екен, соны да оқырманыма ұсынуды жөн көрдім. Ол хаттың біреуінің сыртына Дүкен “Сәуленің ұлу хаты” деп жазып қойыпты, мен көп хат жаза бермейтін болған соң сөйтіп жазып, бойтұмардай сақтап жүріпті. Енді сол хаттарды сөйлесек.

Арасында дүрмектің,
Әлдеқалай жүрмеппін.

Көп нәрсені сезіппін,
Сезіппін де түйіппін.
Біреулерден жеркеніп, біреулерді сүйіппін.
Біреулерден аласа, біреулерден биікпін.
Ақыры кеп,
Ат басын саған бұрдым, сүйіктім.

Арманым да,
Үмітім де
Сенде екенін үгындым.
Жәбір көрген сөбидейін бауырыңа тығылдым.
Үгындым мен –
Басқаларға жоқ екенін құнымның,
Ая, ардақтым, ая мені?!

Алдыңа кеп жығылдым.

Мұқағали ағамыз осы өлеңін дөл біздей махаббатпен, сезіммен жүргенде жазған болар. Екеуіміз бір-бірімізге арнал айтқандаймыз. Кеше палатаңызға барғанда күнделітіндіде параптап отырып “... дөл осыдан он-он бір жыл кейін қандай болады екенбіз, қазір шексіз бақыттымын” — деп жазыпсыз. Сіз маған сенбейсіз бе, қалай? Менің сізге деген сезімім он жылдан, он бес жылдан кейін сөніп қалуы мүмкін бе? Егер Сіз де, мен де дөл осы күнгідей бір-бірімізді бағалап, аяп, ардақтап, іздел, сағынып жүрсек, баларға дәл қазіргідей құрметті болсақ Сіздің осы бақытыңыздың мәңгілік болғаны емес пе!

Мен Сізге деген сезімімді қасиетті бойтұмардай көремін.

Бойтұмарды қандай құрметтеп, қасиеттеп, жанға ұстаптай аялайтынын білесіз гой. Оны жоғалтып алудың да ақыры жақсы емесін білесіз. Мен үшін сіз сондайсыз.

Сіз мен үшін Бақыт бойтұмарысыз. Егер сіздің бағындызды білсем, менің бақытты болғаным. Осы сырымды сізге айтпай жүруші едім, кешегі дәптерден кейін айтып қоймасам болмайды екен деп ойладым. Сіздің атыңызға кір, үстіңізге шаң тигізу мен үшін өліммен тең, жаным.

Осы бақыттымыз баянды болатынына сен! Ол өзіңе де байланысты...

Сөлеммен: Мен

7- маусым, 1989 жыл.

Хатты асығыс жаздым, Айнур жылап кетті.

23 актап, 1995 жыл

Дүке!

Мен Сізге біздің сүйкімді Өселіміздің туған күнінде хат жазып отырмын. Мен біздің шаңырағымызды құдайға төубе, берік, өзімізді бақытты деп ойлаймын. Сіз білесіз, көріп те жүрсіз, шаңырағы бұзылмаса да ішінен іріп-шіріп жатқандар көп. Мына нарық қыслагына шыдамай шайқалып тұрғандар да жетеді. Соларға қарап шүкіршілік етеміз. Құдай бізге денсаулық және екі перзент берді. Қалғанын Сіз еңбек-корлықпен, мәндей термен жасадыңыз. Раҳмет! “Сені бір өйелдей бақытты етем. Маған сен!” - деп едіңіз. Сөзіңізде тұрдыңыз. Ризамын. Мен Сізді сүйемін! Мактаныш етем,

арқа сүйеймін. Мен үшін Сізден қымбат ешкім де, еш нәрсе де жоқ. Менің барым, осы – махаббатым, ыстық ықыласым. Соны ал да, марқайып жүре бер.

Соңғы кездері “үй таза емес, одан да бала бағып үйде отыргым келеді”, – дейтініңіз жанымға батады. Дүке, мен де бір әйелдей тазамын. Сізге дүкеннен нан да алғызбаймын, ешқайда жұмсамаймын, “жаным, жаным” деп асты-үстіңе түсіп жүремін, осы аз құрмет пе? Ал Сіз айтқандай есіктен тірі пенде аттамай, еденде көлденең шөп жатпай, (онсыз да біздің үй таза гой) жүрген-тұрганымды санаң өмір сүре алмаймын. Және де сол тазалықты өзі жасасын деп сізді үйде үстап тағы отыра алмаймын.

Қазір өзіме өміріме керектің бәрі бар, тек Толстойды түсінбеген әйелі сияқты сезініп жүрмін. Мені: “Курортқа кетем, ауруханаға жатам”, -деп қорқытасыз. Сен сонда “үйде Гаухар жүр” деп, не мен “қонақ шақырады” деп қашасың ба? Жаныңызға керектің бәрі бар гой. Толстой үйінен бесе – әйелі түсінбеді, күллі өлемнің алдында масқаралады ақымақ әйелді. Ал менің жазығым не? Сіз шалқайған сайын еңкейіп жақсы көре түскенім бе?

Сіз біздің халқымыздың мақтанышы емеспісіз. Маңдай терімен жеткен биігіңізден отбасында неге төмендейсіз.

Өзіңіз үшін емес пе, асқақтап жүру. Отбасында биік жүрген азаматтың сырттан несібесі көтеріледі, дұшпандары сескеніп жүреді.

Дүке, мен ылғи ауызша айттып жүруші ем, бүгін жазбаша өтінем, арамыз сұымасыншы. Менің арқасүйерім болып, халқыңың мақтанышы болып, биігіңен түспей, денің сау болып жүрсөң екен. Менде басқа тілеу жоқ. Не айтсан да орындалап, құлдырап құлың болып жанында жүрсем болды.

Өзіңізді қалай тәрбиелейсіз, өзіңіз біліңіз. Үлкен креслода отырмасаң да, барыңа шүкіршілік етіп, биік азаматтықты жоғалтпаңыз. Мен сіз үшін жааралғанымын, барлық талабыңыз берілгенізді орындаимын, тек менің ықыласымды сұбытып, махаббатымды өлтіріп алмаңыз, өтінем.

Осы хатты дұрыс түсініп, менің сезімімді дұрыс бағалайды деп армандаушы – жарың Сәуле.

PS: Осы хатқа бірауыз түсініктеме бере кетейін. Адам – кемшілік сіз болмайды. Әсіресе, өнер адамы соншама кірпияз, кіді. Бір жағынан жадыраган жаз болса, енді аяқ астынан үскірік атқан аязды қаңтарға үқсан шыға келеді.

Сондай таңғажайып мінез менің Дүкемде де бар. Мысалға, тым тазалыкты жақсы көреді, үйдегі заттардың өз талғамымен алынғанын, өз орнында тұрганын қалайды. Жазу үстелі шаң болса, немесе қағаздары шамалы шашылып жатса, аяқ астынан “мөңкіл, тулат” шыға келеді. Бөлмелердің бәрі ретті, таза болуын талап етеді. “Балалы үй базар” дегендей балардың кішкентай кезінде үйіміз шашылып кетсе, үқып-тап сүрте алмай қалсам соны үлкен дүниелік әңгіме етіп, тұнеріп, ренжіп жүргені. Содан арамызда кейістік туатын. “Жұртқа үқсан үйге шалқайып кіріп, шалқып тамақ ішіп, газет оқып, теледидар көріп, шырт түкіріп жатпайсыз, шаң-тозанды сүрткіштеп жүріп аласыз”, – деп мен ренжімін. “Қағазым кірсіз, бөлмем ретті болғанын қалаймын”, – деп ол аспандайды. Ақырында арамызға ала мысық жүгіргендей болады.

Дүкеңнің парасатына қашанда тәнтімін. Ол ешкімді сыртынан жамандамайды. Біреудің кемшілігі туралы әңгіме айтпайды. Қолынан келсе алдына келгенге көмектеседі.

Әйтсе де, сүмдық аңқау, не болса соған арандап қалаады. Базарға барса, қымбатына ұрынады. Жолдас-жорасының жазғандарына сын айтып түзеймін деп көрер көзге жеккөрінішті болады. Бұрынырақта Жұбан Молдағалиев ағамыз Жазушылар Одағының бірінші хатшысы болып тұрганда роман жанрынан баяндама жазу Дүкене тапсырылыпты. Сол баяндамасында Ұзақбай Досманбетовтың, Қогабай Сәрсекеевтің, Рамазан Тоқтаровтың жана шыққан романдарына өткір-өткір сын айтыпты. Әлгі жазушылар көпке дейін Дүкеңнің әрбір қадамын аңдып, жазғанынан әйттеуір мін тауып, өзгелерді айдал салып өш алумен болыпты.

Тек Рамазан ағамыз үлкен жазушы азамат қой, кешіріммен қарап, өмірінің ақырында жазған “Абайдың жұмбабы” атты романына келістіріп қолтаңба жазып сыйлаганын, Дүкен 1996 жылы Мемлекеттік сыйлық алғанда үйімізге құтты болсын айтып келген бір топ жазушылар-

дың дастархан басындағы тамадасы болғанын ешқашан ұмыта алмаспсыз.

“Әй, Дүкеш, дастарқаныңды дуылдатып, жадыратып басқарып бердім, осы ғажайып тамадалығыма кастюм-шалбар кигізетін жөнің бар!”, – деген өзіл сөзі әлі құлағымда. Алды кең үлкен дарын еді. Дүкен өле-өлгенше ол кісіні қатты сыйлап жүрді.

Айта берсе, тере түссе – жұбайымның әлгідей-әлгідей кемшілігі толып жатыр. Адам пайғамбар емес. Жанымызды гендерді пайғамбар дәрежесіне дейін көтеріп, биіктетіп, жұрт көзіне жарқыратып көрсететін перштесі, сірә, біз секілді сүйген жары болар-ау!

Сонымен, Дүкеннің ғасыр алмасқанға (2000 жылға) дейінгі хаттары осылай сыр шертеді.

Күлше қызы мен Ханзаданың сыры да, шыны да осы.

Мүмкін біреу оқығанда мұны мақтаныш үшін бастырып отыр дер, біреу жеke сырларын кітапқа басқаны несі деп өбес көрер. Ал Дүкеннің тағдыры тек жеke басына ғана тән емес екені анық, оның әкесінің ұлы ғана емес, ұлтының тұлғасы екені тағы айдан-анық.

Ендеше сол тұлғаның жарқырап қөрінуіне жол ашқан менің өмірім сонша мағыналы, бай өмір емес деп кім айтады. Мені бақытты емес деп, ал маған жазылған хаттардың тарихта орны жоқ деп кім таласады.

Дүкен менен басқа ешкімді сүйген жоқ десем мүмкін қателесермін, ол тез ғашық болып қалғыш жан. Біреуге ғашық болып жүргенде шабыты тасып, шығармасын төғілдіріп жазады. Ол айларда одан жомарт, одан көңілді ерекк жоқ. Оның қайдан есіп тұрганын сезсем де, білмегенсімін, маған үтіге аман-есен оралса болды. Мен: Дүкеннің бір арманы бар деймін. Ол: “Сәүле өзі әппак, өзі топ-томпак, көзі ботадай сұлу болса”, – деген арман. “Егерде мен ондай болсам тағы мандағында сыймай қалам ғой, одан да балаларым үшін аман жүрейін, сен сондай сұлуларға анда-санда барып кел”, – деп өзілдеймін. Өзі де мойындаиды. “Ұзақ өмірімде маған ғашық болған, өзім ғашық болған әйелдер көп болды, бірақ сен ғана маған әрі адад, терең түсінетін Жар, әрі анамдай қамқор болып келесің”, – дейді.

Мен оған деген сезімімді қашанда өлеңмен ғана жеткіземін.

Аруларға алыстан ат арылған,
Сенің бітпес серілік сапарыңнан
Шүберекке түйіп ап қу жанымды,
Талай таңды атырғам қатарынан.

Күн де талай бататын күй ақтарып,
Ай да талай туатын қияқтанып.
Сен шалдығып жетуші-ең “қыз қуудан”
Біздің үйдің жалғызы сияқтанып.

Қызғанбадым қыз тартып алады-ау деп,
Анандай тек қуандым аман-ау деп.
Жастығы өтіл барады, ойнап-күлсін,
Ат айналып қазығын табады-ау деп.

Жақсы өмірді күтумен ертеңімнен,
Жаңылмадым, жазбадым сол сенімнен
Енді маган сағынып сыр айтасың,
Жастығымды үрлаған серке күннен.

Ерке күнді, ой, сол бір серке күнді
Есіңе алып жазасың “ертегінді”.
Мен отырмын төзімнен шаш ағарып,
Жары болып жігіттің ер көнілді.

“АДАМДЫ СҮИ, АЛЛАНЫҢ ХИКМЕТИН СЕЗ...”

Абай

Әр тұста Дүкеннің өзінің жазған күнделігінен, хаттарынан дәйек келтіре отырып, мен таныған жазушының адами қасиетінің екі тұсына тоқталсам деймін. Екі қасиеті деп турғаным: бірі – кісіге деген мейірімі, әділеттілігі, бір өтінішпен алдына келген кісіге “жок” деп айта алмайтын аққөңілділігі, адалдығы, қебіне сол мінезінен өз басына қосымша бейнет жамап жүретіні. Екінші қасиеті – сүйіспендік сезімінің өткірлігі, яғни махаббат, сүйіспендік сезімінде қарадай жүріп отқа қойған сары майдай лапылдан еріп жүре беретіні.

Сірә, әдебиет әлеміндегі ең жұлынды тақырыптың бірі осы – әділет үшін құрес, екіншісі – махаббат тақырыбы болар деп ойлаймын.

Дүкеннің шығармашылық жолында көрген қызындықтарымен бірге қалам ұстап, қара сөзді қасиет тұтып артынан ерген іні-қарындастарына жол көрсетіп, батасын беріп жүретін парасаттылығы да бір тәбе.

Есіме түскендерін айта кетсем...

1995 жылы тамызда Абайдың 150 жылдық мерейтойына әлем жүртішілігі Семей жерінде бас қосты. Бес жүздей үй тігіліп, “Айттым сәлем, қаламқас” өнін мың кіслік хор Қарауылтөбе батысында шалқыта айтқан кездे тебіренбеген кісі кем де кем. Алматыдан барған жазушылардың ішінде Дүкең де бар, алдындаған “Қазақстан” баспасынан “Абай айнасы” кітабы 30 мың тиражben шыққан, жүрттың қолтығында бір-бір “Абай айнасы”. Дүкең бәйгеге қосылатын жүйріктей сыланып-сипанып сол тойға ұлы тілекпен аттанды. Тәбе арқалаған Толағай батырға ұқсап арқаланып, биіктеп оралды. Оқиға төмендегіше болыпты, келе сап әңгімелеп бергені есімде.

“Дүкенді қасында бір суретші – есімі Абаев болар, сірә, бір журналист жігіті – есімі Ерғали Сағат, Шұбартау ауданының “Сапарғали Бегалин” атындағы колхоз тіккен ақбоз үйге түсірілті. Адам аяғы нәпір көрінеді. Әр үйде ұстаздың өні шырқалып, өлеңі оқылып, жүректі тебіренте түседі. Семейдің сұлулары қандай қылышты, бұралып отырып

Қымыз құйып, көзін төңкеріп қараганы-ақ есімнен тандырды дейді Дүкен.

Кешкүрм сейілге шығып кеткен Ерғали Сагат ымырт үйірле үйге сәмбі талдай солқылдаған, домбыра ұстаған бозбаланы ертіп келіпті. Дүкеңде таныстырыпты. “Бұл баланың аты-жөні Тазабеков Мұхаметжан, екі қүннен бері айтысқа қатысты, ертең соңғы сайыс. Ең соңында екі ақынғана қалды, бірі осы – Мұхаметжан. Екі дүлей ертең Президенттің алдында өлең сайысына түседі, женгені Абай атасының бас жүлдесін алады”, – дейді Ерғали.

Дәм-тұз татқаннан кейін өлгі бозбала домбырасын құшақтап іргеге барып, бетін керегеге беріп, жатып қалыпты. Дүкеңдер біраз гүілдесіп, өңгімелесіп, тұн ортасына та-ман үйқыға бас қояды. Әлгі бозбала тұнімен дәңбекшіп үйқытай алмай, аласұрып шықты дейді Дүкен. Ешкім бозбаланың мазасыз, алай-түлей кейіпіне мөн бермейді, таң атады, жұрт оянып, жуынып-шайынады. Дастанқанға тізе бүгеді.

Осы мезет Мұхаметжан өзінен-өзі оқыс оянған кісіге ұқсал, тәрде малдас құрып отырған Дүкеңнің алдына жүгініп тізерлер кетеді.

– Аға, шамалыдан соң соңғы айтысқа шығамын! Ел көзінде жүрген қасиетті адамсыз фой, батаңызды беріңізші, біргүрлі болып отырғаным, – дейді. Ерғали ағасы да бозбаланы құптай түседі.

– Батаңызды беріңіз, – дейді.

Өзге кісілер де жазушы мен жас ақынға оқыс бұрылады. Дүкен жалпақ алақанын алдына сілке жайыпты.

– Сөзің өлмесін!.. Өлеңің өріліп, көусардай құйылып келсін, ұлы Абайдың жолын берсін!.. Осы айтыста жолың болады!.. – деп бетін сипайды.

“Мұхаметжан бозбала бетін сипай сала, дәмге қол созбастан, турегеле сап сыртқа сытылып шығып кетті”, – дейді Дүкен. Бұлар бәйгеге ат жіберген атбекідей елендесіп отырып қалады. Ерғали бозбаланың соңынан ілесе шығады. Күн көтеріліп, той қызыады. Тұс ауа өлденеге елегзіген Дүкен сыртта жүрсе – анадай жерден шапанының етегі құс қанатындай жайылып, бір бозбала ентіге жүгіріп келе жа-тыр дейді. Көз жанары жасқа толы. Барып-келіп ентігеді. Соңдагы бозбаланың алғашқы сөзі: “Ағатай, жендім!..

Президенттің қолынан бірінші жүлдені алдым!” – деп ағасында болып көрінген кісінің құшағына жұтылып кетіпти. Дүкенің Абай тойынан тауып қайтқан олжасы, оқиғасы осы еken. “Сол айтыстан кейін-ақ Мұхаметжанның есімі елге таралып, биіктей берді, елдің бірінші нәмірлі айтыскер ақынына айналды, Алла қолдады”, – дейді Дүкең баз бірде терең ойға беріліп, соңына бұрылып қараған алыс жолдың жолаушысына ұқсап...

2005 жыл.

“Егемен Қазақстанның” 13 мамырдағы санында Даулет Сейсенұлының “Кімді іздел жүріп оқыса, сол – жазушы”, – деген Мемлекеттік “Дарын” жастар сыйлығының иегері, жас жазушы Айгүл Кемелбаевамен сұхбаты шықты. Сонда жас қаламгер өзінің тырнақалды дүниесі “Жетінші құрлыққа саяхат” деген хикаяты туралы айта келіп:

“...Ең алғаш 1984 жылы “Жалын” журналының 6-санында осы хикаяттан үзінді басылды, 1-курс студентімін. Журналдың бас редакторы Мұхтар Шаханов ағамыз өдебиеттегі жаңа есімдерге қамқорлық жасауды ойластырган еken. Бұл дүние белгілі жазушы Дүкенбай Досжановтың көлемді алғысөзімен жарық көрді, ол кісі алдағыны дөп байқаған сияқты”, – деп айтты. Кейіннен Айгүл Кемелбаева Жазушылар Одағына мүшелікке өткенде Дүкенбай ағасы батасын беріп, кетілдеме жазып жол ашыпты. Өнердің үлкен айдынына Дүкеннен бата алып шыққан Айгүл қарындасы халқымыздың талантты қыздарының біріне, жазушы-өдебиеттанушыға айналды бүгінде.

Дүкең өзінен кейінгі толқынға қамқорлық жасауға әрқашан дайын тұрады. Бүгінде өдебиет өлеміне танымал жазушылардың арасында тырнақалдыларын Дүкенбай Досжанов ағаларына оқытып, бата алып, екі-үш кітаптары жарық көрген сон, Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке өткендері отыздан асады.

Солардың біразын айта кетсем, қазақ прозасының майталмандары Оралхан Бекей, Эрнест Төреканов, Нұрқасым Қазыбеков, Сейтқызы Досымов, Сагадат Сәлімбаев, академик Мырзатай Серғалиев, “Жұлдыз” журналының бас редакторының орынбасары Тұрысбек Сөукетай, “Нұр Астана” газетінің бас редакторының орынбасары Қуаныш Жиенбай,

ғалым-жазушы Жолтай Әлмаш, Қонысбек Ботбай, Өріс Яшқұркызы, Хамза Көктәнді, Несілбек Дәутайұлы секілді мықтылар бар.

“Шекіртсіз ұстаз тұл”, – деген Абайдың сөзімен айтсақ Дүкең әдебиеттің қасиетті шанырағынан кілең сұңқарлар ұшырып отырған бапкер сияқты.

Әлгі құнделіктердің бірінде “елден, оқуға түсемін” деп келген кедей, сүйеуі жоқ, жетім балалардың жиырма шақтысына жәрдем жасап, қол ұшымды беріп оқуға түсіріп жібердім”, – деп жазыпты. Дүкеннің бұл айтқаны шындық. Өз аузынан естідім, көңілі шапқанда әңгіме ғып айттып отырады.

70-ші жылдардың аяғында Түркістан жағынан, іргелес жатқан Жаңақорған, Созак, Отырар аудандарынан жоғарғы оқуға түсемін деп дәмеленіп жастар көп келетін көрінеді. Әсіресе маусым, шілде айларында Дүкеннің жұмыс есігінде дамыл болмай кетеді дейді. Бір жылы шілде айында Отырар ауданының Темір стансасында тұратын, осы күні Отырар қорық-музейін тұңғыш ұйымдастырған кісі – Асантай Әлімов қызын ертіп келеді. Ол кісі музей десе – ішкен асын жерге қоятын, дүниені ұмыттатын, әрі өлең, әрі шежіре жазатын аққоніл адам болатын. Тағы бір қасиеті – Ленин мен Сталинді сүмдік жақсы көретін. Содан бір ұлының есімін Сталиннің құрметіне “Стекен” деп, екінші ұлын Лениннің құрметіне “Кеменгер” деп, қызын – Сталиннің қызының есімін беріп – Светлана деп қойған гой. Немеремнің атын “Дүкенбай” деп қоямын деп жүретін. Сол кісі Светлана есімді қызын әкеліп, “оқуға түсір!” – деп Дүкеңе тапсырады да “құмыра жинап, қабір қазуым керек”, – деп Отырағына қайыра жол алады гой. Досының өтінішін бел санаған жазушы қалам, қағазын жинап қойып “бала түсіру науқанына” кіріспіл кетеді.

Алматыдағы қыздар педагогикалық институтына келеді.

Ол заманда үш мезгіл тамағы, жатын орны су тегін жалғыз институт ЖенПИ көрінеді, конкурс аса қалың, адам аяғы қара құрым, біреуді-біреу біліп болмайды. Деканды, ректорды ұстап жолығу былай тұрсын, емтихан алатын мұғалімді табудың өзі қыын секілді. Оқытушылардың бірі тауга, бірі лагерге паналап ұстаптайды дейді. Дүкең үш күн сабылып жүріп математика факультетіне тапсырған үміткерлердің алғашқы жазбаша емтиханын алушылардың

бірі – сол кездегі Кеңес Одағының батыры Сұрағанов Құдайберген деген кісі екенін біледі.

Дүкең айтады: батырдың мінезі – батыл болар, ештеме дәметтес, тұрасын айтар деп Тастан жақта тұратын пәтеріне іздел барыпты, жолығыпты. “Құрғак қасық ауыз жыртар” деп алдындаған алған қаламақсызына өлті батыр ағаны мейрамханаға, дәм-тұз ішіп қайтуға шакырады ғой. “Әлгі кісі өзөр шықты үйінен”, – дейді Дүкең. “”Жалтақтап жүріп қала шетінен ресторан тауып, шыжыған күннің астында маңайына жалтақтап отырып сырраны ал кеп сімірейік, ал кеп сімірейік”.

Тіркемесі деп ащылауын алады, әбден қызып бойы балыған батыр ағасына Дүкең жайлап шаруасын айтады. Осылай да осылай... қалтасында көк тыны жоқ, қыз бала үйімде мөлиіп отыр... өкесі музейшіл, досым еді... бір көмегінізді беріңіз деп үзіліп айтады.

Құдайберген-екең көңгендей болады.

– Алғашқы емтихан математикадан жазбаша, қазір қолыңа шифер беремін, әлгі қыз бала шыгарған есебінің бас жағына сол шиферді жазып қойын, – дейді.

Дүкең “шифр” дегенді түсінбейді. Профессор қадалып түсіндіреді.

– Мәселе мынада, мен “sin” деген таңба беремін, басқа балага өзге шифр беріледі, осы “sin” белгісін шыгарған есебінің бірінші жолына, бас жағына жазып қойын, сосын қағазын сарашыларға тапсырып жүре берсін, – дейді Құдайберген-екең, – сол белгі арқылы көп есептің ішінен тауып алыш, я бес, я төрт бағасын қойып жіберемін.

– Түсінікті, – дейді Дүкең.

– Ендеше синус белгісі саған... байқа тангенс белгісін салып жібермесін, ол басқа баланың шифры, – дейді.

– Мақұл, ағасы, алыш жіберейік баланың жолы болсын деп!

Сонымен емтихан басталып, қыз балалар жазбаша жұмысты жазып шығады. Есеп шыгарғанын ішінде Светлана да бар. Екі күн өтіп, үшінші күн дегенде әлгі жазба жұмысынан құлағандардың тізімі ілінеді. Қара тақтага. Ішінде Светлана қызымыз жүрген көрінеді. “Жұмыс біттіге санап қағазына шұқынып отырган Дүкеңе түн ішінде қыз “құлап қалыптын” деп жылап келген көрінеді.

Дүкең енді киініп, сыртқа шығып, таксиге отырып Тас тақтағы батыр ағаның үйіне салып жетіп барады. Сейтсіз батыр-екен үйінде майкішесін, жайланаң алып, сүмек бои терлеп шай ішіп отыр дейді. Дүкең жанкүйер болып жүрген қызының құлап қалғанын айтады.

Батыр ағаның келіншегі отағасына кейіп жатыр дейді Түн ішінде гой.

— Қалтаң толған жыртылған қағаз, адрес, есеп-қисап кір жуған сайын қолымды жүргізбейді. Бұл неғылғаң қысымдай қағаз деп біразын қоқсықта тастағам!

— Апырмай! Шынында да, мен жаңылған шығармын Кейінгі кезде тула бойым толған шифр болып кетіпті.

— Қыздардың, әйелдердің хаты ма, кім біледі, — дейді женгеміз жүлқынып.

— Апырмай, кейінгі кезде қай қалтама қол салсам да, қағаз сопаң етіп шыға келеді. Шифрдан шатақтан болармын, — дейді батыр-екесі.

— Адам алжасайын десе естеді, кісіні әуре-сарсаңға салмай “қолымнан келмейді, баланың өзі талабынан, білімінен көрсін” деп неге тыныш отырмайсың, жазған!

— Апырмай, шынымен сен тапсырған қызға бөтен шифр беріп жіберген болдым. Қой, жазушы ініме көмектеспесем болмас. Енді тан алажеуімнен тұрамын, емтихан еткен жерге жетемін, әлгі сенің қызың шифр қонжитқан есепті сабан ішінен ине іздеғендай болып жүріп таба алмаспын. Одан да сол қыз ертелең маған келіп жолықсын. Есепті қайта шығартып, таза бланкіге көшіртіп, дұрыс баға алған талапкерлердің ішінде қосып жіберемін.

— Ендеше қайтайын, Құдеке! Айып етпессіз түн ішінде мазаңызды алғаныма, — деп Дүкең уәде байласып қайтып кетеді гой.

Айтып отырса, Ұлы Отан соғысының батыры, сол кездегі қыздар педагогикалық институтының білдегі доценті Құдайберген Сұраганов ағамыз сезінде тұрып, алыс ауылдан келген қызға есебін қайта шығартып, жогары баға қойып, сол жолы оқу орнына түсіріп жіберіпті. Светлананың әкесі Дүкене ризалығы білдіріп, бір айдан соң салақұлаш дастан жазып, поштаға салып жіберіпті. Әлгі ұзақ дастанды оқып жатып жазушы қылыш-қылыш киялға батады гой баяғы.

Қызық үшін тағы бір оқиғаны баяндай кетейін.

Жазғы демалысты жазушының елінде өткізгені бар бірде. Жаңақорған курорттының бас дәрігері Амангелді Абдуллаев Дүкендерге ағайын болып келеді. Ел ішінде атаға, руга белініп, той-жыныда бастарын қосып жүретін салт бар ғой. Сол Амангелді бауыры Дүкендер тараған “алты атанаң президенті”, елге басшы болып жүрген көргенді азамат. Бері қолпаштап “ал, хош, аға!” десіп, шығарып салған. Поезд Аққұм стансасынан өтіп, Бесарық стансасына іліккен кезде оқыстап кідіріп қалды. Жолаушылар: “Бұл шағын стансага поезд үш миңнегін артық кідірмеуші еді ғой, неге тұрмыз?..” – десіп күңкілдей бастады. Сол екі арада теміржолшының формасын киінген, жұтынып тұрған, сұңғақ бойлы жас жігіт күпемізді ашып кіріп келді.

– Аға, Сіз Дүкенбай Досжановсыз ғой, мен осы стансаның бастығымын, поезды сіз келе жатыр деген соң әдейі кідірттім, түсे қалыңыздар!.. Жеңгеймен екеуіңіз бір күн жатып қонақ болып кетесіздер! Мен баяғы Пернебек Басаров деген баламын, темір жол институтынан шығып қалған жерімнен кайта алдырғансыз. Жақсылығынызды өмірі ұмытпаймын, – деп бастырмалатып бара жатыр.

– Есімде-есімде!.. – дейді Дүкен, – біздер Фурманов көшесінде тұрған кезімізде мұғалім болып істейтін шешен ертіп келген үйге...

– Түсे қалыңыз поездан! Ертең дәп осындай жүрдек поезга отырғызып жіберемін, ағатай!

– Қой, айналайын! Алла разы болсын. Алматыға жете салып жоспарлап қойған шаруамыз бар, жолымыздан кідіре алмаймыз.

– Ендеше пәске тұра тұрыңыздар, – деді де әлгі станса бастығы зып беріп, купеден шығып кетті. Артынша сол стансаның жарты базарын түгел көтеріп келгендей, қап-қап қарбыз, қауын кіргізіп жатыр. Келіншегі өп-әдемі сүйкімді жан екен, ол-дағы пісіріп мұздатқан қазы, қарта, жал-жаясын дастарқанымен көтеріп жетіпті. Әп-сөтте күпемізді қымыран қымыз құйылған ыдысқа толтырды. Әлгі станса бастығы:

– Ағатай, поезга көгілдір жарық беремін, жолыңыз болсын! Бесарық стансасында бір інім бар деп есептеніз. Жақсылығынызды айтып өтем, – деп хош-хош айтЫП, өкіріп-бакырып қозғалған көгілдір составтың сонынан жігіт пен

келіншегі қол бұлғап қала берді. Әлгі жігіттің купемізге сықап салып берген сый-сияптар дөм-түзын бүкіл вагон жүргіншілері болып Алматыға жеткенше жеп тауса алмады.

Сөйтсек оқиға былай болыпты.

Әлгі станса бастығы Пернебек бір жастай жесір қалған келіншектің жалғыз ұлы еken. Әуел бастағы тарихы: бозбала мен бойжеткен бірін-бірі ұнатып, қосылуға сез байласады. Ертең той жасап қосыламыз деген күні орыстың бір жер үйін әкте, сырлап пешін жөндеп жылдып шығады. Күйеу жігіт сол жөнделген пәтерде жолдасымен қалып қояды, қалындығы жатақханаға қайтып кетеді. Тұнде, қыс суық болар, жылу шықпасын деп үй иесі пеш мұржасын жауып қояды. Қемір ісі үйде үйкітап жатқан екі бозбаланы қатты улайды. Ертесіне екі жігіт мөңгілік үйқыдан оянбай қалады. Елден келген ағайын-туыс екі жастың тойын өткізудің орнына жаназасын шығарып, улап-шуларап қалады. Ел күніренеді. Сейтсе қалындықтың ішінде бала қалған еken, кейінше, көктем шыға оқуын бітірген қаралы қалындық “азаматымның еліне барып босанам” деп баяғы жігіттің аулына – Жаңақорғанға келеді. Ата-енесінің жанына келіп босанып, ұл туады. Осы оқиға туралы ақын Шеміл Мұхамеджанов кезінде дастан жазыпты, сол дастанды Дүкен оқыған еken. Әлгі теміржол институтында оқып жүріп өлдебір себеппен үлгерімі төмендеп, оқудан шығып қалған бала – баяғы қаралы қалындықтың ішінде қалған, әкесі қемір ісінен уланып бақи болған сөбидің есейген кезі бол шығады. Жаңақорғанда сол қалындық мұғалім болып, ата-енесінің қолында қалып қойыпты.

Сәбиін ержеткізіп, институтқа түсіріпті. Енді сол әкесіз өскен газиз жетімегі институттан шығып қалған соң, Дүкеңнің адресін алып, Жаңақорғаннан әдейі іздеп жетілті гой. Қазақтар өстіп тіркесіп-ұшқасып жүре береді.

Дүкен баласын ертіп үйіне келген келіншектің мұнын... сырын... оқиғасын тыңдал алып, жазып отырган қагазын былай ысырып, белді буып шығады гой. Теміржол институтының ректоры Амангелді Омаров деген кісіге барып жолыгады. Келіншектің, әкесіз жетім өскен баланың тарихын баяндал шығады. Сейтсе ректор ағаның өзі сөз түсінетін, кітап оқыған, өзі де темір жол тарихынан кітап жазатын

адам болып шынады. Дүкенің Мұхтар Әуезов туралы жа-
ғының “Алпытың азабы” деген кітапын оқығанын, сол
кітаптың бас жағындыры тирада өкесінің Мұхамеджан Ты-
нышбаев екеуі Түріксібті салысқанын, Әуезовті екеуелеп
Ташкентке шығарып салған оқығасын айтып, тап өкесі тіріліп
келгендей қуанады. Шай алғызады.

— Сол кітаптың болса, маған он шақты данасын берсеңіз, — деп үзактан қайырып әңгіме қозғайды дейді. Дүкен үзап бара жатқан әңгімені ілестіріп келген балаға иіп келтіре береді.

— Жетім баланы окууга қайта алыныз, — дейді.

— Бала-шаганың әңгімесін үмітының! Ол бала институтқа алынды, оқиды дей беріңіз. Қам жеменіз. Сол Мұхамеджан Тынышбаевтың он көзі болған, Түріксібті салған менің әкем, — дейді әлгі ректор, — ол кісінің тарихы былай... мына Сарыөзек стансасын саларда орыстармен қатты айтысып, халық жауы болып атылып кете жаздаған...

Сойтсе тарих төмөндегіше екен.

Амангелді Омаровтың өкесі Жұмағали Омаров деген кісі кезінде, 30-шы жылдары “түріксіб прорабы” деген атак алған, еңбеккор, белсенді азамат болыпты. Түріксіб тарихын жасаушылардың бірі, әрі Мұхамеджан Тынышбаевтың он көзі деп тарихи деректерге сүйеніп, Дүкен өзінің “Алпытың азабы” романының алғашқы тарауында суреттеп жазған ғой. Бұл эпизодты Амангелді Омаров журналдық басылымнан оқып алышты, ал жазушының өзі ол тарихты мүлде үмітып кеткен. Ол кісі өкесі туралы жазған “жазушы Досжановты бір көрсем” деп арманда болып жүреді ғой. Енді сол көрсем деп жүрген жазушысы мойны қылқиган жетім баланы ілестіріп алдына алыш кеп түр дейді. Тағдыр деген қызық қой!

Дүкен ілестіріп келген баланың жайын қозғайды. Уайымы басқа жақта.

— Алырмай, бұл баланы айтпаңыз енді, стипендия, жа-
тақhana беремін!.. Одан да маңыздырақ әңгіме бар. Былай
еді. “Жібек жолының тарихын баяндаң кітап жазғалы жүр
едім, соган қол тигізіп, көмектесіп жіберсөніз!..” деп жазу-
шыға қолқа салады.

Дүкен әлгі кісінің қолжазбасын қарап беруге келісімін береді. Кейінше, бірер жыл өте “Жібек жолы – теміржол

тарихында” деген қалың альбом кітап шықты, сол кітаптың авторы Амангелді Омаров, ал өрі орысшадан аударған, өрі редакциясын жүргізген деген тұста Д.Досжанов деген жазу түр. Кітап шетел баспаханасында басылған. Міне, айта берсе әңгіме жетеді, баяғы Бесарық стансасының бастығы болып, “агалап” алдымыздан шығатын жас жігіттің ұзын-ырға оқиғасы осындай екен”. Дүкенің жолап кеткен жерінде бір тарих, бір өмір жатады. Жазғаны ғана емес, өзі де тарих сияқты кейде.

Дүкенің Базарбай есімді туған ағасы бар, ақкөніл, адал жан, сол кісі “Келінтөбе” кең шарында жиырма жылдай бас агроном болып істеген, күріш, жонышқа егуден астықтан мол өнім алушан алдына жан салмаған білгіш маман. Қазір зейнетте. Сол кісінің он баласы болған, сол он баласын да сүйрелеп жүріп оқытып, жоғарғы білім алуына септігін тигізді, жәрдемін аямады. Бұл қемегіне ешқашан ақы, сауап дәметпей, туысқандық қемегім деп, нақа бір мойнына қамыт кигендей емпендең жүріп, құлшынып жүріп бала-лардың жолына жүргенін, шаршаганын, қуанғанын, қиналғанын көзіммен көрдім.

Жоғарыда, тарау басында айтқандай кісіге деген мейірімі, әділеттілігі ұшан-теніз, “жоқ” деп айта алмайтын ала көйлек ақкөнілділігіне тағы бір мысал келтірейін.

Осы күні жұрт кітап жазғыш болып кетті. Әкім де, бұрынғы партия қайраткерлері, ел басында жүрген лауа-зымыңды кісілер де әйтеуір атымыз шыға берсін дей ме, есте қалғандарын шимайлап, қағазға түсіріп, қампайтып, қол-жазба етіп көтеріп жүргені. Сондай “жазғыштардың” біразы Дүкенді көп мазалайды. “Жетпей тұрган жерін жеткізіп жібер, жөндеп бер” дейтін кісілер ағылып келіп, қонырау шалып мазалап жатқаны. Сол кісілердің біразына Дүкенде шыгармашылық қемегін көрді. Тәуелсіз мемлекетіміздегі тұнғыш Премьер-Министрі С.А.Терещенко өзінің естелік кітабын солайымен жұбайыма қаратып алды, кейінше екеу сырлас, дос болып кетті. Көп жылдар Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде жауапты қызмет істеген, сөзғыс ардагері, елі құрметтеген үлкен азамат Әбжаппаң Жылқышевтің қалың қолжазбасын үйге өкеліп, үстінен қарал, шұқынып жүргенін білемін. Дүниеден ертө озған үлкен художниктер Жанатай Шөрденов, Салихиддин Айт-

баев, Мақым Хисамединов Дүкеңнің сырлас достары еді; кейінше осы кісілер туралы бір-бір естелік-эссе жазамын деп олардың қолтаңбасын ерекшелеп, суретін әңгімелеп отырганды жаны сүйеді. Осы художниктердің ішінен Жанатай Шәрденов туралы “Алхимик” деген әңгіме мұсінші Шоқан Төлеш туралы суреттеме жазып, оқырманына ұсынып үлгерді.

Дүкеңмен Аллатагала кездейсок ұшырастырып, кейінше жазушылық, шығармашылық тағдырға біржола бет бүрган бір азамат туралы айтып отейін. Бұл оқиғаны аттап өту мүмкін емес.

Ол – мамандығы инженер-механик, осы құнгі қазактың майталман қаламгеріне айналған, 7-8 кітаптың авторы – Сағадат Сәлімбаев деген азамат. Әйелінің есімі де Сағадат, нағыз құдай қосқан жұбайлар осындай-ақ болар.

1985 жылдың тамыз айында, өзіммен танысадан көп бұрын Дүкең әдettегідій Сарыагаш шипажайына ем-дом қабылдауға барады ғой. Бас дәрігердің өтініші бойынша үлкен клубта ем алушылардың басын құрап, кездесу өткізеді. Өзінің бұрыннан жазып келе жатқан тарихи тақырыптары төңірегінде тебірене сөз қозгайды. Сол кездесудің соңын ала орта бойлы, шашын тұтастай маңдайынан асыра кері қайырған, дәңгелек жүзді, аса мұңлы, аққұба жігіт келіп жолығады. “Кешке оңашалап жолығуға бола ма, – дейді жасқаншақтай тіл қатып, жазушыға айтсам деп жүрген сырым бар еді...” Дүкең: “Мақұл”, – дейді. Сол кеште ұзақ отырып сыр бөліседі. Әлгі жігіт өзін Сағадат Сәлімбаевын деп таныстырады. Дүниеге келгеніне үш ай толғанда анасы мен әкесі қатты сезге келіп, әкесі келіншегін, сәбійін тастап үйінен кетіп қалады. “Сен – солай етсен, мен де қалыспадым”, – деп шешесі кішкентай сәбиді жөргегіне орап, өзеннің жағасына тастап кетеді. Қас қарайып бара жатқанда жылаған нәрестенің даусын естіп тезек теріп жүрген кемпір тауып алады. Нәрестені сол кемпір асырап адам етеді. “Кішкентай кезімнен шамалап бірдеме түрткен боламын... соны сізге көрсетіп алайын..” – дейді Сағадат. Әлгі жазған екі-үш бет қағазын Дүкең үстінен жөндеп қарап береді. “Сол-сол-ақ екен”, – дейді Дүкең, – шүпілдеп тольш түрган тоганның тығынын алғандай болдым, менің батамнан кейін әлгі жігіт әңгіме, повесть дегенді топырлатып жаза бастады.

Құдай басқа салмасын, өлгі автордың дүниені көруі, сезінуі мүлде бөтен, іші сөзге толып қапты, сөз саптасы, сөйлем құрылышы ешкімге үқсамайды. Қадалып отырып жазады. Көп ұзамай жазғандары әдеби журналға, газетке шыға бастайды.

Сағадат Дүкенмен танысқан кезде Есік қаласындағы жеңіл мәшине жөндейтін стансаның бастығы еken. Көп ұзамай “жазуыма кедергісі көп” деп, ол қызметінен арыз беріп босайды.

Дүкенді қонақ етіп үйіне шақырган сайын Сағадаттың келіншегі ренішін жасырмайтын көрінеді. Ол реніші төмендегіше.

— Сізben танысқалы “жазу жазамын” деп жүрттан бөлекшеленіп, кісі киік болып қалды. Бұрын аптасына үйімізге бір қой келіп, жүрт шақырысып, кезекке тұрып жатушы еді. Енді ісі түспейтін жазушыны жүрт неғылсын, қой өкелмек түгілі “пәлесінен аулак, кітабыма спонсор бол” дейді деп шошынып, сырт айналып қашады.

— Бастық боламын деп жүріп жазуымнан қалатын жаіым жок, — дейді Сағадат жазушы.

“Жазуыма жеңіл” болады деп қала клубына директор қойған еken, көп ұзамай ол жұмыстан шығыпты. Паркке директор етіпті, одан да шығыпты. Ақырында алма бағының қарауылды болған көрінеді.

— Жазуыма қолайлы жұмыс осы сияқты, — деп Сағадат мәз секілді. Эйелі реңжулі.

— Дүкенмен танысқалы таудан домалаған тастай құлдыраумен келеді. Эй бір күні қара жаяу қалатын шығармыз.

Шынымен, әйелінің айтқаны келді.

Әлгі Сағадат досымыз бір кітабын шығаруға ақша керек болып жеңіл мәшинесін сатты, келесі кітабына қаржы болсын деп саябағын сатты... сөйтіп жұттан шыққандай кедейленіп шыға келді. “Жанталас”, “Жагаластар жарасымы”, “Білініз, Ноян еліненбіз”, “Қарт қадірі нede?”, “Қайдан келдік, қайда барамыз” деген аса оқылықты кітаптардың авторы. Жазушылар одагының мүшесі. Бұл күнде Алматы түбіндегі аса үлкен Еңбекшіқазак ауданының ардагерлер кенесінің Төрағасы, аудан әкімі жеке кабинет беріп қойған. Тақауда дүрілдетіп 70 жылдық тойын жасады. Сол елден мәжіліс депутаты болып сайланған Серік Әбдірахманов мырза

мен Президенттік мәдениет орталығының директоры Ұлықбек Ибраимовтың құттықтау папкісін қолтықтап, шапанын алыш, сол тойға Дүкең арнайы барып қайтты. Әлті той иесі Сагадат: “Әлі бес кітап жазатын оқиға көкейімде сайрап тұр”, – дейтін көрінеді.

Дүкең мәз: Сөлімбаев секілді ешқандай каноннга, қалыпқа сыймайтын, тек қана өзіндік машиқпен сойқан жазатын қазақ Булгаковын аштым деп “Лауазым иесі болған кісілер зейнетке шыққанда – үйіне, көшесіне қадірі болмай, жүргі үстап о дүниеге аттанып жатыр. Ал, мына Сагадаттың ауруға бір минөт те уақыты жок, жазып үлгерсем деп ертелі-кеш мәшинкесін тоқпақтайды да отырады. Мен білсем, бұл Сагадат әлі 20 жыл жазады, көр де тұр, әдебиетке сіңірген еңбегі өлгеннен соң, ескеріледі, сүйегін қара жерге көмбей, кептіріп балауыздап мұражайға қойған макұл”.

Бұл сөзге Сөкең досы ренжімейді.

– Маган Бейімбет Майлінді, Булгаковті, Платоновты оқып ал, үйрен дейсіздер, кітап, журнал оқып жатуға уақытым жоқ қой менің!

Мына сөзді естіген Дүкең жағасын үстап, қайран қалады.

– О, тоба, мынадай ақкөз философты, ешқандай грамматикаға сүйенбей, бір де бір классикті оқымай аяғы аспаннан салбырап түскен жазғышты көргенім осы!

Аз айт, көп айт... Дүкеңнің Таңдамалы шығармалар жинағының 13-і томында “Есіктің Король Лирі” деген шағын әңгімесі бар, сол әңгімені оқысаңыз осы айтып отырган Сөлімбаев ағаның мінез қалыбын танып, тіршілік-тынысына күә боласыз, күә болып отырып осындаи еңбек-кор, адал, періште мінезді адамның арамызда жер басып жүргеніне шүкіршілік қыласыз. Жаңының байып қалады.

Абай атамыз достық – достықты шақырады дейді. Адамды сүй, алланың хикметін сез дейді. Кісіні жақсы көрсөн де, жек көрсөн де – бетіне тұра қарап шындығынды айтып, шешіліп, бұқпай, қорықпай, сыртынан пыш-пыш сез айтпай бұқпесіз болғанға не жетсін. Жоғарыда жарымның тым ақкөңіл, аяғыш, сенгіш, иланғыш мінезі иіп өкеліп, ешқашан “жоқ, бұл өтінішіңізді орындаі алмаймын”, – деуге аузы бармайды дедім ғой. Бұл мінез – иесіне сор. Уақытын жейді, қолынан келіп өтінішін орындаپ жатса – алғысын

алар-ау, орындаі алмаса – өтірікші уәде бергіш болып шыға келмей ме. Көп аққөңіл ала көйлек адамдар мына қатал өмірде мақсатына жете алмай, орта жолда сүрініл-жығылып жататыны содан. Осы мінезінен сақтандырган боламын, ешкімге уәде берме деймін!.. Онсыз да өзіңе жетпей жатқан уақытты жолы болмай жүрген кісілердің жоғын іздеуге жырымдама, бөле берме деп ақыл үйреткен боламын.

Мендеңі асып, тасып бара жатқан қандай ақыл. Даныш-панга ақыл үйретіп бола ма! Әйтеуір сабасына түсіріп, сақтандырып, ойын бөлген боламыз ғой. Жалпы үргашының ақылымен өз өмірін құрастырып, жүгін түゼп, тіршілік арбасын дөңгелетіп жүрген еркектердің онғанын қөргенім жок. Біздікі, өншейін, корғаштау болар.

Мен билетін жұбайым, көбіне, қауіп-қатерді, кісінің адаптациямын, жасаған ісінің он-терісін жүргегімен сезіп біледі. Ішкі интуициясы сыйырлай ма, бөлкім. Біздер, лапылдан жаңып, осы ғажайып адам деп дабырлап жүрген кісіні – Дүкең бір қөргеннен тани қояды, рентген сәулесі секілді, жан-жүргегімен қабылдай қоймаса – қолайсыз адам болғаны, шүйіркелесіп түсініспін кетсе – дұрыс кісі деп таныңыз.

Шымкентте Хамза Көктөнді есімді ақын, жазушы бар, Дүкеңнен көп кіші. Сол жігіттің бір кітабын оқып, ұшыра-сып тілдескеннен кейін-ақ жұбайым ағынан жарылып жүре берді. Әдебиеттің серкесімін дейтін базбір атақты ақындар өлгі жігітті “шаригі түсіп қалған”, “қиялилау”, “ортакқол ақын” деп шетке шыгарып, сүтке тиғен мысықтай ғып менсінбейді екен. “Мынау деген жазушымын деп осы күні Шымкенттің классигі аталып жүрген жігіттер Көктөндінің қасында қиялы кем, күндіз қолына шам ұстаған, баяғы бір балалық шақтын оқиғасын езіп, мыжып жүрген мырқым-байлар өншейін. “Көктөндінің қиялы бай, сөз саптасы бөтен! Тек тақырыбын өзге жақтан іздең шаршаулы. Түбінде осы өнірде жазудан Көктөндінің алдына түсер ешкім болмайды!” – деп кесіп айтқаны есімде. Кімнің келешегін кім болжапты! Кімнің алдынан кім шығыпты. Түбінде жұба-йымның он тілеуі шындыққа айналарына кәміл сенемін.

Кімнің кім екенін жүрек спектрімен сезеді дейтінім со-дан.

Енді Дүкеңнің сүйіспендік, махаббат туралы ой-сезіміне, айтқан сөздеріне біразырақ тоқталайын. Қызық үшін.

Әуезовтің басына іс түскен 30-32, 52 жылдарды өзек етіп Дүкең “Мұхтар жолы”, “Алыптың азабы” атты екі роман жазғанын оқырман қауым жақсы біледі. Сол кітаптарын жазып жүргенде жұбайым архив құжаттарын актарып, мол-мол деректерді жинап, біраз құпия жәйттерге көз жеткізген ғой. 40-50 жылдары Әуезовпен дос-жаран болып, жазушының ыстығы мен сұығын бірге көтерісken көз көрген достары Бейсенбай Кенжебаев пен Файса Сармұрзин деген кісілермен әңгімелесіп үлгерілті. Жазушының құнделіктерін қарап отырсам: Бейсенбай Кенжебаев айтқан “Әуезов туралы деректер”, Файса Сармұрзин айтқан “Әуезов құпиялары” деген көлемді-көлемді жазбалар бар. Соғыс өрті лапылдаپ тұрған жылдары Әуезов пен ФатимаҒабитова апайдың арасындағы сүйіспендік сезім, арадағы көп кикілжіндер, Мұраттың дүниеге келуі, еселеі, ержетуі туралы мол-мол деректерді жазып алған. Дүкең бір сөзінде ойланып отырып:

— Мұхтар Әуезов өмірінің қырлары мен сырлары түгел қамтылды, түгел жазылды, тек қана жазылмағаны — Әуезов ғашық болған өйелдер, сол әйелдермен жазысқан хаттары ғана, — деген еді. Тиіп-қашты Әуезовтің ғашықтық хаттарын қолға түсіріп, екі-үшеуін газетке беріп басқызып еді, артынша:

— Қой, болмайды екен, құрдасым Мұрат Әуезов ашпайтын сырды аштың деп ренжітін секілді, — деп ол шаруасын сапта тып үлгерді. Тақырыпты сол күйінде жауып тастады.

Айтайын дегенім: сол құнделіктерді, сол Дүкеңнің клас-сик ұстазы жөнінде айтқан пікіріне құлақ салсам — Әуезовтің қаны ыстық, лапылдаған от, жалын сезімнің серкесі болғаны; ғашықтық, сүйіспендік тақырыбын осы күні жалау етіп желбіретіп жүрген батыс авангардистерінен ешбір кемдігі жок, баз-бір тұсында артық суреттегені сүйсінгеді. “Қаралы ару”, “Жанып-сөну”, Тоғжан — Абай тұндері. Мұхаңның қаламынан туган еткен ғасырдың 20-шы жылдар әңгімелері сол ыстық құштарлықты суреттейді.

Әуезовті жазып жүргенде Дүкеңнің өзі де ғашық болыш еді. Сөздерінен ыстық леп есіп, дегбірі қалмай, қолы-жүзі ысып, көз жанарынан ерекше бір шоқ көрініп тұратын. Өзіме солай сезілетін. Әуезов ұстазының ауласы ауыс-

ты ма, өлде қан құрамы 1 резус отрицательный болгасын ба, құштарлық сезімге тізгін бергіш болды. Сырттай үян, біртога, жабулы қазан секілді сезілсе-дағы тілдесе кеткен қыз-келіншек ерекше аураға ұшырап сасатын. Шеңберге түскендей болатын. “Апымай, мына кісінің ықыласы ерекше-ай! ..” деп қалатын.

Бәлкім, бізді де тез ұғыстырган сол ыстық сезім, ыстық қан ағысы, Әуезов аруағы шығар. Сол ұғысудың ең бастысы – баракатты отбасының біреуіміз Әкесі, біреуіміз Анасы болдық.

Қайғыдан ғашық шайырлар
Мәжнүн боп кетер деген-ді.
Бақытты ғашық жайында
Естідің бе, жыр-өлеңді.

Дастандар, хисса, ән-жырлар
Арманда кеткен ғашықтар.
Талауға түскен тағдырлар,
Заманы жаншып, жасытқан.

Мәжнүн мен Қозы, Төлеген,
Ләйлі мен Баян, Жібектер.
Халқымен жырға бөлеген,
Мәңгілік соққан жүректер.

Жырларын жаттап ғасырдың.
Жарыса айттып өскенбіз.
Балауса кезде жасырын,
Ғашықтық сезім кешкенбіз.

Ешбірі бірақ табыспай,
Арманда кетіп қалса да.
Хаттарымызға жазысқан
Мысалға алдың қашама.

Мен-дағы жаным, сен-дағы
Жаттадық мұндық жырларды
Неліктен бағы жанбады,
Дегенбіз іштен ұрланып.

Содан ба артып өкпемді,
Ойланып іштей шештім мен.
“Гашық боп бірге өткенді.
Көрмеппін, – дедім, ешкімнен...

Қалаға келіп даладан,
Кинолар көрдік тамсанып.
Гашығын алып қалаған,
Қосылмай кетті қанша жұрт.

Содан ба, ешибір жігітке
Өлердей гашық болмадым.
Өзіңде жақсы үмітпен
Өмірімді жалғадым.

Жыл өткен сайын тасытып,
Төгілді мейір, шапағат.
Осы екен, жаным, гашықтық,
Осы екен, дедім махабbat.

Жақында дүниені шулатып бара жатқан Бразилия жазушысы Пауло Коэльоның “Захир” деген кітабының қазақша аудармасын оқып шықтым. Жұмағали Ысмақұлов ағамыз тәржімашылық шеберлігін аямапты. Захир деп тұрғаны – талисман, тұмар. Жазушының махабbat тұмары. Достоевский тұптің-тұбінде адамзатты тығырықтан шыгаратын сұлулық деуші еді ғой; мына қаламтер дүниені төңкеріліп кетуден сактайтын – махабbat дейді. Оқиғалық фабула бар, коллизия табылған, әйтсе де кейіпкер өрекеттері оқырманды сендермейді. Бас кейіпкер жазушының өзі, менің захирім, менің махабbat – тұмарым деп жүрген әйелі Эстер “маған өткір сезімдер (острое ощущение) керек” деп соғыс жүріп жатқан Тағу Шығысқа кетіп қала береді. Жұбайы “занирим-ай!”.. Эстерім-ай!..” деп зар еніреп сонынан сағынып, ізден жүреді. Әлемдік классиктердің әр пікірінен ойып алған, үзіп алған қырық жамау құрама сюжет. Сонша егіліп ғашық болатындаид Әстердің мінезі, сұлулығы, жан-сезімі ашылмаган. Үргашы кімді қаласа – сонымен болуы керек деп, ешкімнен, ештемеден тайынбайды. Бас кейіпкер – жазушының да күніге тәсегі құр емес.

“Адамның күні – адаммен” деген қазақи философияны Пауло Коэльо “Аудыс-түйіс Банкісі” деп алған, сол банкіден қанша ықылас-пейіл тапсан, сен де әлгі банкіге соншама қызмет көрсетіп, маңайындағы көмек сұраған кіслерге жәрдем беруің керек дейді. Бар жаңалығы осы! Соншама тандай қағып тамсанып, алтынмен аптал, күміспен құттеп. Әптимектей ғып шығарған кітабымыз Әуезовтің “Кінемшіл бойжеткен” деген әңгімесінің ширегіне тұрмайды. Әдеби құндылықтарды бағалау, басып шығару, насиҳаттау, тану, сезіну барометріміз істен шыға бастаған секілді.

Басқаның шошағын үлкен бел көріп өз тауымызды жәй, төбешік қой деп жүрген бейбактармыз.

Ыстық сезім, сүйіспенендік, махаббат – мәңгілік тақырып. Оны қаны ыстық өнерпаздарғана үқсатып жазады, көтеріп көрсетеді.

Дүкен өз оқырмандарымен жиі кездеседі, мектепте, университетте, кітапхана залында. Сонда жиі қойылатын сауал төмендегіше.

“Сіздің шығармаңызды құю-сую оқиғасы жок, көбіне батальной соғыс сценаларын, ұлттық этнографияға табан тіреп жазасыз!.. Әлгі оқырман жазушының “Отырар”, “Фарби”, “Жібек жолы”, “Таразы”, “Табалдырығыңа табын” кітаптарын мегзеп тұрган болар деп ойлаймын.

“Сіздің кейіпкерлеріңіз ылғи жолы болмай, ері мойнына кетіп жүрген, кедейліктен сінірі шиқылдаған бейшара можантомтай адамдар”. Бұл оқырман жазушының “Қымыз”, “Кекпар”, “Қызылқұмның желі не деп жылайды”, “Аралды аспаннан іздейік” атты әңгімелерін оқып алған.

“Президент туралы жазып жүр деп естіміз, естіп жүріп билік басындағылардың жарапазаншысы, одашылы болып кеттейсіз бе?..”

Рас, кейінгі кезде, Астанаға көшіп келгелі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевті бас кейіпкер етіп “Ақ орда” деген роман жазып жүргені мәлім. Бұл сауалға Дүкен төмендегіше жауап берді. Шыны осы деп ойлаймын.

– Өз басым қазақтың барша мамандық, кесіп иелерін кейіпкер еттім: балықшы, қайықшы, дикан, ұста, зергер, мұрагер, базаршы, түйеші, қойшы, атбегі, профессор, алыпсатар, бухгалтер, кезбе... бәрін-бәрін... енді ірі реформалар, кезеңді оқиғалар өз қолынан өтіп жатқан Президентті бас

кейіпкер етуге өбден болады!.. Ірі тартыстар – ірі фабуланы туғызады, ірі фабула – мұхиттан көтерілген тайфун дүлейі сөкілі, сол тайфун-дүлейін Президенттің жүрек тебіренісімен бергеннің пәлендей айып-шамы жоқ. Іншалла, қаламға қуат берсін деңіздер!..

Әлде жас оқырмандардың “махаббатты, сүйіспенідік сырын аз жазасыз” деген сөздері қамшы болды ма, әлгідей төсектегі ләззат ойынын ойнатып жазып дүниені дүңкілдептіп бара жатқан Пауло Коэльомен күш сынасқысы келді ме, кім біледі... Дүкең кейінгі кезде жас оқырмандарына арнап екі хикаят жазды. Бірі “Ине ұшындағы өмір” деп аталады, мазмұны – СПИД дертіне ұшыраған қазақтың аса дарынды жас жігітінің қасіреті. Бұл повестің желісімен фильм түсіріліп жатыр. Екіншісі – “Пайғамбардың өлімі” деп аталады, оқиғасы – өмір бойы кісіге қиянат жасап, күненің неше түріне батып, акырында о дүниенің қамын ойлап Меккеге, қажылыққа барған Мырқы мырзаның Арафа тауының басында отырып, көз жасын көл етіп, жаратқан иеден біліп, білмей жасаған күнөларына кешірім сұрауы. Екі хикаята мистика, дін, пәлсапа, эротика, ләззат ойыны, жаратқан иенің аян беруі, телекинез, аруақ аurasы мол-мол қамтылған. Бұл шығармалары 2005 жылы “Ұш тағдыр” деген ортақ атпен жеке кітап болып шығып, жастардың сүйіп оқытын бестселлеріне айналып үлгерді.

Бір күні кабинетіне кірсем З.Бжезинскийдің “Великая шахматная доска”, А.Н.Яковлевтің “Жадының жогалуы”. “Сталиннен Путинге дейін” кітабын оқып отыр екен. “Ұмытшақ үлтпыш”, – деді ойланып отырып, кешегі әйкәпір атанған кеңестік құрау-құрау қызын заманды бүгін келіп мақтамыз, аңсаймыз; ал енді керісінше осы заманғы жүріп жатқан ірі-ірі маңдайалды оқиғаларды, мысалға, Қытай мен Ресей іргесінен өтетін мың жылдан бергі шекара дауының шешіліп шегеленуін, рынок реформаларының оң нышандарын, бір заманда басымыздан тайып кеткен бостандығымызды, ел шығының көтерілуін көргіміз келмей, көрсек те естімеген...білмеген... сезбеген болып, ауыл арасының өжік-күжігін айтып өсекпен өмір сүріп жүрген жігіттерге қынжыламын, – дейді өз-өзінен күйіне сөйлеп.

Дүкенің мінезін білемін, өстіп өзін-өзі іштей қайрап, қаламға жүгінеді, күйініп сөйлеп жүрек сезін ақ қағазға

түсіреді. Ыстық жүрекпен сүйіспендік, махаббат суреттерін елестетіп өңгіме жазады. Әйттеуір қол қусырып қарап отыру жоқ кой.

“Қыздың саз ыргағына ілесіп тербетіле билегені ерекше. Үлпілдеген үкідей. Саусағына саусағы тиген кездे өз-өзінен үйтіліп түсердей. Кеудесін шалқақ ұстап, аяғын кезек тастап, теңіз толқынынша тербеледі. Қыз шалқайған сайын жонынан су төгілмес бозжорға елестейді, мықыны өрәдік дір-дір етеді. Сөзі де, өзі де нәзік, сезімтал, сергек алақанына алақанын салып би билеудін өзі жұмақ есігін ашқандай әсерге бөледі. Кім біледі. Елпектеп, өпектеп, отқа түсер көбелекше желпілдеп дүниені ұмытып саз ыргағымен таңға дейін билер ме еді, қыз құлағының түбінен: “Аяңыз, агатай, оңаша шығайықшы”, – деп сыйыр етті (Д.Досжан, “Уш тағдыр”, Алматы, қасиет, 190-шы бет). Осындағы сейлем ыргағына зер салыңызшы. Ындыны кепкені – жон арқасынан тер су боп ағыпты. Шағыл ұсті дегені – қыз анарын уысына толтырып, қырға тырмысқан кісішеле өңмендей тырмысып, төсіне төсін тигізіп ұзақ умаждапты. (Сонда, 168-ші бет). Осындағы теңеуге көніл бөлінізші. Қыз бен жігіттің құмарлық ойынын өзге жазушылар секілді “төсекке жатты”, “құшты-сүйді” деп айта салмайды; мұхиттың тасуы мен қайтуына теңейді, бойжеткеннің төңкерілген бөкссесі – аппақ қарлы шынды елестетсе, жігіт жарға жабысып тырмысқан альпинистке келеді; “құшағына көміп жұқа ернінен піскен шие үзіп, ұзақ сүйді” дейді; “танертенғі төсектен жігіт саудырап қалған сүйегін әр жер, әр жерден жинап теріп алды” дейді; көз алдыңнан өшпейтін суретпен ұқсатып келтіреді. Бұл жағын әдебиетші ағайындар танып, біліп талдай жатар, менің айтайын дегенім – Дүкен қаламынан туған жар сую, ләzzат, құмарлық ойыны ешкімге үқсамайды дегім келеді. Тек қана түсініп, түшініп оқыған жөн.

Бір заманда жазылған “Мұхтар жолы” романында ұлы жазушы Әуезов ел аралап, жер көріп, кәрі Қаратаяудың теріскей бетіне сапар шегеді. Ауыл басшылары жазушыны Қаратая ішіндегі Балықшы бауы деген жерге үй тігіп күтеді. Шалғыны белуардан бұлак басында, акбоз үйде ақбас қаламгер ұзақ отырып өңгіме айтады. Ай құлап бара жатқанда “демалайық” десіп, мейман сыртқа шығады. Тас бұлақтан алақанын толтырып су іshedі. Сол-сол-ақ екен, жазушы-

ның тұла бойына ерекше қызу еніп, жүргегі құрғыр ұмтыла соғып еш тыншыттайды. Қай-қайдағылар есіне түседі. Қай-дагы-жайдагы қызулы қызық ойларға беріледі. Тәсегінде дөңбекшіп көз ілмей шығады. Қазір қолымда кітап жок, әйтсе де осыдан он жеті жыл бұрын оқыған сол эпизод өлі күнге көз алдынан кетпейді. “Алтырмай, ұлы ұстаздың қан қызуы да бір басынан асып төгіліп талай қызық, қызулы оқиғаларға итермелепті ғой” деп ойламаймын. Таңданамын.

Туасы қаны ыстық өнер адамдары я өзін өртейді, я маңайындағы өмірді өрт жалынымен шарпиды. Пайғамбар жасына жетер-жетпесте ұлы Әуезов неге күйіп-жанып ортақол хирургтің пышагына түсіп оқыста көз жұмады? Қаны ыстық Пушкин неге 37 жасында өзін-өзі оққа байлаған?

“Күйеуі ер, қалындығы сұлу болып, жөне үқсар тар төсекте жолығысқанша; Арт жағынан жаурыны булкілдейді, қыран бүктеп астына дәл басқанда”, — мұны Абай 28 жасында жазған. Барша бүлік-түзік іс жазушының мінезінен шыға ма деп ойлаймын.

Онай түскіш, кателескіш мінезі де сол жазудан, ойы босамай жүргеннен. Алды-артын ойлап, сактана басып, лауазымды кіслерге жағынатын жерде жағынып, адам ойна келмейтін комплимент айтып көзге түсіп жатқан құрдас ақынды, құрдас жазушыны айтып, Дүкең өз-өзінен мұжіліп отырганы. “Жай сейлеп, терең ойлап үйренген, шаппа-шап қалжың сөзге жоқ кісімін, осы мінезден көп опық жедім”, — дейді. “Әйтпесе былай деп жауап берсем ғой — аузы жабылар еді”, — дейді соңынан, жау кеткен соң қылышын сермеген кісіге үқсан. Шыны сол. Эркім өз мінезінің өлшемін біледі. Тек қана Дүкенің өлгі сөзіне қосып-аларым Абайдың бір ауыз өлеңі. Осындайда еске оралады.

“Кейде паң, кейде көнгіш орныменен; кейде елеусіз; кейде ынтық формыменен; кейде үндемей жүрсө де сөзге баяу; от жалындај жауапкер құрбыменен?” Өз мінезін, өз мінін айнадан көргендей айтып, кесіп, пішіп отыру жұба-йыма жарасатын да секілді. Бәрі жаратқан иеден.

Мақтанға желпініп, жұртқа ерекше көрінем деп ұмтылмайды. Өзінің сүйген көсібін айналдарып жүріп “жоқтықты”, “кедейлікті”, “ертенгі күнім не болады” деуді ұмытып кеткен баяғының соғылары секілді. “Жаның тыныш болсын десен — ештеңеден дәмеленбе”, “Жанды жейтін жегі

құрт – қызғаныш, бәсеке”, – деп отырады. Ақшаны қүнітүні бейнет кешіп, еңбек етіп жинауға болады; қаражат тауып, смішігे көрініп, саушилықты түзеуге болады; ренжіген кісімен татуласасың, дүние, байлық жиналады; ен қымбат ешқашан орны толмайтын нәрсе – уақыт. Уақытты текке өткізуден сақтасын! Бұл сөз де Дүкеннің айтқаны, құлағымда қалғаны.

Әр қаламгердің жан әлемі бір-бір құпия есік. Құс жолы секілді ұлкен галактика. Дұрбіні кезек төңкеріп, алыста-тып та, жақындастып та қарауға болады. Жан әлемі ашылмай, оқылмай дүниеден өтіп жатқан қаншама ғажайып адамдар бар. Әттең дүние, тіршілік күйбенін кейде теренірек үнілуге уақыт таптаймыз... кейде көрсек те – көрмеген болып, сезек те – сезбеген болып жүре береміз. Құртып жүрген немкеттілік ауру тағы бар бойымызда. Саналы өмірін қазақтың көркем, тірі сөзін құрастырып, кейіпкерлерін сөйлестіп кітап жазуға арнап, баяғы өртегіде айтқандай аяғына киген темір етігі теңгедей, қолына ұстаган аса таяғы тебен инедей болған, алла тағаладан басына “жазушылық” деген бейнет тілеп алған қаламгер Дүкенбай Досжанның құпия есігін аша алдым ба, жоқ па, оны да өзің өлшеп-пішерсің, оқырман қауым!

Ойыма келгенді қағазға түсіріп бақтым.

“АСТАНАНЫ САЛУШЫНЫҢ БІРІМІН”

Бұл түнгыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы, ол кісіні бас кейіпкер етіп алғып “Ақ Орда” романын жазып жүргендегі жұбайымның айтқан сөзі.

Айтса – айтқандай, біздер Астанаға көшіп келгелі Сарыарқаның кіндігіне, мидай тегіс алапат жазыққа, ақ бұлттар арасына салынып жатқан ғажайып қаланың әр ғимараты бой көтерген сыйын, әрбір отбасы қоныс аударып келіп жаңа босағаның табалдырығын аттап, базбірі дастарқанына шақырып қуанышын бөлісіп, базбірі көшеде ұшыраса кетіп, құлышнадай шүркүрасып табысып жатқанда, біздің отағасы – білегін сыбанып жіберіп үй салысып жатқан құрылышыға үқсады. Оның әр тасына қуанды, жақсы азаматтарына жылы сөзін ілестьре жүрді. Тіпті әлгі романың соңғы, төртінші бөлімі “Астананың бас архитекторы” деп аталады, “бас архитектор” деп отырғаны – Нұрсұлтан Әбішұлы, кітаптың осы бөлімін жазғанда отағасы өз-өзінен іштей тұтандыған жаңартауға үқсап, арнасынан асып-төгіліп, мен көрмеген өзге-ше мінез танытып, арқаланып, аруақтанып кетті.

Бір күні келіп айтады: “Қалалық өкімшілік жаңындағы архитектуралық кеңеске қатынастым”.

Енді бірде мәлім етеді: “Президенттің қаланың бас архитекторы” лауазымын атқарып жүрген жігітті жер-жебіріне жеткізе кейігеніне қуә болдым. Бей-берекет салынып жатқан Шубардағы жеке отбасылардың коттежіне қатты налып сез айтты, “базар маңы да батпақтан бір арылмайды деп кейіп үрысты”.

Келесі келгенде жанарының оты шоқтай маздап: “Президенттің қаламын қатты ұстап, қолы қалтырамай Еслідің сол жағалауындағы Бәйтеректі, он жағалауындағы Президенттік мәдениет орталығының ғимаратын өзі сызған нобай-нұсқасын тауып таныстым, бәрі архивте сакталған екен, ойыма азық, қиялымға қанат беретін болды”.

Қойши, әйтеуір, күнара бір жаңалықты айтып келеді, тосын әсерін шай үстінде жырдай етіп өңгімелеп отырады. “Көшіп келгеніміз жақсы болды-ау өзі, тың тақырып, жұлынды мәселелер, еліміздің мандайалды адамдарымен араласып жүрміз, Алматыдағы достарым, әй, іштері пысқан соң бірі – намазға жығылып, бірі – бәйітшіл ақынга айна-

лып, келесісі – жасына жетпей таяқ үстап анық шал болып пашпырты бітуге айналыпты. Орта, жағырафия ауыстырып тұру – жазушыға азон жұтқандай өсер ететін көрінеді гой". Шыңдығында, басқаны қайдам, өзіміздің отбасының Астанага көшіп келуі, орнығуы, пәтер алуымыз, үй салуымыз, Дүкенің жаңадан жілікті роман жазуы біздер үшін кәдімгідей үлкен оқиға болды. Ендеше осы оқиғаларды тілім жеткенше көз алдыға елестете отырып рет-ретімен баяндан берейін.

Жаңа ғасыр басталады деп жұрт дүрлігіп жатыр. "Дүрлігіп" деген сөз дөп тауып айтылмаған да шығар, әйтсе де сол кездегі жұрттың сабылысы, айтқан сөзі, күн күргатпай болыш жатқан оқиғалар, бейне мұхит тереңінен көтеріліп, төңкеріле жөңкіліп, алапат жағаға арсы-гүрсіл жылжып келе жатқан ұлы дүбірді елестетуші еді көзіме. Сол ұлы дүбірді Дүкен ішкі бір табиғатымен сезді-ау деймін. 2000 жылдың жаңа жылын қарсы алып, екі-үш күн ес жинап дегендей, үйге келген балаларды шығарып салып, жайланып отырып ішкен шай үстінде, отағасы үйқысынан оқыс оянған кісіге үқсады.

– Эй, Сөүле, сен жеңілдеусің гой, Астанага жол ал! Әзірге үйде қалып балаларға өзім бас ие бола тұрармын. Оның үстінен өжептәуір айлығы бар Ұлттық банктиң музейінің директорымын. Ондағылар сыйлайды. Көштің соңында қалғандай болмайык.

Өз басым өуелгіде қатты қобалжыдым.

– Былтыр іссапарға барғанда Базарбай ағамның баласы, қолы жеңіл хирург Ҳамзага шағындау баспанан алып берген, уақытша сонда жата тұрасын. Кеуденін итермейді.

Біраз үнсіз отырганнан кейін отағасы тағы сөз бастады, іштей толқып отырганын сеземін. Мұндайда я қоштап, я қарсыласып пікір айтудың өзі өбес, жаңа нәрсө өздігінен аспаннан аяғы салбырап түсे қалмайды. Әр нәрсенің себебі болады, себеп – дүниеге салдар туғызады.

– Жұмыс жағын ойлап, ак қар, кек мұз қыс ортасында шабаданымды көтеріп, поезга мініп, бұрын көрмеген, білмеген елге, жер шетіне жүре бергенім қалай болады деп толғанып отырганыңды түсінемін, – деді отағасы. Нұрын шашыратып шығып келе жатқан күнге, қар жамылған алып тауларға ұзак сүзіліп қарады.

— Өз басым өзірге осы орнынан қозгалмаймын. Атым бар, атағым бар дегендей. Бөтен қалаға барып ап, әр шенеңінкітің есігін қағып, үй сұрап, қызмет сұрап жүре алмаймын.

“Енді не істейміз” дегендей, “қоныс аудару мәселесін” бастаған өзі, өзі қорытынды ойын айтсын деп, іштей бекініп, я былай, я олай деп ләм демеймін. Біраздасын барып отағасы ойын жинақтады білем, кесесін жантайтып, шай ішіп болдым деген сыңай танытты. Дастанқанды жинай бастадым. Тагы да орнынан көтеріліп, терезе алдына барып, алып таулармен бой теңестіргісі келген кісіге ұқсап, түрегеліп тұрып ұсақ телмірді.

— Астанаға тұп көтеріліп көшіп кетсек, мына таулар менсіз жетімсірейді-ау!

“Астанаға көшіп кетсем, мына таулар жетімсіреп қалады-ау” деген сөзін күнделігіме тұртіп қойыптын. Ұмытылмасын деп.

Отағасы маған бұрылып, сөзін сабактады.

— Мен көктемге қарай Президентке қабылдауын сұрап хат жазамын. “Дала гладиаторлары” кітабы шықсын. Құрқол, сопаң етіп жетіп бару үят. Сол кітабымды апарып сыйлаймын, сөзден-сөз шығып жатса — ішкі ниетімді сол кісіге ақтарып айтамын, көреген кісі ғой түсінер... жол сілтер... акыл табар...

Соңғы қорытынды ойын айтар деп оны-мұны істеген болып, маңайында үнсіз, тілсіз жүремін ғой баяғы. Кітап сөресінің шаңын сұрткен боламын, бөлмелерде шашылып жатқан ұсақ-түйекті теріп, орын-орнына қоямын, отағасы менің үй жинап жүргенімді іштей ұнатады.

— Сөйт, сен қыстық киімдерінді ыңғайлас ал да Астанаға жол ал. Әбіштің үйіне барып сәлем бер, жұмыска тұруына жөрдем жасасын. Дәу басын иығына қондырып, қазақтың ұзын сөзін іпп келтіріп кітап жазып отырған шығар мильті досым. Әй, ол жазу десе сөреге тұрған бәйге атындағы тізгінін жұлқа тартып езуlep тыптырышып еш тұрақтамайды... арқасы бар!.. кітап оқығаны да қызық!.. Сен білесің бе, Әбіш біз секілді кітапты парактап, бетін аударып кітап оқымайды, бейне, кітап бетін суретке түсіріп жатқан фотограф секілді, бетті ашады, жабады... ашады-жабады... дембебе-дем аударып отырады. Осылай суретке түсірген фотограф-

қа үқсал кітап оқығанын көріп, жағамды ұстап қайран қалғаным бар!..

Осымен сөз тәмам. Өз ойымен өзі болып кетті.

Мен қысқы киімдерімді жинастырып, үйдегі үлкен шабаданды алып, үй ортасына ашып қойып, жолға әзірлене бастадым. Іштей қатты толқулымын. Ол кезде өзім де қызмет істеп жүргенмін. “Білім” академиясының жаңынан шыгатын мектептерге, ЖӘО-на тарайтын оқу-әдістемелік “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының бас редакторының орынбасары болышті істеймін. Бас редакторым Шілдебаев Зернебек жақсы журналист, демократ адам. Өзімді ең қыын, жауапты тапсырмаларға жұмсал, қаламыма сеніп, еркіндеу үстайтын. Идея сұрайтын. Сол журналдың қосымшасы “Ұлагатты” шығара бастағанбыз. Әлгі қосымшаның бас редакторы өзім. Қалай болар екен?.. Сеніп жүргенім сен бе, жұмысты тастан қашқан... деп, Зернебек аға реңжи ме деп, оны да ойлад қоямын. Құрбы-құрдастарым да бір мезет көз алдымға елестеп кетеді. Отагасы айтты — бітті, талқылап, текстеріп, тәжікелесіп жатуға дағыланбаған басым, шабаданымды жинастырып, ертесіне Алматы — Астана поезына билет алыш, алыс жолға жедел әзірлене бастадым.

Сонымен Алматы — Астана жүйрік поезынан 2001 жылғы 20 қаңтарда келіп түстім. Астана қақап түрган үскірік дегенге шабаданымға әртүрлі варенье, қазы-қартаны сықап сала берген болуым керек, вокзалға шығып қарсы алған Дүкеңнің немере інісі Хамза: “Апа, шабаданға тас салып алғансыз ба, сүмдүк ауыр ғой”, — дегені есімде.

Баяғыда, Ұлы Отан соғысы аяқтала Мәскеуде ашылған үлкен көрмеге озат сауыншы ретінде тізімге ілініп, күллі Қызылорда облысынан жалғыз жас келіншек — Дүкеңнің шешесі, Жәмила апам алыс сапарға шыққан ғой. Сол заманда солқылдаған жас келіншектің иығына асқан тоқыма қоржынына аудан басшылары Маркс пен Лениннің томдағын толтырып салып берген ғой.

Алты күн поезда дамылсыз селкілдеп жетінші күні іліккен үлкен қалаға зіл көтерем кітап арқалап, қайтарда да сол кітапты иыққа асып, балаларға базарлыққа қос уыс көмпіт сатып алмай, терім сүмектеп оралғанға әлі күнге күйемін ғой”, — деп әңгімелеп отырушы еді жарықтық.

Астанада түбіт қар ұшқындаң тұрды. Көшедегі адамдары бұрсендеп жаурап бара жатқанға ұқсайды. Аспан аласарып кетілті. Үйге келіп, үй демекші бес қабатты баяғы Хрущевканың ұш бөлмесінде, бесінші қабатында тұрады екен, терезеден қараймын. Есіл өзенін мұз құрсау басып жатыр. Бірер кісі мұз үстіне үкі ойып алғып, бүрісіп ба-лық аулап отыр.

— Апа, астананың байыргы тұрғындары қазақтар ылғи осындай үйдің сұзы тамшылаған бесінші, я болмаса сыз тартқан бірінші қабатта тұрады, ортанғы екінші, үшінші, төртінші қабат ұлы орыс халқына бұйырган”, — дейді Хамза құле сөйлемеп. Кейінше көзім жетті, үй бөліне қалса қазаққа ең соңғы қабат бұйырады екен; жұмыстың да ең ауыры, төзіп болмайтын тұнгі күзетшілік, бетон құю, қар күреу, балшық илеу, тоң ою қазаққа бұйырады екен; ал, жылы кеңседе папкі ашып, есеп-қисаппен айналысатын аға үлттың өкілдері; ас-ауқатқа кейде магазинге бас сұғымын, ішіретке өуелі аға үлттың өкілі тұрады, ық жақта, құйымшақта қараң-құраң қазекем қалбақтап жүреді. Жергілікті қазақтарды айыру онай. Кім қазақ бола тұра қазақтарға орысша шүлдірлесе, ол жергілікті Ақмоланың қазағы; ал, кім қазақша сауалыңца қазақша жауап берсе, ол Алматыдан көшіп келген “патриот” болғаны. Жергілікті ұлт өкілдері тарихтың бәрін тың игеру жылдарынан бастайды.

“Бұл көше “Целинный” деп аталады, ана көше тың игерушілердің есімін тарихта мәнгі қалдыруға арналған”, — дейде жергілікті кісілер аузын толтыра сөйлемеп.

“Мына биік үй тың игерушілерге арналып салынған, сұық өтпесін деп кісінің беліндей құбыр тартылған”.

“Ана кең сарай “Тың игерушілер сарайы” деп аталушы еді. Ақмола астана болғалы “Конгресс Холл” деп аталатыны қызық. Бұрынғы көше аттары Семенов, Сеченов, Сергеев, Стародубцев еді, сол көшелерді келе сап қала өкімдері “ой, бұл болмайды деп, Кенесары, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Есенберлин, Тәшенов, Күмісбеков деп өзгертуі де жіберді. Есімізден танып қалдық. Қай көшеге қандай автобус баратынын білмей”, — дейді жергілікті қала тұрғындары налыған сыңай танытып.

Ертесіне қалалық музейіне барайын.

“Көрмеге қойылған экспонат кілең тың игерушілердің соқасы, тырмасы, буылған масақ, кенеп палаткалар, тау бол үйлген астықтың фотосуреттері”.

— Ау, бұл қалада 1954 жылдан әріде, яғни тың игеру басталғанға дейін тарих болмаған ба? — деймін таң қалғанымды жасыра алмай.

Қасыма орта бойлы, төртбақ, жылы шырайлы бозбала тақайды, аты-жөні ұмытпасам Қазанғапов Бек болар, әлгі жігіт ыржып кеп құледі.

— Саспаңыз, жеңгей бәрін түзейміз. Республика даңғылының бас жағынан Президенттік мәдениет орталығының жаңа гимараты салынып бітуге айналды. Соңда бес қабаттық зөулім мұражай болады. Бұл музей сонда көшеді. Сол көшкен кезде мына соқа, сайман, шатыр, масақ дегеннің бәрін сыртқа лақтырамыз; мұның орнына әріден тартқанда тарихы төрт мың жылға созылған өзіміздің түрік бабалардың балбал мұсіні, тастағы жазуы, қыштағы жазуы, зергерлік өнері тұратын болады. Саспаңыз, жеңгей, бәрін орнына келтіреміз.

— Өзің кім бол істейсің?

— Музей құру, жабдықтау, жөндеу ісімен айналысатын республикалық “Заманту” фирмасының прорабы боламын, бұл музейді қайта жасап құру біздің мойнымызда, жеңгей. Алматыдан келдік.

— Аузыңа май, айналайын, дегеніңе жетіндер, — деп қуанып кетіппін.

Алматыда жүргендеге бақандай журналист едім, бұл қалада өзімді кім таниды, жұмыс іздейін, әрі сөлем беріп жөн сұрайын деп Әбіш Кекілбаев ағаның үйіне телефон шалдым, Клара ханым көтерді телефонды. “Үйге кел”, — деп адресін айтты. Қошедегі мұзға тайып жығыла жаздал, қойны-қонышымды ақпанның қарлы желі аралап, бүрсендеп, бұрынғы Парламент үйінің құбыла бетіне бүйірлесе салынған тогыз қабаттық үйге еніп, үшінші қабаттағы 6-шы пәтердің қонырауын бастым.

Дүкенің достарымен шұрқырай табысып, хал-жай сұрасып, жағдайды айттым. Әбіш ағаның себебімен Республикалық радиоға редактор болып ертесіне-ақ қызметке алындым. Құнде Қазақ радиосынан Астанадан ресми жаңалықтарды оқып, сағат 12-де сайрап тұрып диктор да болдым.

Бастығым Айнұр Даирбаева деген жас келіншек. Мен бүрын радиода істемегенмін, білмейтінімді үйретіп, қашанда алғы шепке жіберіп жүрді. Ұжымда Фалия Балтабай, Асан Сарықұл, Базарбек Тұкібай, Альмира Тілеухан деген республикаға танымал журналистермен бірге жұмыс істедім.

Екі жылдан соң дәм-тұз көтеріліп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Баспасөз қызметіне кеңесші болып кеттім. Мұнда Мәжіліс баспасөз қызметінің жетекшісі Жігіткер Байтілесов деген жігерлі азамат, Айбатыр Сейтак деген белгілі ақын, Құнсұлу Мырзабай деген әдемі қызыбен жаңа жұмысты бастады. Ортамызда әйгілі диктор Рәбига Аманжолова мен ақын Жұпар Қожақова да болды. Ұжыммыздың үйимшыл екен, мені бірден орталарына алды..

Астанаға келгелі бұрынырақта қойып кеткен өлең жазуды қайта қолға алдым. Жұмыста жүргенде уақыт тез өтеді, бірге істейтін қыз-келіншектер алдағы сенбі, жексенбіде уақытын қалай қызықты өткізуі жоспарлап, бір-біріне телефон шалып, бірін-бірі шақырысып жатады. Туган күн жиі-жиі тойланады.

Өзім көбіне қыз-келіншектердің шақырган жеріне бара бермеймін. Дүкеңсіз жұру ұят секілді. Зәуде бара қалсам, бірер сағат отырамын да, жастар жағы шарап қызуына шалқып, гүілдесе бастағанда, ол кештен жылыстап шығып кетемін.

Көшеде келе жатып, үйде, бөлмеде оңаша отырып ой бесігін тербетемін.

Сөйтіп жүріп өлең сөздің бастау бұлағы алғашқыда жылтырап қана көз бол көрініп, келе-келе көусар бұлақтай кесіп ішуге жарап бүркүлдап шыға берді. Кей-кейде Алматыға телефон соғып: “Балалар қалай, Дүкең не істеп жүр?” – деп сұраймын үлкен қызыннан. Зәуде Ұлттық банкінің мұражайында істейтін Дүкеңмен тілдесемін: “Телефон шалып ақшанды құрта берме, – дейді жұбайым, – ақша жинап жатырмын... Президентке хат жолдадым, көп ұзамай қабылдап қалар...”.

Айтуынша көп ұзамай жұбайымды Президент қабылдапты. Қалай қабылдап, не туралы сөйлескені жайлы Дүкең өзінің “Жазмыштың жазуы” деген өмірбаяндық очеркінде тәптиштеп тұрып жазған еді. Жұбайымның сөзін қайталап неғыламын.

Мына өзімде де сөз жетіп артылады.

Сонымен көктем түгі қылтиып, көкала бұлт аспанда дүркірей көшіп, поляр бойлығына жақын болғасын ба – Астананың маусым айындағы күні сағат 6-да шығып, 22-23-терде бататыны қызық. Аспан төріндегі ақшыл сөуле дәке тұтқандай дірілдеп ағарып тұрып алады. Жұлдызы сирек шашылады. Ай екеш айы да тұстіктің шар табақтай, тандыр наңдай қызыл айы секілді емес, кірлеген бозғыл күміс та-баққа көп үқсайды.

Табиғатты сезініп, бауыр басуым қыын болды әуелгіде.

Дүкенсіз Астанада бір жылдай жұмыс істедім. Қызметтен қалт етіп қолым босай қалса өлең жазамын. Бұрындары туган жер, ата-ана қадірі, жастық көңіл күйі туралы тебіренуші едім, енді арамыз алыстай тұскесін бе, өлде сағыныш сезімі мендеді ме, кім біледі жұбайым туралы толғанысқа жіңінен болдым. Жалпы, кісі көңіл күйімен өмір сүреді. Көңіл күйі арқа даласының ауа райындей, бірде ми қайнатқан аптабымен ыстықтатса, келесіде сабалап жауған жауынымен бұрсөң қақтырады; сол секілді кейде жадырап ашылып жүресің, ендігі кезекте пәске жан әлемінді кірбің жайлап, кең дүние алақанға сыйғандай тарылып жүре береді. Сондай кездері жазған бір өлеңім еді.

Бірге жұтпай бір қаланың ауасын,
Кім ойлаған бізді бөлек жүрер деп.
Елордага жерортада тау асып,
Кете бардым қызметім жүгендереп.

Кім ойлаған, сен екеуіміз алыстан,
Сым арқылы тұрады деп сырласып.
Әрбір күнді секундтармен жарысқан
Сағыныштан сыздатар деп мұңайтып.

Бір жыл бөлек, біттейтіндей соншама
Ел ішінде күнін кештім тағының.
Жүрек бірге, төсек бөлек болса да
Баяғыдай бірін-бірі сағынып.

Әлде дұрыс бөліндік пе, салмағы
Арту үшін екеуара сезімнің.

Сен де менсіз меңіреу бол жан-жагың,
Мен де сенсіз жалғыздықты сезіндім.
Бір жыл деген бір ғасырдай көрініп,
Қорқыныштан ұмтылыстық қайтадан.
Сен де менсіз бар қызықтан жерініп,
Мен де сенсіз өмір жоғын байқағам.

Дүкен бір сезінде “өмір сүре білудің өзі өнер” деп еді. Мен айттар едім: мына тіршілік көніл қалыбын кірге сап өлшеген таразы. Таразы басын тен ұстаймыз деп өліп-өшеміз. Сырттай бақылап қарап тұрсақ – жетпегенді жеткіземін деп, жеткенді оздырамын деп, озғанды мандайалды марапат иесі етемін деп тыртыса берудің қажеті жоқ-ау! Біліп, білмей істеген кемшілік, қателікті алдағы уақытта жібермеуге тырыссаң жетеді, ал, өмір таразысын теңестіремін деп тыраштана бергеннің аяғы орға жығады.

Кісінің көнілін қалдырмағанды құдай да қаперіне алады деуші ме еді мұндайда.

Жазда он шақты күн демалысымды алып, Алматыға барып қайттым. Алматы Алатауга арқасын беріп маужырап, жеміс-жидекке малынып тұрды. Базары бал иісті, сөредегі өрік, алша, інжір піскені сонша – сөлі сыртына теуіп, ұстаган қолға уылжып жабысады. Таңдайға тебер сөлін айтсаныш!

– Жеміс-жидектен мол ғып шырын жасап ал, құда қаласа қысқа қарай Астанаға көшіп қалармыз, – дейді Дүкен.

– Үйсіз, күйсіз қайда көшеміз? Балаларды тоңдырып неғыламыз, – деймін өзім.

– Уақытша тұратын пәтер іздей бер, бізге де бір бүйірғаны бар шыгар, – дейді отағасы.

Сойтсем, ішіне бүгіп айтпай жүріпті. Мен келердің алдындаған Президенттің қабылдауында болыпты. “Дала гладиаторлары” деген роман-толғауын сыйға тартыпты. Президенттің: “Астанаға көшпейсің бе?” – деген сезіне Дүкен жауап ретінде: “Барсам – барада едім, ылғи жоталы, мандайалды тақырып ізден үйренген жаңымын, тәуелсіздіктің ірге бекітіп, бойын тіктеп кетер кезенін суреттеп роман жазсам деген ойым бар”, – дейді. Сыр бүкпейтін әдетімен: “Жинаң жүрген он шақты мың долларымыз бар”, – дейді Дүкен. Президент ойланып отырып: “Аз екен”, – депті. Күлменті.

қағаз түскен... үлкен кісіден. Резервте тұрган екі-үш пәтерді көрсетеміз... біреуін тандайсыздар”, – дейді Болат ініміз ел-пектеп. Өзі Қызылорда облысы, Жалагаш ауданының жігіті екен, жерлесіміз болып шыға келді, келіншегі Шолпан үріп ауызға салғандай кішіпейіл, қамкор, жүрегі жылы жан бол шықты. Абай көшесінің бас жағында салынып біткеніне бір жылдай болған, тоғыз қабаттық селикат кірпіштен салынған үйдің үшінші қабатынан пәтер тандадық. Екі-үш күн өте үйдің құжаттары дайын болды. Устінен еврожөндеу жасап, бұрын кісі кірмеген бос пәтер болса да, есік-терезесін қайыра салдырып, айдың аяғында кіріп алдық. Адресіміз: Күмісбеков, 44-үй, 95-пәтер болды сөйтіп.

Осы үйде “Ақ Орда” кітабын жазып жүрген кезінде Дүкенің өзіме сырғып айттып берген екі деталі есімде қалыпты.

Бірі: бір күні Дүкен Президенттің қабылдауында болып қайтты. Үйге келген соң шайын ішіп, қарнына ел қондырып жайланаң алған соң, “не болды?” “қалай қабылдаады?...” деп матадан суыртпак суырғандай жұбайыма сауал қоямын баяғы. Отагасының ағыл-тегіл ағынан жарылмайтыны белгілі. Қөніл хоши келсе – айтады, хоши келмесе – бүркеулі қазан күйінше қалады. Дүкен біраздасын барап: “Амандық-саулықтан соң Президентке қаратып: “Махаббатыңызды айтсаңызыбы бірер ауыз, романға қажетті болып тұр”, – деймін, сол кезде жүзімі бірауық сүзіле қарған Президент: “Осы бес-он минөттік кездесу үстінде саған махабbat айттып отырамын ба?” – депті жулып алғандай. Сонда Дүкен: “Ендеше кітаптағы махабbat сезімін ойынан құрастырам”, – депті. Президент үнсіз отыр дейді... Кейінше жазушы романның “Бал дәурен” деп аталатын бөліміндегі “Айқабак”, “Отбасы” деген тарауларын Нұрсұлтан Әбішұлының “Оңшыл болуға да, солшыл болуға да жол жок” деп аталатын алғашқы естелік кітабындағы Теміртауды суреттеген шағын сөйлемге сүйеніп, түгелдей өз қиялымен, өз ойымен төгілдіріп жазып шықты. Дұрыс шыққан секілді.

Роман жазып жүрген кездегі екінші деталь. Дүкен Президент аппаратында істейтін, таныс-біліс болып жүрген жаңашыр азаматтарға қолқа салады гой. “Президенттің демалатын, тамак ішетін, сейілдейтін қарашанырагын көрүім керек, бос ауадан қармап жаза алмаймын”, – депті. Бір ай-

қағаз түскен... үлкен кісіден. Резервте тұрған екі-үш пәтерді көрсетеміз... біреуін таңдайсыздар”, – дейді Болат ініміз ел-пектеп. Өзі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының жілгіті екен, жерлесіміз болып шыға келді, келіншегі Шолпан үріп ауызға салғандай кішіпейіл, қамкор, жүргегі жылы жан бол шықты. Абай көшесінің бас жағында салынып біткеніне бір жылдан болған, тоғыз қабаттық селикат кірпіштен салынған үйдің үшінші қабатынан пәтер таңдадық. Екі-үш күн өте үйдің құжаттары дайын болды. Үстінен еврожөндеу жасап, бұрын кісі кірмеген бос пәтер болса да, есік-терезесін қайыра салдырып, айдың аяғында кіріп алдық. Адресіміз: Күмісбеков, 44-үй, 95-пәтер болды сөйтіп.

Осы үйде “Ақ Орда” кітабын жазып жүрген кезінде Дүкенің өзіме сыр ғып айтып берген екі деталі есімде қалыпты.

Бірі: бір күні Дүкен Президенттің қабылдауында болып қайтты. Үйге келген соң шайын ішіп, қарнына ел қондырып жайланаپ алған соң, “не болды?” “қалай қабылдауды?...” деп матадан сұыртпақ сұырғандай жұбайыма сауал қоямын баяғы. Отагасының ағыл-тегіл ағынан жарылмайтыны белгілі. Көніл хоши келсе – айтады, хоши келмесе – бүркеулі қазан қуйінше қалады. Дүкен біраздасын барапы: “Амандық-саулықтан соң Президентке қаратып: “Махаббатыңызды айтсаңызшы бірер ауыз, романға қажетті болып тұр”, – деймін, сол кезде жүзімे бірауық сүзіле караған Президент: “Осы бес-он минөттік кездесу үстінде саған махабbat айттып отырамын ба?” – депті жұлып алғандай. Сонда Дүкен: “Ендеше кітаптағы махабbat сезімін ойымнан құрастырам”, – депті. Президент үнсіз отыр дейді... Кейінше жазуышы романның “Бал дәурен” деп аталатын бөліміндегі “Айқабақ”, “Отбасы” деген тарауларын Нұрсұлтан Әбішұлының “Оңшыл болуға да, солшыл болуға да жол жок” деп аталатын алғашқы естелік кітабындағы Теміртауды суреттеген шағын сөйлемге сүйеніп, түгелдей өз қиялымен, өз ойымен төгілдіріп жазып шықты. Дұрыс шыққан секілді.

Роман жазып жүрген кездегі екінші деталь. Дүкен Президент аппаратында істейтін, таныс-біліс болып жүрген жана шыр азаматтарға қолқа салады гой. “Президенттің демалатын, тамақ ішетін, сейілдлейтін қарашаңырағын көруім керек, бос ауадан қармап жаза алмаймын”, – депті. Бір ай-

тады, екі айтады. Әбден мазасы кеткен жауапты қызметкерлер: “Макұл, әйтсе де қарашаңыраққа үлкен кісі жоқ кезде апарамыз... дымынды шығармайсың!.. Сыр ашпайсың!..” деп уәдесін алады гой. Сабылыңқы күз күні көрінеді. Астананың қабағы бірде ашылып, бірде жабылып, кірпияз келіншектің мінезіндегі құбылғаны құбылған дейді.

Бір күні қызметкер Дүкеңе: “Әзірленіңіз, қарашаңыраққа альп барамыз!” - деп телефон шалады. Отагасы жұмыста отырган жерінен жіті жиналып, өзі істейтін президенттік мәдениет орталығының кітапхана бетіне орын тепкен шағын буфетке барып, екі шәшкे ыстық шөй ішіп алады. “Аш қарынға ақыл жүрмейді”, - деп, қандай бір іске, шұғыл шаруаға бел бусадағы, ең алдымен қарынның қамын ойлап жүретін баяғы өдеті сол. Қөп ұзамай жауапты қызметкерлер жеңіл жүйрікпен жетіп кеп, қала сыртындағы қарашаңыраққа құйындарып ала жөнеледі.

“Астана – Қарағанды тас жольна шығандап шығып алып, түстік шығысқа таман ойысып біраз жер үтқан соң Президент резиденциясына тақадық”, - дейді Дүкең. Оң қанаттан кісі бойы аппак, дуал басталды. Басына күміс табақтай шам қондырған электр бағандары қаз-қатар сап түзейді. Дуалдың кеуде тұсына тақай бере – мәрмәр басқыш, темір қақпа, шағын үйшікте үйіліп отырган қызыл жағалыға ат басын тірдейді. Мәшинеден түседі. Қасындағы жауапты қызметкерлер куәлігін көрсетеді. Дүкең бір жапырақ сұрғылт куәлігін қалтасынан алып береді. Қызыл жағалылар жазушыны “қайдан көрдік” дегендегі ұзак сүзіліп қарайды, электр өрісі қосылған таяқшамен қойны-қонышын қоймай сүзіп тексереді...тағы тесіліп қарайды. Тар қақпадан өткізеді.

Дуал ішіне енген кісі, бейне, жұмақ табалдырығынан аттагандай хал кешеді. Жап-жасыл тогай, жүрер жолдың қос қапталы құлпырған гүл, жаңа әлгіде қауыз ашқаны қаншама. Сол қапталда қарагай, қайың үйлігіп өскен, жұз жылдығы бар секілді. Шоқ талдың етегінде жұмыртқадай қыштан салған қос қабатты келісті үй. “Келісті” дейтіні – жер-дүниені алған кеңсарай емес, томашадай тұрықсыз да емес, сөнімен салынған, қазақтың киіз үйіне келетін ғажайып гимарат. Қарсы алдында мәрмар тұғырлар, күмбезі шаңырақ іспетті. Көлденен жатқан шөп жоқ. Шөл ішінен шыға келген жұмақ төріне қадам басқандай жап-жасыл көгал, жас

талдар, бүратылған қайын, мұсінді шырша, көз жауын алған гүлзар бақ кісі айналып кете алмастай. Багбан кісі: “Мына талды Президенттің өзі отыргызған”, — дейді жер астынан шыға келгендей ілесіп. “Мына тас үмекті Президенттің өзі үйген”, — дейді қықылдай жөтеліп. Терен түкпірде қыш сарай, сарай ішінен екі-үш қылқұйрық қылаң береді. “Президент шаршаған кезде тақым басып біраз бой сергітеді”, — дейді бағбан жылқы сарайын мегзеп. “Қасына баруға болмайды, бөтен адам тақаса — үркіп, дүрлігіп, қорадан атылып шығып кете жаздайды”. Бұрылып күншығыс беттегі теренкурғе түседі, жіңішке жол сарапқа айналып, құлдилап келіп жіңішке өзенге құлайды екен, жиекте ағаш отырғыш, сол орындықта құйрық басып қарсы алдында шымыр-шымыр қайнап жатқан ағысына қарап үй иесі қылы-қылы ой кешеді деседі. Тұнық су, тымық кеш, салбыраған сәмбі тал өз-өзінен ойға шақырып тұргандай ғой.

Жауапты қызметкерлер сағатына қарап тықырши түседі. Дүкен олардың асыққанын сезбекен кісідей дейді.

Қараشاңыраққа енеді. Құтуші келіншек қарсы алып сәлемдеседі. Үлкен залдың кабыргасын тұтастай алып тұрган айна екен, айна ішінен шығып келе жатыр дегені — ту сыртынан ығысып тенселіп тақаған Президенттің зайыбы Сара Алпысқызы көрінеді. Сәлемдеседі. “Бұл жақта қонақ бөлме, ас үй, кешкі, сәрілік тамақ осында ішіледі”, — дейді Сара Алпысқызы. — Президент тұскі асты жұмыс орнында алғызып ішеді. Дүкен жылы жымыш, тақай түсіп: “Сізben екінші мәрте ұшырасуым осы, бірінші рет 2003 жылы 2 ақпан күні академик Мұхтар Әлиевтің 70 жылдық тойында кездесіп, сәлемдескем... өзімнің Президент өмірінен кітап жазып жүргенімді айтқан едім”, — дейді.

Сара Алпысқызы: “Ие-ие!” — дейді, басын изеп. Жауапты қызметкерлер сағатына қарай түседі, бас шайқап, тыпрышиды.

Жоғарғы қабатта Президенттің демалыс бөлмесі, жатын үйі, кітапханасы орын теуіпті. “Кітапхана есігін ашып жіберген кезде — өзімнің көптеген таныс-біліс дегдар абыз кісілеріммен жүздескендей, сәлемдескендей сезімде болдым”, — дейді Дүкен кейінше әсерін жасыра алмай, “өзімнің кісілерім” деп тұрганы — Шекспир, Бальзак, Байрон, Толстой, Пушкин, Әуезов болар, сірә. Кітап сөресін асықпай

шолады, Президенттің жұмыс кабинеті – айрықша жасау жиһазы жоқ, жаңғақ ағашынан қызып жасаған қоңыр үстел, бұлғары тысты жеңіл кресло, жарық құйылып түсетін үлкен терезенің алды көрінеді. Жауапты қызметкерлер сагатына қарайды: “Мерзімді уақыт бітіп қалды, отыз минетке кіреміз де шығамыз дегенбіз, асығыңыз”, – деді дегбірсізденіп. Дүкен асықпайды. “От алғалы келген көрші емес шығармыз, асықпай, көкірек көзіме түсіріп алайын”, – дейді. “О, негылған адамсыз, үлкен кісі сезсе ғой тұқымымызды тұздай құртады, тезірек сыйтылып із-тұзсіз жоғала-бықшы!” – дейді. “Ас үйге бұрылып шай ішіп шығуға болмай ма, пірәдарлар?..” “Ay, ас үйің не, шайың не жұмыс уағында, кісіні қарадай өлтіремісіз?!” “Осы жазушымен істес болмайық, бірдемеге ұрындырады” деп айтқаным айнықатесіз келді ме! – дейді бір жауапты қызметкер әріптесіне шүйлігіп, жалпы ақын, жазушы деген халықтың өзі солайлау... басының бірер шаригі босаған... бірер шаригі түсіп қалған былайлау кісілер ғой, өуел баста, қарашаңыраққа жолатпау керек еді!.” “Бұлай боларын қайдан білейік, үйден сүйреп шығарамыз бе, қайтеміз”, – десіп тұрганда жарма есік сырт ашылып, бөлмеге Сара Алпысқызы еніп келе жатыр дейді. Жауапты қызметкерлер пышақ жүзінде тұргандай, тегі.

Сара Алпысқызы күле сейлейді.

“Жігіттер, ас үйге өтіндер, бірер шәшкे шай ішіндер”.

“Е, жөн-жөн, “куыс үйден құр шықпа” деген, кіріп, тізе бүгіп шығайық”, – дейді Дүкен үй иесі келіншеккі ілесіп.

Ас үйге өтіп, үйліп тізе бүгеді.

“Мына орындықта Нұрекем отырады, мына тұс менің орным”, – дейді Сара Алпысқызы. Қызметші келіншек бүйірлі әппақ шәйнекті күміс табақшага қондырып әкеліп, білегін созып өуелі сүт, сосын қызылкүрең шай құя бастайды, кісілерге бір-бірлеп ұсынып, сылт еткен дыбысын сездірмей қызмет жасайды. Шайдың хош иісі танау қытықтайды.

Мына шай королдер, императорлар ішетін нағыз мамыр айынын гүлінен көлеңкеге кептірілген екен, ал біз ішіне сабан, бояу араластырган “лилтон” ішіп ішіміз кеуіп жүр еді”, – дейді Дүкен, үй иесінің қызылкүрең бапты шайын мақтаганы ғой.

“Рахмет, шайыңызға, жүрелік... көбейелік!..” – дейді жауапты қызметкер шәшкі ұстаған саусағы дірілдеп.

“Шай деп осыны айт! Бір шәшкесін ішкенде терімді бүркеткізді”, –дейді Дүкең самай терін орамалмен сұртіп.

“Бұл шайды Қытайдағы елшілік атам заманғы император плантациясынан арнары өзірletip алғызып, аттай қалап, депеша арқылы Нүрекеме жөнелтіп тұрады”, – дейді үй иесі келіншек.

“Өзім өз болғалы мұндай тіл үйірер татымды дәмді шайды ішіп тұрганым осы”, – дейді Дүкең тамсана түсіп.

“Ал енді түрегелейік... жүрейік... мерзімді, келісімді уақытымыз аяқталып қалды, сізге көп-көп раҳмет!” – дейді жауапты қызметкер шәшкесін шұғыл жантайтып түрегеле беріп, оқты көзімен жазушыны ата қарап.

“Алла разы болсын, Президент ішкен император шайынан ауыз тидік”, – деп Дүкең қол жайып, батасын беріп, әлгілердің соңынан сыртқа сыйылады, үй иесі келіншекпен сыпайы қоштасады.

Қакпа алдына жете бере әлгі дегбірі қоймай, ез-еziңен жалтақтап, апалақтап келе жатқан жауапты қызметкер Дүкеңнің құлағына ернін төсеп, сыбыр етеді. “Өзі төндіріп келе жатыр дейді... әлгіде үялды телефон арқылы хабар алдым...” – дейді. Күздің сүмелегі себелеп қоя береді. Бұлар тіркесіп-ұшқасып сыртқа, әуелі жай алдына шығады, күтіп тұрган жеңіл мәшинеге отырады. Астанаға бет түзейді. Дүкең жұлдызша сырғи ағып келе жатқан “Мерседестің” әйнегінен сыртқа көз салып ойлайды: әлгі төндіріп келе жатқан кім болды екен. Президент әкімшілігі тұсына келгенде жауапты қызметкердің бірі түсіп қалады. Бараев көшесі мен Республика даңғылының қылышына орын төпкен Президенттік мәдениет орталығының жаңынан өте бере “рахмет” айтып Дүкең мәшинеден туседі. Әлгі жауапты қызметкер тұспалдан жеткізген, сыбыр еткен “төндіріп келе жатқан кім болды екен” деп ойлайды. Жұмысина жеткенше, одан шығып автобусқа отырып, селкілдегеннен селкілден үйге келгенше әлгі сауалға жауап таба алмайды. “Төндіріп келе жатқан кім болды екен” деп ойлайды.

Бар болған оқиға осы. Дүкеңнің жазғанынан алдым.

“Ақ Орда” романын жазушы үш жыл көлемінде жазып шықты. Компьютерге терілген бір данасын 2005 жылдың ақпан айында Президент әкімшілігіне апарып берген еді. “Не жауап болар екен” деп іштей мазасызданып күтіп жүрді.

Ақпан айының аяғында шешесі Жәмила туралы “Төрт патшаны көрген кейуана” атты 60 беттік хикаяты жазыл бітірді. Наурыз айында оны-дағы компьютерге тергізіл, бұрындары жазған “Ине ұшындағы өмір” жөне “Пайғамбардың өлімі” атты екі хикаятын қосып, жеке дара етіп шығарымын деп Алматыға алып кетті. Апарып “Атамұра” полиграфкомбинатына, сондағы туған інісінде болып кеткен Үдырыс Тохтыәліұлы Бегалиевке апарып тапсырыпты. Алдындаған Олжас Сүлейменовтің жеті томдық шығармалары баспадан шығып, соған әрі қуанышп, әрі қызығып жүретін.

Үдырыс інісіне: “Тап осындаі етіп шығарып беріндер”, – депті. Үдырыс: “Мақұл”, деп қолжазбаны дереу өндіріске өткізеді, сол жерден Дүкен қыыр шалғайда жатқан әдебиет жаңашыры, өзінің ескі досы, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Төрағасы Бекет Тұргараулына телефон шалып: “Уш тағдыр” атты кітап өткіздім, демеушілік жаса”, – депті. Бекет Тұргараулы екі сөзге келмей келісімін береді, бір ай ішінде кітаптың ақшасын түсіремін дейді. Күпті көнілмен күндер зымырап өтіп жатты. Дүкен өртөнді-кеш терезеден тесіле қарал, Президенттің Ақ Ордасына көз салып елеңдеп жүрді, ішім сезеді, қолжазбасына бір хабар құттетін секілді. Сол екі арада ауруханаға жатып он күндей ем-дом алып шықты. “Нұр-Астана”, “Алматы ақшамы”, “Қазақстан сарбаздары” атты үш газетке сырсұхбат беріп үлгерді. Үш газет те бір-бір бетін келдіріп берді Дүкене. Мамыр айының 30-31 күндері Қазақстан жазушылар одағының құрылғанына 70 жыл толып, соның тойына баруга жиналды. Жолға шығар алдында “Президент әкішілігінен ешкім телефон шалған жоқ па?” – деп сұрады. Жолға аттанышп кетті.

Той өтіп, ертең Астанага қайтамын деп жиналыш жатады. 31 мамыр күні түстен кейін кешкі сағат бестер шамасында ұялы телефоны безектеп қоя беріпті. Құлагына кетереді. Қыз бала үні: “Президент әкімшілігінен сізбен Мұхтар Абырарұлы Құл-Мұхаммед сөйлеседі”, – депті. Телефон толқынының келесі ұшынан ашық, айқын үн естіледі.

“Улкен кісі өзіме тапсырған соң қолжазбаны мүқият қарал, оқып шықтым”, – дейді Мұхтар Абырарұлы.

“Қалай екен?” – дейді Дүкен.

“Ұнады! Бір деммен оқып шықтым, ыргағы келіскең, бояуы мол оқылықты шығарма болыпты. Кей тұстарына,

кеткен қателеріне, стилдік ақауларына қол тигізіп отырдым. Қарарсыз. Басты-басты екі пікірім бар, бірі – Ақ Орданың дүниеге келу датасын сіз Шәкірімнен алғысыз, ол – қате, дұрысы – Мұхаммед Хайдар Дулаттың сілтемесі, бүгінгі тарихшылар осы пікірге табан тірейді. Екінші: алғашқы 1993 жылы теңге дүниеге келген кезде 500 теңделік құнды қағаз шыққан ба еді, меніңше 200 құнды қағазben шектелген секілді еді, осы тұстарды қараңызшы. Өңгесі майда-шүйде нөрсeler”.

“Рахмет! Шын достық пейілінізге!” – деп Дүкең жайылып түседі.

“Баспаға тапсыра беріңіз. Президентке пікірімді өзім жеткіземін! Жақсы кітап шыққалы тұр деймін!”

“Рахмет, бауырым! Шын тебіреніп қуанып тұрмын. Бас кейіпкеріме сәлемімді жеткізерсіз, Мұха!”

“Жеткіземін! Ал, сау бол тұрыңыз. Астанаға келген соң көмекшім Асқардан қолжазбаны алыш кетіңіз!..”

Дүкең Алматыдағы жазушылар тойынан біртүрлі арқала-нып қуанып жетті. Келе салып романы туралы жылы пікір білдірген Мұхтар Құл-Мұхаммедтің айтқанын сөзбе-сөз ба-яндалап берді, оның үстінен “Үш тағдыр” кітабының сүйінші даналарын дереу басып шығарып, Ыдырыс інісі қолтықта-тып жіберіпті. Нақа қосқан аты бәйгеден бірінші бол келген-дей иығы көтеріліп, жанарының оты жанып нұсқаланып, ірі сөйлеп үйге енгенін ешқашан ұмыта алмаспын. 1996 жылғы желтоқсан айында Мемлекеттік сыйлық алған кезінде тап осылай ерекше биіктеп көрініп еді. Осы жолым, екінші рет жазушының тау басына шыққандай, көтерілгеніне куә болып, іштей іншалла деп, тебіреніп, көзімे еріксіз жас алды.

Kісі жүрекпен қуанады, көнілмен көзіне жас алады.

Әйел адамда құлық көп болады. Ер кіслердің байқама-ған, анғармаған тұстарын ебін келтіріп айта жүреді. Өзімнің сол кезде Дүкеңе айтқаным: “Президенттің осы күні оң көзі болып жүрген Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қол тигізіп оқып шыққан қолжазбасын өзініздің архивінізге алыш сак-тай салыңызшы... Мұхтар да біртуар, арқалы азamat қой тарихқа керек болар, – дедім. Бұл ақылымды Дүкең де құп көрді, кейінше қолжазбаны тағы бір ай ұстап, үстінен мұқият қарал шығып, Құл-Мұхаммед қол тигізіп оқыған дананы өзінің архивіне сактауға алыш қалды.

Сол кезенде жазушының айтқан бір сөзі құлағымда қалыпты.

Проза, қара сөз, бейне, бәйге аты секілді, үстінен қарап сылап-сипаған сайын жұтыныш құлпыра түседі. Жөндегенді сүйеді.

Бастан өткен, күнделікті қасында жүріп сезген, байқаған жәйттерді жілкө тізгендей хатқа түсірген кездे тосын ой езімді көп-көп мазалады. Осынау жазбаларым арқылы жазушының жетпеген жерін жеткізем, шықпаған биігіне шыгарамын деп құр текке тыраштанып жүрген кісіге үқсан кетпедім бе осы? Қосағымды мақтап көзге түскендей болмайын. Дүкеннің мың сан оқырманы осы жазбаларды оқыса – не ойлайды екен деп баз бірде іштей тосылып отырып қала-мын.

Шынына үңілсе, мына жазбада мақтау, марапат, текке бесу мүлдем жоқ секілді. Болған істі болғандай, көрген кісіні көргендей, боямасыз қаз қалпымен, суретке басқандай жүрістүрьысмен баяндал беру ғана; қайта қаламгердің шалт басып, шашау шыққан, аңқау жүріп, арандал қалған шырмашату тіршілік шеруін бүркемесіз баяндал беру басым. Өзі айта алмайтын шындықтың пердесін түріп, жарық сәуле түсірсем ғой деп армандадым. Тағы да жазушының өз сөзіне жүгінемін.

Әр адамның өз шындығы болады. Әдебиетте айтылмаған сөз, жазылмаған тақырып жоқ. Біздікі тек “осы қалай” деген өз кейіпкеріміздің жан өлеміне үңіліп, шындығын ашып беру ғана.

“АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, ҚАРҚАРАЛЫ”

“Атыңнан айналайын, Қарқаралы, сенен бұлт, менен қайты тарқамады, сайыннан сайғақ құрлы пана таппай, мен бір жан құғын көрген Арқадағы!” Бұл Қарқаралы елінің гимніне айналып кеткен Мәди Бәпиұлының өлең жолдары. Қай қазақтан сұрасаң да жері сұлу, адамдары аққөніл, ашық-жарқын, Сарыарқаның кіндігі деуге келетін Қарқаралыны ауызға алса Мәдидің ғасырлар белесінің ағы тоскейінде қалған қоңыр мұңы құлакқа қүйқылжып жететіндей, Қарқаралы десе – Мәди, Мәди десе – Қарқаралы қатар елестейтіні еш күмәнсіз. Қалың жыныс тогайлы, қарағай мен шырша ақ қайың мен қабырға тал ұйыса өскен қара адыр Қарағандыдан шыққан жолаушыны екі жұз отыз шақырымдай қашықтан жұпар ауасы, самал желі, көкпенбек, бетегесі бұратылып күтіп алатындаі көрінуші еді. Дәп солай екен.

Діни кітаптарда Машайық, сопы, көне көз жыршылар жырлап, келістіре суреттеген жұмақ суретін осы Қарқаралы бояуынан алған, бәлкім, дейді. Бұл Дүкеңнің сөзі.

“Әй, жұмаққа барып жырғап, жетісken көнілі аспандап өскен еш пендені көрmedік қой. Бақи жалғаның есітінен енген із бар, шыққан із жок. Сірә, көне заман авторлары жұмақ суретін осындаі сұлу табиғатқа қарал, тамсанып елестетіп отырып ақ қағазға түсірген болар. Жер үстінің жәннаты Қарқаралы тауының сай-саласы секілді елестейді көзіме”. Бұл Дүкеңнің күнделігінен алынған сөз.

Саусақ саласындаі құп үйлескен Қарқаралы тауының тажайып суреті, Құнанбай мешіті, қызыл қыштан өрілген генерал Корнилов Карбышев туып өскен үйлер, тарих кітабы секілді қарапайым жатаған тау сілемдері, тостаганға қуйылған шаралтай мөлдіреген Шайтанкөл, арқаның құлак құрышын қандырған кең тынысты әні... бәрі-бәрі, жазушының соңғы кезде жазған дүниелерінде жалт-жұлт етіп ұшырасып жатады. Бейне құм арасынан табылған жақұт тасы секілді. Сол шығармалардағы өзгеше әдемі бояу, нақышты ыргак туралы әдебиет сыншылары айта жатар; өз басым осынау жер жәннатының жазушыға тигізген иғі әсері туралы айтып бермекпін.

Кейінгі, 2004 – 2005 жылдары жазушы “Пайғамбардың өлімі”, “Жан тәтті” атты қос хикаят жазды. Екеуінде де Қарқаралы жерінің сұлу табигаты мен ақжүрек адамдарының мінезіне біраң орын берілген. Екі повесті де жазушы Қарқаралы тауының ішіне қоныс тепкен “Шахтер” атты демалыс үйінде жатып жазды. Дүкең алғаш рет 2004 жылғы маусымның басында Қарқаралыға ат ізін салып, он күндей демалып қайтты. Оған өуелгі себепкер дәрігерлері болды. “Қымыз ішіңіз, қыстайғы қара сұық бойынцызды алып қалған ба, жайлауға шығып қымыз ішсеңіз көтерілесіз”, – десті. Сол сөзben Қарқаралы еліне ат басын бұрган болатын. Екінші мәрте 2005 жылғы маусымның аяғында он күнге тағы барды.

“Қымызы бал татиды, ішкен сайын іше бергің келеді, іш сарайынды түгел аралап, тамырдәрідей сіңеді”, – дейді сол сапарларын еске алған қalamгер.

Сарыарқаның төсінде қыздың жиган төсегіндегі қатпарланып жатқан жер жәннаты – Қарқаралы ауданының әкімі Нихан Иманғалиұлы Омархановпен алғаш ұшырасқанда-ақ шүйіркелесіп, тонның ішкі бауындан болып тіл табысып алыпты. Ниханның әдемі келіншегі Гүлнэр әдебиетті сүйіп оқитын, жаңа кітап көрсе – балға қонған араша құнығатын оқырман еken. Бұрындары Дүкеңнің “Абай айнасы” атты кітабын оқыпты. Жазушының елге келді деген хабарын естісімен алғашқы кісілердің бірі болып сөлем беріп шығыпты. Ұлы Баhtиярды таныстырып, жазушының батасын алыпты.

Кейінше Дүкең: “Ер адамның үйдегі желеп-жебеушісі, дем берушісі мықты болмайынша, жігіттің түзде жолы бола бермейді, Ниханды – Нихан етіл қай қыынға баптап салып, бәсін арттырып биіктетіп жүрген құдай қосқан қосағы еken”, – деп айтқаны бар еді. Сол айтқан қай қыынға болмасын қаймықтай барып, елу мыңға жуық халқы бар, жер көлемі үш Израилге параллар ұлken ауданының сұығына тоңып, ыстығына күйіп, жаны ышқынып шаруа тыңдырып жүрген аудан әкімі жұлдызы жоғары жанған жігіт бол шықты. Ойлайтыны елдестерінің қамы. Жүгірген баласынан бастап еңкейген қариясына дейін Ниханды танып жатса; өз ретінде Нихан да әр үйдің тағдырына жаны ауырып жүретін нағыз елін сүйген азамат көрінеді.

Ниханның өз жерінің патриоты, мінезі: елінің, жерінің тарихын терең білетіні. Қарқаралы тауының ортасына түсікен шарайнадай Шайтанкөлте байланысты айтылатын әңгіме, азыздың не қызылысын біледі екен, тіпті Сәбит Мұқановтың “Сұлушаш” поэмасында ақынның өзінің сүйікті кейіпкерін осы қалың жыныс тауға әкеліп, ақырында Шайтанкөл сүйін шомылып жүрген кезінде, ару қыздың оқыс шыға келген жолбарыстан қорқып осынау көлге батып өлгенін... аудан жерінің қыыр шығысында кереге тастардың арасында жатқан, Қызыл кеніш қорғанының тарихы өз алдына бір тәбе.

Әйгілі қоңтайшы Бату өзінің сүйікті қызын жауап алған батыс ұлысында қалып қоюына риза болмай, әлдекандай заман болар, қайтсе де сүйікті перзенті Керулен бойындағы ордаға жетіп жығылсын деп қасына қырық қызы күн, қырық жігіт қызметші қосып шығыс ұлысына жөнелтпей ме... Жол алыс, сапар ауыр. Сарыарқаның кіндігіне жеткенде қыс түсіп, жол ауырлап, әлгі ханшайым еріксіз осы араға қыстап шығатын болады. Қырық жігіт тау аңғарынан тас қалап, там салып, үлкен қорған тұрғызады. Маңайынан аттылы кісі өте алмастай ор қазады. Хан қызына қалың тогайлы, үш жағынан тау қоршап жатқан әдемі аңғар сүмдыш үнайды. Қектем шыға осы араны “қоныс қылам” деп көшпей қалады. Жергілікті қыпшақ жігітімен көніл қосады. Осынау жан-жагы тау ортасында, терең шүңейтте қара тастан өрілген кішігірім қала орнайды...

Жылдар жылжып өте береді, тарих керуенінің бір үзігіндей болып қалған, айналасын қырық қабір қоршаган Қызыл кеніш ескерткіші арқа төсінде желмен азынап, уақытқа мұжіліп мұра болып әлі тұр. Кеніш маңайын тазартып, кейінгіге асыл мұра қүйінде сакталуына аудан әкімінің еңбегі алабөтен көрінеді.

Қысқасы, Қарқаралы жерінің барша тарихы, откені мен бүгіні Ниханның алақанында тұрғандай; салалы саусағына сығырая қарап қойып сөйлей түссе – көмейінен жыр төгілген жырши секілді, толассыз ағытылады келіп.

Бұл аудан, негізінде атом қаруының зардабын шеккен экологиялық қатерлі аумакқа енеді. Шығысында баяғы атом полигонына айналған Семей облысының Абай, Абыралы ауданымен шектеседі, Егіндібұлақ өнірі сұрапыл қарудың

зардабын шеккен қатерлі шекара шеңберінде жатыр. Ол аз болғандай-ақ Байқоңыр айлағынан ұшырылған протон зымыраны құлап, аудан жерінің терістік батысын гептил сеуіп біраз улап кеткені мәлім. Осы күйіп тұрган көкейкесті мәселені жалаулата көтеріп, аудан өкімі 2005 жылғы 24 маусымда Парламентте еткен конференцияда мөртебелі мінбeden сөз сөйлем, заңгерлер мен зияялыштарды елең еткізген еді.

Нихан Иманғалиұлымен осы жиылстың кезекті үзілісі үстінде таныстым. Қара көзілдірік киген (бұл көзілдірікті студент кезінде лабораториялық тәжірибе уағында көзін аздап закымдал алған соң киеді екен), қараторы, орта бойлы, келісті көркем жігіт жарқырай құліп амандасты.

– Өзіміз емес, сөзіміз еленсе деп жүрген жанбыз, жеңгей.

– Әлгі келтірген дәйектерің, дәлелдерің жүртты сілкіп еткендегі сезілді. Фалым Бақия Атшабаровтың “Қайнар синдромы” атты зерттеу жұмысын бұл депутаттар білмейді екен, қандай қатерлі көпірдің үстімен жүріп келе жатқанымызды аз сөзбен көзге елестетіп бердіңіз!

– Соңғы жылдары бұл мінбeden полигон зардабы, гептил залалы туралы бір ауыз сез айтылмаған гой, жеңгей.

– Мәселені дер уағында көтердіңіз...

Осы танысадан кейін-ақ Нихан көзіме жылы ұшырады⁷ Қазактың сөзін ұстап, мұнын мұндалап, жырын жырлап жүрген мықты азаматының бірі екеніне көз жеткіздім. Дүкең бекер іш тартып, бауыр тұтпаған екен деп ойладым.

Бір қызығы, жұбайым танысқан, ұшырасқан адамдарды екі топқа бөле жүреді, бірі “кітап оқитындар”, келесісін “кітап оқымайтындар” деп. Эу дегеннен сөзі ширак, өресі биік, әр нәрседен хабары бар, ойлы, білімді жандарды “кітап оқытындар” тобына жатқызып жылдам-ақ шүйіркелесіп, тіл табысып кетеді, ал, қазақты ру-руға бөліп, “анау – анандай еді”, “мынау – мынандай еді” деп ауыл арасының әжік-күжігінен артылмай жүргендерді “әй, соны қойшы, кітап оқымайтын неме гой”, – деп теріс көңілін бірден білдіреді.

Дүкең әуел бастан-ақ Нихан інісін кітап оқытындар тобына қосып қойған еді. Мұнысын іштей өзім де құптағым.

Адам табиғатына тартып туады.

Пенденің бірінші анасы – жарық дүниеге өкелген шешесі болса, екінші анасы – туған жеріндегі жалаңаяқ жүгірген

жалғызаяқ соқпағы, көгалды жазығы, алғаш алақан тосып сімірген көусар булагы, дүркіреп көшкен ала бұлты, кеудесін кере тыныстаған жұпар ауасы... осының бәрі келе-келе өспірімнің кезіне бояу бол сінеді, ізгілік, мейірім нұры бол құйылады. Содан әуелі бозбала, сосын азаматтың мінезі қалыптасады. Бәлкім, Нихан бауырымыздың жібектей есілтегі мінезі, баз бірде арқаның дүлей бораны секілді түйіліп соғатын ашущаң кезі — сол туған жердің табиғатынан ауысқан ба деп ойлаймын.

Адам қандай болса — өзіне сондай жоллас-жора жинайды. Осы кезде “пәлен өкімнің командасы”, “түген өкімнің командасы” дегенді жи естімін. Бұл сөзге соншалық мән берудің қажеті жоқ болар, сірә. “Команда” деген сөз спортқа келеді, ел басқару ісіне тәуелді еткен өкім өзіне сыйайлар, сырлас, мінездес, тұрғылас кісілерді жинап, қол жасақтаған кезде тек қана алдына іліп бас шұлғып айтқанын екі етпей істейтін жәркеленші, жәдігій топты емес, әрқылы көзқарас, білгір мамандарды жинағаны жөн ғой деп ойлаймын. Сондықтан “команда” деп ауыз қомпайтқаннан гөрі жанашыр, білгір, бәсекелес іздесе — кімнің де ісі онға басатын секілді.

Осы айтқаным Нихан бауырымыздың маңайындағы сайдың тасындай жырынды, іскер жігіттерге дәлме-дәл келетін секілді.

Қарқаралы ауданы өкімінің бірінші орынбасары, экономиканың қыры мен сырына аса жетік, білгір маман Сержан Аймақовты осы жerde атамай өту мүмкін емес. Сырты сұлу, дөңгелек жұзді, құлген кезде барша денесімен жарқырап қуанатындей, алғыр да ақылды азамат өкімнің ең сенімді серігіне айналған.

“Келешегі үлкен бір ауданды дөңгелетіп алып кететін тәжірибе жинап үлгерді, қай жағынан болса да өз орнымды осы қазір баса алады”, — деп Нихан мақтана айтып отырады.

“Өзімнің орнымды баса алады, тіпті менен де мықты” деген сөзді өзінен кейінгілерге қаратып айтатын басшы аз. Сол аздың бірі — осы Нихан ба деп ойлаймын.

Қашшама жылдар ядролық сынақтан зардап шеккен Егіндібулак, елді мекендеріне арашашы болу, өртке қарлығаштың қанатымен су сепкендей араша іздеу — осы азаматтардың құнделікті іс-әрекетіне айналған. Елді мекендерде

қан ауруы, техникалық дерпт – өзіне-өзі қол жұмсау – суицид жиілеп барады. Сондықтан Мәди, Тәтгімбет, Едірей, Мыржық, Абай ауылдарының тұргындарына полигонның осы күнгі залал зардабын өлшеп-пішкен, адам ағзасына өсер етер синдром шкаласын дөлме-дәл көрсеткен ғылыми карта жасау қажеттігін айттып ұсыныс жазған да осы Сержан көрінеді. 3,5 млн гектар жері, 50 мындаі халқы бар осынау аймақтың енді бес-он жылда даму стратегиясын жасаған да осы Сержан Аймақов.

Қарқаралы елінен шыққан өйгілі жазушы, “Қарқаралы Корчагині” деген қосымша есім арқалаған қаламгер, Дүкеннің қашаннан бергі досы – Сапарғали Ләмбеков өз алдына бір тәбе. Сонау өткен ғасырдың 70 жылдары танысқан Дүкең мен Сапекең бір-бірімен өрдайым сыр бөлісіп, үзбей хат жазысып тұрады екен. Жазғандарын ықыластана оқып, кезі келгенде мерзімді баспасөзге пікір білдіріп тұратыны дәстүрге айналған. Сапекеңнің “Арыстар” деп аталатын екі томдық кітабына Дүкең жылы пікір жазды. Сапекең өз кезегінде жазушы інісінің “Інкәр өмір” деп аталатын “Білім” баспасынан 2003 жылы Дүкеңнің Тандамалы шығармаларының 14-ші томы болып шыққан романына рецензия жазып бастырыпты, “Орталық Қазақстан” газетіне.

Жазушы мен жазушының бір-біріне деген іңкәр сезімі мен достық пейілі жазылмаған жыр секілді дүниедегі ганибет нәрсе ғой.

Сол Сапекеңнің перзенті Бейбіт бұл күндері Қарқаралы қаласының әкімі екен. Дүкеңмен алғаш танысқан күннен бастап інісіндей болып қызмет көрсетіп, қаланың тарихи жерлерін аралатып, музейіне, қалалық кітапханасына апарып, көп кіслермен таныстырыпты. Кейінше Шахтер демалыс үйіне орналастырып, арнайы уақыт бөліп, Дүкеңе күн сайын түске дейін саумал, түстен кейін бесті қымыз жеткізіп тұрыпты. “Бейбіттің келіншегі Айгүл, балалары Ержан мен Бауыржан танысқан күннен бауыр басып, нағыз жақындарым болып кетті, коргені бар жастар ғой, жазушының кірпияз көңілін дер кезінде дәп басып табуының өзі білгендік боллар. Іншалла, өр ісін Алла сауапқа жазсын”, – деп айтқан сөзі әлі есімде.

Қарқаралы елінен айта берсе, Дүкеңнің шүйіркелесіп табысқан жолдас-жорасы жетерлік.

2005 жылғы маусым айының аяғында барған сапарында жазушының келетінін естіген ел азаматтары алдын-ала көзекке тұрып: “Әр күні әрқайсымыз келіп құрмет көрсетейік”, – дегені өз елінің ас-ауқатын, қымызын, сүрін өкеліп, жазушының бөлмесіне дастарқан жайып, сыр-сұхбат қурып, әңгімелесіп кету көрінеді. Дүкенің күнделік жазатын әдете. Сол күнделігіне қарап отырса, 20 маусымнан бастап Нұркен аулынан Жекіс есімді азамат, Қайнарбұлақ ауылынан Берік, Тоқтар ауылынан Манат, Қарқаралы қаласынан Бейбіт, Кектас ауылынан Бақыт Әбенқызы, Бұркітші ауылынан Серік, Қасым ауылынан Аманжол... осылайша жалғасып кете береді. Бірінің дәм-тұзын екіншісі қайталамайтын, дастарқан мәзірі өзінше өрнек, сый-сияппеп күрьылған ықылас-пейілі өзге-ше өр кеш, бейне, “Мын бір түннің” әңгімесіндей көңілге көрік, жүрекке жұпар сіңіріп жалғасып жатқаны ғанибет енді. Мұндай кешті жазушы қалай есінен шыгарсын!

Бояуы, белгісі қайталанбас, бірін-бірі толықтырып жаттын масаты түгіндей Қарқаралы кештері қаламгерге ас та төк шабыт сыйлағаны сонша, сол жолы жазушы Астанада бастаған, “Жан тәтті” атты пәлсапалық үлкен тебіреніске толы повесін аяқтап оралды. Көңілі тауға ұқсан биіктеді.

Көпшілік жұрт еңбекқорлықты жақсы мінез деп қабылдайды. Кісінің жағымды сипаттына жатқызады. Өз басым олай дей алмаймын.

Еңбекқорлық – жүре-бара, жылдар өте кісінің оң қылышы болудан гөрі теріс, жарамсыз қасиетіне айналып үлгереді. Адам алғашында мұны байқамауы мүмкін.

Көзге елестетіп көрелікші.

Мысалға, Дүкен жазу, шығармашылық тауқыметіне басын байлаган адам. Енді ешқашан, ешқайда бұрылып кете алмайды. Осы жолмен кетеді... өтеді...

Бір нәрсеге ылғи байланып жүру – акыр соңында психикалық өзгеріске-стресске апарады. Бас бостандығы жоқ адам секілденіп қалады. Көп жұмыс істеген кездері, өсіресе үлкен шығарма жазып жүрген уақытта біразға дейін өзге шаруага ауыса алмай, басы айналған адамға ұқсан, өз-өзіне келе алмай, делқұлы, босбелбеу күйде жүреді. Демалыс серуенниң қызығы, куанышы болмайды. Бейне дәм-тұзы жоқ, ас-ауқат жеген кісіге ұқсайды. Жұмыс, жазу туралы айтсаң ғана – жадырайды, жазуымен ғана өзін осы өмірге

көрекпін деп санайды. Шығарма жазсам ғана биіктеймін, ортага, басқаға көрекпін деген ой өбден санасына сіңіп мен-деп алады. Керісінше, жазбай жүрген кезінде өз-өзінен кірпіяз, тұңғылғыш, қоңылсіз, тіршілікке қораш сезінеді өзін. Қоғамға керексіз болып қалдым деп ойлайды. Үйде қоңылсіз, ызыгарлы, ашушаң келеді.

Кей-кейде бос жүруден қорқа ма деп қалам.

Я жұмысқа шықса, я жазып жүрген кезінде жарқылдап, мұлде танымастай өзгеріп шыға келеді.

Бір шаруаны бітірмей жатып келесі шығармасын жоспарлап жүреді.

Теле, кино, өзге де спорт ойындарына күнкілмен, құдікпен, уақытын ұрлайтын жәйт деп қарайды. Ештеме істемей, яғни жазбай, оқымай, ойланбай жүру деген – ол үшін жалқаулық, жатып ішерлік, тәртіпсіздік, ретсіздік саналады.

Мінекей, жазуға мұлде басын байлап, беріліп үлгерген шығармашылық тұлғаларда бола беретін психикалық дерпт, келеңсіз жәйттер осындей. Қолымнан келгенше осы ауытқуларды іштей түсініп, алдана ылғи үлкен, қын мақсаттар қойып дағдыланған Дүкенің ойын бөлуге, өзгедей ортада, жаңа адамдар арасында көбірек болуга итермелеп көндіретінім содан.

Қарқаралы сапары – жазушы үшін аzon ауасын жұтқандай, ағзалық ауасын тазартқандай сезіліп, көп-көп жаңа белестерге, кісінің аңсарын аударар көгілдір кекжиекке, тың ойларға жетелегені рас. Сол үшін де өз басым Қарқаралы елінің мөлдір сезімді, ар-ұяты жүзінен көрінген, деңгейі биік білімді азаматтарына, ғажайып әсерлі табиғатына өмір бойы ризамын.

Алғашында ризалық сезімінді қалай жеткізсем екен деп көп толғанып жүрдім. Дастанқанымша шақырып қонақ етіп, сыбаға жегізіп жіберуді ойладым. Ішинара бұл ойымды да іске асыргандай болдым. Әйтсе де өлі бірдеме жетпей тұргандай сезіле берді. Сосын осы кітабыма жеке тарау етіп енгіздім.

Қасиетінен айналайын, жазушыға шабыт сыйласап, қанат бітіргенін үшін Қарқаралыны неге ұмытайын.

Қарқаралы жігіттері жазушының жабы көңлін жібек желімен желпіп, жақсы сөзімен иықтандырып тұруға әрдайым өзір екенін еске салып, телефон шалып тұрады.

ДҮКЕНДІҢ ДОСТАРЫ

Дүкендің, яғни жазушы Дүкенбай Досжанның асыл досы – халық. Жер өлемнің қай түкпіріне барса да – жүзі жарқырап, мейірім шуағын төгіп, жүрек сырын бөлісіп алдынан халық шығады. Кітап оқиды-ау деген қай үйге енсе де – әлгі отбасының кітап сөресінен, я бір бүрышынан парагы сарғайған, ескіріп тоза бастаған Досжановтың кітабы табылады. Оның үстіне жазушының ешкімді жатсынбайтын, бір пендені руга, жерге бөліп қарамайтын, үлкенді аға, кішіні іні деп сырласып үлгеретін майлыш-сулығы бірдей мәйін мінезіне қай ортаға болсын сіңісп жүре беретінін қоссан – оның нағыз халықшылдығын, қарапайымдылығын баса айтуга болар еді.

Қызылорда облысының облыстық “Сыр бойы” газетінің редакторы Жақсылық Рахматулла өзінің “Тулаған толқындар” атты кітабында әлгі айтқан ойымды өзінше өрбітеді.

“Дүкенбай елшіл. Баз біреулерге ұқсап тұған күнін атап өтуге қосшысы мен қадірлісін ертіп келіп, иә ағайынынан, иә ел билігіндегі дәкейлерден қошемет дәметпейді, ат мініп шапан кимейді”. Яки, үлкен-үлкен жиындарда: “Мен Досжановпын” дегендей қырланып төрге озуға ентелемейді де. Бәз-баяғы қоңыр торы тіршілігінің өуресімен ұнамды жымыш, жұмсақ сөйлейтін аймандағы ағаны есігі жылпылдаған кеңселерден емес, иті үріп, баласы жылап, абыр-сабыр болып жататын ауылдардан көресің. Қашан, қайда кездессе де бір қалыпты, тұнық судай мөлдір мінезінен айнаймай тұрады, сонысымен кіслілігін андатқандай болады. Ал-псыншы жылдардың аяғында менің тұңғыш қолжазбамды марқұм Шәміл Мұхамеджанов ақын екеуі қарап отырғандағы кескін-пошымының әлі күнге өзгермегеніне таңдамын. Соңан бері жер түледі, су сарқылды, қайта тасыды, жоғалтқанымыз тапқанымыздан қайда-а-а, асып жатыр, тіпті ғасыр ауысты. Дүкеннің өмірінде де біздің көніл жетпейтін хикметтер болған шығар-ау. Эйткенімен, Мұхан, ұлы Мұхтар Әуезов “Абай ауруынан” қанша азап шегіп, тауқымет тартқанымен тубі қайырлы болды. Содан қаншама данқ пен абырайды еншіледі. Біздің Дүкеннің де басынан сондай бір дөүрөндер өтіп жатыр, (Жақсылық Рахметулла, “Тулаған толқындар”, Алматы, “Қасиет”, 209-210 беттер).

Алыс та, жақын да, таныс та, жолдас та, жора да, жазушы, жалпы шығармашылық туралы сөз бола қалса: “Біздің Дүкен” деп сөз сабактайды.

Біз Дүкенбай Досжанның шығармасын жас күнімізден көнілге тоқығанбыз.

Дүкенбайды білеміз, көргенбіз, сырласқанбыз, жазушының “Абай айнасы”, “Мұхтар жолын”, “Абақтысын”, “Тарразысын” оқығанбыз, – дейді.

Сондай бір ерекше көп жазатын, көпшіліктен ерекшеленіп бөлекшеленбейтін, біртоға, қажырылғангердің бар екенін еміс-еміс естігенбіз дейтініне көміл сенемін. “Жақсыға сөз ілеседі” дейді қазакта. Абай ақын: қазактың өзге жұрттан сөзі үзын дейді. Сол ақын айтқан үзын сезін ііп келтіріп, әдеби көркем тілді кемел игеріп, болмысты бояумен, суретпен елестетіп жазатын жазушының жөні бөлек.

Өзінің жақсы көретін жазушы, әрі журналист інісі Жанболат Аупбаев айтқан сөз есіме оралады осындайда.

“Дүкенбай Досжан ағаның жазу машины ешкімге үқсамайды. Ол кісінің аты-жөні түсіп қалса да пәленбай қағаздың ішінен сөз саптасын, сөйлем құрылышын айны-қатесіз түстеп танып алуға болар еді. Әсіресе, Досжанов сейлемінің бояуы мен бедері ешкімге үқсамайды”, – дейді Жанболат інісі. Шындығында ғой, осы күні майын тамызып жазатын жазушылар жетерлік. Суреткерлік жағынан алдына жан салмайтын қаламгерлер легі тағы жетіліп келеді, олардың әдебиет патшалығында өз орыны, өз тағы бар. Ал, Дүкен қазақ әдебиетінде өз патшалығын ойып тұрып алған жазушы. Бұған бұл күнде ешкім күмән келтірмейді деп ойлаймын.

Айтып отырса – жазушы жастайынан пікірлес, сырлас дос жинауга бейім, сонау қыр беткейдің аргы жағында қалған, өзім білмейтін студенттік жылдардың өзінде жанына жақын сырлас, пигылдас кіслерді жинай жүреді екен. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Магауин, Төлен Әблік, Төлек Тілеуханов, Марал Ысқақбаев, Сұлтан Оразалин сол кешегі желкілдеп жетілген қыр қызғалдағындағы студенттік жылдардан келе жатқан аралас-қуралас достары. Жас кездегі қылыштарын ауыздарынан суы құрып, бірде құліп, келесіде мұңайып жырғып айтып беретіні қызық.

ХХ ғасыр 60-шы жылдардың басындағы Алматы қазіргі Алматыға мұлде үқсамайды.

Көше жиегіндегі арықта тау суы сақылдап ағып жатады екен. Қарағаш, сәмбі тал, қарағай, шырша араласа ескен саябак, скверлер көз тартып құлпырып, кірсе шыққысыз жұмақ мекеніндей көрінеді дейді. Парктер, гүлзар бақтар аяқ басқан сайын үшырасады. Көшеде мәшине аз, өсіресе түнге қарай кісі аяғы басылып, көше бойымен емен-еркін жүріп сейіл құруға болады. Қар жамылған ақ бас тау төніп тұрады. Горный гигант, горный садовод деген елді мекендер апорт алмасына малынып көз жауын алады. Жазды күні жабағы бұлт төніп келіп құркілдей жөтеліп сар-гұр етіп нөсерін төгіп өткенде, тас көшелер моншаға жуынып шыққан жас келіншектей құлпырып, жұпар шашып шыға келеді. Қазіргідей құжынаган мәшине, аспанмен таласқан алып үйлер жок, көп болса бес, алты қабаттық үйлер жаңадан салына бастаған.

ХХ ғасырдың 60-шы жылдарындағы Алматы қаласы діни кітаптарда жазылған жұпары аңқыған, әрі көркем, әрі нұры бетіне шыққан жұмақ тұрагына үқсайды екен: қазіргі Алматы Теміртау домна пешінің маңайы секілді. Әрі от жалыны өртеніп, әрі бықсып, өшіп, ыбырсып кеткені қынжылтады.

Дүкен сол гүлзар бақты Алматыны еркін аралап, еркелей жайлап пәтерден пәтерге ауысып дос тауып, жолдас арттырып жүріп алғашқы өлең, әңгіме, хикаяттарын осында туғызыпты. 22 жасында алғашқы өлеңдер жинағы жарық көрген. 24 жасында повестер мен әңгімелер жинағы, 26 жасында алғашқы “Зауал” романы, 28 жасында тарихи пәлсалаптық “Жібек жолы” романы... осылайша жалғасып кете барады.

Алғашқы үйді Алматының батыс бетіндегі Абай мен М.Залке көшесінің қыылышына орын тепкен 5-ші ықшам ауданынан алған; ондағы үш бөлмелі үйін тарсынып, үкіметке өткізіп, сол кездегі Министрлер Кеңесінің Төрағасы Б.Әшімовке кіріп, Фурманов пен Гоголь көшесінің қыылышындағы төрт бөлмелі өсем үйге ауысқан. Одан Зангар әмбебап дүкенінің иығындағы Панфилов көшесі мен Горький көшесінің қыылышындағы 17 қабаттық үйге ауысқан көрінеді. Өзіммен отасқан кезде, яғни 1988 жылдың

басында Жамбыл көшесі мен Нұрмаков көшесінің қылышындағы Фылым академиясының салғызыған бес қабаттық “Г” өрпі секілді екі бөлмелі үйде тұрады екен. Үш жыл өтеп сол үйдің құншығысы бетіндегі, Нұрмаков көшесі жағындағы төрт бөлмелі пәтерге ауыстық.

2002 жылдың көктемінде өлгі құт пәтерден, құтты қонысмыздан тұп көтеріліп, Астанага көшип келдік. Әр пәтердің өзінше тарихы бар, әр үйде Дүкеннің әрқылы шығармалары жазылған. Ол өзінше бір тарих.

Адам, бейне, желкенді кемеге үқсайды. Замана желі қалай соқса, солай қарай бағытын түзеп, зәкірін көтеріп тағдырына тәуекел айтып, діттеген бағытына жүзе жөнеледі. Жолай жол тосқан қарақшыға кезігеді, қиналғанда қол созған жолдас-жора табады, ұшы-қыры жок, көз жеткісіз алып мұхиттың тесінде домалана жөнкіліп көше бермекші, қашан діттеген жасыл жағалауы көрінгенше желкеніне жел толтырып жүзе бермекші.

Қай қыырда қайранға тіреліп, түбі тесіліп, тоқтап тынары белгісіз. Тағдыр деген сол!

Дүкен осы жасына жеткенше қаншама жолдас тапты, дос арттырды, оның бәрін бұл тарауда тізіп жату мүмкін емес. Қажеті де болмас. Шығармашылық шындық іздеу жолында жанына желеу, көңіліне медеу бола білген, ұзак жолда жанында медет беріп ілгерілей түсуіне қол ұшын берген айтулы достарын атап өтуді жөн көрдім.

Жазушының туған жерінде дәлірек айтсак, Жаңақорған еліне он жылдай басшы болған, облыстық партия комитетінде хатшылық қызмет істеген, Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш аудандарында бірінші хатшы, ауатком төрағасы лауазымын атқарған Сәмит Даңдабаев есімді азамат – Дүкеңнің жүргегінің төрінде жүретін кісі, көп жылғы досы.

Сәмиттің Айгүл есімді аяулы жары бар, Фабит, Мәжит атты алтын асықтай үлдари есіп жетілген. Өз кіндітерінен, Даңдабаевтар әuletінен өрбіген үл-қыздардың өзі бұл күнде бір қауым ел болған. Мақтануға тұрарлық көргені бар, үлкеннің қолына су құйған дейтін, кәдуілгі зерделі үрпак есіп-жетілген. Көргені бар бір қауым жас жеткіншекті өсірген, тәрбиелеген отағасы Сәмит, аяулы ана Айгүл. Осы отбасымен арамыздағы достық кітаптың бас жағында келтірілген.

Біреулер бар отбасынан артылып өнегесі, ұлағаты бір елге үлгі болатын.

Сәмит Даңдағаев сондай үлгілі азамат. Дүкен 1996 жылы Мемлекеттік сыйлық алғанда келесі жылдың тамыз айында Жалағаштың Ақарық деген жеріне үй тіккізіп, жазушыны шақырып, он бес күндей үй ішімізден демалғызып жібергені, сірә, есімізден шықпас. Айнұрымыз берілген Әселіміз көлге шомылып, саумал қымыз ішіп, қыргауыл қуырдағын жегенін өлі күнге айтып отырады. Әсіреле қаймакқа бұқтырып, қуыргаған жас қыргауылдың қуырдағы таңдайда еріп, тілді үйретіні керемет. Сөлі сорғалаған, бал татыған басыбалды қауынына қарын шермиткен жазушы қаламына жармаса алмай қалғаны өзінше бір оқиға.

Содан кейін Сәмит досы Дүкенің алпыс жылдық тоғына ат ізін салып, аудан әкімі Мұсабаев Нәжімеддин екеуі Қызылорда облысының атынан Астананың төрінде Сыр бойының ыстық ықыласы мен жүрекжарды сүйіспендігін жеткізген еді.

Сәміттің де барша қызықшылығына Дүкен екеуіміз қалмай қатынасып келеміз.

Сыр бойы демекші, жазушының өскен, өркен жайған туған елінде Нұртазаев Бақыт есімді інісі бар. Дүкен айтып отырса: Бақыттың әкесі Әбдіғаппар деген кісі кешегі кеңестер дәуірінде елде көп жыл кеңшар директоры болған, халық дәүлетін молайтуға жастайынан араласқан айтулы азамат көрінеді. Бақытты қөрген сайын: “О, жақсының көзіғой бұл Бақаң! – деп аспандатып отырады!. Бақыттың сәмбі талдай бүратылған Сымбат есімді келіншегі бар, Қызылордаға барған сайын дастарқанынан дәм татқызыбай жібермейді, Сымбат десе – сымбаты келіскең, қызы ұзатып, ұлын үйлендірген сүттей үйыған, жарасымды отбасы осындай-ақ болар.

Бақыт Мұртазаев бұл күнде облыс басшыларының бірі болып істейді.

Дүкенің әкесі Досжан жасы үлғайғанда, біз білмейтін со бір заманда, пірге жағылып, Айғойشا ишшаның пірәдәрі болуға пейіл білдірген көрінеді. Сол пірге жығылып, пірәдәр аталған кезден бастап елдегі шейх, соғы өuletімен туысында жақын араласып, дос, пифылдас болып өтіпті. Дін ұстаган Пакыриддин, Әбсаттар, Ибрагим, Жапар мағзым деген

кісілермен аралас-құралас болып өтіпті. Үзенгілес, өристес жүріпті.

Сол Ибрагимнен өрбіген үрпақ Күттықожа, Серқожа, баяғы Бұрқан шейхтың бутағы Ибрагимов Молдахмет есімді азаматтармен жазушы: “Әкелеріміз дос, пигылдас болған екен, енді біздер де араласып тұрайық”, — деп пәтууласып, төс қағысып, жоралғысын жасап, аға-інідей болып кеткенін айтудың өзі ғанибет сыр.

Басқа біреулер елге барса “мен – қожамын, ол – қара, я болмаса мен – қарамын, ол – сұнақ тұқымынан ғой”, — деп азғана қазакты бөлшектеп, өз өрісін өзі тарылтып, өз ырысын өзі төгіп отыратын жағдайға қарама-қайшы, Дүкең болса, өзі отырган жерде руын ерекшелеген азаматқа кейіс білдіріп, аузындағы сөзін айтқызбай, тыйып тастағанын талай көрдім. Бөлінгенді, руға салынғанды суқаны сүймейді. Елде қожа руының азаматтары көп.

Сол рудың азаматтары кейде біліп, кейде білмей дастар-қан басында: “Біздер баяғы арабиядан келген сахабалардың тұқымымыз, Мұхаммед пайғамбардан тараймыз, аксүйекпіз”, — деп отыратын кездері ұшырасып қалады.

Сонда Дүкең былай деп түсіндіреді: “Сырдария бойына араб халифатының ғаскери VIII-IX ғасырларда келген, Отырар, Шаш, Мерв, Самарқанд қалаларын жергілікті халықтың қатты наразылығына ұшырап, өз жеріне шегініп кетуге мәжбүр болады. Әйтсе де сол жаулаушылықтың соңын ала дін жолын ұстаған соғы, шейхтар X ғасырға дейін тоғытылып келе бастаған. Кіндік Азия халқына мұсылман дінін таратқан. Түркістан, Отырар жеріне мұсылман дінін уағыздаған бабтар мен аталар X ғасырда келіп қазақ жеріне медресе ашып, шәкірт ұстаған, “Сайрамдағы сансыз баб,.. Ең өулиесі Арыс-тан баб”... деген сөздер содан қалған. Міне, қазақ сахараасына мұсылман дінін әкелушілердің бұл елге ат ізін салғанына аттай бір мың жұз жылдан асып барады. Мұның үстінек әлгі шейх, соғы, мұршидтер сол заманда бибілерін арабиядан ілеңстіріп келген жоқ, ылғи зайыбын жергілікті халықтан алды, яғни қазақ руладының қыздарына үйленді.. 92 баулы өзбек шежіресінде де арабиядан келген шейхтар өздерін біз қожа тұқымынанбыз, дін жолын ұстаған кісілерміз деп жергілікті сартауылдан қыз алып, қыз берісіп жекжат болып кеткен.

“Қарақтарым-ау, енді ойландаршы! Бір мың жұз жылдан бері арабиядан ауып келген шейхтардың қазақпен қаны араласа-араласа бөлекше, ерекше несі қалды?.. Төре тұқымы да солай. Шыңғысханның қазақ жеріне келгеніне жеті жұз сексен жылдың үсті бол қалды. Енді келіп төре тұқымының бір азаматы: “Жоқ, мен Шыңғысханның тұқымынын, арғы тегім монгол, сегіз жұз жылдан бері қазақпен қаным араласпай, қазақ бола алмай келемін”, – деп аспандап отырса, жараса ма? Мұхтар Әуезов арабтан келген қожа тұқымынан, әйтсе де қазақтың мұнын мұндалап, жоғын жоқтап зар кешіп өтті. Әлихан Бекейханов төре тұқымынан, әйтсе де қазақтың қамы үшін 37 жылы басын зұлмат балтасының астына қойды”.

“Ағайындар-ау, тегі, түрлеріңе қарандаршы! Қазақ болғандарыңа, мына отырған біздей қоңыраттан, қыпшақтан, найманнан, жалайырдан ет жақын бауыр тапқандарыңа қуанбайсындар ма бөріктерінді аспанға атып!” – деп биік ағаның сезін айтады. Кеп кіслер пәтуалы сөзге тұрып, сүттей үйып, мәуесі піскен жеміс ағашындаи иіліп қызмет қылады. Сол арада бірі құда, бірі жекжат болып шыға келеді.

“Кешегі қыын жылдары өкелеріміз жол салып кеткен “қожа, қара” деп ешқашан бөлінбеген жақсы дәстүрді жағастыра жүрсек қанекей!.. Кешегі Бұрқан-шейх, Бақыр магзым (Пакыреддин), Жапар магзымының өздері өкелерімізбен ат ауыстырып мініп, көкпар шабысып, керіз қазысып бір атанаң баласындаи қатар жүріп ырзық теріп, үрпақ өсіріп өткен екен; сол кіслердің аруагы тыныш жатсын десек – біздер де сыйласып, сырласып, бір-бірімізді ет жақын туыстардай көтере үстап өткеніміз жөн!..”

Бұл жазушы Дүкенбай Досжанның жүрекжарды сезі, ел ағасы болғанының белгісі.

Ел ағасы болу – ерге сын. Шыңғыраудың үстіне тартылған арқан көпірден өткендей нөрсе.

Бір жағынан өрдайым артық, айтып, кем түсіп жататын ағайынның ісіне, шаруасына араласу (араласпайын дегенімен – жердің астынан болса да тауып алып шаруасын айтады), келесі жағынан күнбе-күн күйіп тұратын шығармашылық жазумен айналысу онсыз да жетпей жатқан уақытын аяусыз жұтып жатады. Осындай жағдайда я асығып жүріп, я өлдегенге арандап қалып қалтылдаған арқан көпірден аяғы тай-

ып, шыңырауга құлап кетпегені жөн болар. Ел ағасы аталағып, жөн сезін айтып, сыпа, сері мінезбен өмір базарынан асықпай қайтқанға не жетсін.

Достық достықты шақырады дейді ұлы Абай.

Дүкеннің Жанақорған елінде Шермағамбетов Зинаидин есімді досы бар. Көп жылдар бойына аудандық оқу бөлімінің менгерушісі болған, ауданның өргүрлі басшылық қызметін атқарған абырайлы, білімді азамат. Жазушының барлық кітаптарын оқыған. Алыста жүрсе де “не жазып жүр екен” деп сұрау салып, амандығын біліп, қаламгердің бірде от, бірде мұз тағдырына жаны қүйіп жүргені. Зайыбы Зөреш, үлкен ұлы Мейрамбек біздің есімімізді өрдайым жүрегінің төрінде ұстап, жан семіретін жақсы сөз ілеңстіріп отырады, кейінгі үрпактарына үлгі болсын деп Дүкеннің ылғи жақсы мінездерін, жүріс-тұрысын, бүркырап шығып жататын мақала, сыр-сұхбат дегендерін өрдайым жинастыра жүреді. “Оқыдындар ма?” — деп жүрттЫ елендетеді.

Дәл осындай достары Отырар, Түркістан елінде толып жатыр. Отырардың түйедей құмырасы мен тебен инесіне дейін тірнектеп жинап, ондаған жылдар бойына көне қабірлерді қазып, Отырар қорық-мұражайының іргетасын қалап, дүниені дүңкілдеткен ғажайып музей ашқан асыл досы Әлімов Асантай бақи жалғанға жол алған. Досының орны әлі күнге үнірейіп тұрғандай. Ат ізін сирек салса да, сол азаматтардың орнына кіріп, аруаққа құран бағыштап, кейінгі қалған үрпактарына жөн-жоба сілтеп шығатыны ғанибет енді.

Заманы бір адамдар оазис ойпатқа қаулап өскен қара орман секілді.

Жолаушының жанарын арбап, алыстан мен мұндалап, жердің көркі болып көз тартып тұрады, сылдыраған бұлағы шөлді қандырады, дүлей дауылда ығына алар ықтасын болады. Құндердің күнінде әлгі қара орманның шетіне құрт түседі, кейбірі шіріп, қурап жапырағын төгеді. Жылдар өте әлгі жасыл тогай сирейді, тозады, енді біраз уақыт өте жер бетінен ызыым-ғайып жоғалады. Адам да сол жер бетінде жапжасыл болып тұрып-тұрып бір заманда құрып бітетін тогай ағашы секілді.

Дүкеннің жасыл тогайы сиремесін, орманы оталмасын деп тілейікші!

Адам мен адамды көбіне мұлда табыстырады. Жолы бір, баар межесі, бағыты ортақ адамдардың достығы ұзаққа созылады. Ал бір-бірімен мамандығы, мұддесі киылышпайтын кісілердің уақыт өте достығы жолдастыққа алмасып, келекеле жолдастығы жоралыққа жалғасып... біраздан кейін тек қана таныс-білістікке алмасып үлгереді. Баяғы үлкен сезім жінішкереді. Өзімнің байқаганым: Дүкен өзіне дос таңдаған кезде ешқашан керегі бол қалар, ісім түсер деп алдыартын болжап жатпайды, кісінің жан тазалығына, кіслігіне қарап бағалайды. Сосын жас алшақтығын да екшелеп еске-ре бермейді.

— Сіз бен біздің достығымыз өзімізге ғана емес, ортаға, қоғамға пайдасын береді, нәтижелі болады, — дейді.

— Пәленше мен түгенше аралас-құралас болған жылда-ры осындаі көтерінкі, көрнекті шаруа іске асыпты, — дейді.

— Үрпағымыз жыр ғып айта жүретін ағайындық аралас болсын, — дейді.

Бұл дастарқан басында отырып отағасының айтатын бірқыдыру барақтты ойлары.

Ойды ой оятады. Оянбаған ой тіл үшінна оралмай жа-тып ұмытылады. Біреулер қызмет бабы арқылы жолдас арттырады, енді біреулер жекжат-жұрагаты арқылы дос табады. Ал өзім байқаган Дүкенде мұның бөрі басқаша, өзінің кітабын оқып, қиялын қанаттандыра білген адаммен тезірек тіл табысады. Сейлесе, сырласа келе достасып алады. Жоғарыда айтқан Есік қаласындағы жазушы Сағадат Сәлімбаев, Алматыдағы Мұхтар Мағаун, Мұрат Әуезов, Фарифолла Есім, Қазақстан мұсылмандары діни Басқармасының терағасы, Бас мұфти Әбсаттар Дербісөлі, Қарқаралыдағы Сапарғали Ләмбеков, Никан Омарханов, Қызылордадағы Сәміт Даудабаев, Жаңақорғандағы Зинабдин Шермагамбетов, Серкожа Үйдырысов, Молдахмет Ибрағимов, Шымкенттегі Хамза Көктәнді, Тараздағы Несілбек Дәутайұлы, Оңтүстік Қазақстаның Абай ауданынан Кошқар Оразов деген інісі бар. Әйелі Ұлбазар екеуі 6 үл есіріп, ағайын-туыс арасында мәртебелері жоғары болып жүрген жандар. Астанадағы Ақселеу Сейдімбек, Төлен Әбдік, Әбіш Кекілбаев, Сұлтан Оразалинов... осы тізімді тәспіше тізіп созып кете беруге болар еді.

Осы қазір қаламының үшінна ілікпей ұмытылып қалған дос, жаран, жанашыр кісілер болса кешірім өтінемін.

Әйтеуір, қадірменді оқырман қауым, сіз бен біздің арамыздар теріс пифыл, бөтен ой жоқтығына көміл сенемін.

Адам қайткенде де өз тағдырының тізгін ұстары болғаны жөн, ол — ескексіз қайық емес, беталды лағып, жел қалай соқса — солай ығысатын.

Адам өуелі дүниені өзгертуді арман етеді, ол қолынан келмейді, енді өзім өзгерсем деп армандайды. Я жүрт назарын аударған атақты адам болсам, я қисапсыз бай болсам дейді; ол да қолынан келмейді. Соны сезген жігерлі кіслер баспалдақтап болса да бір нәрсеге жетсем деп тырбанып, құлшынып шаруа тындырады; ал жігерсіздері өмірін қалай аяқтарын білмей көмескіленіп, сенделіп кетеді. Базардан бос қап арқалап қайтқан кісіге келеді. Бұл — анық қасірет.

Қайткен күнде, қалай айтса да Дүкеннің, жазушы Дүкенбай Досжановтың тіршілік қабы аузын шымшып тігетіндей әрі толық, әрі баракатты. Өмірі жалған емес. Бір пәс сонына бұрылып, бұлым-бұлым белдерге ұласқан, көз үшінда қалған өткен күндерге көз салсыншы.

Анау сары сағымға оранған қыыр көкжиектің шетінде XX ғасырдың 60-шы жылдарының бір шоғыр әдебиет өкілі. Кекілбаев, Тарази, Ысқақов, Сараев, Сейдімбек, Мағаун... тагы басқалар, іштерінде Дүкен де бар. Әбіш ағаның алғаш жарқ етіп шыққан прозалық кітабы “Бір шекім бұлт”, Мұхтардың “Қобыз сарыны”, Дүкеннің “Жусан мен гүлдері”, Софы Сматаетвің “Елім-ай” романы, Әбіш ағаның “Үркери”, Дүкеннің “Жібек жолы”, Әнуар Әлімжановтың “Жаушы” романдары, бұл өзі қазақ прозасында бірегей құбылыс болып, жоталанып жатқан өзгеше өлке. Содан беріде, 80-шы, 90-шы жылдардың аласапыраны. Қоғамды дүр сілкіндірген тайфун дүлейі секілді кемелденген социализм, қайта құру кезеңі. Бұл жылдары жоғарыда аты аталған қаламгерлер жаппай өмірдің әралуан қырын алып қалың-қалың роман жазуға кірісті. “Ақан сері”, “Махамбет”, “Көшпендеріл”, “Аласапыран”, “Таразы”, “Алаң” романдары осы кезеңде туды.

Қазақ жазушыларының шет елдік оқырмандардың көңіл төрінен мықтап орын алған уақыты осы — 80, 90 жылдар еді.

КСРО-ның алып кемесі қирап, Тәуелсіздіктің арайлы таңы атты. Бұл кезеңде көп қаламгер бұрынғы жабық бо-

лып келген тақырыптардың жалына жармасы: ұлт азаттық көтерілісі, кешегі зобалан, зұлмат жылдар туралы қыртысты қалың кітаптар дүниеге келе бастады.

Дүкең 60 жыл бойына жабық болып келген Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивіне алғашқылардың бірі болып еніп, алаш лидерлерінің сары қағаздың арасына сіңген жан айқайын ашты, тергеу хаттамаларының желісімен “Абақты” кітабын жазды, ұлы Мұханың құғынға үшыраған жылдарын бөліп алып “Мұхтар жолы” (1988), “Алыптың азабы” (1996) романдарын жазды. Тынық, қапырық күндері аспанға бұлт үйіріліп, наизагай шағып ойнағандай оқиға болды, жұрт алыптарымыздың ұлт мұддесі үшін қандай қасірет шегіп, нендей әрекетке барғанын әлгі кітаптардан оқып қарадай жағасын үстады. Ұлы Әуезовті абақтыға жауып, дірдектетіп жауап алған қызыл зұлматтың шындығын жана түсіндік, – десті. Тәуелсіздік аспаннан түспеген екен, – десті. Екі ғасырдан астам орыс боданында болып жасық, мұсәпір, жалтақ болып қалған ұлттымыз, әй, жуық арада ес жия алса қанекей, – десті.

Дүкең де айнаға қарап өзін-өзі қайта танығандай болып жүрді.

Сол кезенде жазушының қаламdas інілері Төрекан Даңияр “Тарихи тақырыптың пионері”, Жанболат Аупбаев “Ашылмаган аралдар” деген атты Дүкең туралы көлемді мақалалар жариялады. Президент алғаш рет қаламгерді 1999 жылдың қантар айында қабылдады. Құр қол бармайын деп аяқталуға жақындал қалған “Дала гладиаторлары” атты романының қолжазбасын үлкен кісінің алдына қолтықтай кіргені, сірә, естен кеппес. Сол үшырасудағы Президентпен түскен суреті әлі құнгеге отбасылық архивімізде сактаулы.

Әлгіде айттым: жазушының өмірі жалған емес, бейнелеп айтсақ, тіршілік қабы аузын шымшып тігердей толық деп.

Сол тіршілік қабындағы өншейін көкір-шүкір, ұсақ-түйек бірдемелер емес, қомақты, жұрт елең етердей, ұлылап үстап жүрердей 11 романы, 20 шақты хикаяттары, 100-дей көркем өңгімелері сықай салынған.

Осынау қаламгердің көркем шығармалары КСРО кезінде, дәлірек айтсақ, 1990 жылы Олжас Сүлейменовтің алғысөзімен 2 том болып жарық көрді, ал 2002-2003 жыл-

дары Зейнолла Серікқалиевтің алғысөзімен 13 том болып басылып шықты. Алғашқысы “Жазушы” баспасынан, кейінгісі “Білім” баспасынан басылды. Жазушы есімі мың сан оқырманының іншалла, жүргегінің төрінде жұр деп айтуға толық хақымыз бар.

АРДАҚТАЛЫП ХАЛҚЫНЫҢ АЛАҚАНЫНДА

Тағы да ұрынып жүріп бейнет кешіп, ұрынып жүріп кітап жазып уақытының қалай сырғып өткенін білмей 2002 жыл келіп жетті. Соғыс жылдары туған үрпақ үшін бұл жыл – айтулы кезең. Дүкең өзінің бәйге атындағы тізгін қағысып, үзенғі соғысып, мөреге қатар тізгін тартып келе жатқан құрдастары – Төлең, Ақселеу, Мұхтар Шаханов секілді қаламгерлермен бірге 60 жастың белесіне шықты. Былайғы жастар үшін алпыс деген ақ қар, көк мұз асқар ала таудың құзар шыңындағы бас айналған биік, әрі қарттықтың басы болып көріну мүмкін. Ал, менің жұбайым үшін кезекті бір мөреге жеткендей, биік жотага шығып алды-артына қарағандай гана хал еді. Қайта шығармашылық қарқыны бұрынғыдан да күшейіп, алар асуы бұрынғыдан да биіктей түскендей сезілді. Тұла бойын тосын күш-куат кернеді.

Баяғыда әдебиет аулында атақ-даңқтың додасына түскендей, аңы терін аямай төгіп жүріп Мемлекеттік сыйлық алған кезде айтқан сезі есімде қалыпты. “Бұл атақ менің шабытыма шабыт қосатын себепші ғана”, – деп еді. Сол сезі расқа шығып артынша “Дала гладиаторлары”, “Ине ұшындағы өмір”, “Екі дүние есіргі” кітаптарын жазды, бұл тақырыптарға неге, қалай барғаны туралы “Салтанат сарайы” (2002) деп аталатын шағын эсселер кітабында егжей-тегжейлі баян етілген. Қайталап жатпайын.

Мына алпыс жастың білігіне шығып алған соң кейінгі іні-қарындастары “о, можа боп қалған кісіні не қыламыз” деп маңайымнан безе қашып кете ме деп қобалжыңырап жүрді.

“Жүрттың мазасын алыш, той жасап неғыламыз”, – деп тосылыңқырап еді. “Жаңа көшіп келіп жатырмыз, қазан-аяқ араласып қауқылдасып, шұрқырасып табысатын достарымыз Алматыда қалды”, – дейді мұңайып. “Мына нарық заманында тырбанып тірлік қылыш жатқан Сыр еліне салмақ салу тегі ұят, – дейді. Өстіп тосылыңқырап жүргенде үлкен ұлымыз – Ардақ кесіп-пішіп бір-ақ айтты: “Жоқ!.. Папа, 60 жылдық тойыңызды өткіземіз! Бір той өткізетіндей еңбегіңіз бар...” – деді. Ардақтың пікірін мен де қоштадым.

Шамамыз келгенше тойта әзірлік жасай бастадық.

Дүкен Астанадағы Ұлттық Банктің филиалының келешекте музей болады деп бөлінген қуықтай бөлмесіне барып, мұражайдың жоспарын жасайды, экспонат алуға жер-жерге, ел-елге хат жазады. Отаяссының 1996 жылғы наурыз айынан Ұлттық Банк музейінің директоры болып істеп келе жатқанын жоғарыда жазғанмын. 2002 жылдың қаңтар айынан көңілі бұзылып, Президентке 25 ақпан күні кіріп, Астанаға көшуге бел буган соң, алты жыл бойына дәмдестүздас, қызметтес болған Ұлттық Банк басшылары Дүкенмен біржолата қош айтысуга қимады ма, “Астанаға көшемін”, – деген сөзін естіген соң, Ұлттық Банк Төрағасы Г.А.Марченко: “Ендеше филиалдың жаңа ғимаратында Төраға бөлмесіне жапсарлас бір зал қалдырылған, соған шағын музей жасап беріңіз, бір жылға келісім-шартын ұзартайық”, – депті. Дүкен: “Мақұл, Астанада маған ешкім “келе қал” деп, әзірлеп қызмет түрмәған болар, үйренген ұжыммен істесіп, үйреншікті кәсібімді айналдыра берейін”, – деп келісімін беріпті.

Сонымен отаяссы Астанаға көшіп келген бетінде ешқайда жүгірмей, ешкімге жүзін салмай, Ұлттық Банк филиалының музейге арналған бос бөлмесіне отырып, бұрынғы қызметтің жалғастыра берген болатын. Бұл оның жаңа ортаға, бетен қалаға тез үйреніп қалыптасып кетуіне жақсы жол ашты. Ауа райын жасады.

Күнде мұнтаzdай болып киініп, “қызметке кеттім” деп Ұлттық Банк филиалының ғажайып ғимаратына кетеді, ондағы бөлмесіне барып, жазуын жазып, музей экспонаттарын тізімдеп кешке қайтып оралады. Банк қызметкерлері қандай кішітейіл, жас жігіттері мен қыздары алдынан кесіп өтпей, наурыз тойына, өзге де қызықшылығына шақырып, жеңіл мәшинесін алдына тосып, “ага, ага!..” деп жаны қалмай елпектеп сыйлап тұрганы. Банк ұжымымен қоштасқалы әлденеше жыл болды, Дүкен осы күнге дейін жазуға қажетті құрал-сайманы, жылтыр қағазы азайып келе жатса болды “төркін жұрттыма тарттым!” – деп Банкке кетеді, ондағы Тілеулес, Әлия есімді қарындастары, Мұқат, Әлиасқар есімді інілдері қағаз бен қаламды мәшинеге арттырып, жылға жететіндей етіп үйге әкеліп үйіп тастайды. “Сізден сұрайтынымыз – тек кітап жазыңыз, ештеме ойламай жаза беріңіз!” – дейді жаны қалмай елпектеп.

“Өстіл күні-тұні кітап жазамың деп басымның бар шаригі қозғалып, қияли бол шыға келмейін, байқандар!..”, “жаз, жаз дей бермендер-әй”, – деп Дүкен қызарактайды.

Бір күні Астана әкімшілігіне өзі сазгер, өзі жалын оттай жаңып тұрган алғыр азамат, қала әкімінің орынбасары Төле-ген Мұхамеджановқа барып танысып, сөйлесіп шығыпты. “Жылы қабылдады, келер аптада айналып соғыңыз, осындағы шығармашылықпен айналысатын зиялды қауыммен таныстырайын, алпыс жылдық тойыныздың жоспарын жасайық ақылдасып отырып”, – депті. Көдімгідей иығы кетеріліп келді. Баяғы қалын уайымы сейілдегендей сезілді. Келесі аптаның аяғында Мұхамеджанов уәдесінде тұрып зиялды қауым өкілдерінің басын қосыпты. Жиналысты өзі жүргізіп отырыпты. Ол кездегі Астана қаласының мәдениет департаментінің директоры Ермек Аманшаев: “Дүкеннің алпыс жылдығын К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында откізейік, саҳнаны өспеттеу, фоэге кітап көрмесін үйымдастыру, әртістерді өзім мойныма алайын”, – депті. Горький атындағы орыс драма театрының бас режиссері Юрий Ханинга-Бекназар: “Жазушы кітабынан шағын скетч өзірлейік”, – депті. Мәдениет комитетінің белгілі қызметкері, режиссер Асылхан Сәулебек кештің тұтас сценарийін жасап сараптан откізуге пейіл білдіріпті. Төлеген Мұхамеджанов жиналысты түйіндеп: “Кешті қалалық қазақ тілі департаментінің директоры ақын Қонысбай Әблі жүргізсін, өзі қаршыгадай қағып түсер өзілге жүйрік, әрі абыройлы азамат, аруактанып арқасы ұстаса – тойды жаңдырып жібереді”, – деп мақтайды гой. Сонымен зиялды қауым өкілдері күштеп, көмектесіп, бір жағадан бас, бір женен қол шығарып дегендей, қолдан келген көмегін аямай тойды дүрілдетіп жіберді.

“Дүрілдетіп” деген сөзді осы тұста өдейі қолданып отырымын.

Шынымен, 2002 жылы 11 қазан күні Астана көшесінің әр жеріне “Астана – көркем” жарнама агенттігі Дүкеннің портретін үлкейтіп іліп қойды, әсіресе Республика даңғылы, өзіміз пәтер алған Абай көшесінің үзына бойына әйнекке салып, астынан жарық жағып әдемілеп айшықтап көрсеткен жазушы суреттері әр көшеде үш-төрттен он бес күндей ілүлі тұрды.

Опера және балет театрының мандаіалдына ілінген отыз метрлік паннода “Жібек жолынан – Дала гладиаторына”

дейін, “Дүкенбай Досжан” деген жарқыраган жазуды оқып көзімнен жас шығып кетіпті дейді елден келген жазушының жалғыз ағасы Базарбай. Альстагы Сыр елінен ағайынтуған көтеріле қөшіп келе алмаса да, облыс басшылары арнағы делегация жіберіпті, ақ түйенің қарны жарылғандай сезілгені рас. Бұл күндері Астана әлеуметі өзінің бейнетқор қalamгерін төбесіне көтеріп, көгілдір аспаннан бұлт қөшіп, көне Есіл тереңінен шымырлап ағып дүрілдеп тұргандай көрінді көзіме.

Павлодар облысының делегациясын сол облыстың әкімі, жазушының жанашыр жақын оқырманы Даниал Кенже-тайулы Ахметов өзі бастап келді. Қарағанды облысының әкімі Камалтін Ескендірулы Мұхамеджанов екі бірдей орынбасарын бас етіп, үлкен топ жіберді. Оңтүстік Қазақстан облысынан, Отыrap, Түркістан жерінен атам қазактың тұп түқиянын термелеп, әулиедей өзіз сөзін айтып Ордабаев Құтым ақсақал, Қызылорда облысының ақсақал қарияла-рының атынан таяғына сүйеніп Мұхамеджанов Faфур ағамыз жетті бәйбішесін ертіп. Солтүстік Қазақстан облысының зиялы қауымын бастап, белгілі зангер, республика судьялар қауымдастығының торағасы Тұрғараев Бекет бауырымыз үлкен бір суретшінің суретін аттай қалап жібек матага орап, шан түсірмей әдейілеп өспеттеп жеткізіпті. Алма-тыдағы Дүкеннің бауырлары Абдуллаев Әлжан мен Омаров Халила жазушы туралы 43 минуттік деректі фильм түсіріп өкеліп тарту етті. Фильмнің аты “Дүкенбай жолы”.

Уақыты жеткенде дүниедегінің бәрі ұмытылады, небір қызық оқиғалар, елеулі жиындар ештеме болмағандай естен шығады. Марапат, мақтау сөздер жоқтыққа жұтылады. Жамылған шапан, құттықтау пәпкілері архивте жатып сарға-ды. Бір күндері ол да ешкімге қажетсіз затқа айналады, музей қуысында жатып-жатып өткен күннің белгісі болып экспонат күйінде қалады.

Дүркіреп өткен Дүкеннің алпыс жылдық асуында көнілімде қалған үш жәйтті үш ауыз сөзбел айтып өтпесем болмайтын секілді. Айтпауға болмайтын бірінші жәйт: Дүкеннің оқырманының көптігі еді. К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында жазушының мерейтойы өтеді дегенді естіген қарапайым зейнеткер, жұмысшы, жүргізуши, көше сыйыруши, мұғалім, кітапхана қызметкерлері күні

бұрын театрға жетіп, залдағы орындыққа орнығып ап, иін тірескен халықтан ресми делегация мүшелеріне орын болмай, көп жұрттың тікесінен тік тұрганы. Бұл – бір. Екінші: Дүкенің ел-елде, жер-жерде жана шыр жолдас-жорасының көптігі осы той кезінде шын сезілді. Шалғайдағы Атырау облысының облыстық газетінің редакторы Қылышбай есімді азамат аяғы жетіп тойға келе алмайтынына қатты өкініп, көлдей етіп хат жазып жіберіпті. “Жүрек жұтқан жазушы” деп газетіне айқайлатып, мақала басып, оны-дағы салып жіберіпті. Үлкен жазушының дастарқан мәзірінде Атыраудың қара уылдырығы сіре бол тұрмаса еш жараспайды деп Астанаға қатынайтын бір інісінен үш-төрт қалбыр қара уылдырық жөнелтіпті. Әлгі уылдырық шынымен дастарқанымызды жайнатып, ай өткенше түгесілмей, береке басы бол көз жауын алып тұрганы, сірә, есімізден шықпас-ау. Әсіресе есімнен шықпайтын үшінші жәйт: “Астана ақшамы” газетінде басылған Магжан Садыханның оймақтайғана хабар макаласы еді.

“Той өтті” деп жазады журналист ініміз.

“Атаққа атақ қосылған жоқ, абырой да сол бұрынғы қалпынша, ақша да азаймаса, әй, көбеймелеген шығар. Дүкенбай Досжан ағамыздың тойы бір нәрсеге көзімізді жеткізді, аксиоманы ай-қынданады. Ол – қаламгердің халқына қажеттігі. Мынадай дүрбелені мол, қазір қабагын ашып тұрып, қазір жасын төтіп өтетін құбылмалы кезенде, ел белін көтере қоймаған нарық заманында халықтың әлі де тірі, дару сөзге іңкөрліғи. Қарапайым жұрттың ықыласынан әдебиеттің дүлей күш екені сезілді. Кісінің көңілін қимаған көңілді құдай да қимайды. Ел үстіндегі үкімші емес, елдің қызметінде жүрген адамның ақыры опалы. Театрға сыймай сығылысқан ызғындаи халық өзінің сөзін сөйлейтін, мұнын мұндаған, жоғын жоқтаған, тілін үзартқан, пейілін кенейткен, қасиетін көбейткен қаламгерге деген ізет-ілтиппатының кел-кесір екендігіне көзімізді жеткізді. Жазушы ағамыз көптің сөзін сөйлеймін деп жүріп көптің керегіне айналыпты. Халық назары қалт жібермейді, өз адамын мын, миллиондардың ішінен қиналмай-ақ тауып алады” деп жазыпты журналист ініміз. Арада біраз уақыт етіп үлгерді, өрі газетке басылған шағын жүрекжарды сыр қолымда болмаған соң – есімде қалғандарынғана қағазға

түсіріп отырмын. Айттай аттап өтуге болмайтын үшінші жәйт осы еді.

Сол, 2002 жылдың күздінде Дүкен туралы белді газеттердің бәрі үлкендері-кішілі мақала, өлең, естеліктер басып жатты. “Қазақстан өйелдері” журналы 9-санында 5-6 бетке біздің отбасымыз туралы мақала мен суреттерімізді берді. Сол нөмердің мұқабасына Дүкен екеуміздің аяулы Астанамызыда түскен ең алғашқы әдемі суретімізді басты. Сол журналдан 200-дей сатып алып, тойға келгендеге тараттық. “Жұлдыздың” 9-санын да бізге арнады.

Осы еңбегім Дүкене арналғандықтан, оның мерейтойнда жиналған құттықтаулардың біразын кітап бетінде тарих болып қалсын деп енгізе кеткім келді. Құттықтау дегеніміз – бізге ниеттес адамдардың ықылас-пейілі ғой. Сонымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтан бастап келген құттықтау тілектерді тізе кетсем...

Күрметті Дүкенбай Досжан!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймын.

Барша жұрт өзінізді өнімді әрі мақсатты еңбек етіп жүрген талантты қаламгерлеріміздің бірі ретінде біледі әрі қадірлайді. Тарихи мәні терең, тағлымдық өсері зор шыгармаларыңыз бен ыждағатты зерттеулеріңіз әрдайым өз оқырманын тауып, олардың жан дүниесін байытып, қиял көкжиегін кеңейте тұсуғе қызмет етіп келеді.

Біліміңіз бен қаламыңыздың қайратын алдағы уақытта да халқымыздың рухани мұрасын еселей тұсуғе арнай бересіз деп сенемін.

Сізге зор денсаулық, бақыт, жаңа шыгармашылық табыстар тілеймін.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, 2002 жылғы қазан.

* * *

Құрметті Дүкенбай Досжанұлы!

Сізді 60 жылдық мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймын! Қазақ әдебиетінің ауыр жүгін көтеріп келе жатқан қабыргалы қаламгерлеріміздің бірісіз. Бүгінде кітаптарыңыз 19 елдің тіліне аударылып, 3 миллионнан астам данамен тарауда. Көне гасырдан сыр шерткен Жібек жолы. Отырар, Бодандық бұғаудан азап шеккен үрпактар образын сомдаған Зауал, Дария, ғажайып адамдар тағдырын кескіндеген Абай айнасы, Мұхтар жолы атты сүбелі туындыларыңыз оқырмандардың сүйіп оқытын дүниесіне айналып отыр.

Құрметті Дүкенбай Досжанұлы, бүгінгі мерейтойыңызда өзінізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, қажыр-қайрат, жаңғындығын бақыт пен береке тілеймін.

Ігі тілекпен,

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі¹
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
09.09.2002ж.**

* * *

Қадірменді Дүкенбай бауырым!

60-қа алғынбай, жайдары тағдырмен жарқылдай келген, аспайтын, таспайтын сабырлы мінезімен бір шығармадан бір шығармаға көсіле ағып бара жатқан, ешкімге үқсамайтын, ұлттымыздың дара өзендерінің бірісін. Рух қанатың талмай өткенді бүгінгіге жалғай, біктен-біккес самғай бергейсің!

Нак сенің тойың болатын күні Бішкекте елшілердің жиғыны өтпек еді. Соған байланысты тойыңда қатыса алмайтыныма өкінемін.

Зор құрметпен,

**Мұхтар ШАХАНОВ, ақын,
Қазақстанның Қырғызстан
Республикасындағы елшісі.**

* * *

Вот и ты трудяга Дукеш взобрался мудrostи. Обнимаю.
Да не устанет твое перо. Твори не ради мзды, а ради правды.
С уважением,

Герольд БЕЛЬГЕР

* * *

Қадірлі Дүкенбай Досжанұлы!

Алпыстың асқарына мол қазына, зор абыроймен шығып
отырыс. Көзі тірі классик, заманымыздың аса көрнекті
қаламгерлерінің бірісіз, құдайым осы бақтан айырмасын.
Бас аман, бауыр бүтін бол, мерейлі биқтерден көріне беріңіз!
“Жұлдыз” журналы атынан,

Мұхтар МАҒАУИН

* * *

Аса қадірлі Дүкенбай Досжанұлы!

Сізді мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймын!
Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамыту, ана тіліміздің
мәртебесін арттыру жөне тұған халқымыздың асқарлы та-
рихын үрпақтарға мирас ету жолындағы қазыналы қызметініз
жемісті болсын. Белестер биқтей берсін. Келешекте де шы-
ғармашылығыңызben оқырман қауымды тәнті ете беруіңізге
тілекtesін.

Денсаулығыңыз мықты, ойыңыз үшқыр, қаламыңыз
жүйрік болсын!

Ізгі ниетпен,

Павлодар облысының өкімі

Даниал АХМЕТОВ

Қадірлі Дүкенбай аға!

Бұғынгі мерейтойынызға өзініздің туындыларынызды аса күрметпен оқитын Қарағанды облысының халқы атынан құттықтау сәлемін қабыл алыныз.

Сіз – өмірдің сонарында, 15 жасынызда өлең өлкесінде шиырлап із қалдырган, қара сөздің қаймағын қалқып алғып жазатын дарынды жазушысыз. Сырдың ақ маржан күрішін өсірген Үбірай атаңыз сияқты қазақ әдебиетінің құнарлы топырағына сәз маржандарын егіп келесіз.

Сіз – нағыз қазақи, ұлтжанды суреткерсіз. Романдарыңыздагы тұған жерге деген сағыныш, тұған елге деген махабbat, тұған халқыныздың тағдыры мен болашағы туралы аландаушылық сезімі сонау Мысырдан Бейбарыс сұлтанды өзіне тартқан қыр жусанының жұпар иісіндегі аңқып тұрады.

Шығарманың ауқымы жазушының да біліктілігі мен суреткерлік деңгейін көрсететін белгілі. Сіз халқымыздың данышпан үлдәр Абай мен Мұхтар туралы роман – толғаулар жаздыныз. Мұхиттай терең ғұламалар жайында жазу оңай емес. “Айдыны шалқар мұхитқа ұлken кемелер ғана шыға алады” демекші, алыптар туралы жазған Сіздің де деңгейіңіз биік, бірегей.

Ағаларды ардақтау қаныңызға сіңген қасиет. Құні ертең облысымыз қазақ әдебиетінің классигі Фабиден Мұстафин ағамыздың 100 жылдығын Республика көлемінде тойлагалы отыр. Сол ардақты ағамыз туралы осыдан 15 жыл бұрын Сіздің: “Қара сөздің кепиет киесі мықтап қонған екі кісі болса – соның біреуі, бір кісі болса – тап соның өзі осы – Мұстафин”, – деп айтқаныңызды біз мақтан етеміз.

Жанарының оты болса, маңдайдағы көзімен әркім де көре алады. “Досжанов жүрек көзімен көре біледі”, – деп Олжас Сүлейменов айтқандай, ондай қасиет әркімнің басына қона бермейтін бақыт. Сол жүрек көзімен көре білгендігіңіз шығар, шығармаларыңыз оқырманды керкемдік бояуымен, кестелі сөзімен баурап алады.

Абзal аға, Сіз жалықпай ізденіп, өндіріп жазып жүрсіз. Сондай бір ұлken ізденіс үстінде жүргенде, Сарыарқаға at

басын бүрдіңіз. Бәлкім, Елбасының қанаты қатайып, түлеп үшқан өлкесін көру – көптен көңіліндеге жүрген болар. Тәуелсіздігіміздің он жылы ішінде халықтың тұрмысы жақсарып, экономикасы дамыған аймақты өз көзіңізben көрдіңіз. Бәлкім, болашақ романдарының кейіпкерлерін де кездестірген шығарсыз.

Елбасының өзі сызып берген жобасы бойынша орнастылған “Отан қорғаушылар” ескерткішін жасауға қатысып, ақыл-кеңесіндегі, жүргегіндегі жылуын бердіңіз. Қарағандылықтардың ізгі ниет, ақ көңіліне, ынта-жігеріне риза болып, Қарағанды – Елбасының тірері екен деген ойға келдіңіз.

Жігітеріміздің тәуелсіздіктің биік мақсаттарына, Елбасының асқақ армандағына адалдығын көріп, қуә болдыңыз. “Арамызда Елбасының жолын ұстар. Жігері жойқын, тәуелсіздіктің туын биік көтеріп жүрген намысқой жігіттер бар екен”, – деп жоғары баға бердіңіз. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе.

Аяулы аға, Сіз Қарағандыға өз үйінізге келгендей еркін келіп, бізді жақын көріп, іш тартып жүресіз. Оған біз қуанымыз. Біз де бауырына басқанға бауыр бола біletін, арқамыздан қаққанға арқаланып жүретін қазақтыз.

Ардақты аға, Сіз әлі де жассыз. Кейбір жастар Сіздің жігерініз бен қажырлы қайратынызға астар бола алмайды. Сіз бір сөзінізде: “Алпыстан асқан соң, адамның өр күні Алланікі” – деген едіңіз. Сол күндерініз көп болыш, өзінізге – мол қызық, халқынызға – тартымды шығармалар сыйласын. Бір оқырманыңыз: “Жібек жолының” авторы 90-га келген шығар дегеніндей, тоқсанға келіп тозбаңыз. Жүзге жетіп, өмір айдынынан жүзіп өтіңіз.

**Ерекше құрметпен,
Қамалтін бауырының**

* * *

Күрметті Дүкенбай Досжанұлы!

Сізді асқаралы алпыс жасқа жеткен қуанышты құніңізben шын жүректен құттықтаймын. Сіздің қарымды қаламыныздан туган тарихи тағылымы мол шырайлы шығармалары-

ңыздың қашан да оқырмандар жүргегіне жол тауып жатындығына көз жеткізіп келеміз. Мерей жасыңыз құтты болсын, өзиңізге мықты деңсаулық, шығармашылық шабыт, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін.

**Ізгі тілекпен,
Батыс Қазақстан облысының әкімі**

К.КӨШЕРБАЕВ

* * *

Құрметті Дүке!

Сізді – көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері, рухани дамып-өрлеуімізге аянбай атсалысып жүрген ардақты азаматымызды 60 жасқа толған үлкен мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймын!

Құланшыда туып, құландай ойнап-өсіп, есейе келе таланттыңыз ашылды. Жиырма екі жасыңызда қолыңызға “Тұңғыш кітабыңызды” үстап қуанып-тебіренсөніз, жиырма бес жасыңызда оқырман қауымға тұңғыш “Зауал” романыңыздың авторы ретінде таныла білдініз. Содан бері өткен жылдар бойы белгілі шығармаларыңыз көптеген шетелдік кітап баспаларында жарық көріп, атыңыз бен атағыңыз әлемге тарап, талай сыйлықтардың інегері болып, сый-сиялатқа бөлендініз. Дегенмен, Дүке, әдебиетімізге өзіңіз қосқан үлесінізден ғөрі болашақта береріңіз молырақ, боларына күмәнсіз сенеміз.

Әрқашан деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзак, отбасыңызда амандық, шығармашылық енбегінің табысты болуына тілекtestігімді білдіремін, қабыл алыңыз.

Ізгі ниетпен,

Қасымжомарт ТОҚДЕВ

Астана қаласы, 2002 жылғы қазан айы.

Құрметті Дүкенбай Досжанұлы!

Сіз сонау 60-жылдардың ортасында тырнақалды дүниелеріңізben-ақ қалың қырымандардың назарын өзіне аудара келген аса талантты үркердей топтың бірі едініз. Сол кездің өзінде “Отыrap”, “Жібек жолы” романдарыныңben тарихи тақырыптың пионері атандыңыз.

Бұгінде зерттеушілер Сіздің шығармашылығыңызды үш тақырыпқа бөліп қарайды. Біріншісі көне ғасыр қойнауынан ер түрік аруағын көтерген 60-шы жылдар басындағы тарихи кітаптарыңыз. Бұган “Жібек жолы”, “Отыrap”, “Фараби” романдарыңыз жатады. Екіншісі бодандық бұғау мен үстем тап өкілдерінің езгісі зардабынан мінез экологиясына үшіраған өмірі зая үрпақтар образдарының галереясы – “Зауал”, “Дария”, “Табалдырығыңа табын”, “Жолбарыстың сүрлеуі”, “Кісі ақысы” атты романдарыңыз ben хикаяттарыңыз. Ушінші саласына ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сөйлеткен сериялар тобы “Мұхтар жолы”, “Абай айнасы”, “Алыптың азабы” атты кітаптарыңыз енеді.

1974 жылы “Трудный шаг” кітабыңыз үшін “Молодая гвардия” баспасының “осы заманғы жақсы роман” сыйлығын иелендіңіз, 1998 жылы “Жібек жолы” романыңыз Украинаның “Днепро” баспасының тарихи тақырыптағы жақсы кітап сыйлығын алдыңыз. Есіміңіз АҚШ-тың “Әдебиет жөне өнер адамдары” энциклопедиясының 2-ші томына енуі Өзініздің ғана емес, төл әдебиетіміздің мәртебесі болды.

“Дала гладиаторлары” – Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырысы бойынша жазылған тарихи көркем-шежіре роман. Еліміздің тәуелсіздігі үшін, бар саналы ғұмырын сол жолға сарп еткен аяулы жандардың күрделі тағдырын қызықты да көркем бейнеледіңіз. Сіз аса бай архивтің иесісіз. Абай, М.Әуезов, И.Есенберлин туралы ғұмырнамалық шығармалар жазған кезінізде бұрын зерттеушілер назарына илікпеген, баспа бетін көрмеген Омбы, Қазан, Ташкент архивтерінің қызықты, аукымды деректерін тиімді пайдаландыңыз. АҚШ-тың Герберт Гувер архив қоры, Ясная Полянадағы Толстой мұрағаттары басшыларының, шетел баспагерлері мен әдебиетшілерінің өзінізben үзбей хат жа-

зысып тұруы Сіздің үнемі ізденіс үстіндегі қарымды қаламгерлер екендігінізді аңғартады.

Күрметті Дүкенбай Досжанұлы, “алпыс — дер шагын” дейді халқымыз. Сіз қазір шығармашылық дер шағыныздасыз. Бұғінгідей мүштелтойыңыз үстінде Сізге зор деңсаулық, отбасыңызға амандық, еңбекте табыс тілейміз!

Күрметпен,

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Қазақстан Жазушылар
одағы басқармасының Төрағасы

* * *

Бұлар құттықтаулардың бір нарасы ғана, енді Дүкеңе арналған жыр-шашулардан жүрттың көңілін аударған ақындар Тұманбай Молдагалиев пен Серік Тұргынбеков агалардың арнауын және агасына деген шын ниетінен өлең де жазып жіберген Камалтін қайнымның өлеңін оқырмандарыма ұсынбақыны.

ДҮКЕНБАЙ

Жайнаған жаның – қайың, кейпің емен,
Арманың көп айтылар айқын өуен.
Дүкенбай, сен де алпысқа келіп қапсың,
Өзінді жап-жас шығар дайтін ем мен.

Табам деп көп талпындың ел көңілін,
Әлемге сыйлап жұрсін зерлеп үнін.
Жүріп-ак бала болып, тарих шалмен
Дана боп көп сырластың сергек інім.

Тұтасқан қою шаңға көмілді өнін,
Тағдырдың бар бергенін қабылдадын.
Шыңғыс хан наизасының ұшында да,
Бір кезде шырылдады сенің жанын.

Келер күн келе берді нұрын шашып,
Батырдан қайда кетер бақыт қашып.
Отырар ойранынан тірі қалған
Дүкешке мен қараймын жаным ашып.

Мен сенен естімін де ерлік үнін,
Сыйлаймын тарихтың шерлі күнін.
Санаңмен сан майданға кіргеніңмен
Алпысқа аман-есен келдің, інім.

Қиял мен ақ арманының сонына ерген
Жаңа жыр күнде естідік жауынгерден.
Батыстан, шығыстан да жау тигенде,
Атысқан жауыздықпен жаның мерген.

Інімсің, серке міnez, сері қанат,
Сөзіне баяғыдан сеніп алап.
Қыздардың қолтығында жазғандарың,
Оқиды кемпірлер де сені қалап.

Кешегі ой жанға жайлы бүгінгі ойдай,
Жүрекке ұнасымды үнің де айдай.
Шалдар да қабактарын шарт түйіп ап,
Оқиды жазғаныңың түгін қоймай.

Сен таптың өліп қалған қаланы іздеп,
Далаға жапырақ жайды жаңа күз кеп.
Ағалар сүйді сені ініміз деп,
Інілер ардақтады ағамыз деп.

Еліңнің алдыңа өкеп күн алысын,
Тірліктे өрбір еткен тұрады ісің.
Бірге өскен қыздар сені бір-бірінен
Қызығанса оған өзің кінәлісің.

Жырлайтын уақыт келді ерлігінді,
Өзің де биғінді көр бүгінгі.
Ұлы деп жүргендердің ешқайсысынан
Тұрмын мен байқай алмай кемдігінді.

Софысы сол заманның қалай өтті,
Денене қабылдадың талай оқты.
Тағдырдың талқысынан аман қалып,
Жандырдың өшіп қалған арай отты.

Киялдай кия кезген, от армандай
Басталған бала күннен сапар қандай.
Жаздың сен тік тұрып та, жатып ап та,
Сәбиттің бір өзінен бата алғандай.

Жаздың сен түрегеп те, жатып ап та,
Жаздың сен жаңа оянған жапыраққа.
Жаздың сен күн еркесі гүлдерге де,
Қалдырдың қолтаңбанды атырапқа.

Көтеріп жақсылықты жаман бала
Келесің еш нәрсеге аландама!
Барынды көре алмаса кейбіреулер
Басынды ауыртпадың оған бола.

Ту ғылыш жазушының парасатын.
Салдың сен қындарға жараса атың.
Алдың сен аларыңды Алладан да
Тек қана ез бойыңда жарасатын.

Аман бол өрқашан да момын бауыр,
Әрқашан сен көтерген жүгің де ауыр.
Ешкімді кінөлама дәл сол үшін –
Багаңды бере алмаса бүгін дәуір.

Жаршысы өткен күндер елесінің,
Көтерген гарыштарға ер есімін.
Келешек сені айналып өте алмайды,
Биікті көрмек мүмкін емес, інім.

Суреттеп болмысынды бере алмадым,
Мен сенің шабысыңда ере алмадым.
Бола бер, ардақты інім, бар бола бер,
Жүре бер арқалаумен ел арманын!

Бұл өлең сол кезеңде “Арқа ажары” газеттіне басылды.

**ДҮКЕНБАЙ, ДҮКЕШ, ДҮКЕН,
ДҮКЕН, ДҮКЕН...**

Аман қалып сан азап, сан ызгардан,
Аман қалып домалақ арыздардан.
Бұл Дүкенәнің өмірі бастан-аяқ,
Тұрады ылғи анекdot-аңыздардан.

Жазғыштығы жөнінен – алдағымыз,
Оған қатар келе алмас қалғанмыз.
Бұл Дүкен бе, бұл Дүкен
Білгендерге –
Нағыз осы, бүгінгі Бальзагызыз.

Қатар сөйлеп күллі тіл, күллі таңдай.
Дүкен жазған сөйлемнен бір бұлтармай.
Кітаптың да құты бол – бұл Дүкенбай,
Қағаздың да жұты бол – бұл Дүкенбай.

Жазып жатыр қарамай бас-көзіне,
Сөйлеп кетер тілдессе тас та өзіне.
Басы бүтін,
Басқаға қосақтамай,
Беріп қойса болар-ау Баспа өзіне!

Кетпесін деп сөздерім бет-бетімен,
Жатып алып жазады етпетінен.
Киімшеш дәл осылай данышпан бол,
Түсек қалған секілді кек төсінен.

Және тағы тынбайды мұнымен де,
Күнімен де жазады, түнімен де.
Ағаның да ақылын сұрамайды,
Ілтипатты күтпейді ініден де.

Қаламгердің бола алмас бірі гана.
Қырыңа да бірдей ол, Сырыңа да.

Ақ қағазға ақысы кеткендей-ак,
Қарамайды пысқырып сыйна да.

Жаза берер сөйтіп ол, жаза берер,
Уақытқа түрі жоқ маза берер.
Жазу оның машиғы – маҳаббаты
Жазу деген ол үшін ғажап өнер.

Мойын бұрып жатпайды шамалыға.
Бар арманы ой салу – саналыға.
Қайткенде де бірдене жазу үшін
Табылады айласы, амалы да.

Жазып жатыр, өлі де жазып жатыр,
Қоржыныңда қаншама азық жатыр.
Қалам – ине тігеді, кестелетіп,
Инеменен бір құдық қазып жатыр.

Түйіп алып бір сәтке қабақты да.
Қүюлы шай – ұмытып тамақты да.
Кіріп алып “КНБ”-нің архивіне
Жаза берер түссе де “Абақтыға”.

Жазып жатыр Абайды, Мұхтарды да,
Тарихы бар талайғы жүрттарды да.
Президентке жылына бір кіреді
Жоғарыға беделі ықпалды да.

Дүкен, Дүкеш, Дүкенбай – “Д.Д.”
Оқырманы соңында ығы-жығы.
Кіріп алып жазуга кіріскенде
Бөлмесінен естілер шыбын үні.

Дүкеш, Дүкен, Дүкенбай, Дүкен, Дүкен,
Тагы да бір роман күтем, күтем.
Екпініне экспресс ілеспейді,
Біздікі жай өшейін, бүкен-бүкен.

Басқалармен тіл тауып табыса ма?
Басқалармен мінезі қабыса ма?
Мың адамға бір өзі татитұғын,
Жалғыз досы жалғанда – Әбіш аға.

Күрметті Дүкенбай Досжанұлы!

Шықтыңыз Сіз алпыс деген аскарға,
Өнеге боп қалам алған жастарға.
Бойда – жігер, ойыңызда – қайрат бар,
Кей жігітер жарамайтын астарға.

Бала кезден бойға біткен серілік,
Он бес жаста дарыныңыз көрініп.
Қара сөздің қаймагынан Сіз жазған
Жыр төгіліп, өлең жатты өріліп.

Көкіректен сөз бұлағын ағытқан,
Роман туды шамырқанған шабыттан.
Қаламыңыз жаңылмады жазудан,
Ойларыңыз айрылмады бағыттан.

Сия кеппей еткен еңбек еселі,
Бағаланды ойларымен көшелі.
Сіз болдыңыз асыл сөздің зергері,
Сіз болдыңыз көркем сөздің көсемі.

Жусан иісі бұркыраған даламның,
Даңқы шарлап шартарабын галамның.
Сіз қалаған сөз байлығы жетеді
Баласының баласына баламның.

Сізге риза байтақ дала, алып құм,
Алғысы да шексіз туған халықтың.
Абай, Мұхтар даналарды сөйлеткен,
Сіз де тұрсыз қатарында алыптың.

Асау шабыт аргымағын тізгінде,
Қуанайық Сізді көріп біз күнде.
Мол бақыттың шуағына бөленіп,
Биігінен көрініңіз Жүздің де.

Қарағанды облысының әкімі
К.МҰХАМЕДЖАНОВ

“Оңтүстік Қазақстан” газеті “Көркем сөздің Құлагері” деген тақырыппен айқара бет берді. Дүкеңнің мінезінің біраз қырларын байқаттын болған соң, сол беттегі үш-төрт материалдан Абай Балажанның сұхбатын болды алдым.

“Менің мінезім — мінбе шешенінің мінезі емес”

Дүкенбай қаламгерді өзінің әріптестері де, қалың оқырман қауым да әдебиетіміздің ұлы бейнетқоры деп есептейді. Шыгармалары әлемнің 19 тіліне 3,3 миллион таралыммен тараган Д.Досжан өсіреле соңғы жылдар бедерінде тым өнімді еңбек етіпті. Кей жазушылар әр кітабының арасына болмағанда бес жыл салып жатса, біздің үлгінгі кейіпкеріміз бес жылда бес кітап беріпті. Бұл не сонда, сан қуу ма, өлемендік не, әлде атақ-даңқтың айдынына өзінше із салу ма? Кесінішін айтуда қын, дегенмен, жазушы шыгармашылығын жанжакты билетіндер оның туындыларының сапасы санынан бір пәс те кем түспейтінін мойындайды, мойындай тұрып басын иеді. Ендеше, мұның атын жазбаса отыра алмау, тіпті өмір суре алмау десе жарасады. Жә, несіне қүшенеміз, Дүкенбай Досжанның екінші аты — Ұлы Бейнетқор емес не еді?

Біз Дүкеңмен сұхбаттасқанда, оның әзірге соңғы туындыларының бірі Дағала гладиаторлары деректі романының жазылып, жарыққа шығып жатқан тұсы-тын. Жазушымен кейінректе де бірнеше рет сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгімелеміз айналып келгенде, жазу меҳнаты мен рахатының тоңцерегіне ойыса берген...

— Дүке, жазушылардың көпшілігі депутат болып кетіп жатқан заман... Елдең ең белсенді жазушы өзініңсіз, оның үстінен Елбасыға да жиі кіресіз. Жасыратыны жоқ, мұның өзі Сіздің сайлаудагы мүмкіндігіндегі де көрсетер еді. Алайда, осы уақытқа дейін Дүкең ондай, Дүкең мұндай деген өңгімелерді естіп журсек те Сізді депутаттың креслоға үмттылыпты немесе сайлауға түсуге ойы бар екен деген өңгімені естімептіз.

— Оның рас, депутат болайыншы деп үмттылу былай тұрысын ойланып та көрмептін. Мұның себебін мінезден іздеген жөн шыгар, жалпы, менің мінезім — мінбе шешенінің мінезі емес. Мен бар шерімді жазудан алсам деймін, егер

өмірге есем кеткендей болса, оны да жазу арқылы қайтарғым келеді. Ал, енді Елбасымен арадағы қарым-қатынас жағдайына келсек, күніге етене араласып журметенмен, сәті түскенде емен-жарқын өңгімелесетініміз рас.

Нұрсұлтан Әбішұлымен ең алдымен 1999 жылғы 10 маусымда Астананың тұсаукесер тойында сұхбаттасудың сәті түсті. Жалпы алғанда, “Дала гладиаторларының” жазылуына шабыт берген Елбасының өзі. Сол кездесуде: “Дүкенбай, еліміздің, мемлекетіміздің тәуелсіздігі туралы неге жазбасың, қолыңнан келеді гой”, – деді. Осы өңгіменің өзі-ақ маған қаншалықты шабыт сыйлағанын білесіз бе? Көп кешікпей жазуға отырды.

Бір күні Атыраудан іссапардан оралсам, қызыым үйге тілдей қағаз тастап кетіпті. Ол қағазда Президент әкімшілігінен телефон соқты. Сізді алдағы сейсенбіде қабылдайды, мына телефонға хабарласыңыз деген жазу бар еді. Сөйтіп жүргенде сейсенбі де болып, телефоным шырылдады. Телефонның аргы бетіндегі орыс жігіті алдымен линияның қалай істеп тұрганын тексеріп алды да, үлкен кісіге қосатынын мәлімдеді. Артынша Елбасының жұмысқ, қоңыр даусы естілді.

Әңгіме барысында мен Астананың тұсаукесер тойындағы екеуара сұхбатты еске салып, кітапты бітіргенімді айттым. Елбасының әңгімесі – бір данасын маған неге жібермедің? – болды. Ал, мен бір лауазымды кісіден ол кітапты Елбасының өз қолына тапсыруды етініп беріп жіберген едім. Кейінірек Нүрекенің қабылдауында да болды. Екеуара емен-жарқын әңгіме бітер тұста Елбасы: “Қане, Дүкенбай, қандай тілегін бар?” – деді. Мен ол кісіге атағымның да жететінін, ақшамның да жететінін, шүкір, оқырмандардан да тапшылық көріп отырмағандығымды айттым. Тек, осы Тәуелсіздік туралы жазған еңбектерім дер кезінде шығып тұrsa болғаны, ишаралаганым осыған болды. Биылғы жылғы 18-сәуірде Елбасының тағы да қабылдауында болды, бұл сапарда да еш нәрсе сұрағаным жоқ. Бұл – “ақшам көп, маған бәрі жетеді” деген ұғым емес, бұл – менің мінезім! Себебі, маған бәрінен да жазу қымбат. Осы жазумен көз майым таусылуға айналды, саусақтарым сүйелдініп бітті. Алайда, сол меҳнантанған рахат табамын. Осында мінезім үшін менен басқа-басқа, әйелім мен туыстарым да қашады. Олардың пікірінше мен қиялмен тіршілік кешетін, өмір сүруте бейім емес жанмын.

— Сонда атақ-данқынызды пайдаланған кезініз жоқ па?

— Неге пайдаланбайын, бірақ біреуді қоркытып-үркітуге пайдаланған емесін. Мен мынау Сарығаш курортына жылда барамын. Ал, курорттарда да, ауруханада да жазумен шұғылданатынымды ескерсөніз, маган өрине, бір адамдық бөлме керек. Қағаздарымды еденге бұрқыратып тастап, етпетеп жатьп ал жазу жазып жатқаным. Содан медбикелер ертесіне бас дәрігерге “мына кісі тұнгі екі-үштерге дейін жарықты ешірмей жазу жазады” деп шағым жасайды. Міне, атақ-данқым осындайда көмекке келеді.

Осы облыстың бұрынғы әкімі Бердібек Мәшбекұлының қабылдауында бірнеше рет болғаным бар. Осы Шымкентте әпкем тұрады, бір келгенімде ол кісінің маған еттеп шаруа айтқаны бар еді. Бекенің алдына кірген соң ұзақ әңгімелестік, үлкен тақырыптағы мәселелер сөз болды. Әңгіменің бір парасы әл-Фарабите, оның Отаны — Отырарға ойысты. Осындай үлкен әңгімелерден кейін қалай ұсақ-түйек әңгіме айтуга болады?

— Дүке, не өтінішіңіз бар? — деп сұрап тұрғанда әпкемнің шаруасын айтудың ретін таба алмадым.

— Қазір қолына қалам ұстаган ағайынның ең басты проблемаларының бірі — тираждың азайып кеткендігі, көркем шығарманың оқыла бермейтіндігі. Ал, Сіз дәл осы құбылыс белең алым тұрган кезеңде керісінше, өндіртіп жазып жүрсіз...

— Мен жазуға отырғанда көлденең шаруалардың барлығын да үмитамын. “Ертең бұл кітапты қалай шығарамын, оның тиражы қанша болмақ?” деген проблемаларды ойланбауға тырысамын. Мен бұл сәтте тек өз кейіпкерлеріммен боламын. Олай болмады екен, жазуға отырып қажеті жоқ.

Бірде Мәскеуде өткен жазушылар съезінде Әзи Несинмен кездесіп, әңгімелесудін сәті түскен еді. Мен ол кісіден “50 романды қалай жаздыңыз?” — деп сұрағанмын. Әзиз Несиннің жауабы: “12 балам бар, соларды асырауым керек, сондықтан тұнімен жазамын, ал, күндіз Стамбулда кітап лавкам бар, жазғандарымды сатамын” — болды.

Мен де қазір Астанадан, Қызылордадан, Түркістаннан өз кітабымды сататын жанашыр-менеджерлерім бар. Енді Шымкенттен ашсам деймін, бұл менің капиталистік дүниеден үйренгенім. Жылай бергеннен түк шықпайды, әрекет жасау керек. Тіпті, жазуды қойып кеткен жігіттер бар, ал, мен жазбасам отыра алмаймын.

— Алпысынышы жылдарды қазақ әдебиетінің алтын гасыры дейді. Енді біздің әдебиетіміз үшін осындай кезең тағы да қайталаңды деп сенесіз бе?

— Інім, бұл сауалыңмен жастық шағымды да еске алдың-ау. Ауылдан Алматыға 16 жасымда келдім де, тамаша әдеби ортаға топ ете түстім. Анау Әбіш, мынау Мұхтар (Магауинді айтады.А.Б.) Жұмекенің үлкен ұлы Мағжан дүниеге келгенде Әбіш екеуіміз құттықтап барып, 5 шампан ішкеніміз есте, қатты мыс болып қалыптын. Шемші екеуіміз “Портвейн” шарабын алып, ЖенПИ-ге барғанда қыздардың шықпай қойғаны... Бір шөлмегіміз жерге түсіп сынып қалды да, Шемші кетіп қалды. Мен сәл кейінірек сол қыздарды киноға апардым. Хрушевтің Қазақстанның бес облысын Ресейге қоспақ болған әрекетіне наразылық жасап, белгілі бір уақыт МҚК-ның құрт түрмесіне отырып шыққандардың ішінде осы күні есімдері белгілі біраз жазушы бар едік. Алайда, қайда жүрмейік, қай мәселені сез қылмайық, бәрібір әңгімеміз айналып келіп әдебиетке тірелетін. Бәлкім, осы қасиеттерінен кейін де әдебиетке 60-жылдары келгендер шетінен мықты болды. Енді ондай алтын дәуір болмайтын шығар-ау...

Қариялардың әңгімесін тындалап өскеннен кейін бе, маған әдебиетте жүрген қазіргі жастардың тілі құнарсызы көрінеді де тұрады. Бұл — бір, екінші, қалай айтқанда да нарық адамдарды қатығездендіріп бара жатқан сияқты, ол әдебиетпен санаса қоймайтындей. Таяуда маған бір жас әдебиетші: “Сіздер жақсы дәуірде өмір сүрдіңіздер, белгілі бодыныздар, ал, біз белгілі болып қала алмайтын шығармыз”, — деп мұн шақты. Ең екініштісі, осы мұнның артында шындық жасырынып түр еді. 500, өрі кетсе 1000 тиражбен расында да олар қалай белгілі болмақ? Бұрын цензура деуші еді, цензура құрыды, екінішке қарай, цензурамен бірге көркемдік те құрып бара жатқан сияқты.

— Астанада Отырар кітапханасы қалыптасу үстінде, оған мұрындық болғандардың бірі — өзіңіз. Алайда, Отырар кітапханасын неге Отырардың өзінде ашпасқа? Мұнда осы бағытта үзақ жылдардан бері тер төгіп жүрген адам бар еді, оның жинаған құнды дүниелері де жететін. Азаматтан обал болған жоқ па?

— Елбасының үйытқы болуымен Астанада “Отырар” кітапханасына лайық үлкен ғимарат пайдалануға берілмек.

Екінші, Үкімет басшысы И.Тасмагамбетов бір сөзінде: “Дүниеге көрсететін көріктіміздің бірі – “Отырар” кітапханасы болуы тиіс. Зиялыштың шетелдік қонақтардың көпшілігі ат басын Астанаға бұрады. Сондықтан кітапхананың Астанада тұрғаны жөн” деген әңгіме айтып еді. Дуалы ауыздан шыққан уәлі сөзге қалай тоқтамассың? Сіздің айтып отырғаныңыз Әбекең – Абдулла Жұмашев қой. Расында да әте бейнеткөр жандардың бірі, нағыз фанат! Шіркін, әрбір қазақ рухани дүниелерімізге Әбекенің көзқарасымен қарасағой! Ол дүниеге әкелген “Даналық, үйі” өз бағасын алады әлі. Жалпы, Шәуілдірдегі бұл ғимараттың Отырар кітапханасының бір филиалы болғаннан үтпаса, үтылмасы хак.

– Құдайдай сыйлайтын қаламгерлеріміздің бойынан пендешілік көрмесек дейміз. Өкінішке қарай...

– Медицинада ондай-ондай мінездерді кейде “жұлдыз ауруы” дейді. Ондай “ауру” көпшілігімізде бар. Шыңғыста да, Әбдіжемілде де бар. Г.Бельгердің “Жазушылардың пендешілігі мен кемшілігі” деген қойын дәптері бар, оқысанаңыз тәбе шашыңыз тік тұрады. Ордендер мен шапанға таласқандардың бөрі де сол дәптердің шіндегі жүр. Біз енді ол дәуірден өтіп кеттік, ал енді осындай дертке душар болған жастарға басқар деп кішкентай ұжым беріп көрінізші, кіші ақырзаман орнатады. Жалпы, үлкен мінез болмай үлкен творчество тумайды. Әркімнің соры – өзінің мінезі!

– Егер Сіз жазушы болмағанда кім болар едіңіз?

– Бөрібір жазушы болар едім, жазушылық менің тағдырым!

– Әңгіменізге раҳмет!

Әңгімелескен Абай БАЛАЖАН

Еңбегі жанған қаламгер

“Елордадағы Құләш Байсейітова атындағы мемлекеттік опера және балет театрында тағы бір мерейтой өтті. Ол – төуелсіз мемлекетіміздің нығаюына өзінің қалам қуатымен үлес қосып келе жатқан Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжанның “Жібек жолынан Дағыла гладиаторларына” дейін атты кеші еді. Оны Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілов жүргізіп отырды.

Дүкенбай Досжан туралы қанаттас, қаламдас замандасы Әбіш Кекілбайұлы жан-жақты ой қозгады. Биыл жетпіске толып жатқан қайраткерлердің, қаламгерлердің отзызыншы жылдардың ойранына, алпысқа келгендердің сұрапыл соғысқа, елуге шыққандардың жеке басқа табыну кезеңдеріне түспа-түс болғанынан теренцен тартып әңгіме қозгады. Солардың арасында бүгін алпысқа келіп отырған, бір өзі бір сөре толтырып кітап жазған, ол үш жарым миллионға таяу таралыммен жарық көріп, он тоғыз тілге аударылған жазушының қарым-қабілетін ерекше бағалайтындығын тілге тиек етті. Тарихтың тарау-тарау жолына алғаш қалам тартқандардың бірі екеніне, өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырып жургеніне тоқталды. Әр тақырыпты жеріне жеткізе жазған Дүкенбай Досжанның еңбеккорлығына сүйсінетінін атап өтті.

Бұдан кейін жазушы мерейтойына жолдаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауы оқылып, Премьер-Министр Иманғали Тасмағамбетовтің ілтипат хаты тапсырылды.

Қазақтың айтулы ақыны Тұманбай Молдагалиев өзі келе алмаса да арнау өлең мен ыстық лебізін жолдапты.

Жазушы тойы ел тойы екенін осы кешке барлық облыс өкілдерінің келуі дейектей түскені анық. Оған Павлодар облысының өкімі Д.Ахметовтің, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары өкімдерінің орынбасарлары Е.Тогжанов, Ә.Құртаев, тағы басқалардың той төрінен көрінуі дәлел болса керек. Қызылорда өнірінің өкілдерін облыс өкімінің орынбасары С.Далдабаев бастап келіпті. Ол Дүкенбай Досжан бір гана облыстың ұлы емес, бүкіл қазақтың азаматы дей келіп, басына құндыз бөрік, иығына оқалы шапан жапты. Ал кіндік қаны тамған, 72 мың халықтың атынан келген Жаңақорған ауданының өкімі Н.Мұсабаев жазушыға темір

түлпар мінгізді. Сол секілді бір замандаarda өркениет орта-сынан ойын орып алған, қазір қара төбе болып қалған Отырар қаласының тарихын алғаш рет көркем шығармага арқау еткен қаламгерлерге Отырар ауданының әкімі Ш.Мырзахметов ерекше құрмет танытты.

Қазақстан Жазушылар одағының Астана филиалының тәрағасы Алдан Смайл сөз алып, еліміздегі жеті жүз сөз үстаган азаматтардың атынан ілтипат көрсетті. Ол сонымен бірге Қазақстанның Қырғыз еліндегі елшісі, ақын Мұхтар Шахановтың өтінішін орындал, құттықтауымен таныстырыды. Ақын Серік Тұрғынбекұлы ағасына арнаған өлеңін оқып, жиылған көлті бір серпілтіп тастады.

Кеш үстінде сөз бер өнер қатар өріліп отырды. М.Омаров, Қ.Асанбаев, М.Адалбеков, А.Балаған, Д.Таңатаров әннен шашу шашса, Э.Жаңабергенова Нартай ақын мақамымен терме мен әнді қатар әуелетті. Қ.Қуанышбаев атындағы қазак, М.Горький атындағы орыс драма театрының әртістері жазушы шығармаларынан көріністер көрсетті.

Қарымды қаламгерге сөз кезегі тигенде, ол Елбасынан бастап үлкен құрмет көрсетіп жатқан халқына шынайы ри-зашилдығын білдіріп, тіл, үрпақ жайлы ой толғамдарын ортага салды. Жақсы адамдардың шарапатына ризалығын білдірді. Әлі де болса еңбектене беретінін, толғакты тақырыптарға қалам тартатынын, сөйтіп, жұрт сенімінен шығуға тырысатынын жеткізді”.

Талғат БАТЫРХАН,
“Астана акшамы”

“60-жылдар басында өдебиет әлеміне ентелей сиғен Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, Т.Әбдіков, С.Сматаев сапында бүгінгі қабырғалы қalamгер Дүкенбай Досжан есімі жи аталушы еди. Жазушы шыгармашылық бастаудың өзінің туып-өскен ортасындағы көне қала тарихынан тартқаны мәлім. Отырар, Фараби, Түркістан хикаяттарын жазды, келе-келе тынысы ашылып, аршыны оңалып Жібек жолы атты тарихи романын жариялады. Қазак шіркін аттың жалында, түйенің қомында көшіп-қонып жүре бермей, отырықшы болған, қала салған екен-ау деген ұғым жоғарыдағы ат тебеліндегі қalamгерлердің атымен тығыз байланысты. Тарихи тақырыпқа өндіре жазып Ілияс Есенберлин ағамыз қосылды. Ұлттық нағызының оянып, өз-өзімізге, рухани дүниемізге үніліп қараушылық бел алды. Кейінрек Олжас Сүлейменовтің, Қойшығара Салғараулының түп тұқиянымызды кек түрік шежіресінен, сонау Құлтегін, Тонықек қағанатынан бастағанымыз жөн деген пікірі нық орнап, кесек-кесек дүниелер жарық көре бастады. Шынтуайтына келсек, ұлттың өз-өзіне келуі, тарихи түп тамырын іздеуі, көне қала, құлаған қорған астына көміліп қалған рухани құндылықтарды қайыра аршып, тану, білу, зерделеу – жоғарыда аталған қalamгерлердің тақырып аясын ба-рынша кеңейтті.

Д.Досжанның үстіміздегі жылды жарық көре бастаған 13 томдық таңдамалы шыгармаларының алғашқы үш томы сол баяғы тарихи хикаят романдарына арналыпты. Ендеше, жыл өте оқырманымен қайта қауышқан тарихи шыгармалардың көркемдік бояуы солғында мауының бірден-бір себебі неде деген сауалға жауап берे кетелік.

Жібек жолы – болған оқиғаларды болғандай көшіре салған, деректерге табан тіреген таза тарихи шыгарма емес. Оқиғаның осылай болады-ау деген жұлынды желісі, сол кездегі объективті себеп пен салдар, Отырардың алты ай қорғаныстан кейін құлауы – шындық болғанымен, шыгармадағы кейішкер сомдау, іс-әрекеті, образдардың мүсінделуі тігісі жатық көркем әдістемеге құрылған. Ошақбай батырдың жекпе-жек ұрысқа шығуы сол заманда өлемге өйгілі, Отырар кітапханасының ішкі сәулеті, суреті, Керуен бо-

йында Шыңғысханның шетел елшілерін қабылдауы. Жібек жолының бойымен қаздай тізіліп жылжыған керуендер – солайымен автордың киялынан тұган көріністер. Эр сарынның аяғында пәлсапалық, тұжырым да авторлық эксаура. Бір сезбен айтқанда, мындаған жылдар бойына ел мен елді жалғастырып жатқан Жібек жолының тарих аренасынан шығуы, өлі жолға айналуы, Отырар өркениетінің жоғалуы – адамдардың бір-бірімен еркін түсініспеуінің нәтижесі, дүниеконыздық, көрсоктырлық салдары деп тұжырымдайды автор. Тарих дөңгелегін кері айналдыруға ешкімнің шамасы жетпейді. Жарты әлемді жаулап алған Шыңғысхан да дәрменсіз.

Ел болайық десек, білектің күшінен гөрі білімнің, біліктің жолына жүгінsec дейді автор.

Шығарманың негізгі идеясы тәуелсіздік мұраты. Байлыққа, мақсатқа, атаққа сатылмай, елім тәуелсіз өмір сүрсе ғой, ешкімнің қолына қарап, жолына жығылмасам деумен қылша мойнын қылышқа төсеген Қайырхан, сүйіспендік дөтіне берік Баршын сұлу, көреген Исмайл ғұламаның келешекті болжауы, бәрі-бәрі, қазіргі таңда күйіп тұрған ұрымтал мәселелер. Күнделікті ұранымызға айналған өмірлік пәлсапалар. Шығармадағы көркем тіл бояуы қалың көріністер, бүгінгі оқырман талғамына татытын эпитет, метафора, шендеңстіру, астарлай жетілдіру әдістері өлі құнге көз алдымызда. Құйылып келген құп үйлесімдер Д.Досжанның тарихи кезеңнің көрпесін көтерген “Отырар”, “Түркістан”, “Фараби” повестерін оқып өскен жас үрпақ бұл қунде жігіт ағасы болды. Қаламгер ылғи баспалдақтап өсүмен келеді. Тәуелсіздік жолына басын тіккен алпауыттарымыз туралы тақауда “Дала гладиаторлары” атты роман жарық көрді. Шығарманың фабуласы тағы сол елі үшін еніреп өткен ерлеріміздің қатерлі өткелден өткендеңі кезеңді оқиғасы. Жоталы жортуылы. Көркем кестеленген от кешулері. Осы орайда тарихшы Жанұзақ Қасымбаевтың тәмендегі сөзі еске оралады.

Досжан шығармалары тәуелсіздік күресіне басын тіккен боздақтардың тұтас бір айшықты панорамасын елестетеді. Алаш азаматтарының тергеу құжаттарына сүйенген Абакты кітабы, кешегі желтоқсан оқиғасына көркем, бояулы тілмен барлау жасаған Алаң романы ұлттымыздың жантүршігерлік

азапты жолдан өткендігінің қанық шежіресі (“Жас алаш” 27.03.2001 жыл) Жазушының есімі үлтүмымыздың бүгінгі, кешегі жүріп өткен аса қының өткел, асуларының синонимі секілді. Осы орайда, арқалы ақын Олжас Сүлейменовтің қаламгерді қоғамның өткендегі төлеу сөзін өзінің төл сөзіне айналдырган шежірешілдік сөзін айрықша атағаны және есімізде.

Дүкенбай ағамызың үшін жазушылық, шығармашылық сұқын саусағын сүйел етіп, көз майын сарыққан қыын кәсіп. Күн сайын қағаз бен қаламға жүтінуін өзінің көсіби шеберлігіне, тіпті төтелей айтсақ – өмірінің мазмұнына айналдыра білген қаламгердің жанкештілігіне, бейнетқорлығына еріксіз тәнтіміз. Нарық қыспағында кәнігі қаламгерлердің біразы кітабымыз басылмайды деп, енді біразы оқырманға жетпейді, өтпейді деп уайымға батып отырған қыын кезенде Д.Досжанның шығармалары жыл аралатып жарық көріп, оқырманың қуантып жатады. Сонымен қатар, шет ел тілдеріне аударылуы толастаған емес. Жиырмасыншы ғасырда қазак әдебиетіне уық қадаған заңгар жазушы Д.Досжан жаңа ғасырда да оқырманың сүйіктісіне айналып, шынайы, мөлдір шығармаларымен сусындана беретініне көміл сенеміз”.

Сүлеймен МӘМЕТ,
“Егемен Қазақстан”

Осындаид дүрілдеген тойдан бір жеті өткенде Дүкен “Егемен Қазақстанға” төмендегі ілтипат сезін білдірді.

Жүргегімнің төрінде

Астанадагы К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында өткен мерейтойымда жүрекжарды қуанышқа қол согып қатынасқан оқырмандарыма, орайы келмей қатынаса алмаса да – жеделхат жөнелтіп, ықыласын бөліскең жүргегімнің төрінде жүрген азаматтарға шын пейілмен алысымды айтамын!

Дүкенбай ДОСЖАН

МЕККЕ – МЕДИНЕ САПАРЫ

2005 жылғы қыркүйекте Дүкен 63 жастың биігіне көтерілді.

Әдетінше туған күнді атап өтуге өрдайым қарсы отағасы бұл жолы да балалардың құлаққағыс еткен сезіне: “Әуре болып неғыласындар! Күнделікті шаруа ыргагын бұзып қайтесіндер. Біле білсендер биыл Айнұр қызымыз 10 мен 11 сыныпты қосып бітіріп, тест тапсырудан жақсы балл жинап, Астанадағы медицина Академиясының емдеу факультетіне түсті. Қенжетайымыз – Эсел Қазақ-түрік лицейіне қалып конкурстан жеңіп, өз орнын ойып тұрып алды. Осының өзі отбасымызға үлкен қуаныш әкелді. Мені әурелемендер!”, – деп туған күнін атап өтуге ынғай берmedі.

Алдындаған өзі уыстағы құмдай сусыған уақыт туралы жартылай философиялық, жартылай мистикалық “Жан тәтті” деген хикаят жазып жүргенін айтқан еді. Уақытты қалай үтгымды пайдалану туралы, адам ағзасына салмақ салатын мезгіл тауқыметі туралы көп толғанып ойын дестелеп қағазға түсіре бастаған. Туған күн дабырасы, қызықшылығы сол ойына кедергі жасайды деп ойласа керек.

Ертесіне 10 қыркүйекте Алматыдан Қазақстан мұсылмандар басқармасының кеңессінен, Бас мұфти Әбсаттар қажы Дербісөлінің өзі телефон соғып: “Дүке, осы айдың аяғына таман Мекке мен Мединеге кіші қажылыққа бір топ иғі жақсылар жол алмақшы, тізімге Сізді де қостық, дайындалыңыз!” – депті. Мұны естіген отағасы үйге қуанып келді, шешініп жатып аз-кем толғаныс үстінде:

–Дұрыс болды-ау өзі. Пайғамбар жасына келгенде Мұхаммед пайғамбар ғалейкіссаламның басқан ізінен тәу етіп, мінажат жасап, жүректі жақсы сезіммен тазартып қайтуға, – деп кәдімгідей иығы көтеріліп жүрді. Мекке сапарына дайындық басталып кетті.

Ең өуелі Ардақ баламыз жаны қалмай қалбалактап келіп 2003 жылғы наурызда Елбасымен бірге Меккеге барған сапарында киіп жүрген әппақ шүберек – іхрамды, былғары белдігін, екі тұқті орамалын әкеліп ұсынып жатыр. “Былай киесіз іхрамды, Меккеде осылай жүресіз, умраға шаш алдырасыз...” – деп қажылық салт-рәсімдерді түсіндіріп жатыр. Дүкендікі іштей толғанып бас шұлғуғағана.

Сонымен отағасы Алматыға аттанды. Бас мешітте Әбсаттар мұфти Меккеге аттанатын алқылы топты жинап, құран оқып, бата жоралғысын жасап, сәтті сапар тілепті.

Кіші қажылыққа Дүкендер 2005 жылғы 21 қыркүйекте аттанып, 28 қыркүйекте оралды. Үш күн Меккеде, уш күн Мединеде болыпты, бір күн жолда, бару-келу, жатын жер, жол шығынын Қайрат Сатыбалды бастаған Ақ орда қозғалысының орталық басқармасы көтеріпті. Мекке-Медине сапарынан Дүкен үлкен әсер үстінде оралды. Мен ол келерге қой алдырып қойдым. Өзі бата жасап, інісі Саяхатқа сойдырып, біраз құрметті адамдарды шақырып, ауызашар бердік. Отағасы алғаш рет 5 қазаннан ауыз бекіткен болатын.

Бұрындары қажылық сапарга барып, рәсімін жасап оралғандар: Намазға жығылдық, Месжид әл-Харам мешітіндегі қабаның қара тасын үстадық, шайтанға тас лақтырдық, – дегеннен аспаушы еді. Көтермелегенім смес, Дүкен дәл сол жерлерді нағыз суреткердің көзімен көріп, әңгімені әріден бастады.

Мындаған адам бір мезетте күнірене құбылаға бас қойып, “әмин!” деген мезетте күн күркірегендей сезіледі еken, жер тітіреп, жон арқаңдан құмырсқа жорғалап еткендей, құран аятын құбылта оқыған мақам өуенін естіген кезімде жана-рынан жас ыршып кетті!... Түсіне, ұлтына, тіліне қарамай қасындағы намазға үйіған кісі туысыңдай сезіліп, жүргеңнен жылу бөліп бергің келіш... қол ұсынып, амандасып, өпектеуің ғажап енді!. Құран аятында жүрекке, салмақ салатын ең зәлзала сезім-тәқаппарлық, меммендік дейді. Сонынғы шайтан аз-ғырып жүргегіне дарытатын теріс пигылдар:

бақталастық,
дұниекоңыздық,
ашкөздік,
нөпсіқұмарлық,

кісәпірлік сезімдері, сезім дейміз-ау, ой зілзаласы жүрекке кір-қоқыс болып жинала-жинала кісіні құнаға белшеден батырып, кісі аяғын мезгілінен бұрын көрге тартып, денесін ауырлатқан үстіне ауырлатып ақыр сонында жан мен тәнді күйретуге апарады еken.

—Жері қандай еken? — деген сауалға отағасы: —Құдды біздің Қаратай секілді еken, айырмы — күні ыстық, шу-

нейт қысанында өсімдік сирек шығады екен. Шоқ-шоқ талғана.

— Зәмзәм сүйн іштіңіз бе? — деген сауалға Дүкен ойланып отырып: — Құнігे ал-Харам мешітіне намазға барған сыйын тастай зәмзәм сүйнан ішіп жүрдік, шөл бастық. Бір кереметі тамағымның баспасы бар еді, салқын тисе қабынып шыға келетін. Зәмзәм сүйнің қасиеті ме, кім білген, баспам көтерілген жоқ. Жолдастарым қайтар жолға кісі басына он літтрден өлгі суды құтыға құйып “елге апарамыз” деп алып жатты. Өзім алғаным жоқ. Астамшылық ойдан емес, бала жасымда сүйн қос уыстап ішкен Құланшы бұлағының көусарына келеді екен, дәмі де, мөлдірлігі де сол су секілді. Әркімнің тұған жерінің бұлағы — зәмзам екенін сонда сездім. Іншалла, алдағы жазда кіндік қаным тамған Құланшы бойындағы саз бұлаққа барып тойғанымша бал сүйнан ішемін ғой, Саудия бұлағының сүйн пластмасса қалбырына құйып, зілдей етіп арқаламай-ак қояйын деп ойладым” дейді. Ойланып қарасам, бұл ойы да дұрыс секілді. Дүкен ылғи өз ойымен, өзінің көкірек сәулесін шам етіп өмір сүріп келе жатқан жан ғой. Бір беттеп алған бағытынан ешқашан қайтпайды. Өз шындығымен жүреді. Әркімнің тұған жері өзіне ыстық. Тұған топырағына деген тартылыс күші, іңкөр сезім өнер адамдарында жоғарғы кернеулі электр тогі секілді деп білемін. Я өзін, я маңайлаган өзгені өртеп жібереді.

Дүкен өр кезде жазған көне Қарататудың табанға ыстық тиетін тасы, өулие ағашы, мөлдіреген бұлағы, қалықтаған бүркіті оның балаларға арнаған “Өулие ағаш, жұмсақ мысық, Құланшы”, “Келіншектаудағы тас түйелер”, “Келіншектаудың көгілдір бояулары” хикаяттарында аса мұнлы, гажайып суретпен берілген. Алғашқы екі повесті аудармашы ағамыз Герольд Бельгер, соңғы хикаятты Бигелдин Габдуллин орыс тіліне мөлдіретіп аударып берген.

Жалпы Дүкенін балаларға арналған әңгіме, хикаяттарының қазақшасы бір том, орысшасы бір том болып “ҚазАқпарат” баспасынан 2005 жылы қайта бір жинақталып басылып шыққаны қуантады.

Бұл екі томдықты “ҚазАқпарат” баспасының директоры, жазушының аса жақсы көретін інілерінің мандайалдасы – Қонысбек Ботпай айтқан мезгілінде шығарып Дүкенің

Медине сапарының алдында қолына үстательп мерейін тасытқаны – өз алдына бір дәмді әңгіме болар еді. “Қонысбек көргені бар, жүрегінің шамы жарқырап жанған азамат”, – деп Дүкен ылғи бастагер інісін мақтап отырады.

– Меккедегі әл-Харам мешітінде намаз қалай оқылады еken? – деп сұрадық.

– Месжид әл-Харам мешітінде, Мединедегі ұлы мешітте құран аяты екі дауыста оқылады, бірі бас, екіншісі ашық сопрана үнмен. Өзгеше әсерлі ырғак, қою үн дүниені дөңгелеткендей болып құлпыра құйылған кезде жон арқамнан құмырсқа жорғалап өткендей, ал әлгі аятың қайырмасын “аллаһу акбар” деген ашық сопрана самғай көкке көтерген мезетте қөзімнен ытқып жас шығып кетті. Жан әлемім кеңіп жүре берді, – деді толқи сөйлеген отағасы. – “Тап ондай әсерлі мақамда оқылған аяты ешқашан естіген емеспін. Дүмдүниені дөңгелетіп өкеп қүшитқаннан қүшитып алақаның аумағына сыйғызығандай сиқыр үн құлағымнан еш жуылмайды. Әй, ондай мақамды енді ешқашан ести алмайтын шығармын. Құран аяты құйылышп түрган ақ өлең еken гой, жарықтық”.

– Қажылық мінәжатқа баратын адамдар көп шығар, – деп әңгіме сабактаймыз.

– Оразаның алдында, ораза кезінде Мекке мен Мединеге құніге 1,5 миллион адам келіп, кетіп жатады деп естідік. Қонақ үйлері кісіге лықа толған. Тіпті Мекке мешітінің маңында, әсіресе Маруа мен Сафа жотасының аралығында, мәрмәр төсөлген алаңда басына киімін жастап жатқан көп кісілерді көрдік. Ол кісілер түнде де осында ұйықтайды еken. Қасымда Мәскеу қаласынан келген Әуез есімді математик жігіт бар, алаңда шалжайып демалышп жатқан тәжік жігітімен тілге келдік. “Мұнда келгенімізге айдан асты, – дейді әлгі тәжік, – көше басында мұсәпірлерге арналған асхана бар, сонда барып тегін тамақтанамыз, жолай земзәм суын ішеміз, осында келіп жатамыз”. ‘Елдерінді сағынбайсындар ма? Ой, елімізде мұндай жағдай жок, қу тамақ үшін жанынды жалдайсың, кеткіміз келмейді, сіздер де бізben бірге жүріп, әлгі асханаға баралық, палау жеп қайтасыздар, жүрініздер”, деп болсалап еді, алла разы болсын айтып әлгі тәжікпен қош айттық. Жалпы құжынаған көп халықтың я көшеде, я мешітте бір-бірімен тәжікелесіп, иық тіресіп

жатқанын еш жерден көре алмадық. Бәрі иманды, ізетті, құдай жолына бетін бүрган момын жандар болып көрінді.

Айта берсе – Дүкенің Мекке-Мединеден көрғені, тоқығаны аса көп еді, өзі толғана жүріп, қалт етіп қолы босай қалғанда жеті тараудан бас құраған “Амал дәптері оң жағынан берілгендер” деген діни философиялық хикаят жазамын деп жүрді. (Бұл повесть кейінше “Жалын” журналны басылды). Жазатынына сенімі мол. Өйткені Дүкен діттеген, бір діттеген ісінің үдесіне шықпай тынбайтын табанды, қажырлы, айтса – бітті қасарыспа мінездің иесі екенін бұрындары айтқанмын. Былайша сырты, сөз салтасы, жүрісі жұмсақ болғанымен ішкі өзегі, “тірегі” қатты ағаштан жаратылған адам.

Адамның адамшылығы – өзгеге керек уақыттың бір бөлшегі ғана. Адамшылық безбені халықтың назары болар, сірә.

Осы тойдан кейін Дүкен дүр сілкінгендей болып, соңғы айларда көңіл түкпірінде жуылмай жүрген кезеңді тақырып – тәуелсіздік реформалары туралы “Ақ Орда” романын бастап кетті.

Романның бас кейіпкері – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Әрі құрделі, өрі асу бермес мұзарт шындағы басына қарасаң-ақ жүрек қобалжитын биік тақырып. “Құдайым-ау, “Ине ұшындағы өмір” секілді шағын хикаят жазып, жан бағып, саушылығынды ойлад, жайлы жамбасыңа аунап жүре бермейсің бе?.. Алар үйді – алдық, кішігірім қызмет бар, тойды өткізіп, қонақтарды шығарып салдық”, – деймін сөз арасында. Отагасына жаным қалмай жаным ашығаны шығар, бәлкім. “Жан тыныштық жақпай ма саған”, – деймін. Дүкен көзілдірігінің астынан зер сала үңіліп қарайды, “осының шыны ма, әлде әзілі ме” деген кісіге үқсан. Біраздасын барып тілге келеді.

– Бұл тақырыпты менен өзге ешкім жаза алмайды!

Ойланып қарасам, шыны солай секілді.

Улken кезеңді оқигаларды бір желінің бойына үйіріп әкеліп аса шебер, қиялы бай, тіл құнары кемел қаламгерлер ғана игеріп жаза алады. “Биігіме шыққан кезім осы!.. Шеберлік – шексіз, шетсіз, көкжиек, соның бір белесіне үақ іліктірген секілдімін”, – деп кейде сырын айтып қалуақ жетсе – жеткен шығар, келсе – келген шынымен жетсе – жеткен шығар, келсе – келген

болар деп ой ойлаймын баяғы. Дүлей дарынның алдында шағып, жазатайым көлбендең, не сор қақты деп шегініп ұлгеремін мұндайда. Шегініп ұлгерудің өзі өнер. Біртога, бірмойын, бірүрт мінездің алдына шығып, мүйіздесіп онған кісіні осы дүниеде көргенім жоқ, көрмейтін де шығармын.

Кейінгі жас жеткіншек келіндерге, сіңлілерге қаратып айтарым: отбасын дұрыстап ұстаймын десен – ілгері жылжу бір жөн, қажет кезінде отағасымен дауласып, сөзге келіп, өжендесіп жатқаннан гөрі шегініп кетудің өзі үлкен өнер, тәлімді өдіс. Шегіне отырып, “сіздікі жән гой, өйтсе де былай жасасақ жақсырақ болар ма еді... ақыл қосыңыз... жөн айтыңыз...” – деп епке иіп келтірудің жобасын үйрене жүргені ләзім дер едім...

Құдайым отбасында отағасымен “ө” десе, “мә” деп тәжікелесіп, теке тіресуден сақтасын!

Өмір деген ымырасымен ыстық, келісімімен көрікті!

ЭПИЛОГ

Ғұмырнамалық баянды аяқтап қалдық. Барды бардай, жоқты жоқтай, қаз-қалпында айтқан секілдіміз. Мына адам, өсіреке шығармашылық иесінің тіршілігі, бейне, алшы мұхиттың тасуы мен қайтуы секілді. Бірде жағаны жалмап, тау толқының ығыстырып жер-жинаңды жұтып жіберердей ілгері жылжыса, келесіде екпіні бәсекенсіп, сап-сап басылып кері шегініп кетеді. Өмірін өнерге арнаған адам шіркін бүгін асау мінездің арынын баса алмай жоталы тақырыптың жальна жармасса, ертең сабырга жүгініп, жабы секілді өз-өзінен бәсекенсіп жүргені.

Дүкең мезгіл-мезгіл мерзімді басылымға сырсұхбат беріп жатады. Соның ішінде сатира сарбазы, жақсы көретін інісі Көпен Әмір-Бекке, “Қазақ әдебиеті” газетіне арнап орайластырылған сұхбатын сөл ықшамдаған келтіре кетуде жөн көріп отырмын. Бұлай етуімнің екі түрлі себебі бар. Бірінші: сырсұхбатта қаламгердің бұрын-соңды еш жерде айтылмаган жан сырының қылы шертіледі. Екінші: Дүкең осынау ой-толғакты тек қана газеті оқырмандарына арнап емес, көпшілік оқырманға, кітапсүйер қауымға қаратып айтып шықтым деген сөзін естіген едім. Сол себепті – сиясы кеуіп үлгермен осынау сыр бөлісу – диалогті “жазушының жан пернесі” деп сөзімнің соңында ұсына кетуді жөн көрдім.

Назар салыңыз, қадірлі оқырман!

“*Көпен Әмір-Бек*: Бізді ілгергі тілеу, жақсы ниет табыстырды. Дүке, алғаш рет Шөуілдір мектебінде оқып жүрген кезімде осы күнгі Отырар қорық-мұражайын аяғындағы темір етігі тебендей, қолындағы асатаяғы тенгедей болғанша тентіреп жүріп құрастырған ұстазым Асантай Әлімовтың досы едіңіз; Отырарға, Асекене ат ізін салған сайын мектебімізге бас сұғып, қызықты кездесу өткізіп жүрдіңіз. Екінші: былтыр кіші қажылыққа қосыла барып қайттық. Үшінші: жұз жастан асып бақылышқа болған анаңыз Жәмиланың өткен жылы Жаңақорғанда өткен асына қатынастым. Сіз көзіме әрдайым сахараадағы салт аттыңдай елестейсіз.

Д.Д.; Өзім де солай ойлаймын. Қаламымды қолдан түсіргененнің әсері шығар. Жыл сайын я тұпнұска, я аударма жаңа кітабым жарық көреді. Көбіне госзаказға қол соза бермеймін. “Жаңа кітабыңыздың шығының біз көтерелік”,

- деп меценат азаматтар хабарласып жатады. Әрі қарай шығару, тарату ісін Алматыдағы менеджерім жүргізеді. Кітаптың оқитын талғампаз оқырманның тәбесі көрініп тұрғанда, бейне, бейге атындей көз үшінда бұлдырап көрінген шеберлік шыңына аяқ іліктіруге, жетіле түсуге барыңды салады екенсің. Сосын ішімде бүгіп жүрген бір мінезім: қанағатсызын, өзімшілмін, әрине, жақсы мағынасында. Әрдайым жазудың бабында болуға тырысасың. Басың отта тұрған қазан секілді. Қиялдың соңына көп түсіп – қияли бол шыға келмейін деп те шүкіршілік етесің. Сатирик әріптесің, француз Альфонс Доде үйінде жападан-жалғыз отырып, жын иектеген бақсыдай, өз кейіпкерімен өзі сөйлесіп, ішек-сілесі қатып құліп отырады екен. Үй маңынан етіп бара жатқан жүрт: “Ә, жазушы ғой ол!” - деп қолын бір сермеп жөнімен жүре берген. “Ә, жазушы ғой ол!” - деп көп кемшілігімізді кешіріп келеді жүрт. Бастаған шығармасы бітпейінше көшеге шықпайын деп Флобер сақалын ортасынан шорт кесіп, қашан сақалы өсіп орнына келгенше, сусылдатып жаза түсіпті. Мына көкең көбіне орындыққа құйымшағы тесіліп, белі шыдамаған соң - еденге домалап жатып, кеудесіне жастық басып жазатын амал тапқан. Жазушылық – іштегі шерді, өз шындығынды қағаз бетіне түсіру ғой.

Әуел баста жазушы боламыз деп шекеміз шылқыган дәнемесі жоқ. Басымызды тауға да, тасқа да ұра берілпіз, сүрініппіз, классиктердің қолына су құйыппыз, классик боламыз деп үмтүлыштың. Сол оқиғаның бір-екеуін рана баяндайын. Ең алғашкы “Зауал” романымда (бұл күнде 11 романың авторымын) ауырдың астымен, женілдің үстімен жүріп, жүрт үстінен жонып жеп, момындарға шолжаңдап үйренген ауыл белсендісін жағымсыз кейіпкер етіп жазғанмын ғой. Елдестерім шығарманы оқиды. Көздері тас тәбесіне шығады. “Мынау айна қатесіз біздің бастық қой, жүрт үстінен жылу жинаиды, өтірік акт толтырады, пленумға кеттім деп қаланың сырханасынан шықпайды...” - деседі. Кішкентай ауылдың деміне нан піскен бастыры: “Ә, сені ме!” - деп, бұл көкеңдің үстінен арызды боратты дейсің. ЦК-ның алдында түсініктеме жазып әзер құтылғам. Желтоқсан оқиғасын арқау етіп “Алан” романын жаздым. Дүрлігіс туралы деректі дүние мол жазылды. Өзімшіе өрнектедім. Шығарма

фабуласы қазақ жастарын қан жоса етіп үрып-соғудан алдына жан салмаған милиция майорының іс-қимылының құрылған. Шығарма өуелі “Жалынға” басылды. Тұнемесінек үйіме қызыл жағалы телефон шалады. “Сен жазушыны абақтыда шірітем, подполковник шеніне өскелі жүр едім, жendet етіп жазыпсың”, “Ау, фамилияң кім!..” “Жексенбаев, шенім де, шекпенім де айнымайды, көшеге шыға алмай қаласың жазушы көззап!..” “Ау, менің кейіпкерім Жекенбаев, іс-қимылы қөркемделген, типтік бейне ол”, - деймін, түсіндірген боламын. Ертесінде тұн ортасында әлгі милиция майоры тағы телефон шалады. Тілі құрмеліп әзер сөйлейді. “Ендігі ісім сен жазушымен болсын!..” Осылайша телефон терроры айға жуық үрпітті. Тереніне жеткізе казып суреттеймін деп жүріп таяқтың екінші ұшы шекенді ісіргенде есіңнен тана жаздайсың.

К.Ә.; Жазушы болып шекеніз шылқып жүргені шамалы деңіз.

Д.Д.; Әріптестерімнің базбірі: “Егер жазушы болмасам, я диқан, я атбегі болар едім”, деп сұхбат беріп жатады. Бұл туралы көп ойландым. Жазуды тым ерте бастаған адаммың, жасымнан кітапты көп оқыдым, әлі де үзбей оқып келемін. Соншама ақ тер, көк тер азабына, әлгідей көлденен қісілерге жеккөріншті болғаныма, көз майымды сарқып, сұқ саусақты сүйел етіп арзымайтын қаламақы алғаныма қарамай... бәрібір жазушы болар едім. *Тағдырыма қаламды серік етер едім* деп ойлаймын. Жалғыз-ақ себеп: мұқым дүниені суретпен көремін, кісінің алғашқы сөлемінен-ақ жан дүниесіндегі ойды оқып білемін. Ең ганибеті – сөзім көп. Әлгі сөзді ақ қағазға түсіріп үлгермесем жарылып кетер ме ем.

К.Ә.: Досыңыз көп пе, қасыңыз көп пе?

Д.Д.: Өмірімде ұшырасқан үлкен керуен жолында са-парлас болған кісілерді ешқашан мынау дос, мынау қас деп бөліп көрмеппін. Өмірім тақтайдай тегіс болмады, біраз оппоненттерім қасақана аяғын тосып сүріндіргісі келді... сүріндім... қайыра түрегелдім... Сыртымнан ғайбат сөйлейтіндер, болмасын дейтіндер әлі де бар. Әйтсе де ол адамдарды – бақталас, бәсекелес оппоненттерімді “қас” демеймін, “түсінісе алмай жүргендер” деймін; тілеуі жақсы жамиғатты “дос” демеймін, “түсінісп үлгергендер, бауыр-

ларым” деймін. Іншалла, дәм жазса, тіршілік болса - өзіммен түсінісе алмай жүргендердің бәрі өлі-ақ түсінісіп ұлгереді деген дәмдемейін. Тілеуі жақсы адам – дүниедегі ең жақсы кісі. Адамға нұрлы сезім құятын, ілгергі тілеуге жетелейтін, күш-қуат беретін шыгарма – ең жақсы шыгарма. Өзің білетін құрдастар прозашы өмір бойы мен туралы қалжың сөз, анекдот шыгарумен айналысты. Бір өжуасын айттып берейін. Кітапханадағы бозбаланың басына зілдей кітап түсіп жедел жәрдем алғып кетеді. Дәрігер тексеріп әлгінің миын шайқалыпты дейді. “Оу, сонша зіл кітаптың авторы кім?” - деп сұрау салады ғой. Тексеріп көрсө - бозбаланың басына түсіп, миын шайқаған мына көкенің романы болып шығады. Дәл осындай қылжақ сөзді әлгі құрдастым ерінбей көп құрастырды. Осы күні: “текке өткен уақытым-ай, бұдан гөрі көркем дүние жазсамшы”, - деп өкініп жүр. 83 жасқа шыққан Лев Толстой күнделігіне “әлі де жетіле түсуім керек” деп жазыпты; ұстаз Абай 37 жасында “қартайдық, қайты ойладық” деп тәғілдреді: “жүректегі өкініш – аршып алып тастайтын, апандағы саз емес” деп көкірегі қарс айрылады. Кемел, дегдер кіслердің сөзі осы. Ал арамызда жүрген екі бірдей университетті тауысып, бес кітапты аяғына дейін оқымаған зиялды қауым өкілі айдарынан жел есken білгіш...сұнғыла терең...дүниенің білімін ерген...болдым... - толдым... - деп сөйлегендеге - о, тобалап еріксіз жағанызды үстайсың! Бұдан шығатын қорытынды: кемшілікті өзгеден емес, өзінен көбірек ізде!.. жақсылықты өзіне үйе бергенше – өзгеден көбірек тап. Тіршілік қоржының сонда толық болады.

К.Ә.; Мекке сапарынан кейін намазға жығылдыңыз ба?

Д.Д.; Жазудан қолым босамай жүр. Мұхаммед пайғамбар ғалейкіссалам ишігына перште қонған, жебірейіл құран аятын уаҳи еткен көкірегінің көзі бар ақынжанды дегдар кісі; Иса пайғамбар философ; Лұт пайғамбар ізгілік иесі; Шұгайып пайғамбар өзілкеш болған. Осылардың өмірінен тартып “Амал дәптері оң жағынан берілгендер” деген хикаят жаздым, “Жалын” журналы басқалы алды. Көркемделген қазак, сөзінің мінәжатына жығылып келемін.

К.Ә.; Әдебиеттегі ез бағамды алдым деп ойлайсыз ба? Қазақ әдебиетіндегі қазіргі прозашыларды қаз-қатар сапқа түрғызар болсақ, сол салтың қай түсынан табылар едіңіз?

Д.Д., Әдебиетке шын берілген кісі көркемделген сөзі үшін, шен-шекпен, орден, мәртебе, марапат дәметпейді; жүректегі шер-шыңдығымды сыртқа шығарамын деп құйіп-жанады. Ал кешегі кеңестер дәуірінде, содан бергі азды-көлтірынок қатынасында біраз қаламгер баяғы масылдық, жоғарыдан мадақ, мәртебе күттегін мінезден арыла алмады. Сөзді саудага салды. Абай айтқандай: өз жүргегін пәршелеп базарға шығарды. Сол масылдық мінез жүре-жүре, келекеле кеңес дәуірінде бір топ портфелді, *лауазымды қаламгерлерді* сорпаның бетіне бөліп шағарды. Әлгі лауазымды жазушылар сын естімеді, жазғаны көркемдік сапасы төмен болса да мәртебелі сыйлықты иеленді, төралқада отырды, әдебиетті майлыш жіліктің басы деп ұқты. “Сын естімеді” дегеннен шығады. Соңғы жылы бір әдебиетші “Жұлдыз” журналының бетіне белгілі қаламгерлердің кітабына анализ жасап дүркін-дүркін мақала жазып еді, базбір авторлар әлгі сыншыны ағаш атқа мінгізіп, жерсібірге айдату керек, психушкаға жатқызу қажет деп өретүрегелді. Үлкен әдебиеттің сын еткелі – көркем текст, оқырманның қабылдауы. Өркениеттегі елдердегі осы критерийді өлі бойымызға сіңіре алмай келеміз.

Әлгіде өзің айтқан әдебиеттегі строй – сапқа оралайық. Әрине, сенің әдебиеттегі орнынды сыншы айқындағаны ләзім. Әйтсе де бізде бұл күнде бәрі бытысып, шатастып кеткен. Кітап шығарғаннның бәрін жазушы деп топшылайды. Осы жерде ұлы үстазым Уилям Фолкнердің сөзі есіме оралады, “әрбір жазған романым шеберлік жолындағы ізденісімнің, ілгерілеуімнің женілісі” дейді, “женісім” демейді, “женілісім” дейді. Бүгініне өртең місі тұтпайтын, Достоевский, Джойс бастап кеткен ой ағыны, психоаналитика тәсілін сұрапыл жетілдірген суреткер бола тұра шеберлік шынына өрмеледеуін өле-өлгенше еш тоқтатпай өткен. Мендеңі мінез осындай. Биылғы шыққан “Жан тәтті” былтырғы “Уш тағдырдан” мысқал болса да биіктеу секілді.

Үзбей жетілу, ізденіске бару, дүниелік әдебиетке салыса қалам тербеу жағынан бүгінгі қазақ прозашыларының сапына өзімді үшінші орынга қояр едім. Өз-өзімді қамшылау жағынан айтып отырмын. Әрдайым қызы пікір сайстың ортасында жүрдім. Рецензия жазылмай, оқырманнның ой-қиялыша қанат қоспай, тәбетіне түз септей, шөп басы қымыл-

дамай елеусіз қалған бір де бір шығармам болмапты. Күйіп-жанып жазамын, өртеніп кетпегеніме өзім де таңмын. Шығарманы қандай көңіл күймен, нендей шеберлік тәсілімен жазсан – оқырман да сол регистрде қабылдайды. Қолды сұбытып алмауға тырысасың. Сезім, киялдың күштілігі, бояудың сан алуандығы, тіл-құралдың молдығы шығарманың бағын жандырады. Америка новеллісі Эдгар По баржогы қырық шақты әңгіме жазған. Бірде ағылшын әдебиетшісінен “сөзін өлтірмей жүрген не гәп?” - деп сұраған едім. Магнит өрісі секілді оқырманды матап алтын силлогизмі деді; енді әлгі әдебиетшіден өмірінде жұз томға жуық кітап жазған Бальзактың кереметі неде дедім. Кең тынысы мен терең философиясы деп жауап берді әлгі. Мына жасымызға дейін біраз қағаз шимайлаған тәжірибеден шығарып айттар едім: әлгіндей сиқырлы логикаға, терең пәлса-паға қоса автордың өзіндік шындығы болғаны жөн. Шындық – дүниені өзіңше көре білу ғой. Мысалы, Исарай Сапарбай бойжеткеннің көз жанары мәлдіреп қарады дейді. Толен Әбдік бойжеткеннің қөзінен қалың мұң сезілді дейді. Ал өзім бойжеткен қараганда жанары тас түскен көл бетіндегі шенберленіп шыға келді деймін. Бір ғана объект, әрқылы көру. Әдебиетте әркімнің ез шындығы дегеніміз осы.

К.Ә.; Діттеген межеме жеттім деп ойлайсыз ба?

Д.Д; Қайдагы! Титтей де жеткенім жоқ. Осы кезге дейін II роман, 20-ға жуық хикаят жазылпын. Қаламды қолға алған сайын өзімді нақа бір жазуды жаңа бастаған адамдай сезінемін. Сөз, сейлем құру, метафора, эпитет, аллегория, шендерестіру секілді мың сан тәсілді игеру бір төбе, әрдайым жараган аттай болып тұру, жазуды сағыну - жасыл көгалды кешкендей ғанибет нәрсе. Баяғының шалдары уақыт өттейді деп жылайды екен, осы күнгінің шалдары уақыттым жеттейді деп жылайды, өзім ұқсата түссем деп жылаймын.

К.Ә.; Осы күні жылау көбейіп кетті ғой, күліп жүретін заман туа ма?

Д.Д.; Бұл әркімнің табиғатына байланысты. Мысалы, өзің өмірден күлкі іздейсін. Тауып та жүрсін. Эй, осы сендер болмасандар дүние көңілсіз болып кетер еді! Баяғыда Оспанхан Әубекіров төбемді көре сап шикылдап кеп күледі, шылымын сорып отырып та селкілдейді... сырасын сіміріп сап мырсылдайды... Сейтсем газеттен әңгімемді оқыпты.

“Тұні бойы шаң-шаң есектер тықырлап ауылды аралап шығады” деген сөйлемім екен түлен тұрткізіп отырған. “Қарқастектің есектері тунемесі ақырып-шакырып еш үйкеттілайды – дейді Осекен, – оңтүстіктің есектері әрі аш, әрі шаша батып жүретінін мына сенен елестеттім!..” Осы кезде гей-гейден шаршадық. Бойжеткендер Сайын қошесіне шығып кетті деп гей-гейлейміз, “Ақ жол” партиясы аз дауыс жинады деп гей-гейлейміз, кітабымыз шықлады, шыға қалса – оқырманға жетпеді деп гей-гейлейміз. Ал иықты езген ауыр жүкті серпіп салып, тәуелсіздікке шын куанып, жүріп жатқан реформаларға жол болсын айтып, жарқырап сөлеп, жадырап сәлемдесіп жүретін сатириктерге тәнтімін!

К.Ә.; Елмен байланысыңыз қалай?

Д.Д.; Біреулер “туған ауылым, туысқандарым” деп жатады, кей қатарларым “біз - таулықпаз, ол - далалық” деп жатады. Мен үшін әрбір қазақтың отбасы - өз төрім, қай қырында дос-жаңдарым табылады. Жақында Павлодар облысының әкімі Қайрат Нұрпейісов әдейілеп шақырып “Ақ Орда” романымның тұаукесерін дүрілдетіп өткізді, қалайша “төр жұртый” демессін! Даурықпай, даңғаза қумай Солгүстік Қазақстан облысының әкімі Тайыр Мансұров мемлекеттік тілді оқыту мен үйретуді айтып болмас биік деңгейге көтерді, қалай риза болмассың! Жақында президентіміз: “Бұрын теңіз қайтып барады деп жылаушы едік, енді теңіз қайтып келеді деп қуанайык!” деп, құлазыран ел-елді қайта тірілтіп жатқан Қызылорда облысының әкімі Икрам Адыrbековтің қолын қатты қысты, қалай қуанбассың! Қазір жұрт президент жолдауын бағдаршам етті. Биылғы жолдау мына кеңқолтық, еңбекшіл қазақтың алдына ұстаған иманшарты, ұлы уайымы, ілгергі тілеуі! Іншалла, қаламыма жақсы сөз, жарым ырыс ілінсе, оқырман жүргегіне титтей де сәулелі сенім құя алсам – қанекей, деп жиі-жиі қағаз-қаламды серік ететінім содан.

К.Ә.; Байсыз ба, кедейсіз бе?

Д.Д.; Кедеймін деп аузымды қу шөплен сұртуге құдайдан корқамын. Ешкімге тәуелді емеспін, жазғаным жылма-жыл шығып жатады, қазақ елінің қай түпкіріне барайын, әйтеуір бір үйден әбден жұлмаланып тозығы жеткен бір кітабым табылады. Шығармаларым өлемнің жиырмадан астам тіліне аударылыпты. Кітап палатасының мәліметіне сүй-

енсем — төлтума, аударма кітаптарымның жалпы тиражы үш миллионнан асыпты. Баяғыда кәрі Қаратай ішінде, 32-ші жылдың ашаршылығында, содан кейінгі Ұлы Отан соғысында елушақты отбасыны туған жерден табан аудартқызыбай, қаңғытпай, білек күшімен асырап, аздырмай, тоздырмай “Ынтымақ” ұжымын құрган әкем Досжанның кіндігінен тараған үрпақ бұл құнде бір қауым ел. Осы мен бай шығармын!

К.Ә.; Кімнен үйрендіңіз, кімнен жирендіңіз?

Д.Д.; Тап осылай жазайыныш деп алдыма ұстаган классигім болмапты. Көп оқыдым, көп ізденемін. Етікші ұстадай шеберлік шыңына қол артсам үзбей ізденіс, ұмтылыс арқасында жеттім. Бұл жердегі “жеттім” деу үлкен сөз, әрине. Ұмтылып жығылып, жаңа сүрлеу ізделп, соныға із салып баспалдақтай биіктедім десем дұрысырақ болар. Қазір артымызда мықты буын өкше басып келеді. Ана Қуаныш Жиенбай, Куандық Тұменбай, Хамза Кектәнді, Усен Шойбек, Несілбек Дауітайды, Тұрысбек Сәукетай, Айгүл Кемелбаева секілді жазғыштар ізденісті пәске бәсендесең-ақ жойқын екінімен баса-көктеп өте шығуы мүмкін. Алдыман емес, артта келе жатқандардан қорқамын. Сондықтан біздің қатарларымызға қалың ұйықтап, қамсыз жұру жазбаған. Дүниеаудың ғылымның іргетасын беріктен қалап, келер ғасырларды акыл-ой дамуына батыл болжам жасаган Исаак Ньютон: “Мені ғылымның аскар тауы деп мақтайдар бересіндер, өзімнен бұрынғы алыптардың иығына шығып қана биіктедім”, - деген екен. Сол айтқандай, прозада біраз тірі сөз кестелесем, сонымда келе жатқандарға өкше бастырмасам деген тәуекел қамшылады.

К.Ә.; Дүниеде не опалы деп ойлайсыз?

Д.Д.; Қаттылығы 7 мосстық гранит тасы уақыты жеткенде үтігіледі; кітап тозады, ұмыттылады; жиган дәуulet қайтқан теніздей тартылады. Атак-даңқ кешкен бұлттай бастан ұшып жогалады. Аласұрган әрекет қана қалады. Экклесиаста жазғандай жазғандай ғой. Дүниедегі ең опалы нәрсе маңайдағы “әб-бәрекелді” деп айта жүрер кісіге жасаған жақсылығың мен дұрыс жолға салып өсірген үрпағың болар.

К.Ә.; Баяғыда бір өнер адамы Сталиннен аудиенция сұрап мазалай беріпті. Сонда Сталин айтыпты: “Мәшине сұрады – бердік, үй сұрады – бердік, саяжай сұрады – бердік, енді

не керек екен, біліңдерші”, - депті. Сол айтқандай, сіз Президентті әдеби образ етіп алғанда, қысқасы, осынау бік тақырыпқа бір нәрсеге мұқтаж болып бардының ба, өлде ішкі түсігінің “жаз” деді ме?

Д.Д.; Президент тақырыбына өлденеге мұқтаж болып барған емеспін. Астанадағы үйді, саяжайды “Ақ Ордаға” кіріспес бұрын алғанмын. Мемлекеттік сыйлықты бұрын иелендім, таңдамалы шығармаларымның 13 томдығы 2002 жылы жарық көріп үлгерген. Осынау тақырып менің жүрек қалауды, тәуелсіздікке жасаган қызметтім. Жылдар бойғы қол жеткізген шеберлігімді төктім. Бұл - бір. Екінші: өлеуметтік ортаға тайфун дүлейі секілді сұрапыл сілкініс туғызған тұлғалар туралы көркем шығарма жазған жалғыз мен бе екем. Жолбарыс жүректі Рычард туралы Шекспир, Линкольнды Олдингтон, өз заманының патшаларын Фирдоуси, I Петрді Пушкин, А. Толстой, ал Қонаев туралы Есенберлин көркем дүниелер жазды. Шырышық атқан тартыс, қылқепірдің үстімен жүріп өткендей кезенді оқигалар тарихи тұлға төнірегінде тұтас көрінеді. Тұлғалар маңайында ситуация мол. Мұзарт шының басында дауылдың ұлып соратыны секілді, билік ирахиясы биіктеген сайын жан алып, жан беретін тартыс шіркін күштегі түспекші. Ойдан оқига құрастырып жатпайсың. Мысалға, қазақ қазақ болғалы мемлекеттік шегараны шегелеу, тәуелсіздік іргетасын құйып шығу, қын жүріп жатқан нарық реформалары, қасиетті қараашаңырағы – жаңа астанасын салу – осыдан 40-50 жыл өтсе де дүбірі бәсендемейтін күрделі оқигалар. Осы ситуациялар романның бір-бір толымды бөлімдеріне айналды. Әрбір жазушы қолға қалам алғанда: “Шығармамының өмір жасы өзімнен ұзағырақ болса”, - деп тілейді. “Ақ Орданы” жазғанда осы ой елес болып өзімнің желкемде отырды. Шығармадағы әрбір ситуацияның астарын тереңдеп ашуға тұра келді. Шырышық атқан фабуласыз роман қаңқасы шашылып қалар еді. Елбасының төнірегіндегі дүбірлі оқигаларды көркемдеп жазу қынға түскен жок, сол оқигалардың өзектісін екшеп-елеп алу қинаады. Қызықты архив деректеріне “сұғ” деп жан беру - жазушылық – бақсылықты тіледі.

К.Ә.; Қазіргі қазақ әдебиетінде Нобель сыйлығына кім лайық деп ойлайсыз?

Д.Д.; Бір шындық бар: әдебиет пен өнердегі Нобель сыйлығы тек ғана сол өнерге қосқан жеке-дара (индивидуальный, самобытный почерк) айрықша өзіндік қолтаңбасы, ерекшелігі үшін беріледі. Я ұлтқа сіңірген еңбегі , я қаламгердің қыруар том кітап жазғанына берілмейді. Ақпарат беттерінен аракідік көріп қаламызы, бәзбір сыншылар: “Пәленшешің еңбегі ересен!”, “Түгеншешің атағы дүниен дүнкілдettі, осы көкеміз лайық” деп, аспандатып жатады. Бұл Нобель сыйлығының ерекшелігін ескермегендік. Өз басым көзі тірі екі прозашыны мәртебелі сыйлыққа лайық деймін. Бірінші: Әбіш Кекілбаев прозасында баяғы билердің сейлеу мәнеріне сай, мұхиттың тасуы мен қайтуы секілді толқынданып келіп жататын пәлсапалық сарыны мен сипатын өлгі айтқан айрықша ерекшелікке жатқызар едім. Екінші: Мұхтар Мағауиннің мазмұнды тіліне, тұжырылып айтатын силлогизмінде қазіргі танда пар келетін дүниелік әдебиетте жазушы некен саяқ. Жапон Юкио Мисиманың тілі жұтаң , ал бразилиялық Пауло Коэльоның пәлсапалық түйіні ширыштық атқан кемел емес. Қазақ әдебиетіндегі қазып айтудан айрықша ерекшелік деп “Қыпшақ аруы”, я “Шахан шеріні” айтар едік. Қаны бетіне шығып тұрган қазақы мінездер галереясын жасау ерекшелігі осы жолдар авторына тән деп қымсынбай айтуға болады.

К.Ә.; Бір үрпақ әкеге жете туады, я әкеден кері кете туады деген сөз бар. Осыдан шығарылып айттар болсақ – қазіргі ұлттымыздың күйіп тұрган ділгір мәселеңдердің ең өзектісі – үрпақ тәрбиесі. Бұгінгі бала тәрбиесі туралы не айттар едіңіз?

Д.Д.; Осыдан төрт мың жыл бұрын жазылған перғауын папиросынан: “Көрінген кітап жазатын болды, өз-өзінен үрпақтар азғындал тозды”, - деген гөй-гөй сарынды оқымыз. Алғы толқын ешқашан кейінгі толқынға көңілі көншімеген. Осыншалық бай мұраны мына мардымсыз үрпаққа қалай қызып қалдырамыз деп уайым жеген. Осыдан шығатын ой - үрпақ тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түспейді. Осы кезге дейін том-том кітап жазсак: ұлттымызды тозып жойылып кетуден сақтап қалған - намысқойлық, еңбекшілдік, сезге тұру, үлкенді сыйлау секілді - атадан ауысқан мықты менталитет – мінезді бұгінгі жастардың санасына сіңіруге үмтүлдік. Өзімізден кейінгілер өжет, намысқой, бейнеттен бойын тартпайтын, ілгеріге тілеулі, бір сөзді болып өссін

деп өліп-өштік. Майлық-сұлығы бірдей үрпақ жетілсе деп түн үйқымызды төрт бөліпіз. Кешегі тарихи тақырыпты қозғаган “Отырар”, “Фараби”, “Жібек жолы” осы күнгілерге аяғының астындағы топыраққа ата-баба қаны суша сіңген деген ойды уағыздаса; “Алыптың азабы”, “Абақты”, “Алаң” кітабында бүтінгі тәуелсіздік аспаннан түсे қалған майшел-пек емес, бұрынғылардың қаны мен жанының бодауына келген бозғыл таң деп суреттедік. Өз басым оптимист адаммын. Қаламdas достардың Прагада, Лондонда, Нью-Йоркта, Астанадағы - Ақ ордада дөңгелетіп қызмет істеп жүрген үл-қыздарына қараймын да - өрі қызығамын, өрі шүкіршілік қыламын. Бізден өте туған жеткіншектер, сірә, осы болар деп ойлаймын. Бүтінгі жеткен межеге місе тұттай, күн сайын ертеңгілік “жетсем-ау” деген қарауыл қаданы әрегірек алыстатып қойып; “ырғып өтсем-ау” деген биік - планканы үнемі биіктетіп үйренген мына біздерге көніл көншітер үрпақ жетіліп келе жатыр. Ертеңгі таңымыз шалқайып ататындаі көрінеді. Болсын деген тілеудің үстіндегі адаммын. Өзің қандай болсан - үрпағың сондай. Адам айнаға айналған заман. Содан ба, іншалла, қасымдағы жеткіншектер кілең сен тұр мен атайын - өжет, еңбеккор, бір сөзді, намысқой, қап түбінде жатпайтын болат кездік болып көрінеді.

К.Ә.; Сырсұхбатқа рахмет!”

Кітаптың басталары секілді аяқталуы да болады. Жазуышы емеспін, қатардағы қарапайым журналистін.

Жазу барысында жазушының күнделіктерін пайдаланым, хаттарынан үзінді алдым. Әр түсіна өз өлендерімді енгіздім.

Айта кететін бір жәйт: жазушының күнделіктері 18 қалың дәптерге жетіп жығылады. Оқып отырган кісіге көп ой салады. Пәленшемен кездестім... түген деген жиналыста соз сөйлемдім... секілді шежірешілдігі жок, тек қана ұрымтал оқиғаны, жылт еткен тосын ойды, оқыған, көрген, білген жәйттердің өсерін сана сүзгісінен өткізіп жазып жүреді. Жылдар бойғы әдеті сол. Олардың бас-аяғын жұмырлап, үстінен бір қарап, кітап қып шығаруға болар еді. Ол келешектің шаруасы.

Енді қаламгердің мінезіне келейік.

Адам – періште емес, кемшіліксіз болмайды.

Алдымен Дүкенің сол кемшіліктеріне тоқтала кетейік. Томага-тұйық жүрсе де аса қызу қанды, жасында өз-өзінен қызынып, іштей қайнап, ішіне сексеуіл шоғын салған пешке үқсан жүреді екен. Ерте есейіпті, ерте көзге түсіпті, ерте үйленіпті. Барынша аңқау, адад. Жұрттың аузынан шыққанның бәрін таза теңге, яғни шындық деп түсінеді. Сырттай қой аузынан шөп алмайтын момын, аузынан сөзі, иығынан бөзі түскен жуас, ішкі дүлейін жасырып үстайды. Әлгі “момын, жуас” мінездері өзіне сор болып жабысқан. Кім көрінген, өсіресе әдеби оппоненттері бұл кісінің сыртынан гайбат сөйлеп, өзіл-оспақ құрастырып, жоқ жерге тілге тиек етіп мысқылдаپ жүреді. Ал жазушы әлті мысқылшылдарға мысқылмен жауап берсе – бәленің бәрі саппа тыйылар ма еді, жоқ, олардың мысқыл, әжусына шындалап жауап береді. Шын сөз кімге жаққан, әзілкештер әлгіден бетер құтырып сөйлеген үстіне сөйлей түседі. Мысалға, өзі туралы пәленбай барлы-жоқты, өтірік-шынды өзіл-оспақ құрастырган құрдасы Дулат Исабеков туралы: шаппа-шап қарама-қарсы өзіл-оспақ құрастырудың орнына, шындалап сейлейді.

– О, ол (Дулаттың айтады) баяғы корольдер сайқымазағы гой, бойы бір тутам болып шәңкілдең корольдерге өжуа айтып жүретін әпенді сайқымазақ – шут болмауыш ма еді, ол құрдасым зиялы органың сайқымазақ-шұты гой! – дейді.

Ішінара болса да осы сөздің жаны бар деп ойлаймын.

Дүкенің тағы бір кемшілігі: жабулы қазан секілді, көп сырын ішіне бүгеді, жарқылдаپ жүруі сирек. Кейде тілі шықпаған баладай құрмеліп қалады. Жас кезінде жіберген көп кемшілігі – бойындағы ас та төк дүлей күшті, он зарядты қалай сыртқа шығарарын білмей, жаңсақ басып, асығыс әрекет жасаудан. Аңқаулықтан. Осы мінезі талай орга жыға жаздағанын өзі де жасырмайды. Айтып отырады.

Енді жазушының жас үрпаққа үлгі етіп ұсынар он қасиеттерін тілге тиек етейін.

Ыстыққа, сұлыққа, қынға, женілге бірдей сыр бермейтін майлыш-сулығы бірдей, тезімді. Қай қынға салса да тезе біледі.

Бір сөзді. Аузынан шыққан сөзге қатып қалады, орындаамай тынбайды. Екі сөйлеу деген болмайды. Тілеуі жақсы, сөзі нұрлы.

Барынша қарапайым, қадап айтсам: қарадұрсін, кенқол-

тық, ас та төк емес, майлық-сулығы бірдей қазанат секілді.

Жоғарыдағы көркемделген сөзді қасиет тұтқан текті мінезі қаламгерді қай қыннан болса да дін аман алып шығып, осы күнгі әдебиетіміздің дара тұлғасының бірі етті. Өзіне, үрпағына жететін дәулет жасады. Ірзық-берекенің ордасы етті. “Досжановтар” деген биік фамилия жасады. Астананың төріне ақшанқан үй орнатты.

Жоғарыдағы төзімді мінезі өз замандастарынан ерекшелеп, бөлекшелеп, өзіне ғана тән – суреттеу тәсілін, баяндау машиғын, сөзбен сурет салу қасиетін алғы планга шағарды. Мастер аталды.

Осы күні не көп – қағаз жолбарыс көп. Бүгін бар да erteң сағым боп жоғалатын желбауыз жазушылардан бөлекшелеп Төуелсіз мемлекетіміздің айнымас, жолдан таймас қас сөз зергері еткеніне жаратқан иеге мың мәртебе мәрхәмәт етіп, тәуба айтамын! Сол зергер менің жарым, балаларымның әкесі екеніне тағы да тәубе айтамын!

Іншалла, халқымен бірге ете ғөр!

Болсын деген ілгергі тілеуі үзілмесін!

МАЗМҰНЫ

Пролог	3
Жастық астындағы жазбалар	6
Шығармашылық жолындағы шырғаландар	37
Нұрмақовтағы нұрлы шаңырақ	86
Сенің жазған хаттарың-ай, хаттарың	104
Адамды сүй, Алланың хикметін сез	152
Астананы салушының бірімін	174
Атындан айналайын, Қарқаралы	192
Дүкеннің достары	200
Ардақталып халқының алақанында	212
Мекке – Медине сапары	241
Эпилог	247

Сөүле Досжанова

ҮШІНШІ ЕСІКТІҢ ҚҰПИЯСЫ

Fұмырнамалық баян

Редакторы *Темірақын Жақын*
Корректоры *Сандугаш Ыбыраева*
Компьютерлік қалыптаушы *Елена Огурцова*
Безендеруші *Асхат Құралбаев*

ИБ 266

Теруге 04.08.2006. берілді. Басуға 19.08.2006. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¼. Офсеттік кагаз. Офсеттік басылыс. Эріп түрі
Таймс. Есепті баспа табагы 16,4+2,5 жапсырма.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №69

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Жангелдин – Тұрген көшесі, 30/26
“ҚАЗАҚПАРАТ” баспа корпорациясы.
тел.: (8-3272) 30-44-40, 30-42-47